

Б. Қапалбек
С. Жантасова
Т. Мадиева



ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің
7-сыныбына арналған оқулық

*Казақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

7



Алматы «Мектеп» 2017

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922
Қ40

Қапалбек Б. т.б.

Қ40 Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / Б.Қапалбек, С.Жантасова, Т.Мадиева . – Алматы: Мектеп, 2017. – 304 б., сур.

ISBN 978—601—07—0901—0

К 4306020200—092
404(05)—17 10(1)—17

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2Қаз-922

ISBN 978—601—07—0901—0

© Қапалбек Б., Жантасова С.,
Мадиева Т., 2017
© «Мектеп» баспасы, көркем
безекендірілуі, 2017
Барлық құрылтардың коргалған
Басытымының мұлдікік құралдары
«Мектеп» баспасына тиесілі

1-бөлім
АУА РАЙЫ ЖӘНЕ
КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР



2-бөлім
КӨШПЕНДИЛЕР МӘДЕНИЕТІ



3-бөлім
ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ



4-бөлім
СҮЙІСПЕНШІЛІК
ПЕН ДОСТЫҚ



5-бөлім
МУЗЫКА ӨНЕРІ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ



6-бөлім
ҒАЛАМТОР ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР



7-бөлім
ҚАЗАКСТАНДАҒЫ
ҰЛТТАР ДОСТАСТЫҒЫ



8-бөлім
ДҮРҮС ТАМАҚТАНУ. ГЕНДІК
ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАҒАН ТАҒАМДАР



9-бөлім
ЖЕҢІС КУНІ. ҰЛЫ ЕРЛІККЕ
ТАҒЗЫМ



10-бөлім
ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА



АЛҒЫ СӨЗ

Шартты белгілер:



— оку



— айту



— тындау



— жазу



— кайталау



— көрү



— талқылау



— табу



— сергу

Қымбатты балалар, қазак тілі – казак халқының мәдениетін, салт-дәстүрін жиһактаап сактаушы, оны кейінгі ұрпакка жеткізуши құрал. Сондыктан қазактың сөздерінен ата-баба-мыздың ғасырлар бойы жиһактаған білімін, салт-дәстүрлерін, дүниетанымдық көзқарастарын табуға болады. Тіл байлығы, сөз коры халқымыздың рухани қазынасы екені белгілі. Қазактың әр сөзі – акпараттың көзі, әр мақалы – аз сезбен көп ойды жеткізетін жеке-жеке гылыми тұжырым. Тілді терең менгерген сайын СЕНДЕР сол білімге бойлайсындар.

Әлем, Жер шары, жаратылыс бүкіл адамзат баласына ортак, алайда олар туралы танымтүсінік әр халықтың тілінде түрліше көрініс табады. Яғни, әлем әр халықтың тілінде сан түрлі бейнеленеді. Сондыктан әр халықтың тілі сол халықтың ішкі мазмұны деуге болады. Ғұмар Қараш аталарың осыған байланысты: «Тіл – айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады», – деген болатын.

Тіл әлемді танудың қуралы болғандықтан, СЕНДЕР қазак тілінің дыбыстық жүйесін, сөздік корын, ондағы сан түрлі мағыналар мен фразалық тіркестердің мәнін, синтаксистік құрылымдарын толық менгересіндер. Қазак халқының болмыс-бітімін, мәдениетін шересіндер.

Қазак тілі пәнінің басты міндеті – тілді қарым-қатынас қуралы ретінде жетік пайдалана білуғе үйрету, қазак тілінің жүйесі бойынша лингвистикалық білім беру. Тілдің теориялық, орфоэпиялық, орфографиялық және синтаксистік нормаларын нақты шеру арқылы жазатын, сөйлейтін сөздеріннің стилін, міндеті мен мақсатын айқын біліп, қазак тілінде сауатты сөйлеу дағдысын қалыптастырасындар. Бұған оқулықта берілген түрлі тақырыптардағы тындалым, айтылым, оқылым, жазылым тапсырмаларын орындау арқылы қол жеткізесіндер.

Қазак тілі пәнін менгеру арқылы жыл сайын лингвистикалық білімдерінді жетілдіріп, кеңейте түсесіндер. СЕНДЕР биыл қазак тіліндегі айтылуды реттейтін үндестік занымен, қазактың сөз мәйегі – тұракты тіркестер, мақал-мәттелдермен, сөйлемге жан бітіретін етістік түрлерімен, дұрыс жазу мен тыныс белгілері ережелерімен танысадасындар. Онда іске сәт, жас достар!

1-бөлім**АУА РАЙЫ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ
ӨЗГЕРІСТЕР**

- Қазақ тіліндегі үндестік заңы
- Буын үндестігі (сингармонизм)
- Ерін үндестігі
- Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалар
- Интонация
- Интонацияның сәйлеу тіліндегі қызметі
- Сәйлеудегі кідірістің қызметі
- Логикалық екпін (ой екпіні)

**2-бөлім****КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІ**

- Фразеология туралы жалпы түсінік
- Фразеологиядердің түрлері
- Фразеологиядердің көпмағыналылығы.
- Фразеологиялық омонимдер
- Фразеологиялық синонимдер
- Фразеологиялық антонимдер
- Фразеологиядердің грамматикалық сипаты
- Фразеологиялық ұйытқы сөздер

**3-бөлім****ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ**

- Мақал-мәтелдер туралы түсінік
- Мақал мен мәтелдің ұқсастыры және айырмашылығы
- Мақал-мәтелдердің құрылымдық түрлері
- Мақал-мәтелдердің тақырыптық топтары
- Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні
- Мақал-мәтелдердің ұлттық сипаты





1

АУА РАЙЫ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

1.1. ТАБИҒАТ ПЕН АДАМ – ЕГІЗ ҰҒЫМ

Адамдар табиғатқа тәуелді болса,
Табиғатта адамға тәуелді.

Анатоль Франс

Бұгін сабакта:

- табиғат пен адамның өзара байланысы туралы мәтінмен танысамыз;
- қазақ тіліндегі үндестік заңын еске түсіреміз;
- дыбыс үндестігі туралы білімімізді терендетеміз;
- дыбыс үндестігі мен буын үндестігін айыра білуді үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.



Табиға т – тіршілік көзі. Табиғатты корғау – біздің парызымыз. Аяулы табиғатсыз бұл ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес. Жыл мезгілдерінің ауысып тұруы да табиғатты әсемдендіре түседі. Әр жыл мезгілінің өз ерекшелігі бар. Төрт жыл мезгілі коршаған ортанды төрт түрлі ғажайып күйге бөлейді. Таудан ақкан өзеннің дауысы, жасыл

шөптің сыйдыры әдемі көніл күй сыйлайды. Табиғаттың ғажайып әсемдігін көз алдына елеестете отырып, өзін бір керемет сезімге беленесің. Оның керемет көрінісі жаңынды тебірентеді. Бұлттары мактадай, шептері кілемдей теселген табиғатты аялау әр адам үшін маңызды, себебі адам – табиғаттың бір бөлшегі. Адам мен табиғат – егіз ұғым. Бір-бірінсіз өмір сүре алмайды. Сондыктан табиғатты аялап, корғауымыз керек. Талай акын аға-апаларымыз табиғатты елеңдеріне арқау еткен:

Табиғатта сезім де, қулақ та бар,
Ренжітсен, қайғырып, жылап та алар.

Аяласан, жанына шуак тамар,
Қажығанда бойына қуат тамар.

М.Аяганова



A Мәтіндегі негізгі тірек сөздерді атандар.



Ә Мәтіндегі ойды жалғастырып, «Табиғат пен адам» тақырыбына эссе жазындар.



Б Мәтіндегі бірыңғай жуан дауыстылардан тұратын зат есімдерді, бірыңғай жіңішке дауыстылардан тұратын етістіктерді табындар.

Есте сақтаңдар!

- Дыбыс үндестігі деғеніміз – сөз бер сөздің, сөз бер қосымшаның арасындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал етуі.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҮНДЕСТИК ЗАҢЫ

Қазақ тілінде дыбыстар сөз ішінде, сөз бер қосымша арасында, сөз бер сөздің арасында бір-бірімен үндесіп, үйлесіп айтылады. Түбір сөздің жуан не жіңішке болуына қарай қосымша да жуан не жіңішке болады, сөздің соңғы дыбысына қарай үйлесіп жалғанады. Сөздің бастан-аяқ үндесіп, үйлесіп, біркелкі әуезben айтылуы **үндестік заңы** деп аталады.



В Мәтіннен қосымша жалғанған зат есімдерді тауып жазындар. Сөз күрамына талдаң, үндестік заңын түсіндіріңдер.



2-тапсырма. Өлеңдерді мәнерлеп оқып шығындар.

Кен дала көресін ғой ана **жатқан**,
Жібектей жасыл шептер бетін **жапқан**.
Аскар тау, балдай тәтті сулары бар,
Әне, сол анам еді мені **тапқан**.

М.Жұмабаев

Табиғат, әсемдік **төркінісін**,
Ән саламын бір сенін **көркін үшін**.
Жан-жануар табынып бір өзіне,
Сенен алыш тұрғандай **бар тынысын**.

Ж.Жабаев

Есте сақтаңдар!

- Фонетикалық заңдар тіл дыбыстарының қызметін, сейлеу удерісінде болатын құбылыстарды, сөз күрамындағы өзара алмасуларды реттеп отырады.

1-бөлім



A Қарамен берілген сөздерді жұп-жұбымен жазындар. Өзара салыстырып, үйқас үшін қай дыбыстары ортақ екенін айтындар.



Ә Өлеңнен үндестік заңына бағынып жалғанған жалғаулар мен шылауларды табындар. Оларды дыбыс үндестігі мен буын үндестігіне бөліп жазындар.

Үлгі:

Дыбыс үндестігі
көресі **н** **гой**
жат-**кан**

Буын үндестігі
көр **e**-**сін**
жат-**қ** **ан**



3-тапсырма. Жұмбақтарды шешіндер.

1. Гүл-гүл жайнап жер, аспан,
Гүрілдейді сайда өзен.
Гүл жазира жараскан,
Гүлдерімен қай кезен?
2. Жапырақты бояды,
Атырапты бояды.
Бояп-бояп барлығын,
Сап-сары ғып қояды.
3. Мұрыннан кеудеге өтеді,
Одан кері кетеді.
Өзі көзге көрінбейді,
Онсыз өмір сүрілмейді.
4. Тісі жок тістеп алады,
Қолы жок сурет салады.



A Жұмбақтардағы етістіктерді тауып, буын үндестігі бойынша талдандар.



4-тапсырма. Өз ойларынан сейлемдер құрап, көрсетілген шылауларды үндес-
тик заңына сай қолданындар.

Үлгі: Алғашқы бетін ғана оқыдым.

да, де,
та, темен, бен,
пенғана,
қанағой,
қой

5-тапсырма. «Отан-Ана» әнінің мәтінін тындандар.



A Әннің жалпы мазмұнын талқыланадар. Отан туралы тағы қандай әндерді білесіндер?



6-тапсырма. З топқа бөлініп, ауысқан өлең жолдарын өз орындарына қойындар. Эр шумақтың авторы мен атауын табындар.

1. Дамылсыз сұлу бетін жуган жауын.
Жүреді біліп кетіп есен-сауын.
Арканың кербез сұлу Кекшетауы,
Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,
2. Қаршығадай ақынның
Базарбайдың Төлеген,
Бұл сезін макұл көреді.
Ақжайықка жөнеді.
Қаршығаменен ілесіп,
3. Дән берген қожасына сиынып тұр.
Кекірейіп, кекке қарап бүлініп тұр.
Бидайлар басы толық піліп тұр,
Басында бұл бидайдың дәні болмай,

1.2. АУАНЫҢ ЛАСТАНУЫ

Табиғат адам өмірінің барлық қажетін толық өтей алуы үшін ол міндетті түрде ештеңемен былғанып, уланбаған болуы тиіс.

Қосым Аманжолов

Бүгін сабакта:

- ластанған ауадан келетін залалдың әсері туралы мәтінмен танысып, сұрақтарға жауап береміз;
- буын үндестігі заңын тілдік мысалдар арқылы бекітеміз;
- жуан және жінішке дыбыстардың буын үндестігіне әсерін түсінеміз;
- сингармонизм терминінің мағынасын ашып, мәнін түсінеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазіргі уақытта ауаны зауыт күбырларынан, жылу электр-стансыларынан, көліктерден шығатын түтіннен, кара күйеден,



газ тәрізді заттардан және шан бөлшектерінен корғау туралы мәселе түр. Бұлардың барлығы ауаны бұзып, шандатады, тірі ағзаларды жою қаупін тудырады. Улы заттарды ауа ағындары тасымалдап, топыракқа, сүкйомасына – езендер мен көлдерге жаңбыр және қармен түсіреді.

Ауаны тазартудың ең негізгі әдісі – саяжай, бак, шалғындар, кегалдандыру. Өсімдік жапы рактары шанды, майда қатты заттарды ұстап қалады. Бір гектар шыршалы немесе қарағайлы орман жылына 30 тонна шанды ұстап қалады. Орман ауаны шаңнан, күйеден, кірден сактайты. Өсімдіктер атмосфераны көміркышыл газынан тазартады. Фотосинтез процесінде олар көміркышыл газын сініріп, атмосфераға оттегін бөледі. Қалалар мен ауылдарды кегалдандыру мақсатында түтінді жақсы сініретін өсімдіктерді онырғызады .

Ғаламтор беттерінен



А Мәтінде жауабы бар сұрақты табындар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Казакстанның кай қалалары экологиялық аймакка жатады?
2. Ауаны тазартудың қандай әдістерін білесіндер?
3. Орман алқаптарын кенейту ісі не үшін қажет?
4. Кала мен ауылдың ластануы бірдей ме?



Ә Әр азатжолға ат қойындар. Себебін түсіндіріңдер.

БУЫН ҮНДЕСТІГІ (СИНГАРМОНИЗМ)

Сөз ішіндегі дауыстылардың бірыңғай не жуан, не жіңішке, сондай-ақ бірыңғай еріндік не езулік болып әуендересіп айтылуы **бұын үнdestтігі** (сингармонизм) деп аталады.

Сингармонизм заңдылықтары

1. Сөздің алғашқы буыны жуан болса, келесі буындары да жуан немесе соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымша да жуан болады. Мысалы: *бала + лар, мал + шы + лар, қала + да + ғы + лар + ымыз*.

2. Сөздің алғашқы буыны жіңішке болса, келесі буынды да жіңішке немесе сөздің соңғы буыны жіңішке болса, оған жалғанатын қосымша да жіңішке болады. Мысалы: *ән + ші + лер + ге, үй + де + гі + лер + іміз*.



Б Мәтіндегі септік жалғаулы сөзді тауып жазып, буын үндестігін түсіндіріңдер.



2-тапсырма. Түбір сөздер мен қосымшаларды үндестік заңына сай жалғап жазыңдар.

тасыр, бейім,
біркелкі,
әшкере, болым,
еліктеу

-ділік, -сыздык,
-лену, -лык,
-шілік, -лік



3-тапсырма. Мақал-мәтелдердің мәнін түсіндіріңдер. Ондағы септік, жіктік жалғаулы сөздерді тауып, буын үндестігіне назар аударыңдар.

Тау мен тасты су бұзар,
Адамзатты сез бұзар.

Жер тағдыры – ел тағдыры.

Аскар таудын ауасы – аурудын дауасы.

Халқына орман салғанын –
Өзіне корған салғаның.

Бір жаманнын кесапатынан ¹ аккан дария
қүриды.

Кішкентай сірінке үлкен орманды ер-
тейді.

Бір тал кессен, он тал ек.

Ананың сүті – бал,
Баланың тілі – бал.

Жалқаудын жауы – жұм ыс.

Есте сақтаңдар!

- Қазіргі қазақ тілінің дауыстылар жүйесі 9 дыбыстан құралады: *a, ә, e, ы, i, о, ө, ү, ұ*. Дауысты дыбыстар айтылғанда жақтың, еріннің, тілдің қатысұнына қарай ашиқ-қысаң, еріндік-езуілік, жуан-жіңішке болып бөлінеді.



4-тапсырма. Өлеңді бірнеше рет тыңдал, жатыс септікте тұрған сөздерді теріп жазыңдар. Кім көп сөзді есте сақтай алады?

¹ Кесапаты – кесірі, қырсығы.



5-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі түсіп қалған сөздерді табу арқылы сөзжұмбақты шешіндер.

1. Жер тозса – такыр,
Ер ... – пакыр.
2. Өнерді үйрен,
Үйрен де
3. Тау кезеңсіз болмас,
Өлкө ... болмас.
4. ... ексен тынга ек,
Одан өнер өнім көп.
5. Алпыс күн тасыған су
... күнде қайтар.
6. Су патшасы – мұрап,
Тұн патшасы –
7. Жер құтты болса,
... сүтті болады.
8. Көз – корқақ, ... – батыр.
9. Байлықтың атасы –
еңбек, ... – жер.
10. Кураган ағаш ... ,
Кураган шыбық егілмес.
11. Жер – ... , су – гауһар.
12. ... кетерген жүк жөніл.

1			C					
2				I				
3					H			
4						G		
5						A		
6						P		
7						M		
8						O		
9						H		
10						I		
11						Z		
12						M		

1.3. ҚАЗАҚСТАН КЛИМАТЫ

Тұған жердің қара тасын мақтан ете білмеген азамат бөгде¹ жердің алтын тасын мақтап жарытпақ емес.

Қаныш Сәтбаев

Бұғын сабакта:

- Қазақстан климаты туралы мәтінмен танысамыз, картаны пайдаланып пайдалы қазбалар туралы әңгімелейміз;
- қазақ тіліндегі ерін үндестігі зандаудырының түсінеміз;
- мәтінде ойды жалғастырып, эссе жазамыз;
- тілдік материалдар арқылы еріндік дыбыстарға тән ерекшеліктерді түсінеміз.

¹ Бөгде – жат, бөтен, бейтаныс.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазақстанда қазак халқынан өзге көп ұлттың өкілдері тұрады. Жер көлемі 2,7 миллион шаршы шақырымнан асады. Республика шығысында Алтай тауларынан басталып, батысында Каспий ойпатына, ал солтүстігінде Батыс Сібірден, онтүстігінде Тянь-Шань (Еренқабырға) шындарына дейін созылып жатыр. Қазақстан жерінің үлкендігінен әр аймагының табиғаты бір-біріне ұксамайды, біркелкі емес. Онтүстігінде ағаш гүлдеп, жер көгергенде, солтүстігінде әлі кар жатады.

Қазақстанның онтүстік облыстарында жылуды жақсы көретін күріш, қант қызылшасы, мақта, жеміс түрлері, әртүрлі дәрілік шөптер өседі. Бұл аймақтарда жаңбыр аз жауады, жазы ыстық әрі құрғак болады. Бірақ тау өзендерінің суы мол. Республиканың солтүстік аудандарында астық пен көгөністер жақсы өседі. Мұнда жауын-шашын мол, жазы да ыстық емес.

tarbie.kz сайтынан



A Мәтіндегі негізгі ойды дамытып, тәмендегі картаны пайдаланып Қазақстанның пайдалы қазбалары туралы әңгімелендер.



Ә Мәтіндегі күрделі сөздерді тауып, ондағы буын үндестігіне назар аударындар.

ЕРІН ҮНДЕСТІГІ

Ерін үндеңстігіне бастапқы буындағы ерін дауыстыларының ыңғайына қарай соңғы буындардың еріндік болып үйлесіп келуі жатады. Яғни, еріндік о, ө, ү, ұ дыбыстарынан кейін келетін езулік ы, е, і дыбыстары айтуда еріндік дыбыстарға үқсайды.

Ерін үндеңстігі заңдылықтары

1. Алғашқы буындағы о немесе ұ дыбыстары келесі буындағы ы дыбысын ү-ға айналдырады. Мысалы: орын – орұн, құлыш – құлұн. Ал ашық дауысты ә дыбысы мұнданың үндеңсуге бағынбайды. Мысалы: орақ, құлан.

2. Алғашқы буындағы ө немесе ү дыбыстары келесі буындағы і дыбысын ү-ге айналдырады. Мысалы: көрік – көрүк, күдік – күдүк.

3. Алғашқы буындағы ө немесе ү дыбысы келесі буындардағы е дыбысын ө-ге айналдырады. Мысалы: өлең – өлөң, күрек – күрек.



2-тапсырма. Берілген үлгі бойынша бірнеше сөз ойлап табыңдар.

Үлгі: о + ы → о + ұ / борыш → борұш; қорық → қорұқ

Ү + и → Ү + Ү / түлкі → түлкү; Жүрсін → Жүрсүн

Ө + е + и → ө + ө + ү / көгерешін → көгөрішүн; көмекші → көмекшу

О + ы → о + ұ Ү + ы → ү + ү О + а → о + а Ү + а → ү + а	Ө + і → ө + ү Ү + і → ү + Ү Ө + е → ө + ө Ү + е → ү + ө
О + ы + ы → о + ұ + ұ Ү + ы + ы → ү + ү + ү Ү + ы + а → ү + ү + а Ү + а + ы → ү + а + ы	Ө + е + і → ө + ө + ү Ө + е + е → ө + ө + е Ө + і + е → ө + ү + ө Ө + і + і → ө + ү + ү Ү + і + е → ү + ү + ө Ү + е + е → ү + ө + ө



3-тапсырма. Сөздерді орфоэпия заңына сай өзгертіп жазыңдар. Жазғандарынды орфоэпиялық сөздікпен тексеріңдер.

Үлгі: Ұжымдастыру – ұжумдастыру.

Әуестену, сүрлеу, уландыру, тұқымдастыру, тұраксыздыру, тұмсық, ұзындау, ұзатылу, уыстатту, күттыхтау, күрметті, күрекпен, курделі, көркемөнер, көбелек, көнерген, дәруіш, бұлқындыру, буырқаныс, аүпілдек, ауырсыну, алқыну.



4-тапсырма. Үздіндіні мәнерлеп оқындар. Оқыған кезде ерін үндестігі заңын ескеріндер.

Қазақстан

Қазақстан өлкесінің кеңдігін
Өлшеп жатпай өзгелерше, мен бүтін
Оңай ғана ұғындырып байқайын,
Болмашы бір белгілерін айтайын.
Қыстығұні бөлменізде пеш қызып,
Керінгенде сол қызудан кеш қызық.
Жаңған отқа сүйсіне зер салыныз,
Қазақстан көмірі деп таныныз.
Туралғанда ак мамықтай бөлкелер,
Түспей ме еске астық еккен өлкелер?!
Сонын бірі – Қазақстан, таныныз,
Сонын наны – жеген осы наныныз.
Дастарканның нарттай қызыл алманын
Қол соганда тандап бірін алғалы
«Қазақстан!» дей көрініз, бауырым,
Өсіруші алманың ен тәуір ін...

Ә. Тәжібаев



5-тапсырма. Мәтіндегі ойды жалғастырып, Қазақстан климаты туралы эссе жазыңдар.

Біздің еліміз қоныржай белдеуде орналасқан. Бізде күн сәулесінің тусу бұрышы экваторға карағанда аз. Соңдықтан жер беті аз жылу кабылдайды. Қоныржай климатта жыл маусымдары анық көрінеді. Осы жағдайда тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлар да қолайсыз қыс кезеңіне бейімделген. Қыс кезінде өсімдіктердің өсуі тоқтап, жапырактары түседі. Кейбір жануарлар үйкінге кетеді. Көптеген құстар жылы жакқа үшады.

Есте сақтаңдар!

- Ерін үндестігі заңдылықтары, негізінен, орфоэпияда, яғни айтылу кезінде сақталады. Мысалы: ушиқтыру – ұшуқтұруу, уіл – үүүл.



6-тапсырма. Ребусты шешіндер. Шыққан сез бен бүгінгі сабактың байланысын анықтандар.



1.4. КӨКТЕМ ТУДЫ

Көктемнің іісі бұрқырап,
Үлпілдек самал жел есті.
Бұлақтың сұзы жылтырап,
Байшешек жапты белесті.

Серік Қалиев

Бұгін сабакта:

- көктем мезгілі туралы мәтіндерді талдап, ондағы тілдік бірліктердің қолданысына көніл аударамыз;
- үндестік заңына бағынбайтын қосымшалармен танысамыз;
- буын үндестігіне бағынбай жасалатын сөздерді білетін боламыз.



1-тапсырма. Өлеңді мәнерлелеп оқындар.

Көкте м де келер,
От ойнар әлі аспанда.
Кегерер әлі
Кәрі емен, қайың, жас тал да.
Дүлейдің шоғы түспесе екен
деп тіле,
Аспанда апат зарядтары
жагаласқанда.

Көктем де келер,
Құстар да жетер ән салып.
Көктер де шығар
Кегілдір нұрға тамсанып.
Сулар да тасар,
Кетпесе екен деп тіле,
Мұхиттар көлге карсы ағып.

Бұлтта р да көшер,
Жыртық па әлде бүтін бе?
Жау ласа бермей, жайғасар,
келер бітімге.
Аккөніл бұлттар
Ақ нөсер төгіп өтсін де,
Айналыш кетпей түтінге.

Келсе екен көктем,
Кек, жасыл шұғыла тартылса.
Кекжиек барып
Кекжиектерге артылса!
Көктем де келер,
Көрерміз әлі жазды да.
Осылай өмір
Тұрса егер тыны ш қалпынша.

М.Мақатаев



A Өлеңде көктемді суреттеуден басқа қандай идея қозғалған?



Ә Өлеңдегі табиғатты сипаттаған тұстарды тауып, сөздерді құрамына қарай (түбір, қосымша) талдап жазындар. Буын және ерін үндестігін түсіндіріндер.

ҮНДЕСТИК ЗАҢЫНА БАҒЫНБАЙТЫН ҚОСЫМШАЛАР

Қазақ тілінде буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар да кездеседі. Олар: -мен, -бен, -пен – **баламен**, **жұлдызбен**, жолдастен; -кор, -паз, -қой – **еңбеккор**, **өнерпаз**, **әуесқой**; -тал, -тар, -тай – **өсімтал**, **кіріптар**, **шешетай**; -хана – **емхана**, **дәріхана**; -нікі, -дікі, -тікі – **Майранікі**, **атамдікі**, **Мақсаттікі**; -кер, -гер, -кеш – **айтыскер**, **қаламгер**, **арбакеш**; -кес, -күнем – **даукаес**, **пайдакүнем**; -ов(а), -ев(а), -ин(а) – **Әуезов(а)**, **Серікбаев(а)**, **Майлін(а)**; бей – **бейтарап**, **бейуақыт**, **бейтаныс**.



Б Өлеңдегі қарамен берілген сөздерге үндестік заңына бағынбайтын қосымша жалғап жазындар.

Улгі: От – отпен, оттікі,



2-тапсырма. Берілген сөздерге үндестік заңына бағынбайтын қосымша жалғап жазындар. Мағынасын түсіндіріп, мысал келтіріндер.

Мұғалім, сауда, маза, шай, бала, сауат, талғам, қонак, мас, Тогжан, Баймахан, жауын, талап, ғарыш, әсем, жұмыс, Бектас, намаз, ерке, мұра, қайрат, мейрам, курес, білім, зиян.

Есте сақтаңдар!

- Ассимиляция (лат. *assimilatio* – үндестік) дегеніміз – сөйлеу кезінде сөздегі не сез тіркесіндегі дыбыстардың бір-бірімен қиояласып, үндесіп айтылуы.



3-тапсырма. Қектем туралы мәтінді тыңдайық.



А Мәтіннен буын үндестігіне бағынбайтын сөздерді табындар.



Ә Мәтіндегі әр азатжолдағы негізгі ойды бір-бір сейлеммен жазындар.



Б Қектем тақырыбына 1-2 шумақ өлең үйқастырындар. Үйқасты құрып тұрған буындарды көрсетіп, буын түрлеріне талдандар.



4-тапсырма. Басқа тілдерден енген, буын үндестігіне бағынбайтын түбір сөздерді табындар.

Улгі: Мұғалім, антенна,



5-тапсырма. «Қызы Жібек» фильмінен қызғалдақты дала көрсетілген түсын көріп, табиғатты суреттейтін эссе жазып келиндер.



6-тапсырма. Берілген жүрнектарға буын үндестігіне бағынатын және бағынбайтын түбір сөз табындар.

Жүрнектар	Буын үндестігіне бағынатын түбірлер	Буын үндестігіне бағынбайтын түбірлер
бей-		
-тікі		
-хана		
-кор		
-мен		
-паз		
-кер		
-кеш		
-тал		

1.5. ЖАЗ ШЫҚТЫ

Сұлу жаздың лебі
Қар түгіл, мұзды балқытар.
Көл, өзенін, теңізін
Ойнатар, бәрін шалқытар.

Мағжан Жұмабаев

Бұғын сабакта:

- жаз мезгілін суреттейтін көркем матіндермен танысамыз, ондағы тілдік бірліктерді талдаймыз;
- интонация ұғымымен танысамыз;
- интонацияның жазылым мен айтылымдағы тілдік таңбалануын ажыратамыз;
- интонацияның жасалу жолдарын анықтаймыз.



1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Жаз

Таң бұзып тынышымды жіберді деп,
Жазғы тұн кетерінде тұнерді кеп.
Жер-ару серпігенде тұн көрпесін,
Маужырап қарап тұрды Күн елжіреп.

Гүл белеп хош иіске атырабын,
Ағаштар жайып салды жапырағын.
Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа,
Өзенде мың бұралып жатыр ағын.

Тесінен терсек тағы қызғалдақты,
Басында зангар таудың ызғар қапты.
Шыдамай жаздың жастық жалынына,
Ойнақтап ерке бұлак күздан да акты.

Сұлулар суға барған сайға бұғып,
Қарайды келдің бетін айна қылып.
Шіркін, жаз, жомартсың-ау базарлыққа,
Бересің жан біткенге жайдарлылық!

Ф. Оңгарсынова



A Берілген сөйлемдерге сұрақ құрастырындар.

- Маужырап қарап түрді Күн елжіреп.
- Басында зангар таудың ызғар қапты.
- Қарайды келдің бетін айна қылып.



Ә Ақынның табиғатқа жан бітіре сипаттаған тұстарын тауып айтындар.



Б Өлеңнен тоғыспалы ықпалды табындар.

ИНТОНАЦИЯ

Интонация (лат. *intono*) ауызша сөйлеудің маңызды элементі болып табылады. Сөйлемдерді сазына келтіріп айту жазуда тыныс белгілерімен және арнайы графикалық амалдармен (мәтінді азатжолдарға бөлу т.б.) беріледі.

Интонация адамның көңіл күйін білдіреді. Кейбір сөйлемдер көңіл күйі білдіретін сөздердің қатысы арқылы да жасалады. Ондай сөздерге қыстырма сөздер мен одағай сөздер жатады.



В Өлеңдегі одағай сөздің интонацияға әсерін түсіндіріңдер.



2-тапсырма. Берілген сөздерге қыстырма және одағай сөздер қосып жазу арқылы адамның түрлі көніл күйін көрсетіндер.

Улғи: Мен оның кім екенін білемін ғой.

Қап, мен оның кім екенін білемін ғой!

- Бәрі осылай аяқталарын білгемін.
- Сен келмей тұрғанда бұлай болмаған.
- Уақытында айттың ғой.
- Білмей тұрған едім.



3-тапсырма. Өлеңді оқып, ерекше қарқынмен, яғни көтерінкі дауыс ырғағымен оқылатын сөздерді көрсетіндер.

Жазды гүн шілде болғанда,
Көгорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда,
Күркіреп жаткан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда,
Шұрқырап жаткан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдана,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ынқылдана,
Суда тұр ып шыбындана,

Құйрығы мен шылпылдана,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдана.
Жоғары-төмен үйрек, каз
Ұшып тұрса сымпылдана.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдана,
Ак білегін сыбанып,
Әзілдесіп сынқылдана.

A.Күнанбайұлы



4-тапсырма. Мәтінді тыңдайық.



А Сөйлеушінің таңғалғанын, өкінгенін білдіріп, ерекшелене айтылған сөздерді атаңдар.



Ә Мәтінде кездесетін одағай сөздердің әрқайсысына басқа сөйлемдер күрандар.



5-тапсырма. Диалогті оқындар.

- Сен екенсің ғой* Ал мен... мен шатасып...
- Шатасқаның қалай*
- Басқа біреумен шатастырдым .
- Басқа біреу* Кіммен*
- Өзім де түсінбеймін* Кезіме...
- Көзіңе не болды* Топырақ түсті ме*
- Жоқ... Қос көрінеді ме, білмеймін. Түсініксіз... Бір елес...
- Елес*

Ә.Нұрнайісов



A * белгісі қойылған орындарға тиісті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар.



Ә Қарамен берілген сөздерді окуда қандай ерекшеліктерді байқадындар?



6-тапсырма. Мәтінді оқып, өздерің тұратын жердің өткен айдағы ауа райын сипаттап келіндер.

Ауа райы дегеніміз – атмосфераның жергілікті жердегі белгілі бір уақытта немесе уақыт аралығында байқалатын құбылмалы жағдайы. Ауа райын ауа температурасы, атмосфералық қысым, ауа ылғалдылығы, бұлттылық, атмосфералық жауын-шашын, жердің күші мен бағыты құрайды.

Уикипедиядан

1.6. КҮЗ КЕЛДІ

Сұлудай толып бұралған,
Жібекке жасыл оранған,
Жас өрім талдың жапырағы
Сарғайып түсті үзіліп.

Сәкен Сейфуллин

Бұгін сабакта:

- күзге тән мезгілдік өзгерістер, табиғат құбылыстары жайлы мәтіндермен танысамыз;
- интонацияның сейлеу тіліндегі қызметін анықтаймыз;
- интонацияның сейлем түрін өзгерту қызметін мысалдар арқылы дәлелдейміз.



1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқындар.

Сүр бұлт түсі сүйк қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тонғаны ма,
Жылқы ойнап, бие кашкан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар құлмес, жүтірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айырылған ағаш, курай...

Қаз, тырна катарланып қайтса бермен,
Астында ак шомшы жүр, ол – бір керуен.
Қай ауылды көрсөн де жабырканқы,
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.

Кемпір-шал құржан қағып, бала бүрсен,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсөн.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген сон,
Үйде ит жок, тышқан аулап, кайда көрсөн.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маны,
Тұман болар, жел сокса, шан-тозаны.
От жакпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан корықкан қазақтың құрысын заны!

A. Құнанбайұлы



А Өлеңде күз қалай суреттелген? Құзді басқаша сипаттауға бола ма?



Ә Өлеңдегі қарамен жазылған жолдарды айтылуы бойынша жазындар.



Б Өлеңдегі етістіктерді теріп жазып, соңғы үш шумақтағы етістіктерді сөз құрамына қарай талдандар.



В Халық азындағы күз атауларының тұсына нақты ай атауларын жазып шығындар.

Мырза (жомарт) күз – дәнді дакылдар мен жеміс-жидектер пісіп молайған шақ.

Сары (алтын) күз – ағаштардың, өсімдіктердің жапырақтары сарғайып түлеген кез.

Жылауық күз – күн салқындай бастаған, жауын-шашынды мезгіл.

Коңыр күз – күн бұлышын тартып, қара суық түскен кез.

Қара күз – күздің нағыз суық түскен кезі.

Боқыраду – кар жауып, суық түскен кез, күздің сонғы айлары.

ИНТОНАЦИЯНЫҢ СЕЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Сөйлеу интонациясының құрамы күрделі, оған әуен, ырғак, қарқын, логикалық екпін т.б. кіреді.

Интонация сөйлеп түрған адамның халі мен оның айтылып түрған ойға, жағдайға қалай қарайтынын да білдіреді. Мысалы, сөйлеушінің айтылған ойды, жағдайды қолдайтын-қолдамайтыны, оған қуаныш және ренішпен не мысқыл сезіммен қарайтыны интонация арқылы анықталады. Арнайы сездер арқылы

ғана емес, әртүрлі интонациямен оку арқылы да хабарлы, сұраулы, бүйрықты, лепті сөйлемдер жасалады.

- 1. Хабарлы сөйлем:** Демалыс күн еді (F.Мұст.). Қыстай отын ала алмай, мектеп азынап түрдү (Ж.А.).
- 2. Сұраулы сөйлем:** – Олжаларыңыз көп болу керек? – Олжасыз емеспіз (С.Г.).
- 3. Бүйрықты сөйлем:** – Тарт тілінді! Жоғал көзіме көрінбей! – деп ысқақ кимелеп кетті (С.Е.). Құлат мынау үйлерді! (М.Ә.)
- 4. Лепті сөйлем:** Бұл тұс емес! (М.Ә.) Уа, салдар келеді! (F.Мұст.)



Г Өлең жолдарынан сұраулы сөйлемдер жасандар. Оларды түрлі интонациямен айтып, сөйлеушінің көңіл күйін түсіндіріндер.



2-тапсырма. Ережеге сүйеніп, интонация арқылы мағынасы өзгеретін сөйлемдерді табындар.



3-тапсырма. Кестеде келтірілген сөйлемдерге мысалдар жазындар.

Хабарлы сөйлем	Сұраулы сөйлем	Бүйрықты сөйлем	Лепті сөйлем
----------------	----------------	-----------------	--------------



4-тапсырма. Интонация арқылы байланысқан сөйлемдерді айтындар.

1. Жер беті мамыр бітпей жатып қуан тартқан (F.Мұст.).
2. Сендер де атты карасуға шыктындар ма? (С.Сейф.)
3. Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза (М.Ә.).
4. Бір женнен кол, бір жагадан бас шығарып ел болайык (З.Ш.).
5. Тіл өнері дергінен тен (Абай).
6. Жаздың басы қуан, күргің басталды (М.Жолдош).
7. Арлы адам – ардақты, ар – ардақтың анасы (Б.М.).



5-тапсырма. Кім көп табады? Интонация сөзін құрайтын әріптерді пайдаланып, бірнеше сөз құрандар. (Сөзде 1 рет кездесетін әріпті 2 рет алуға болмайды.)

Улгі: Нота, ат, ит...

Есте сақтаңдар!

• Интонация арқылы байланысу кезінде сөздердің орын тәртібі тиянақты болады. Екінші сөз сәл көтерінкі естіліп, жазуда ол сөздер сызықшамен ажыратылады.

1.7. ҚЫС ТҮСТІ

Қыстағы қар – жерге ырыс,
Жердегі ылғал – елге ырыс.

Мақал

Бұғын сабакта:

- қысқа тән құбылыстар мен суреттеулер берілген мәтіндерді талдаймыз;
- кідіріс туралы ережемен танысамыз;
- кідірістің сөйлеудегі қызметін түсінеміз;
- кідіріс жасалатын орындарды мысалдар арқылы анықтаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқып, боран түрлерімен танысындар.



Қыстың қаталдығын көрсететін табиғи дүлей күштің бірі – боран. Карды бұркыратып, үйкыш соғатын күшті жел ретінде танылатын боранды қазақ халқы онын дүлей күшине, ашуына, бағытына, уакытына, ұзактығына қарай түрліше атайды. Тілміздегі боранның түрлерін жинақтай келгенде, боранның түрлі мінезді болатынын анғардық.

- **Ақ боран. Көз ашқысыз, желдете жауған қарлы боран.**
- Ақтүтек боран. Алай-түлей түтеген боран.
- Ақшұнақ боран. Бір мезгіл соғатын шынылтыр аяздағы қарлы боран.
- **Ақкүйрек боран. Құргақ аязды күні қарды ирелендете, бұраландаға соғатын боран.**
- Ақ жорға. Қыскы аязда жоннан¹ ойға қарай соғатын қарлы бүркасын, боран.
- Алай-түлей түтеген боран. Үйкыған немесе бората сокқан катты жел.
- Дауыл боран. Оскырған жел.
- Долы боран. Екіленіп соғатын боран.
- **Жаяу боран. Жана түскен үлпек қарды жер бетінен не каткан қар үстінен үрген еспе боран.**

¹ Жон – тау қыркасы, қырат, үстірт.

- Жөпшенді боран. Кәдімгі боран.
- Қара боран. Тұтеген шанды аспанға кетеретін боран.
- Құм боран. Құмды, топырақты суырып, үйткі соғатын боран.
- Майлы боран. Қойны-конышқа кеулең соғатын қарлы боран.
- Сұрапыл боран. Каруы катты боран.
- **Сыргыма боран. Қарды үрлеп, жер бауырлай соғатын боран.**
- Тас боран. Суырып соккан күші катты боран.
- Тентек боран. Бір күшейіп, бір басылып соғатын боран.
- Тұтек боран. Алай-түлей боран.
- Үйткыма боран. Үйткі соккан қарлы боран.
- Үскірік боран. Құргак, суық боран.
- **Ызырық боран. Өңменин өтер ызгарлы боран.**

A.Әмірбеков а



А Мәтінде боранның қанша түрі айтылған? Оларды сипаттап беріңдер.



Ә Мәтінге сүйеніп, қыс мезгілінің боранды күнін сипаттап, шағын эссе жазыңдар.



Б Тіліміздегі боранның түрлерін жинақтай келгенде, боранның түрлі мінезді болатынын аңғардық. Сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

СӨЙЛЕУДЕГІ КІДІРІСТІҢ ҚЫЗМЕТІ

Kіdіrіc – сөйлеу үстінде болатын үзіліс. Сөйлемдер, ондағы сөздер мен сөз тіркестері әр уақытта бірсыдырығы ұласқан әуенмен айтылмай, кейде олардың арасы үзіліп айтылады. Кідірістің негізгі міндеттері – мәтінді бөліп мүшелеу және сол бөлшектенген мүшелердің арақатынастарын айқындау, мағынаны түсіндіріп, жазылған мәтінді ажыратып оқу, түсіну үшін белгілі дәнекерлік қызмет атқару. Мысалы: *Балапан/торғай ұясында отыр. Балапан торғай/ұясында отыр.*

Бірінші сөйлем (балапан деген жалғыз сөздің кідіріспен бөлінуінің арқасында) балапан *торғайдың ұясында отыр* деген мағына берсе, екінші сөйлем кідіріс арқылы екі ырғақты топқа бөлінген (*балапан торғай және ұясында отыр*). Бұл сөйлем *торғайдың балапаны өз ұясында отыр* деген мағына беріп тұр.



В Мәтіндегі қарамен жазылған сөйлемдерге кідіріс белгісін қойып, кешіріп жазыңдар.

Үлгі: Қыстың қаталдығын көрсететін // табиғи дүлей күштің бірі // – боран.



2-тапсырма. Берілген сөйлемдерді көшіріп жазып, кідірістің орнын өзгерту арқылы мағынасы өзгеретін сөйлемдерді табындар.

- Ауарайынкөрдім.
- Алтынсырғатақты.
- Аскармешіткекелді.
- Алмажепотыредім.
- Жакындакөлікайдаудыңренемін.
- Олжасекенгой.
- Күнбатыпбаражатыр.
- Хабарласқанжанеркедепойладым.
- Есіктіжабасалышы.



3-тапсырма. Ережеге сүйеніп, сөйлемдегі кідірістің қызметін анықтандар.

1. Қазір Еркебұлан // сол ақ отаудың төрінде // жалғыз отыр (Б.М.).
2. Құнанбай Ұлжан жанына отырды да // Кәкіш пен Абайдың жүздеріне карады (М.Ә.).
3. Таяқ тиген жер жаныма батып барады // алайда сыр берген жокпын (Б.М.).
4. Жауынгерлер // орындарынан кетеріліп // ілгері жүтірді (Т.А.).
5. Соғыска кіргелі // ерлік, батырлық көрсетем деген ойды // Ержан ұмыта бастаған (Т.А.).
6. Өмір мектебі деген мектеп те бар // мұнда калын көпшілік үздіксіз тәрбиеленіп жатады (М.К.).



4-тапсырма. «Қысқы түн» мәтінін тыңдандар.



А Мәтіннің оқылуына мән беріп, кідірістердің қызметін анықтандар.



Ә Мәтінде өрбитін әрі қарайғы оқиғаны айтындар.



5-тапсырма. Кідірістің орнын өзгерту арқылы сөйлемдегі мағынаның өзгеретініне дәлел бола алатын 5-6 сөйлем құрандар.

Улті: Арман жайында отырған баладан сұрады.

Арман // жайында отырған баладан сұрады . Мұнда жайында отырған баладан тұтас келіп, күрделі сөйлем мүшесі (кімнен?) болып тұр.

Арман жайында // отырған баладан сұрады . Мұнда басқа біреулер Арман жайында (кім туралы?) сұрағанын білдіріп тұр.



6-тапсырма. Откен ережелерді еске түсіре отырып сөзжұмбақты шешіндер.

1	K							
2				I				
3		D						
4		I						
5		R						
6			I					
7		C						

- Сейлеу үстінде болатын үзіліс.
- Сөздің бастан-аяқ үндесіп, біркелкі әуезben айтылуы «... заны» деп аталады.
- Көніл күйді білдіретін сөздерге ... сөздерді жатқызамыз.
- Буын үндестігі жуан және ... буындарға байланысты.
- Сейлеу интонациясының кұрамына әуен, ... , каркын кіреді.
- Еріннің қатысына қарай дауыстылар ... және еріндік болып белінеді.
- Бүтінгі такырып .

1.8. ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮІСТЫҚ АЙМАҚ

Жаздың бел ортасы – 40 күн шілде – ең аптап ыстық кезі, сонымен қатар өсімдіктердің жұпар ісінің анқыған шағы...

Бұғын сабакта:

- әлемдегі ыстық аймақтар туралы мәтінді талдаймыз;
- логикалық екпіннің қызметін түсінеміз;
- логикалық екпін түсетін сөздерді анықтаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Күн көкжеккен негүрлым жоғары болса, Күн сәулесінің түсу бұрышы соғүрлым үлкен, сондыктан Жер беті жақсы қызады.

Экватор сыйығында климат ыстық, ол жерде Күн жыл бойы көкжиек үстіне жоғары орналасқандықтан, Жер беті Күн сәулесінің көп мөлшерін қабылдайды. Бұл жерде жыл бойы ауа температурасы жоғары. Ыстық климатта жыл маусымы болмайды, жыл бойы жаз болып тұрады.

Бұл жерде климат ыстық немесе ылғалды болғандықтан, жылу-сүйгіш есімдіктер тез өседі. Олардың гүлдеп, жеміс беруі жыл маусымымен байланысты емес.

Галамтор беттерінен



A Экватор сыйығында жатқан елдерді атандар. Оларға дыбыстық талдау жасандар.

Улгі: Эквадор.

Э – дауысты, жуан, ашық, езулік

К – дауыссыз, қатаң, тіл ортасы, шұғыл

В – дауыссыз, ұяң

А – дауысты, жуан, ашық, езулік

Д – дауыссыз, ұяң, тілалды, шұғыл

О – дауысты, жуан, ашық, еріндік

Р – дауыссыз, ұнды, тілалды, діріл



Ә ыстық аймақта мекендейтін аң атауларын жазып, оларды буын түрлеріне қарай талдандар.

ЛОГИКАЛЫҚ ЕКПІН (ОЙ ЕКПІНІ)

Логикалық екпін – сөйлемдегі айрықша көніл аударуға керекті нақты бір сөзді оқшаулап, ерекше әуенмен бөліп айтудың байланысты екпін. Ол ой екпінің дегендегі аталады. Ой екпінің сөйлем ішіндегі сөзді бөлекдейді. Мысалы, *Таңертең оқушылар мектепке кетті* деген сөйлемнің кез келген сөзі ой екпінің арқылы ерекшеленіп тұруы мүмкін. Бұл жайт сөйлемнің мақсатына және қарым-қатынас жағдаятына байланысты болады:

- 1) *таңертең мектепке // оқушылар кетті* (басқа біреу емес, тек оқушылар);
- 2) *таңертең оқушылар // мектепке кетті* (мектепке, басқа мекемеге емес);
- 3) *мектепке оқушылар // таңертең кетті* (кешке емес, таңертең).



Б ыстық климатта жыл маусымы болмайды, жыл бойы жаз болып тұрады деген сөйлемге ой екпінің түсіріл, сөздердің орындарын ауыстырып айтып көріндер. Ой екпінің түсіндіріндер.



2-тапсырма. Төмендегі сөздерді өзара байланыстырып сейлем құрап жазыңдар. Ой екпіні түсіп тұрған сөзді анықтандар.

1. (Болады екен), (орталықта), (бүгін), (кино). 2. (Тегіс), (жылдан кейін), (енді), (бірер), (көшірмекшіміз), (ауылда), (осы), (тұрғындарды), (орталықка). 3. (Кайырбаев), (бұл), (мактаныш), (зор), (сөзді), (сезіммен), (айтады).



3-тапсырма. Берілген сөздердің орнын ауыстырып, бастапқы турімен салыстырғанда қандай мағыналық айырмашылығы бар екенін айтыңдар.

Улті: Күн ашық. Жылды үй.

1. *Күн ашық* (сейлем) – *ашық күн* (сөз тіркесі).
2. *Жылды үй* (сөз тіркесі) – *үй жылты* (сейлем).

Жақсы жол. Бала бақытты. Бұлтты аспан. Қою сия. Қар аппак. Буркіт қара. Тұлкі қызыл. Биік тау. Жайқалған жапырақ. Сағат тоғыз. Қалын тұман. Болған оқиға.



4-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Әл-Азизия, Ливия. Триполи қаласынан онтүстік-батысқа караң шамамен 41–55 шақырымды бағындырсаныз, Әл-Азизияға жеттім дей берініз. 1922 жылдың 13 күркүйегінде дәл осы жерде ең жоғары температура байқалған (58.2°C). Бір қызығы – Әл-Азизия Жерорта теңізінен бір сағаттық жерде орналасқан екен.



Даллол, Эфиопия. Даллол Африканың аймағында, теңіз деңгейінен 116 метр төменде жатыр. Даллолдағы жылдық орташа температура 34.4°C екен. Бұл жер жанартаулық аймақ болғандыктан, тұзға көміліп жатыр және ешбір тірі ағза жок.



Дашти-Лут, Ливия. 2004–2005 жылдары осы шөлде адамзат тарихындағы ең жоғары температура (70°C) тіркелді. Дашти-Лут әлемдегі ең күргәк жер саналатын Атакама (Чили) шөлімен бәсекелесе алады. Мұнда бірде-бір тірі ағза, тіпті бактерия да жок. Алайда Дасти-Лутка жолын түссе, 500 метрге жетептін кереметтей күм төбелерді тамашалай аласын.





A Мәтін сөйлемдеріндегі екпін түсетін сөздердің орнын ауыстырып жазыңдар.

Улғи: Триполи қаласынан онтүстік-батысқа қарай шамамен 41–55 шақырымды бағындырсаныз, Әл-Азизияға жеттім дей беріңіз.

Шамамен 41–55 шақырымды Триполи қаласынан онтүстік-батысқа қарай бағындырсаныз, Әл-Азизияға жеттім дей беріңіз.



Ә Мәтіннің әр бөлігінен екі тірек сөзден табыңдар. Сол тірек сөздерді пайдаланып, Қазақстанның климаты туралы әңгімелендер.



5-тапсырма. Логикалық екпін түсетін сөзді анықтандар.

- Болар елдің ұлдары бірін-бірі батыр дер.
- Кітапты бүтін алып кел.
- Көлікті өзін жүргізетін бол.
- Кетіп қалған сенің достарың.
- Балаларына ен таңдаулысын алып береді.
- Тапсырманы орындауга Шолпан көмектесе алады.
- Оның о баста дәрігер болғысы келген.
- Маған жаттап келгенің керек емес, түсініп кел.



A Тапсырмаға сүйеніп, өздерің логикалық екпін түсетін сөйлемдер құрандар.



6-тапсырма. Сөзжұмбак құрастырындар.

Л	О	Г	И	К	А	Л	Ы	Қ
---	---	---	---	---	---	---	---	---

Е	К	П	І	Н
---	---	---	---	---

1.9. ЕҢ СҰЫҚ АЙМАҚТАР

Жердің 10 пайызын мұздықтар мен мұстаулар алып жатыр. Солтүстік полюсте күн 186 тәулік бойы көрінбейді...

Бұғын сабакта:

- әлемдегі ең сұық жерлер туралы жалпы ақпарат беретін мәтінді талдаймыз;
- үндестік заңы бойынша жаттығулар орындаимыз;
- алған білімімізді бекітіп, сұрақтарға жауап береміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Әлемдегі ең суық бестік

Шығыс бекеті, Антарктида. Теніз деңгейінен 3500 метр биіктікте, онгустік геомагниттік полюсте орналасқан. Зерттеу бекеті Ресейге тиесілі. Мұнда үнемі суық болып тұрады. 1983 жылдың 21 шілдесінде осында ғаламшарымыздың ең төмен температура тіркелді ($-89,2^{\circ}\text{C}$).



Юрика (Эврика), Канада. Эврика – Канададағы Элсмир аралына жакын манда орналасқан зерттеу бекеті. Эврика да әлемнің ең суық жері саналады. Жыл бойындағы орташа температура -20°C . Қыста көбіне -40°C -ты көрсетеді.



Оймякон, Ресей. Оймякон Якутия Республикасында, солтүстік жартышардың онтүстігінде 350 шакырым жерде жатыр. 1926 жылы осы жерде температуралың рекордтық төмен көрсеткіші ($-71,2^{\circ}\text{C}$) тіркелген болатын. Осы оқиғаға байланысты ауылдардың бірінде мемориалдық тақта койылған.



Денали, АҚШ. Денали немесе Мак-Кинли тауы – Солтүстік Американың ең биік шыны. Ертеден-ақ «Жер бетіндегі ең суық тау» атанған. Қыста ауа температурасы -40°C болады. Таудың биіктігі – 6194 метр.



Улан-Батор, Монголия. Улан-Батор монгол даласында, теніз деңгейінен 1300 метр биіктікте жатыр. Оған «Әлемдегі ең суық астана» деген ат берілген. Қантар айында ауа температурасы -16°C -тан түспейді.



massaget.kz сайтынан



А Мәтіндегі бірінші азатжолдағы сездердің бірыңғай жуан буындыларын бір бөлек, жіңішке буындыларын бір бөлек топтап жазындар (қайталанып келгенін бір-ақ рет алу керек).



Ә Екінші азатжолдағы сездерді буынға бөліп жазып, буын түрін анықтандар (ашық, тұйық, бітей).



Б Ушінші азатжолдағы жалқы есімдерден басқа сөздерді буын үндестігіне бағыну-бағынбауына қарай топтастырындар. Сөздердің буын үндестігіне бағынбауының себебін түсіндіріндер.



В Төртінші азатжолдағы зат есімдерге буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды жалғандар.



Г Бесінші азатжолда кездесетін ықпал түрлерін анықтандар.



2-тапсырма. Сөздерге түйік етістіктің журнағы, тәуелдік жалғау және жіктік жалғауларын жалғап жазып, соңғы дыбыстардың өзгергенін түсіндіріндер.

Тый, сый, ұлғай, той, оқы, жібі, байы, кейі, орын, ойын, әріп, күліп, күлак, жүрек, топ, корап.



3-тапсырма. Тез әрі дұрыс жауап беріндер.

1. Дауыстыдан басталып, дауыссызға аяқталатын 10 кісі есімі.
2. Дауыстыдан басталып, дауыстыға аяқталатын 5 қала аты.
3. Дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталатын 10 кісі есімі.
4. Дауыссыздан баста лып, дауыссызға аяқталатын 5 қала аты.



4-тапсырма. Адасқан аріптердің орындарын табындар.

Твоэрак, Фракна, Серей, денәнрим, ткимал.



5-тапсырма. Кім көп табады? Айтылуы мен жазылуындағы дыбыс санында айырмашылық болатын сөздерді табындар.

Улғи: Лак – ылақ, рас – ырас, акку – акқу.



6-тапсырма. Мәтінмен танысындар.

АҚШ-тың қар мен мұз деректері **жөніндегі ұлттық орталығының** ғалымдары жер бетіндегі ең сұық мекенді Антарктидадан тапты. Ол жердің ауа температурасын зерттеу кезінде мамандар спутник пен өзге де заманауи **құрылғыларды колданған**. Жердің ең сұық **нүктесі** 3779 метр биіктікте орналасқан екен. Ондағы ауа температурасы $-91,2^{\circ}\text{C}$ -ты **көрсеткен**. Дегенмен ғалымдар жерде бұдан да сұық мекеннің болу **мүмкіндігін** жокқа шығармайды. Себебі рекордтық көрсеткішті қураган ауа температурасы **мұздықтың үстінгі** бетінен анықталған .



А Мәтіндегі қарамен берілген сөздерді орфоэпиясы бойынша жазындар. Ерін үндестігін түсіндіріңдер.



Ә Мәтіндегі ілгерінді ықпал кездесетін сөздерді анықтаңдар.



Б Оңдағы ауа температуры -91,2°C-ты көрсеткен деген сейлемнің құрылымын өзгертпей, сұраулы сейлем жасандар. Екпін түсетін буынды көрсетіңдер.



7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?
2. Буын үндестігі дегеніміз не?
3. Дауыссыздар салдыр мен үннің қатысына қарай қалай бөлінеді?
4. Үнді дауыссыздарды атандар.
5. Буынның неше түрі бар? Олар қандай?
6. Ерін үндестігі дегеніміз не?
7. Екі дыбыстан күралған әріптерді атандар.
8. Буын үндестігіне бағынбайтын қандай косымшаларды білесіндер?
9. Интонация дегеніміз не?
10. Кідіріс туралы не білесіндер?
11. Логикалық екпін дегеніміз не?
12. Логикалық екпіннің сейлемдегі сөздердің орын тәртібімен қандай байланыс ы бар?



8-тапсырма. Әлихан Бекейханның ойын ашып, эссе жазындар.

Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі кеш басын да алып жүре алмайды.

Әлихан Бекейхан



Ғалым болам десеңіз...

1. Мырзабеков С. Қазіргі казак тілінің фонетикасы. Оку күралы. Алматы: Дәуір-Кітап, 2013.
2. Жұнісбек Ә. Қазак фонетикасы. Алматы: Арыс, 2009.
3. Арапбаев Ж.А. Қазак фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы: Фылым, 1988.
4. Кенесбаев И., Мұсабаев Ф. Қазіргі казак тілі. Алматы: Мектеп, 1975.



КӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТІ

2.1. КӨШПЕНДІЛЕР КІМДЕР?

Көшпелі ел тоғанақсыз¹, бұраусыз² болмайды,
Той мен ас айтыссыз, жыраусыз болмайды.

Мақал

Бұгін сабакта:

- көшпенді халықтар жайлы мәтінмен танысып, сұрақтарға жауап береміз;
- фразеологизмдер туралы жалпы түсінік алып, ережемен танысамыз;
- фразеологизмдерді еркін тіркестерден айыра билетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Көшпенді халықтар (көшпенділер) – көшіп-конып тіршілік ететін, негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып табылатын халықтар.

Бағзы замандардан көзірігі Қазақстан аумағы әртүрлі тарихи дәуірлерде бостандыксүйіш, еркін, кайталанбас өзіндік мәдениет пен мемлекеттілігін құрған көшпенді, жартылай көшпенді, отырықшы ру-тайпалардың отаны болғаны айтылады. Ежелгі Иран халқының касиетті кітабы – «Авестада» Соғды мемлекетінін солтүстігінде өмір сүретін, мал шаруашылығымен айналысадын көшпенділерді «жүйрік атка мінген турлар» деп атаған. Ежелгі парсылар бұл халықты «сактар», кытайлар «сэ», ал гректер «скифтер» деп атаған. Көшпенділер әлем тарихында өзіндік із қалдырган.

el.kz сайтынан



A Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Көшпенділердің негізгі кәсібін атандар.
2. Қай кітапта көшпенділер «жүйрік атты турлар» деп атаған?
3. Кімдер көшпенділерді сактар деп атаған?
4. Көшпенділерді гректер қалай атаған?

¹ Тоганақ – үлкен етіп буылған жүк, тен.

² Бұрау – аркан-жіпті тартып тұратын кішкене жұмыр ағаш.



Ә Мәтіндегі бұрынғы өткен шақ формасында тұрған етістіктерді тауып, олардағы буын түрлерін анықтаңдар.

Улгі: Айналысқан.

ай – тұйық буын

на – ашық буын

тыс – бітеу буын

қан – бітеу буын

ФРАЗЕОЛОГИЗМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Фразеология – мағынасы жағынан тұрақты байланыста болатын сөз тіркестері мен сөйлемдердің (сөйлемшелердің) жалпы атауы. Фразеологиямдер формасы жағынан жай сөйлемдермен, сөз тіркестерімен ұқсас. Фразеологиямдерді *тұрақты* сөз тіркестері деп атайды. Бұл атау арқылы олардың еркін тіркестерден айырмашылығын байқауға болады. Фразеологиямдердің негізгі төрт белгісі бар. Осы белгілеріне қарап, оларды еркін тіркестерден айыруға болады.

- **Мағына тұтастығы.** Кем дегенде екі сезден құралып, бір мағына беруі. Мысалы: *жігері құм* болды, *нарттай* жанды.
- **Құрылымының тұрақтылығы.** Құрамындағы сездерін өзгертсе, мағынасы мүлдем бөлек болып кетеді. Мысалы, *сағы сынды* дегенді *сағы үзілді* деуге болмайды.
- **Қолданылу тиянақтылығы.** Сейлеуші дайын тұрақты тіркес ретінде қолданады.
- **Бейнелілігі.** Қабағы кірбің *тартты* деген бейнелі фразеологиямнің баламалары – *ренжіді*, *жабырқады*.



2-тапсырма. Фразеологиялық сездікті пайдаланып, тәмендегі тұрақты тіркестердің қай сезге балама екендігін анықтаңдар.

Улгі: Айылын жимады – сескенбеді.

Ақылға сыймау, ала жібін аттамау, көзіне кек шыбын үймелету, ішкен асын жерге кою, ат ізін салмау, аузы бармау, тілі күрмелу, ауыз тимеу, аяғы кия баспау, пісі мұрнына бармау, кезге ілмеу, тіс жармау, шеп басын сындырмау, басын сұкпау, қол ұшын беру, жен ұшынан жалғасу.



3-тапсырма. Берілген фразеологиямдерді пайдаланып сөйлем құрап жазыңдар.

салы суға кетті
қабагынан қар жауды
бетінен оты шықты

жүргінің түті бар
көзден бұлбұл ұшты
ағаштан түйін түйген

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңдандар.**A** Мәтіндегі мына сандармен байланысты ақпаратты жазындар.

XVIII ғасырдың 40-жылдары

1711–1717 жылдар

1718 жыл

**Ә** Мәтіннен алынған сөздердің сыңарларын табындар.

Талкандау, ауыр болды, тастау, анык.

- тайға таңба басқандай
- жермен-жексен ету
- баз кешу
- қамшы бол тиң

**5-тапсырма.** Сөздерінің орындары ауыстырылып берілген фразеологизмдерді дүрыс күрастырындар.

Киянда	аркасы	Ит	
бозторғай	үстіне	кой	жұмыртқалау
үәдемен	куыру	құргак	куырдақ
келмейді	жіп	құрмеуге	кыска
өнері	саусағынан	тамған	он

**6-тапсырма.** Фразеологизмдерді толықтырып жазындар.

... карс айырылды қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға ...

... әнгіртаяқ ойнатты ауырдың үстімен, ... астымен

тұла бойы өлген жер

үш қайнаса сорпасы ...

2.2. КӨШ

Көштің сәні келеді түйесімен,
Сөздің сәні келеді жүйесімен.

Макал

Бұғын сабакта:

- қазақ көшінің өзіне тән ерекшеліктері туралы мәтінмен танысып, талдаймыз;
- фразеологизмдердің түрлерін түсініп, сипатымен танысамыз;
- сөз тіркесі және сөйлем түрінде келетін фразеологизмдерге тән ерекшеліктермен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Ордабайдың қызы-келіншектері бәт күндыз¹ беріктерінің үкісі желкілдеп, жорға мен жүйрік мініп, алдыңғы көшке сыйдыртып өте шыкқанда, кереге, уық, құрымын тенденген ала шолак, тарғыл шолак сиырының сонында күзеген көк байталмен қалықтап келе жатқан Күнікейдің зығыры қайнайды. Такымды бір қысып, қамшыны бір басып шаба жөнелгісі келеді де, талабы тас болады...

— Осынша топтан бір жібі түзу мал табылмады ма? Мінбеймін шолак байталға, — деп Күнікей о баста-ак азап салған, бірақ шешесі:

— Қарағым-ау, сүйгенінді мінетін өз жылқың ба? Тигенімен жүре бер, Құдай жеткізер... — деп бастырмаған.

Шынымен дейсіз бе? Жоға, онысы әншайін той... Күнікей тұрсын, астындағы құлағы қалтиған, қарыны корылдаған шобырға өз көнілі де бейжай.

Шекер «Құдай жеткізер» десе де, жеткізбесін іші сезеді. Бір көшті, екі көшті, үш көшті. Кәне жеткізгені? Жалаң бұжолы ма? Жеткізбегелі қашан? Күнде кезін қызықтырып, бай қыздарының сәнденіп құтырыныш жүргені анау. Бұл ой Шекердің басын жегідей жеді...

Ж.Аймауров



A Үзінді не туралы? Күнікей неге ренжулі?



Ә Мәтіннен тұрақты тіркестерді тауып, олардың мәнін түсіндіріңдер. Фразеологизмдердің ерекшелігі неде? Өз ойларынды дәлелдендер.

¹ Бәт күндыз – жоғары сапалы, кымбат бағалы күндыз.



Б Жалпы көштің түрлері, мақсаты туралы өз ойларынды ортаға салындар.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ

Қазақ тіліндегі фразеологиямдер біртұтас мағынасы мен құрастыруышы сыңарлары мағыналарының арақатынасы түрғысынан төрт топқа бөлінеді.

Фразеологиялық тұтастық – құрамындағы сөздер бір-бірінен ажырамастай болып жымдасқан, жеке сөз ретіндегі мағынасын жоғалтқан тұрақты тіркестер. Мысалы: *сағы сыну, бауыр басу*.

Фразеологиялық бірлік. Фразеологиялық бірліктердің негізінде еркін сөз тіркестері жатыр. Еркін сөз тіркестерінің ауди мағынада айтылуынан туған бейнелі мағыналардан фразеологиялық бірліктер жасалған. Олардың қалыптасуындағы осы ерекшелігі фразеологиялық тұтастықтардан негізгі айырмасы болып табылады. Мысалы, *көзін жойды мағынасын білдіретін тамырына балта шапты* фразеологиямінің негізінде *агаштың тамырына балта шапты* деген еркін тіркес мағынасының бейнелі туынды мағынаға аудиусы себеп болған.

Фразеологиялық тіркес – сыңарлары лексикалық мағыналарын толық жоймай, тіркес қалпында мағына тұтастығын сақтаған тұрақты тіркестер. Мысалы: *көмек көрсету, қол шапалақтау, көзі жетті*.

Фразеологиялық сейлемше – фразеологиялық орамдардың бір түрі, тұрақты фразалар, құрамы, мағынасы жағынан өзгерген сейлемдер. Бұған мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, атауыштық қызмет атқаратын тіркестер жатады. Мысалы: *Сырдың суы сирағынан келмейді. Аузы күйген үрлеп ішер*.



2-тапсырма. Төмендегі тіркестерден тұрақты тіркес және сөз тіркесі мағынасында сейлемдер күрап жазып, түсіндіріндер.

Улғи: Жақсы көре ді – ол кітапты жақсы көреді (мұнда фразеологиям түрінде колданылып, бір нәрсені істеуге ынталы екендігін, соны ұнататындығын білдіреді). *Оның көзі алыстагыны жақсы көреді* (мұнда – сөз тіркесі, өйткені *көр* деген етістік өзінің тұра мағынасында колданылып, *жақсы* деген сөзben еркін тіркес күрап тұр).

Тізе бүкті, колы тиді, ойыншық көрді, біреудің ала жібін аттамау, көзі шарасынан шыкты, тісін қайрады.



3-тапсырма. Фразеологиялық тұтастыққа *әт* және *ит* сөзіне байланысты фразеологиямдер тауып, олардың мағынасын анықтаңдар.

Улғи: Ит тұмсығы өтпейтін – ну, өте жиі.



4-тапсырма. «Сәні мен салтанаты жарасқан қазақ көші» матінін тындандар.



A Мәтін мазмұнына сәйкес қелмейтін ақпараттарды табындар.

1. Қалған көш көліктерін аксақалдар жетектеген.
2. Көштің ең сонында жорға мен сәйгүлік мінген кәмшат бөрікті, бүрмелі шәйі¹ көйлекті, сәукеле киіп, шолпы таққан, сырғалы сылым қыздар мен жас жігіттер жүріп отырган .
3. Көшті бастау ісі көпті көрген, жолды анық билетін, орта жастан аскан азamatка тапсырылған.



Ә Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Көшті бастау кімге тапсырылған?
2. Көштің жүру тәртібі қандай?
3. Көшке жолықкан адам қандай тілек білдірген?



5-тапсырма. Көш туралы мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріңдер. Мақал-мәтелдердің ішінен фразеологиялық сөйлемшелерді табындар.

Акбекенді «жатыр» деме,
Көшкен елді «отыр» деме.
Екі көшкен бір таланғанмен бірдей.
Кешпелі елде корған жок,
Кек сенгірде орман жок.
Көш ерімді жел білсін,
Қонарымды сай білсін.
Көш жүре түзелер.
Көшбасшысы жок ел онбайды.

¹ Шәйі – үлбіреген жібек мата.



6-тапсырма. Берілген тұрақты тіркестерді көшіріп жазындар. Фразеологиялық тіркес немесе фразеологиялық сөйлемше екенін анықтандар.

Ун жок, түн жок; үш қайнаса сорпасы қосылмайды; құмырсқа бел; қыз-қырқын; аузын бұлтиту; аттыға жол, ауыздыға сөз бермеді; карға жұнді қаттасым, үйрек жұнді оттасым; қакқанда қанын, соққанда сөлін шығарды; тас қаранғы; телегей-теніз; жапа шекті; іштен шықкан шұбар жылан.

2.3. КИІЗ ҮЙ

Тұтін шыққан үй жылы,
Төскейлей шыққан күн жылы.

Мақал

Бұгін сабакта:

- Қазақтың киіз үйі, оның құрамдас бөліктері туралы ақпараттық мәтінді оқып, киіз үй атауларымен танысамыз;
- көп мағыналы фразеологиямдердің ережесімен танысамыз;
- фразеологиялық омонимдер және көп мағыналы фразеологиямдерді ажырата білуді үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Киіз үй – Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы, көшпелі тұрғын үйі. Ол – көшпелілердің тез жығып, шашшаш тігуге, яғни көшіп-қонуға ынғайлыш үйі.

Киіз үй – тарихымыздағы ең бірінші сәулеттік құрылыш. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын.



Кереге, шанырак, уық, сықырлауық – киіз үйдің негізгі белшектері. Сықырлауық кереге шенберін тұйықтап, киіз үйге кіріп-шығатын есіктің кызметін атқарады. Ал кереге киіз үйдің негізгі канкасын юрайды. Уық – кереге басы мен шаныракты ұстастыратын ағаш. Шанырак – киіз үйдің еңсесін құрап, тұтастырып тұратын күмбез.

Киіз үй сүйегі желге, жабылатын кіз салмағына, әсіреле кенеттен пайда болатын дала күйінына¹ шыдамды етіп жасалынуы кажет.

Киіз үй пішінін дөңгелек түрде алынуы, барлық белшектерінің бір-бірімен айналмалы, козғалмалы етіп жалғастырылуы оны жел екпініне, жер сілкінісіне төзімді етеді. Киіз үйдін мұндай қасиеттері кездейсок күйін соғып не катты дауылға шыдамай құлаған жағдайша үйлерді азғана шығынмен қайта тұрғызуға мүмкіндік береді.

Шаңырак: Үй-тұрмыстық энциклопедиясынан

Есте сақтаңдар!

- Ауыспалы мағына заттар мен құбылыстардың қандай да бір үқсастығына байланысты сөздің тұра мағынасынан шығады. Мысалы: жүйрік: жүйрік ат – тұра мағынада; жүйрік ой – ауыспалы мағынада.



A Мәтінді мағыналық беліктерге беліп, әр белігіне ат қойындар.



Ә Түсіндірме сөздікті пайдаланып, құлдіреуіш, еріс, сағанақ, маңдайша, бақан сөздерінің мағынасын жазындар.



Б Мәтіннен ауыспалы мағынада тұрған сөздерді табындар.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КӨПМАҒЫНАЛЫЛЫҒЫ. ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ОМОНИМДЕР

Көпмағынаалылыш сөздерге ғана тән емес, фразеологизмдердің кейбір түрлеріне де тән. Мысалы: көзі ашылды: 1) білімді болды; 2) киындықтан шықты.

Құрастыруши сынарлары бірдей, бірақ басқа мағына беретін фразеологизмдерді фразеологиялық омоним деп атайды. Мысалы: ат қою:

- 1) балаға ат қою;
- 2) өлген кісінің үйіне атпен шауып бару;
- 3) шабуылға шығу.



В Мәтінде тұрақты тіркестерге ауыстыруға болатын сөздер бар ма?



2-тапсырма. Берілген фразеологизмдердің мағыналарын айтындар. Оларды көп мағыналы және омонимдер деп ажыратындар.

көзі ашылу

қас қаклады

карны ашты

күні етті

аузы берік

¹ Күйін – үйіріле, үйпеки соғатын екпіні катты жел.



3-тапсырма. Фразеологизмдік сөздікті пайдаланып, көп мағыналы фразеологизмдерді тауып жазындар.

беті бері қарау
колға түсү

тіл-аузы байлану
сабасына түсу

Үлгі:

Бой
бермеу

ырық бермеді, күші
жетпеді

айтқанына көнбеді,
женістік бермеді



4-тапсырма. Мәтінді тыңдандар.



A Киіз үйдің негізгі 3 бөлігін айтындар.



Ә Мәтін мазмұнына сай төмендегі сөздердің анықтамасын жазындар.

Тер

Сол жақ

Оң жақ

От орны



5-тапсырма. Шаңырақ, кереге, уық, есік және үй сөздеріне байланысты фразеологизмдерді тауып, олардың мағыналарын түсіндіріндер.



6-тапсырма. Берілген мағыналарға ортақ фразеологизмдік нұсқаны табындар.

Үзігі: Иін кандыру

бір заттың илеуін жеткізіп, жұмсаарту,
нін кандыру
бір жұмысты, әрекетті әбден пісіріп
жетілдіру

- кайран калу, танғалу
- құптамау, бас тарту
- екпеледі
- өзіне мақсат қойды
- жетісіп отыр
- ашуланыш отыр
- катты ауырып отыр
- жым-жылас жок болып кетті



7-тапсырма. 3 топқа бөлініп, берілген сөздерге сөзжүмбак құрастырындар.

B	O	S	A	F	A	
Ш	А	Н	Ы	Р	А	К
Т	Ү	Н	Д	І	К	

2.4. ЖАЙЛАУ

Жабагылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалып бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер...

Қазтуған жырау

Бұғын сабакта:

- қазақтың қонысы – жайлау туралы ақпарат беретін мәтінмен танысамыз;
- жайлауға қатысты мәтіннен негізгі ойды білдіретін тіл бірліктерін таба білуді үйренеміз;
- фразеологиялық синонимдердің ережесін түсінеміз;
- мағыналас фразеологизмдерді табуға, ондағы әр фразеологизмге тән мағыналық ренкті айыра білуге үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Жайлау – жазғы қоныс. Жайлауды суы мол, **шебі шүйгін**, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден таңдайды. Қазақ елінің дәстүрлі жайлауы Сарыарка атырабы мен орманды, желді өлкелерде,

Қазақстанның солтүстік-батысында (Мұғалжарда), солтүстік-шығысында (Алтай, Сауыр және Тарбағатай өнірінде), онтүстік-шығысында (Іле Алатауы және Тянь-Шань тауының солтүстік атырабында), онтүстігінде (Каратай өнірінде) болды. Қазақстанның әр өніріндегі жайлауды рұлы ел, кала берді жеке ата үрпактары **пайдаланған**. Халық қыстаудан көктеуге, көктеуден жайлауга, жайлаудан күзеуге көшіп отырды. Жайлау мен қыстау малға тиімді, тіршілікке **колайлы**, көшіп-қонуга ынғайлы жерлерден таңдап алынды. Мысалы, Жетісу өлкесінде қыстау Балқаш көлінің онтүстігіндегі құмды, қамысты аймакта орналасса, жайлаулардың көбі оның солтүстігіндегі таулы атырабында жатты. Қазақстан жеріндегі жайлау мен қыстау арасының қашықтығы да артүрлі болды. Мысалы, көшпелі **өмір сүрген** адай, табын, шемекей, шек-



ті, бағаналы, балталы руларының Мангыстау түбегінен Мұғалжар тауларына, Қызылқұмнан Торғай даласына, Шу өзенінің төмен алқабынан Ұлытау төнірегіне дейінгі кеш жолдарының аракашықтығы 1000 шакырымға дейін жететін. Ал Қазақстанның солтүстік бөлігіндегі жартылай көшпелі қауымның кеш жолдары 10–20 шакырымнан 40–80 шакырымға дейін болды. Бұл төніректегі жайлаулар күдіктар мен көлдердің айналасына **орналасты**. Жетісу-дағы жайлаулар мен қыстаулардың арасы солтүстіктен онтүстікке қарай 100–200 шакырымға жететін. Қазақстан жеріндегі жайлаулардың адамға да, малға да ен қолайлышы – тау алқаптары.

Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан



A Мәтіннен алынған сөздерді кестедегі мағынасына қарай орналастырыңдар.

қала берді

орналасу

қашықтық

төнірек

қолайлыш

пайдаланады

аймак, манай	...
ұзактық, арасы	...
жүзеге асырады, керегіне жаратады	...
тұрактау, орын тебу	...
ынғайты, онтайты	...
одан бөлек, сондай-ақ	...



Ә Мәтіннен жер-су аттарын тауып жазып, біреуін таңдап, сол туралы эссе жазыңдар.

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ СИНОНИМДЕР

Фразеологиялық синонимдер дегеніміз – фразеологизмдердің бір-біріне мағына жағынан жуықтауы немесе сәйкес келуі. Мысалы, біреуден, бір нәрсeden қашты мағынасындағы азар да безер болды – ат тонын ала қашты – аш бәледен қаш бәле – бойын аулақ салды; тыныштық берmedі мағынасындағы бас көтертпеді – бет қаратпады – көз ашқызбады – күн көрсетпеді – қыр соңынан қалмады – қан қақсатты т.б. өзара фразеологиялық синоним болып келеді.



Б Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің фразеологизмдік сыңарларын тауып айтыңдар.



2-тапсырма. Фразеологизмдердің мағынасын ашыңдар.

- Соқырға таяқ ұстатқандай
- Жүргі шайлығу
- Құмырсқадай қаптады
- Жұз көріспеу
- Езу тарту
- Көресіні көрсетті
- Етігімен су кешті
- Тайға танба басқандай

2-бөлім



3-тапсырма. Сөздерді фразеологизмге айналдырып, олардың фразеологизмдік синонимдерін тауып жазыңдар.

бай	тұзу	ұялу
корқақ	ренжу	тындау

Улғи: Ұялу – кірерге тесік таппау, жер болу.



4-тапсырма. Берілген фразеологизмдерге мағыналас фразеологизмдер табыңдар, мағынасын бір сөзben жеткізіңдер.

Улғи: Ашулану – зығыры қайнау, кәріне міну, қаны қайнау.

- жігері құм болу
- ит терісін басына қаптау
- кекірегі қарс айрылу
- кірерге тесік таппау
- ат тонын ала қашу
- сан соктырып кету



5-тапсырма. «Алан да алан, алан жүрт» толғауының мәтінін тындандар.



A Өлеңде сипатталған жер туралы өз ойларынды ортаға салыңдар.



Ә Өзара мағыналас қатарларды табыңдар. Мағыналас болуының себебін түсіндіріңдер.



6-тапсырма. Фразеологизмдерден түсіп қалған сөздерді тауып, сөзжұмбақты шешіңдер.

- Үндеме у – ... аузын ашпау.
- Ескі дергі еске түсіру – ... аузын тырнау.
- Аса құдіретті, мықты – ... тасындей.
- Киянат жасамау – ешкімнің ... жібін аттамау.
- Әлек болу – жанын коярга жер
- Жымниу – ... тарту.

1	Ж				
2	А				
3	ІІ				
4	Л				
5	А				
6	у				

2.5. ҚЫСТАУ

Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай –
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай...

Абай

Бұгін сабакта:

- қыстау туралы мәтіндермен танысамыз;
- фразеологиялық антонимдермен танысып, оларды ажыратада білуге үйренеміз;
- фразеологиялық антонимдердің күрылымдарын анықтаймымыз;
- қарсы мәндес тұрақты тіркестердің жасалу жолдарын білеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қыстау – казактың байырғы қысқы мекенжайы. Эдетте, сұыбар, ықтасынды¹, оты мол жерлерде орналасады. Қыстау аумағы, негізінен, шарбакпен коршалады. Айналасында ор казылған кора-жайлары болады. Қыстаудағы үйлердің жағдайы сол өнірдің географиялық жағдайларына және ауа райына байланысты салынады. Қыстаудағы тұрақтар түрлері: киіз үй, коржын үй, жер үй, асүй, сондай-ақ шаруашылықка арналған мал кора, тезек кора, шөп кора т.б. **Кең тараган** қыстау үйінін пішіні төртбұрышты,



¹ Ықтасын – калкасы бар ықтау жер.

есікте рі мен терезелері онгустікке, ал бітей кабыргалары қысқы желдің **өтіне** қарайды. Кабыргалары шикі кірпіштен, шымнан, кейде тастан қаланады. Тұрғын бөлмелер саны 2–4-тен келеді. Астық және т.б. азықтарды ішкі қабыргасы күйдірілген ұраларда¹ (терендігі 2 метрге дейін) сактайды.

Үйдің ортасына биіктігі қабырга бойынан сәл асатын ағаш дінгек – бақан қаз-қатар орнатылады. Оларға ұзына бойы бас арқалық (белағаш) койылады да, арқалыққа көлденен сырғауылдар – жекелер төсөледі. Оның үстіне қамыс жауып, балшықпен бастырылған бақандар мен сырғауылдар салады. Жарық төбедегі тесік арқылы кіреді.

Казақстан ұлттық энциклопедиясынан



А Мәтін бойынша бірнеше сұрақ құрастырындар.



Ә Қарамен берілген сөздерге қарсы мәндес сөздерді табындар.

Кыстау аумағы, негізінен , шарбакпен коршалады.	кейде / көп жағдайда / анда-санда
Кабыргалары шикі кірпіштен, шымнан, кейде тастан қаланады.	шала / піскен / сары
Астық т.б. азықтарды ішкі қабыргасы күйдірілген ұраларда сактайды.	жоғарғы / паналы / сыртқы
Үйдің ортасына биіктігі қабырга бойынан сал асатын ағаш дінгек – бақан қаз-қатар орнатылады.	ретсіз / жинакы

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ АНТОНИМДЕР

Сөздер сияқты фразеологизмдер де мағынасы жағынан бір-біріне қарама-қарсы қатынаста болады. Мысалы: *ат ізін салмады* – *ат ізін құрғатпады*, жайнақ қақты – көнілі торықты, мойны босады – қолы тимеді және т.б. Осындағы мағыналары қарама-қарсы фразеологизмдер **фразеологиялық антонимдер** деп аталады.

Фразеологиялық антонимдер құрылымы жағынан екі түрлі сипатта кездеседі. Бірінші, бір компоненті арқылы ғана ерекшеленеді. Мысалы: *аты шықты* – *аты өшті*, *беделі артты* – *беделі түсті* т.б.

Екінші, құрылымы бір-бірінен өзгеше фразеологизмдерден жасалған фразеологиялық антонимдер. Мысалы: *ит арқасы қиянда* – *таяқтастам жер* т.б.

¹ Ұра – жерден қазылған, астық сактайтын, жасырын, жабық көмбе.



Б Мәтіндегі қарамен берілген сөздердің фразеологиялық антонимін тауып жазыңдар.



2-тапсырма. Қарсы мәндес фразеологиямдердің сыңарларын табыңдар.

енкейген кәрі	каны кепті
шөлі қанды	жерден жеті коян тапқандай
мойны босады	көнілі қалу
көзі алакандай	енбектеген бала
көнілі тою	мұршасы келмеді



3-тапсырма. Берілген фразеологиялық антонимдерді құрылымы бойынша екі топқа бөліп жазыңдар.

Үлгі:	Бір компоненті ерекше	Тұтас құрылымы ерекше
	аты шықты – аты өшті	бетінен оты шықты – міз бақпады

- тастай караңғы – шайдай ашық
- көнілі сүйіды – бауыр басты
- о дүние – бұз дүние
- мұртын балта шаптайды – қабыргасы қайысады
- жайнаң қакты – көнілі түсті
- зәрі қайту – зәріне міну
- жұмған аузын ашпау – аузы-аузына жүкпау



4-тапсырма. «Қыстау маңында» өлеңін тыңдаңдар.



А Өлеңнен фразеологиямдерді тауып, фразеологиямдердің қай түріне жататындарын түсіндіріңдер.



5-тапсырма. Тәмендегі фразеологиямдерге антоним бола алатын фразеологиямдер табыңдар.

Атшаптырым жер –	Асығы алшысынан түсті –
Қолы қысқа –	Айрандай ұйыған –
Қалтасы қалып –	Саусакпен санап аларлыктай –



6-тапсырма. «Шал» фильмін көріп, ондағы қарияны отарымен бірге адастырған қыстың қаһарын әңгімелендер.



7-тапсырма. Ребусты шешіндер. Шыққан сөз бен бүгінгі сабақтың байланысын анықтаңдар.

“



“



“



2.6. ТӨРТ ТҮЛІК

Бір түлікке бай болғанша,
Әр түлікке сай бол.

Мақал

Бүгін сабақта:

- төрт түлікке байланысты мәтінді талдаймыз, мақал-мәтелдер табамыз;
- фразеологизмдердің грамматикалық сипатымен және оларды жасауға қатысатын сөз таптарымен танысамыз;
- белгілі бір сөз таптарының мағынасын беретін фразеологизмдерді мәтін ішінен ажыратада білуге үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазақ халқының өмірі төрт түлік малмен тығыз байланысты. Себебі төрт түлік мал – қазақ халқының күнкөрісінің¹, шаруашылығының негізі. Ауыз әдебиетінде «төрт түлік малды құрадын» деген тіркес жиі кездеседі. Бұл дәuletтіне сәулеті сай адамдарға арналыш айтылған. Мысалы: «Байбері деген бар еken, Байбері малға бай еken, Төрт түлігі сай еken...» («Алпамыс батыр» жырынан.) Халық төрт түліктің әркайсысының сактаушы иесі бар деп ұғыныш, оларды Ойсылқара, Қамбарата, Шопаната, Зенгібаба, Шекшеката деп атаған. Төрт түлікті кейде жұп (аша, айыр) түяқ, так (тік) түяқ деп те атайды. Қазақ төрт түліктің ішінде түйе малын байлық ретінде де, көлік ретінде де, азық ретінде де қатты

¹ Күнкөріс – тіршілік, тұрмыс.

қастерлеген. «Нар жолында жүк қалмас» деген мәтел – осының айғағы. «Ат – ердің қанаты», «Мінсен – көлік, жесен – ет» деп, жылқы малын да аса жоғары бағалаған. Сондай-ақ қой мен ешкі, сиыр малының да өзіне тән ерекше қасиеттері болатынын ұмытпаған.

Бабаларымыз төрт түлікке ерекше көңіл бөлген. Әрі ас-ауқаты, әрі кінімі, әрі көлігі, әрі сузыны, әрі жегжат-жұрағатымен жасайтын алыс-берісінің көзі, байлығы болғандықтан, қазак үшін осы төрт түлік мал аса кымбатты дүние болғаны белгілі. Қайда болмасын, бірін-бірі танысын-танымасын кездесе қалған қазак «Мал-жан аман ба?» деп амандық-саулық сұрасқан. Қазактар мадды тек пайдаланып кана коймаған, олардын бабын тауып бағып-күтудің де жай-жапсарын, қасиетін, ерекшелігін жақсы білген.

Казақстан ұлттық энциклопедиясынан



A Мәтінге ат қойындар.



Ә Кім көп табады? Төрт түлікке байланысты мақал-мәтелдер жазындар.



Б Мәтіннен фразеологизмдерді және фразеологиялық сөйлемше бола алғын сөйлемдерді табындар.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ (СӨЗ ТАПТАРЫНА ҚАТЫСЫ)

Фразеологизмдердің сөз таптарына қатысын олардың тұрақты тіркес қалпында жеке сөздер сияқты сөйлем мүшелерінің қызметін атқаруына қарап анықтаймыз.

1. **Етістік мағыналы** фразеологизмдер: *ат ізін салмады* (хабарласпады), *аузының суы құрылды* (таңданды), *аян болды* (белгілі болды) т.б.
2. **Зат есім мағыналы** фразеологизмдер: *ағайынды қоңырқаз* (қатар құрбы, замандастар), *қара орман* (дүние-мұлік), *ет қызу* (алғашқы қарқын) т.б.
3. **Сын есім мағыналы** фразеологизмдер: *айбалтаның сабындаі* (жұп-жұмыр), *тайға таңба басқандай* (анық, айқын), *айрандай үйіп отырған* (тату, бірлігі күшті), *ағама жеңгем сай* (мінез-құлқы үйлес) т.б.
4. **Үстегу мағыналы** фразеологизмдер: *ауыз жиганша* (лезде), *өлдім-талдым* дегенде (әрен, зорға) т.б.
5. **Одағай тұлғалы** фразеологизмдер де кездеседі, бірақ олардың көлемі өте шағын. Мысалы: одағай тұлғалы фразеологизмдер – *ә дегенше, әйт дегенде, ой, Құдайым-ай, Тәнірім-ай, о Жасаған* т.б.



В Мәтіндегі фразеологизмдердің грамматикалық сипатын айтындар. Оның негізі қай сөз табына қатысты екендігін анықтандар.



2-тапсырма. Адасқан фразеологизмдерді өз тобына қосындар. Басқа да фразеологизмдер қосып, қатарды жалғастырындар.

Етістік мағыналы	Зат есім мағыналы	Сын есім мағыналы	Үстеу мағыналы	Одагай, модальдық тұлғалы
жібі түзу, салпан күлак, о, бәрекелді	штерісін басына қантая, көзін ашқалы	жыртысын жырту, көлденен сөз, шыны керек	шненің жасуындаи, көк ойыл, кабағы кірбін тартты	ат басындаи, көк өрім, кас қакканша



3-тапсырма. Берілген фразеологизмдердің сөз табына қатысын анықтап, әрқайсысына сөйлемдер құрап жазындар.

Улгі: Көз қығын салу – етістік мағыналы.

Ақырын көз қығын салғаны сол, есіне түсे кетті – Арман екен.

Қас карайғанда, канына сіну, колы ашық, ку мойын, құлағын бұрау, құлаш сермеу, қызыл тіл, қызыл сирак, корыта айтқанда, ал ұру, ун деу.

Есте сақтандар!

- Фразеологизмдер сөйлемде бір сөздің қызметін атқаратындықтан, олар бір-бірімен немесе жеке сөзben антоним, синоним, омоним бола алады.



4-тапсырма. Мәтінді тыңдандар.



А Мәтінде айтылған төрт тұлік малдың пайдасын өз сездеріңмен кеңейтіп баяндандар.





Ә Мәтінді қайта тындалап, фразеологизмдерді тауып, олардың грамматикалық сипаттың түсіндіріндер.



5-тапсырма. Үстег мағынасындағы фразеологизмдерді табындар.

Мезгіл үстег
мағынасында

Мекен үстег
мағынасында

Сын-кимыл үстег
мағынасында



6-тапсырма. «Қазақстанда малшаруашылығын дамыту» деген тақырыпты талқыландар.

2.7. АТТЫ ӘСКЕР

Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай...
Ерлердің ісі бітер ме?..

Махамбет Өтемісұлы

Бұған сабакта:

- атты әскер жайлы мәтінмен танысып, сұрақтарға жауап береміз;
- фразеологиялық тіркеске үйіткы сөздердің мағыналық топтарын ажыратада білуді үйренеміз;
- тұрақты тіркестердің ішінен үйіткы сөздерді анықтап, фразеологизм құрап үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Атты әскер – әскер түрі, атты-карулы жасақ. Ол XX ғасырдың 30–40-жылдарына дейін негізгі соғыс күші болып саналған. Атты әскер шабуыл кезінде не корғаныста жеке әрекет етіп, жер жағдайын талғамай тұтқылдан тиісуге онтайлылығымен ерекшеленеді. Атты әскер ете ертеде Азия елдерінде пайда болған. Ұрыстарда шешуші рел аткарған. Қазақ халқының ерте заман наң бергі жауынгерлік



жорықтары атты әскермен байланысты. Қазақ хандары (XV–XIX ғғ.) арнаулы атты жасақ ұстаған. Жаугершілік кездері олардың құрамы 100 мыңға дейін жетіп отырған. Азамат соғысы жылдарында кенес әскерінің жауга карсы басты соккы беретін күші атты әскер болды. Қазақстанда азамат соғысының алғашкы кезінен бастап-ак ұлттық атты әскер құрыла бастады. Оны қалыптастыруда Ә.Жангелдин, А.Иманов, Т.Әлиев, Б.Жанекешев ерекше енбек сінірді. Соғыс кезінде кенес әскерінің атты әскер құрамалары әскердің басқа түрлерімен бірлесе отырып, аса ірі шешуші ұрыстарға қатысты. Қарулы Күштерге ғылым, техника жетістіктерінің толық енгізілуіне байланысты атты әскер өз манызын жойды.

Казақстан ұлттық энциклопедиясынан



A Мәтін мазмұны бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріндер.

1. Атты әскер негізгі соғыс күші болып саналған кезді атандар.
2. Атты әскер кайда пайда болған?
3. Қай жылдары атты әскер кенес әскерінің басты соккы беретін күші саналды?
4. Атты әскердің манызын жоюына негіз болған себепті атандар.



Ә Конверген сөздердің түсіндірмесін тауып жазындар.

Хан, жаугершілік, кенес әскері, жауынгерлік жорыктар, азамат соғысы.

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ҰЙЫТҚЫ СӨЗДЕР

Фразеологизмдердің тууына түп қазық, тірек болған сөздерді **фразеологиялық ұйытқы сөздер** дейміз.

Кез келген сөз фразеологизмге ұйытқы бола алмайды. Тілдің лексикалық құрамының негізін қалаған, халықтың өзімен бірге жасасып келе жатқан байырғы сөздері ғана фразеологизмдерге ұйытқы бола алады. Негізгі сөздік қорға кіретін байырғы сөздердің ішінде фразеологизмдерге ұйытқы ретінде жиі кездесетін сөздер:

- *адамның дене мүшелерінің атаулары*: бас, аяқ, қол, бет, мұрын, көз, тіл, тіс, ауыз, мандай, мойын, жүрек, өкпе, арқа, табан т.б.;
- *туыстық атаулар*: ата, ана, бала, ұл, қыз т.б.;
- *төрт түлік мал атаулары*: атан, түйе, жылқы, қой, сиыр т.б.;
- *жан-жануарлар атаулары*: ит, қасқыр, түлкі, мысық, құлан т.б.;
- *сапалық ұғымдардың атаулары*: ак, қара, қызыл, сары, көк, ауыр, жеңіл, жақсы, жаман т.б.;
- *сандық ұғымдардың атаулары*: бір, үш, жеті, тоғыз, қырық, жұз, мың т.б.



2-тапсырма. Төмендегі фразеологизмдерге ортақ үйітқы сөздерді тауып, тізбекті жалғастырыңдар.

Көз айырмады, көз алартты, көз киығын салды, ...

Тілге келмеді, тіл тигізді, тілде тиек жок, ...

Жер аударды, жер болды, жерге кіріп кете жаздады, ...

Көніл ашты, көніл айтты, ...

Қызыл тіл, қызыл кенірдек, қызыл сирак, ...



3-тапсырма. Ережеге сүйеніп, берілген фразеологизмдерді топтастырып жазыңдар.

Улті:

Адамның дene мүшелерінің атаулары	кез тиі
Тұстық атаулар	ана сүті аузынан кетпеу
Төрт түлік мал атаулары	қой аузынан шөп алмас
Жан-жануарлар атаулары	аюдай акырган
Сапалық ұтымдардың атаулары	жақсылық жакпау
Сандық ұтымдардың атаулары	отыз күн ойын, қырық күн тоғын жасау
Жалпы есімдер	сөзге келіп калу
Есімдіктер	өзінше болу
Үстеулер	ештен кеш жақсы

Агама женгем сай, апама жездем сай, аузы алты қарыс, ала-канына түкірді, бесасспап, жуз жаса, құралайды көзге аткан, қызыл сөзден бал жағу, жерден жеті коян тапқандай, камшы бастырмау, бойын биледі, сиыр жалағандай, күн көру, сарыуайым, өз-өзімен болу, кешке дейін, жақсы көру, қырыктын бірі – Қыдыр, төрт күбыласы түтел.



4-тапсырма. М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасынан үзінді тыңдаңдар.



A Үзінді мазмұнын өз сөздеріңмен баяндал беріңдер.



Ә Батыр Баяннан басқа Ұлы дала батырлары жайында білетіндерінді айтып беріңдер.



- 5-тапсырма. Кім көп табады? Берілген сөздер үйіткү болған фразеологизмдерді табындар.

қамшы	жүрек	акыл
ак	ине	жұмсақ
ауыз	ит	жеті
бүйрек	сұық	кой



- 6-тапсырма. Қатесі бар сөздерді табындар. Түсіндірме сөздіктен мәтіндегі қару-жарақ атауларының түсіндірмесін жазындар.

Кешпелілердің әскери өнерінің негізгі ерекшелігі әскери-аңшылық тактика еді. Баһадүр бабадарымыз жауға қарсы «Ұлкен жарық соғысы», «Ошак соғысы», «Ай қораланды соғысы», «Ұры соғысы» сиякты әскери тактикаларды қапысыз қолданты. Алыс жорықтарға екі-үш адты косарлап мінетін казак сарбазлары бес каруын сайлаап, сауыт күнді. «Ер карұуы – бес кару» демекші, бұған садақ, қылыш, наиза, айбалта, күрзі жатады. Кешпелі халықтарда айқастар кебүне батырлар жекпе-жегімен басталатын. Қалмактармен соғыста жекпе-жектер бірнеше күнге, тіпті айға дейін созылатын. Жекпе-жек – әскери өнердегі жауынгердердің жетістіктерін айқындайтын батырдар айқасының төресі.

«Алаш айнасы» сайтынан

2.8. ЕР ҚАНАТЫ – АТ

Ішінен дара шықкан тай-құлынның
Күрен тай құлтелеген жал-құйрығын.
Алпамыс, Қобыланды боп қиялдаушы ем,
Мінгендей Байшұбар мен Тайбурылын.

Серік Қалиев

Бұгін сабакта:

- жылқы малының қазақ халқы үшін маңызы туралы мәтінмен танысамыз;
- фразеологизмдердің түрлері мен грамматикалық сипаты туралы алған білімімізді қорытамыз;
- жалпы фразеологияның саласы бойынша сұрақтарға жауап береміз.



- 1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбary, Қамбардың Қарақасқасы сынды сәйгүліктердің аты батырлар жырлары арқылы бүгінгі күнге жетті. Одан кейінгі тарихта да жауға шапкан

баһадүрлердің¹ сенімді серіктөріне айналған сәйгүліктер бар. Қабанбайдын Кубасы, Бөгенбайдын Қызыл аты және тағы басқа тұлшарлар талай шайқастан иесін аман алғып шықты. Бері қарай көз жүгіртсек, алдымен Аканның Құлагері еске туседі.

Батырлар жырларындағы ер жігіттің астындағы аты көлік қана емес, ажырамас серігі болып келеді. Тіпті кей жерде иелеріне адамша тіл катып кетеді. Бұл қазақ халқының жылқы малын құрметтегенін көрсетеді. Жоғарыда айтылғандардан белек, Кендебайдын Керкұласы, Ер Тарғынның Тарланы сынды тұлшарлар болғанын білеміз.

Ал одан кейінгі тарихта Қабанбайдын Кубасы, Бөгенбайдын Қызыл аты, Шакшак Жәнібектің Қаракөгі, Исадайдын Ақтабаны, Ер Қосайдын Торысы, Акан серінін Құлагері сынды қазанаттар² болған. Қазақ аттын ең басты қасиеті жүйріктігі, жорыкка төзімділігі, иесіне сенімділігі деп санаған.

Е.Амантаіұлы



А Мәтінде айтылған бір тұлпар мен оның иесі туралы шағын эссе жазындар.



Ә Иесінен адасқан тұлпарлардың ретін көрсетіңдер.



№	Иесі	Тұлпary
1	Ер Тарғын	Құлагер (2)
2	Акан сері	Кубас
3	Кобыланды	Қарақасқа
4	Шакшак Жәнібек	Тарлан
5	Исадай	Қызыл ат
6	Алпамыс	Тайбурыл
7	Кендебай	Байшүбар
8	Қабанбай батыр	Керкұла
9	Ер Қосай	Қаракек
10	Камбар батыр	Торы
11	Бөгенбай батыр	Ақтабан

¹ Баһадүр – батыр.

² Қазанат – дene бітімі ірі, ұзак жолға шыдамды, мықты ат.



Б Мәтіннен етістік мағыналы фразеологизмдерді табындар.




2-тапсырма. Кім жылдам? Кестені толтырыңдар.

Фразеологиялық тұтастық
Фразеологиялық тізбек
Фразеологиялық тіркес
Фразеологиялық сейлемшे



3-тапсырма. Көп мағыналы фразеологизмдер, фразеологиялық омоним, антоним, синонимдерге байланысты сөзжүмбақты шешіндер.

1. Фразеологиялық антоним: ... жұткан – сұжурек.
2. Фразеологиялық синоним: ит ... жер – көз үшінда.
3. Фразеологиялық антоним: ауыз ... – ауыз жаппау.
4. Фразеологиялық синоним: ... какканша – көзді ашып-жүмғанша.
5. Көп мағыналы фразеологизмдер: сезіп калу, күдіктену – жүргегі ... алу.
6. Көп мағыналы фразеологизмдер: жағы карысты, сөйлей алмады, айтарға сөз таппады – ... күм күйілди.
7. Фразеологиялық синоним: ... согу – бармакты тістеу.
8. Фразеологиялық омоним: аузы ... – аузы ораза, сыр сактағыш.



4-тапсырма. Берілген түрақты тіркестерді сөз таптарына мағыналас болуына қарай топтастырып жазыңдар.

Ажал оғы атылды, ала шапандылар, алақаннын аясындаи, айыр қалпактылар, аузын буган өгіздей, бүйректен сирақ шығару,

ат төбеліндей, айтып ауыз жиганша, көзге шыккан сүйелдей, атшаптырым жер.

Етістік мағыналы	
Зат есім мағыналы	
Сын есім мағыналы	
Үстеу мағыналы	
Одағай, модальдық тұлғалы	

 **5-тапсырма.** Сөйлемдегі кей сөздердің орнына фразеологизмдерді қойып, эмоционалдық бояуын арттырындар.

- Көркем, кешікпейміз, тез-ак дайын боламын.
- Кімді айтсан, сол келеді дегендей, өзі де келе жатыр.
- Алдындағы сыйлыкты босқа жасадық-ау, осы жолы да дәметіп отыр.
- Жаздың ыстығына шыдау мүмкін болмай кетті.
- Биылғы түсімге зор үміт артып отырмыз, жағдайымыз да біраз жаксарып қалар.
- Мектептің үздік окушылары деп Сәбит, Илияс, Бейімбетті айтуға болады.

 **6-тапсырма.** Төмендегі тұрақты тіркестердің үйіткы сөздерін анықтап, үйіткы сөздеріне басқа фразеологизмдерден мысал келтіріндер.

- | | |
|---------------------|-------------------|
| • Бас имеу | • Иығынан су кету |
| • Жүргінің түгі бар | • Етек-женін жию |
| • Аузы берік | • Жанын салу |

 **7-тапсырма.** Фразеологизм саласы бойынша сұрақтарға тез әрі дұрыс жауап беріндер.

1. Фразеологизмдерді танытатын басты белгілері қандай?

- даяр қалпында жүмсалу белгісі;
- мағына тұтастығы;
- тіркес тиянактылығы;
- басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді;
- жауаптардың бәрі дұрыс.

2. Ескекті қайық, жұмсақ жиһаз, кәрі жілік қандай тіркестерге жатады?

- | | |
|----------------------------|---------------------------|
| а) фразалық тіркес; | в) идиомалық сөз тіркесі; |
| ә) күрделі сөз тіркестері; | г) шектеулі тіркестер. |
| б) еркін сөз тіркестері; | |

3. Фразеологизмге тән ең басты белгі не?

- а) басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді;
- ә) сөздер бір-бірімен еркін тіркеседі;
- б) компоненттер құрамында тұтастық, тиянақтылық жок;
- в) құрамындағы сөздерді басқа сөздермен алмастыруға болады;
- г) басқа тілге сөзбе-сөз аударуға болады.

4. Фразеология нені зерттейді?

- | | |
|-------------------------------|-----------------------|
| а) күрделі сөздерді; | в) еркін тіркестерді; |
| ә) тұракты тіркес тұлғаларын; | г) біріккен сөздерді. |
| б) сөйлемнің синтаксисін; | |

5. Мақтамен бауыздай, тілі қышу, соқырга таяқ ұстапқандай, тайга таңба басқандай, түймедейді түйнедей ету фразеологизмдердің кай тобына жатады?

- | | |
|---------------------------|-----------------------------|
| а) күрделі сөздер; | в) фразеологиялық сейлемше; |
| ә) фразеологиялық бірлік; | г) идиома. |
| б) фразеологиялық тізбек; | |

6. Тырнағына тұрмадау, мұрты сынбау, сөзге қонақ бермеу кай сөз табына мәндес келеді?

- а) зат есім; ә) сын есім; б) етістік; в) есімдік; г) үстеу.

7. Қас пен көздің арасында, кірпік қаққанша кай сөз табына мәндес?

- а) зат есім; ә) сын есім; б) сан есім; в) үстеу; г) етістік.

8. Қара шашырақ, ұзын құлақ мағынасы жағынан кай сөз табына мәндес?

- а) зат есім; ә) сын есім; б) үстеу; в) есімдік; г) сан есім.

9. Үріт ауызға салғандай, қыздың жиган жүргіндей кай сөз табына мәндес?

- а) етістік; ә) зат есім; б) сын есім; в) үстеу; г) есімдік.

10. Қындық көру ұғымына айтылатын мағыналас фразеологизмдерді табындар.

- а) күні бір уыс болу, өмірі өксу, отка да, суга да түсу;
- ә) ындыны кебу, ерні кезеру, кенезесі кебу;
- б) әне-міне дегенше, қолма-қол, көз ілеспей;
- в) төрт түлігі сай, дәуле т біту, малға бөгу.

11. Байтың ұғымына айтылатын мағыналас фразеологизмдерді көрсетіңдер.

- а) күні бір уыс болу, өмірі өксу, отқа да, суга да тусу;
- ә) ындыны кебу, ерні кезеру, кенезесі кебу;
- б) әне-міне дегенше, колма-кол, көз ілеспей;
- в) төрт түлігі сай, дәүлет біту, малға бөгу.

12. Көп мағыналы фразеологизмді табындар.

- | | |
|-------------------------------|----------------|
| а) жүзіктің көзінен өткендей; | в) ұрын келу; |
| ә) ит арқасы киянда; | г) дес бермеу. |
| б) суқаны сүймей; | |



8-тапсырма. А.Байтұрсынұлының айтқан ойын өрбітіп, талқыланадар.

Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ен қуаттысы – тіл.

Ахмет Байтұрсынұлы



Фалым болам десеңіз...

1. Кеңесбаев И. Фразеологиялық сезілдік. Алматы: Арыс, 2007.
2. Смагұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. Алматы: Ғылым, 1998.
3. Болғанбаев Ә., Қалиулұғ F. Қазіргі казак тілінің лексикасы мен фразеологиясы. Алматы: Санат, 1997.



ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

3.1. БІРІНШІ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ

Байлық – байлық емес,
Денсаулық – байлық.

Мақал

Бұғын сабакта:

- мәтінді оку арқылы денсаулық туралы білімізді кеңейтіп, тақырып бойынша өз ойымызды ауызша еркін білдіре алууды жетілдіреміз;
- мақал-мәтелдер жайлы түсінік алғып, білімізді кеңейтеміз;
- мақал-мәтелдердің мағынасын аша білуге дағдыланамыз;
- мақал-мәтелдердің тұра және астарлы мағыналарын ажыратада білуді үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Кез келген елдің болашағы оның халқының денсаулығына байланысты екендігі – дәлелдеуді кажет етпейтін шындық. Ал біздің болашактағы бағытымыз – саламатты өмір салты. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегенді өсіп келе жаткан ұрпақтың санасына сініріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілік сезімін калыптастыру – баршаның борышы.

Бұғынғі дені сау ұрпак – ертеңгі күннің жалғасы. Халқымыздың тіршілігі мен бірлігі, жарқын келешегі көп реттеге денсаулық мәдениетінің каншалыкты дәрежеде калыптасуына байланысты.



Денсаулық – ел дамуының басты аркауы. Денсаулықты сактау – біздің өміріміздегі келелі мәселелердің, үшінші мынжылдыққа аттаған еліміз үшін өзекті міндеттердің бірі. Жеке адамның да, мемлекеттің де, қоғамның да басты байлығы – денсаулық.

Мезгіл-мезгіл дәрігерге көрініп, денсаулығын тексеріп, онымен кеңесіп тұру, медицина мен сауықтыру

мәселелерінен хабардар болу – әрбір адамның қоғамдық та, азаматтық та міндеті. Ендеше әр адамның денсаулығы – оның езінің ғана емес, халқымыздың да ортақ байлығы.

Г.Е.Шаймерденова



А Мәтіндегі «Денсаулық – ел дамуының басты арқауы» деген ойды дамытып әңгімелендер.



Ә Мәтіннен үндестік заңына бағынбай тұрған сөздерді теріп жазып, себебін түсіндіріндер.



Б «Мен денсаулығымды қалай күтемін?» тақырыбына эссе жазындар.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Мақал-мәтелдер – ауыз әдебиетінің бір түрі. Олар – талай замандар бойы қалыптасып, ауыздан-ауызға тараған халықтық мұра, асқан шеберлікпен жасалған сөз өрнегі. Мақал-мәтелдерден халықтың ақыл-ойы, даналығы мен тапқырлығын көреміз. Олар – келелі ой, кең мазмұнды бір-ақ ауыз сөзben айтып, қорытынды жасаудың тамаша үлгісі.

Мақал-мәтелдердің ішінде тұра мағынасында ұғынылатыны да, астарлы мағынасында ұғынылатыны да бар. Мысалы, «Ауру қалса да, әдет қалмайды», «Денсаулық – зор байлық» дегендерді тікелей, тұра мағынасында ұғынамыз. Ал «Жасырғанның жарасы асқынады», «Қалауын тапса, қар жанар» деген мақал-мәтелдерді астарлы мағынасында қабылдап түсінеміз.



В Мәтіннен мақал-мәтелдерді тауып, мәнін түсіндіріндер және тұра немесе астарлы мағынада қолданылып тұрғанын айтындар.



Г Мәтінде кездеспейтін денсаулыққа байланысты тағы қандай мақал-мәтелдер білесіндер?



2-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелдерді тұра немесе астарлы мағынада қолданылуына байланысты екі бағанға бөліп жазындар.

Орынсыз сез өзіне тиер.

Мәуелі ағаш – майысқақ.

Денсаулық – зор байлық.

Ұрыс ырысты қашырап,
Бінтымак халықты асырап.

Өнерлінің өрісі ұзак.

Таза ауа – жанға дауа.

Жаксы жігіт жер шолып,

Ақыр тубі айналар.

Бас аманда мал тәтті.

Ер – елдің ық жағынан қаласы,
Жел жағынан панаы.

Үйкі тынықтырады,

Жұмыс шынықтырады.

Үлгі:

Тура мағынада колданылған макал-мәтеддер	Астарлы мағынада колданылған макал-мәтеддер
Ұйқы тынықтырады, жұмыс шынықтырады	Мәуелі ағаш – майысқақ



A Денсаулық жайлы мақал-мәтеддерді тауып, мағынасын түсіндіріндер.



3-тапсырма. «Байлық – байлық емес, денсаулық – байлық» деген мақалды мысалдар көлтіре отырып талқыланыңдар.



4-тапсырма. Түсіп қалған сөздерді қойып, мақал-мәтеддерді толықтырыңдар.

Ана сүті ... өсіреді,
Ана тілі ... өсіреді.
(бой, ой)

Ынта болса ... ,
Қынн іс жок
(затамда, адамда)

Қына ... бітеді,
Білім ... бітеді.
(тасқа, басқа)

Дәрі ... шығады,
Дана ... шығады.
(шөптен, көттепен)



A Жоғарыдағы толықтырған мақал-мәтеддерді дәптерлеріңе көшіріп жазып, мағынасын түсіндіріндер.

Білгенге маржан!

Tіс – сұлуулық пен денсаулық кепілі

Денсаулықтың бір тұтқасы – тіс. Адам баласының бүкіл ағзаларының денсаулығы маржан тістерінің біркелкі әрі үйлесімді жұмыс істеуіне байланысты.

Сау тіс – денсаулықтың кепілі. Бет әлпетіңіздің сүйкімді болу-болмауы көбінесе тіске байланысты. Халық «Тұзу тісің – шырайлы жүзің» дег тектен-тек айтпаған.

Тісті күту жайлы бірнеше кеңес:

- біріншіден, тіс дәрігеріне жи, ең азы жылына екі рет қаралу;
- екіншіден, дұрыс тамақтану қажет.

Құрамында қанты бар азықтарды аз пайдалану. Күнделікті ас мәзірінде құрамы кальцийге, фторға және А, С, Д дәрумендеріне бай тағамдар болғаны дұрыс;

- үшіншіден, тамақтанып болған соң тісті тазалаған абзал.

**5-тапсырма.** Адасқан сөздерді орын-орнына қойындар.

- | | | | | | |
|----|-----------|-----------|-------|--------|-------|
| 1. | мыскалдаш | батпандап | ауру | шығады | кіріп |
| 2. | еңбек | алды | емнін | | |
| 3. | сонда | жаның | қай | ауырса | жерің |
| 4. | денеге | ұялайды | ауру | әлсіз | |

3.2. ТАЗА ТАБИГАТ – ДЕНСАУЛЫҚ НЕГІЗІ

Жұпар ауа – дертке дауа.

Нақыл сез

Бұгін сабакта:

- мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтау арқылы мәтіндегі негізгі ойды табуды үйренеміз;
- мақал мен мәтелді ажыратада білуді үйренеміз;
- мақал-мәтел айту арқылы сөздік қорымызды байытамыз;
- жекебас гигиенасын күту туралы мәлімет алғып, тазалыққа байланысты мақал-мәтелдерді талдаймыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқындар.

Біз атадан балаға мирас болып келе жаткан табиғатымызды көздің карашығындаңай сактап, анамыздай аялап, келер үрпакқа таза күйінде калдыруымыз керек. Табиғат – адамның бойына қуат, көnlіне шабыт ұялататын сұлулық пен әсемдік алемі. Сол сұлулықты, әсемдікті жоғалтпай кастерлеуіміз керек. Бұл жайында халқымыздың қалдырған тағылымдық, тәрбиелік мәні зор «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бұлак көрсөн, кезін аш», «Бір тал кессен, он тал ек» сиякты тағы да басқа ұлагатты сөздері, табиғатка деген сүйіспеншіліктері – казіргі үрпакқа үлгі-өнеге.

Бұл орайда ғұламағалымымыз Қаныш Сәтбаевтың: «Тұған жердің тағдыры толғантпаған, жаны тебіреніп, ол туралы ойламаған



жігітті қайтіп азamat дейміз? Тұған жердің қара тасын мактан ете білмеген азamat бөгде жердің алтын тасын да мақтап жарытпак емес» деген жан тебіренісі еріксіз ойға оралады. Ендеше «Елім, жерім» деген ел азamatы тұған жерінің тағдырына немкұрайды карамай, коршаған ортаның тазалығына атсалысыу туіс.

Ғазамтор беттерінен



А Мәтіндегі әр азатжолдан тірек сөзді анықтандар. Эр азатжолдағы негізгі ойды табындар.



Ә Мәтіндегі мақал-мателдер мен фразеологизмдерді көшіріп жазындар.

МАҚАЛ МЕН МӘТЕЛДІҢ ҰҚСАСТЫҒЫ ЖӘНЕ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Мақал-мәтелдердің жалпы мағынасы оның құрамындағы сөздердің тұра мағыналарынан туындейды, бірақ көбіне мәтелдердің жеке мағынасы оның астарлап айтылған ауыспалы мағыналары негізінде қалыптасады.

Мақал аяқталған бір тиянақты ойды білдіреді, өз алдына тұрып та дербес мағына береді. Мысалы: «Ауруын жасырған өледі», «Арыстанның әзілінен түлкі өліпті» және т.б.

Мәтел жеке тұрып тиянақты ойды білдіре алмайды, тек белгілі бір ойды, пікірді ажарлау, айқындау үшін қолданылады, эпитет, теңеу қызметтерін атқарады. Мысалы: «Ат қойып, айдар тағып», «Қызыым, саған айтам, келінім, сен тында» және т.б.



2-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің мақал немесе мәтел екендігін анықтаңыз, өз ойларынды ауызша дәлелдей беріңдер.

Кісіні кейде таршылық сынайды,
Кейде баршылық сынайды.
Тазалық – денсаулық кепілі.
Әлсіз денеге ауру үялайды.
Білімдіге дүние – жарық, білімсіздің күні – кәріп.
Алтын алма, білім ал.
Туа білмейді, жүре біледі.
Бетіне келер үятын өзі біліп жуса иғі.



3-тапсырма. Сұрақтың орнына дұрыс жауабын қойып, мақал-мәтелдерді көшіріп жазыңдар.

- | | |
|------------------------|---------------------------|
| 1. Күлме кімге? | 5. Жас келсе кайда? |
| Келер басқа. | 6. Көрдім деген неше сез? |
| 2. Талаптыға не жауар? | Көрмедім деген неше сез? |
| 3. Тіл не жарады? | 7. Ашу не? Ақыл не? |
| 4. Қандай үй базар? | 8. Емнің алды не? |



A Мақал не мәтел екендігін ажыратыңдар.



4-тапсырма. «Тазалық» мәтінін тындандар.



A Кім көп табады? Тазалыққа байланысты мақал-мәтелдер айтыңдар.



5-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіндер.

1. Көзің ауырса, қолынды
2. ... кайда, сұлулық сонда.
3. Денсаулық – ... байлық.
4. Жасырганың ... асқынады.
5. ... адам – кіршіл.
6. Ыңдысы таза болса, ... дәмді.
7. Аурудын ... жок.

1	T			
2	A			
3	Z			
4	A			
5	L			
6		Y		
7		K		

3.3. САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Ауырып ем іздегенше,
Ауырмайтын жол ізде.

Мақал

Бұғын сабакта:

- мақал-мәтелдердің құрылымдық түрлерімен танысамыз;
- өз бетімізben мақал-мәтелдер табу арқылы сөздік қорымызды молайтамыз;
- жұмбақтарды шешу арқылы ойлау қабілетімізді дамытамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазіргі уақытта әлеуметтік жағдай, өмір сүру ұзактығының төмендеуі және экологияның колайсыздығы бүкіл өркениетті әлем үшін көкейкесті мәселе болып отыр. Еліміздің даму бағытын бекіткен «Қазакстан-2030» бағдарламасында саламатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызы бар мәселелермен тен дәрежеде екендігі баса көрсетілген.

Саламаттылық ұғымы – қазақ халқының салт-дәстүрін, көнеден келе жаткан мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын жас ұрпакка ұғындыру.

Жастары алсіз, денсаулығы нашар, білімсіз, зиянды әдептерге әуес, жалқау, тәрбиесіз болса, ол мемлекет қашандада алсіз, қорғансыз. Жастар – біздің болашағымыз. Ал бізге болашағымыздың айбындылығы мен жарқындылығы қажет. Келешегінен үміт күттіріп отырған бүтінгі жастар – ертегі когам нелері.

Саламатты өмір салты – адам үшін аса маңызды, денсаулықпен тікелей байланысты құнды форма. Ол – адам мәдениетінің бір бөлігі. Ал денсаулық – адам бакытының негізгі белігі. Қоғамның болашағы әрбір адамның денсаулығына байланысты. Денсаулыққа тек дененің сыртқы бүтіндігі ғана деп қарау ағаттық, жалпы алғанда, оны ағзаның жан-жақты дамуы мен бүкіл қызметтердің жүзеге дұрыс асырылуы деп ұққан жөн.

Д.И.Данияров



A Мәтіннің құрылымдық бөліктеріне сәйкес азатжолдарды тауып, ондағы ойды бір сөйлеммен жазындар.

Мәтін белімдері	Азатжолдың реттік саны	Негізгі ой
Кіріспе		
Негізгі белім		
Корытынды		



Ә «Мен саламатты өмір салтын қолдаймын» тақырыбын талқыланңдар.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ТҮРЛЕРІ

Мақал-мәтелдер тұрақты тіркес категориясына жатады. Олар құрылымдық жағынан екі топқа бөлінеді.

Бірінші топқа қазақ мақал-мәтелдерінің тұлғалық, мағыналық жағынан күрделенген түрлері жатады. Мысалы:

«Абысын тату болса – ас көп,

Ағайын тату болса – ат көп» деген мақалды кейде:

«Абысын тату болса, ішетін ас көп,

Ағайын тату болса, мінетін ат көп» деп те айтуға болады.

Екінші топқа ықшамдалған мақал-мәтелдер жатады. Мысалы: «Ақыл – бастан, асыл – тастан». О бастағы толық нұсқасы: «Ақыл бастан шығады, асыл тастан шығады».



2-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерді құрылымына қарай екі топқа беліп жазындар.

Сөз – сүйектен, таяқ – еттен.

Атын барда желіп жүріп жер таны,
Асын барда беріп жүріп ел таны.

Тұман арты жұт болар,
Тұмау арты құрт болар.

Сөз шынға тоқтайды,

Су шымға тоқтайды,
Пышақ қынға тоқтайды.

Кыз – қонак.

Сұлуынан – жылуы.



А Жоғарыдағы күрделі мақал-мәтелдерді ықшамдалған түріне және ықшамдалған мақал-мәтелдерді көрісінше күрделігіне айналдырып жазындар.



3-тапсырма. Берілген суреттердің әрқайсысына үш-үштен мақал-мәтел та-бындар.



Білгенге маржан!**Жаяу жүру – жүгіруден пайдалы**

Америкалық ғалымдар зерттеу жүргізіп, таза ауада серуендеу мен жаяу жүру жүгіруден пайдалы екендігін анықтады.

Калифорниядағы Лоуренс Беркли атындағы Үлттық зертхана мамандарының айтуынша, диабет және жүрек-қантамырлары ауруларының алдын алу үшін жүгірумен айналысу міндепті емес. Бастысы, үнемі жаяу жүру керек. Мұндай физикалық күш холестерин деңгейін төмендептіп, қан қысымын қалпына келтіреді, сондай-ақ диабеттің даму қаупін азайтады.

Зерттеуге жүгірумен айналысатын 33 060 және серуенде ұнататын 15 045 адам қатысқан.

Ғалымдар 4,8 шақырымға жүгіру немесе 6,9 шақырымды жүріп өту ағзаға бірдей әсер ететіндігін айтады. Алайда жүгіру 38 минутқа, ал жаяу жүру 1 сағат 15 минутқа созылған.



4-тапсырма. Суретте бейнеленген спорт түрлері жайлы не білесіндер? Спорттың денсаулыққа пайдасы жайлы айтып беріндер.



5-тапсырма. Көркем мәтіндерден мақал-мәтелдердің күрделенген және қысқарған түрлеріне мысалдар табындар.



6-тапсырма. Жұмбактарды шешіп, түсіндірме сөздіктен тай, құлын сездерінің түсіндірмесін табындар.

- | | |
|---|--|
| <p>5. Бір атым бар
Құлын болып тумаған,
Құнан болып өспеген.</p> <p>6. Аяктарым калтылдаپ,
Қос тай міндім жалтылдақ.
Шапса жұбын жазбайды,
Бір-бірінен озбайды.</p> | <p>7. Ақ қарда тек тұрмадым,
Қос тактаймен зырладым.</p> <p>8. Ұрып калсан кері атып,
Оралады өзіне.
Көрсе досың бері атып,
Қайтып баар өзіне.</p> |
|---|--|

3.4. АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

Тоқ адам көңілі шапқанын жейді,
Аш адам алдында жатқанын жейді.

Жүсіп Баласағұн

Бұгін сабакта:

- дұрыс тамактану жайлы мәтінге сүйеніп, мақал-мәтелдер табу арқылы тіл байлығымыз берілуінде оның мәндерін сөздік қорымызды дамытамыз;
- мақал-мәтелдердің тақырыптық топтарға бөлінетіндігі жайлы мәлімет аламыз;
- мақал-мәтелдердің мағынасын ашу арқылы тақырыбын табуды үйренеміз;
- мәтінді баяндау арқылы ойымызды еркін білдіру дағдысын дамытамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Адам тамактанудан өзінің бір тәулікке жұмсайтын энергиясынын мөлшеріне қарай қуат алуы тиіс. Адам мөлшерден тыс ішіп-жесе, артық салмақ қосып, нәтижесінде қант диабеті, жүрек ауруларына шалдығуы мүмкін. Алайда тамакты аз ішіп, үнемі аш жүргүре де болмайды. Адамның ағзасы тағам түрлерінен дәрумендерді, биологиялық заттарды үнемі кабылданап тұруы керек. **Тамактану мәдениеті** дегеніміз – бірқалыпты тамактану, кай кезде және қандай мөлшерде ішіп-жеуді білу.

«Ас – адамның арқауы» дейді дана халқымыз. Шынында со-лай, бұған ешкімнің таласы жок. Өйткені ол – тәннің азығы. Сол себепті күнделікті үш мезгіл тамактануымыздың өзі бойға қуат сыйлайды.

Тамактанудың дұрыс режімін сактау балалардың денесінің дұрыс қалыптасып, ағзасының жақсы дамуы үшін ете қажет. Бірақ тамактану режімін өзгермейтін кагида деп қараута болмайды. Кей уақытта күнделікті тұрмыс жағдайында оны орынданап отыруға мүмкіндік болмауы мүмкін. Ондай жағдайда тамактану режіміндегі өзгерістердің тым көп болмауын қадағалау керек.

Адамның қалай тамактануы, біріншіден, оның жасына, жынысина, денсаулығына, кәсібінің түріне және ауа райына байланысты болса, екіншіден, тамактанудың ұлттық дәстүрі мен мәдени деңгейіне, әлеуметтік тұрмысы мен азық-түліктің жеткіліктілігіне байланысты.

A. Сеймаханова



A Кім жылдам? Мәтінде қарамен берілген сөздерге мақал-мателдер тауып айтыңдар.



Ә «Дұрыс тамақтануға уақыт жоқ» және «Дұрыс тамақтануға уақыт табуға болады» деген тақырыпта екі топқа бөлініп, пікірталас үйымдастырындар.



Б Кім көп біледі? Тағам және тамақтануға байланысты қандай мақал-мәтел білесіндер?

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ТОПТАРЫ

Мақал-мәтелдердің тақырыптары әр алуан. Олар халықтың әлеуметтік, шаруашылық, рухани өмірін түгел қамтиды. Мақал-мәтелдер, негізінен, темендегідей тақырыптарды қамтиды:

- Отан, туған жер, атамекенге байланысты: «Отан оттан да ыстық», «Өз елің – алтын бесігің», «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» және т.б.
- Еңбекке арналған: «Еңбек еткен жетеді мұратқа», «Еңбек ширатады, өмір үйретеді» және т.б.
- Ерлікке, батырлыққа байланысты: «Ердің екі сөйлегені – өлгені», «Ердің құны – нардың пұлы» және т.б.
- Ұнтымақ, бірлік туралы: «Береке басы – бірлік», «Бірлік бар жерде тірлік бар» және т.б.
- Достыққа, жолдастыққа арналған: «Дос – ажарың, жолдас – базарың», «Дос құшағы – жаз» және т.б.
- Төрт түлік малға қатысты: «Жылқы – малдың патшасы», «Ақсақ қой жатып семірер» және т.б.
- Адамның мінез-құлқына, адами қасиеттерге арналған: «Ақыл – жастан, асыл – тастан», «Әділ істің арты игі» және т.б.
- Өнер және білімге арналған: «Өнерлі – зор, өнерсіз – қор», «Ғылым – теңіз, білім – қайық» және т.б.
- Отбасы және қоғам тақырыбына арналған: «Адамға адам жат емес», «Заманың тұлқі болса, тазы бол шал» және т.б.



2-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерді дәптерлеріне көшіріп жазып, мағынасын түсініп, тақырыптарын анықтандар.

Ер – еліnde, гүл – жерінде.

Өзін-өзі басқарған ер бакытты,
Өзін-өзі билеген ел бакытты.

Ер сыншысы – елі.

Аңшы картайса, какпан салады,
Бүркіт ка ртайса, тышқан алады.

Білімі жок ұл – жұпары жок гүл.
Кісінің көркі киім емес, білім.
Досынның үйінде су берсе де ішп кет.
Ауру қалса да, әдет қалмайды.
Ат – құлыннан, батыр – баладан.
Тәні саудың – жаны сау.
Сыркат желмен кіреді, термен
шығады.



- A** Берілген мақал-мәтедердің мақал немесе мәтед екендігін ажыратындар.



З-тапсырма. Сәйкестендіріп жазындар.

Бінтымақты	үйдің	су да ас
Ас –		тәттіге қонады
Шай ішкен		аяқтан аттама
Ықыласпен	берген	адамның арқауы
Шыбын да		куданың асы
Асы бар		кымыз сұрамас
Койдың басы –		ас – адамның қуаты
Ат – адамның	канаты	асы да тәтті



- Халық шығармасының басқа түрлери сияқты мақал-мателді ауел баста жеке адамдар шығарады, оны біреуден-біреу естіп, жаттап жүреді, өндейді, өзгертеді. Сөйтіп, олар бірте-бірте жалпы халықтың мұрага айналады. Демек, мақал-мател – белгілі бір халықтың өмірде көрген-білгенінен жасаған қорытындысы, ақыл-ой түйіні. Оның тақырыптары сан түрлі болады.



4-тапсырма. «Қымыздың емдік қасиеті қандай?» мәтінін тындандар.



- A** Қымыздың емдік қасиеті жайлы баяндап беріндер.



5-тапсырма. «Кім тапқыр?» ойыны. З топқа бөлініп, тәменде көрсетілген тақырыптарға мақал-мателдер айтындар.

Достык

Оку, білім

Тазалық

3.5. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САУЫҚТЫРУ МЕКЕМЕЛЕРИ

Ұйқы тынықтырады,
Жұмыс шынықтырады.

Мақал

Бүгін сабакта:

- матін бойынша сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы зейінімізді дамытамыз;
- мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін түсінеміз;
- емдеу-сауықтыру орындары туралы мәтінді талдау арқылы ауызша сөйлеу мәнерімізді дамытамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Суы шипа, ауасы ем «Меркі» шипажайы



Алатаудың етегін қоюс еткен Меркі – ғажап табиғаты, саф ауасы, мәуелі бау-бакшасымен танылған өлкө. Мұнда теңіз деңгейінен 727 метр биіктікте, аудан орталығы Меркі ауылынан 12 шақырым жерде, Қыргыз Алатауының шатқалында атакты «Меркі» шипажайы орналаскан. 1981 жылы ресми түрде ашылып, алғашкы емделушілерін

кабылдаған байырғы шипажай өзінің емдік қасиетімен көп ұзамай байтак Қазақстанға көнінен танылды.

Шипажай тау арасында, Меркі өзенінің жағасында қоюс тепкендіктен, табиғаты көркем, ауасы таза, суы шипалы. Оның басты ерекшелігі радонды минералды суында. Емдеу шаралары да осыған сай, негізгі басымдық тірек-кимыл жүйесінің ауруларын емдеуге беріледі. Сондай-ақ радон суы арқылы жүргізілетін емдом сүйек-буын, жүрек-кантамыр ауруларынан зардап шегіп жүргендерге де пайдалы екені даусыз. Шипалы судың радон көрсеткіші жоғары, құрамында азот, газ, фтор, кремний қышқылы, күміс, фосфор, йод, марганец, сынап секілді адам ағзасына кажетті микроэлементтер бар.

Мұндағы емдеу-сауықтыру шараларының көн колданылатын түрі – радон ваннасы. Жалпы шипалы сумен емдеудің бірнеше түрі бар. Атап айтсак: минералды радон ваннасы, айналмалы және атпа

сүсі бар душ, ақсазан-ішек жолдарын **тазалайтын**, ауыз күйсін ширататын сумен емдеу шарапары.

Ә.Әбдуанұты



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. «Меркі» шипажайы кай жылы ашылған?
2. «Меркі» шипажайы кай жерде орналасқан?
3. «Меркі» шипажайының басты ерекшелігі не?
4. Радон сүсі қандай ауруларды емдеуте арналған?
5. Шипажайда қандай емдеу-сауықтыру шарапары жүргізіледі?



Ә Қарамен берілген сөздер қатысқан мақал-мәтелдер табындар. Сол мақал-мәтелдердің баяндауыштарының есімді немесе етістікті екендігін ажыратып айтындар.



B Сендер білесіндер ме?

1. Емдеу-сауықтыру орталықтары жайлы не білесіндер?
2. Қазақстандағы қандай емдеу-сауықтыру орындарын білесіндер?
3. Сендер тұратын жергілікті жерде емдеу-сауықтыру орындары бар ма?

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Мақал-мәтелдердің жастар тәрбиесінде атқаратын маңызы зор. Олар ерлікке, патриоттыққа, елін, жерін сүнгеге шақырады. Жас үрпақты еңбекке баулиды, халқына қызмет етіп, өнегелі болуға үндейді. Адам баласы үшін туған жерден, өзі өскен елден қымбат еш нәрсенің жоқтығына баса назар аударып, сүйіспеншілікке тәрбиелейді. Оны «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас», «Туған жерге туың тік», «Кісі еліне үл болғанша, өз еліңе құл бол», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде үлтан бол», «Ел іші – алтын бесік», «Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық» деген мақал-мәтелдерден түсінуге болады. Жастарға өнер-білім, тіл үйрету, жан-жақты тәрбие беруде мақал-мәтелдердің мән-маңызы өте зор.



2-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің мағынасын айтып беріндер.

Денсаулық жок жерде
Даuletтің кайыры да жок.
Өнерлінің өрісі кен.
Өлімнен ұят күшті.
Сөз – өмірдің ұлы каруы.

Тура біде туған жок.
Тазалық – денсаулық кепілі.
Денсаулықтың жаңасын
Акшаға қайдан аласын.
Ыңдысы таза болса, асы дәмді.



A Жоғарыдағы мақал-мәтелдерді өзгермелі түрде қолданып, сөйлем құрас-тырындар.

Улгі: Әлгі Ақылбайдың *өрісі өнерінің арқасында кеңейтіп жүр* емес пе, сен бала содан біраз өнер үйреніп алсаншы.



3-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің мақал немесе мәтел екендігін ажыратып, ойларынды дәлелдендер.

Енбек түбі – береке.

Кәрі түлкі қакпанға түспес.

Үлкенді сыйласан,

Ен әдемі сез – ен ақылды сез.

Қадірлі боласын.

Жақсы адамға жау жок.

Көп түкірсе – көл.

Ауыртпалық ақыл қосар.



4-тапсырма. Мәтінді тыңдандар.



A Мәтін мазмұнына сәйкес көп нұктені қажетті сезбен толықтырып жазындар.

1. Қазақстан – ... қорларға бай өлке. 2. Жер жаннаты ..., аскар шынды ..., емдік қасиеті мол ..., көрген көзді танғалдырар ..., сұы балдай, шөбі шүйгін ..., ауасы шәрбат 3. Жер шарынын ен көрікті жерлері саналатын ... облысының аумағында «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиги саябағы орналаскан. 4. ... таулар және ... жапыракты орман, ... көл және ... ауа. 5. Бурабайдың ... мен ... сұы емдік қасиетке бай.



Ә Мәтінді қайта тыңдап, жоғарыдағы мәліметтерді мәтін бойынша рет-ретімен айттып беріндер.

Улгі: 1. Жер жаннаты – Жетісу, аскар шынды Алтай...

2. ...



5-тапсырма. Сәйкестендіріп жазындар.

Енбек түбі –	зейнет
Бейнет түбі –	бұлак
Ұрлық түбі –	құлақ
Сез анасы –	корлық
Су анасы –	береке



A Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәнін түсіндіріндер.



6-тапсырма. Кім тапқыр? Отансуйгіштікке, достыққа, ата-ананы құрметтеуге, өнер-білім үйренуге тәрбиелейтін мақал-мәтелдер айтындар.

3.6. ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР

Дана көптен шығады,
Дәрі шөптен шығады.

Мақал

Бұған сабакта:

- мәтіннің құрылымдық бөлімдерін анықтау арқылы мәтінді талдауға дағыланамыз;
- тақырыптар бойынша өз бетімізben мақал-мәтелдер табамыз;
- қазақ мақал-мәтелдерінің үлттық сипатын анықтаймыз;
- мәтін бойынша сұрақтарға ұтымды жауап береміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Дәрілік максатта колданылатын өсімдіктердің бірі – алоэ. Алоэ – үй ішінде есірілетін әсем де пайдалы әрі кен таралған өсімдік түрі. Бұл өсімдік халықтық және медициналық тәжірибеде кен колданылады.

Алоэ – лалагүлділер тұқымдастына жататын жапыракты өсімдік. Ол сондай-ақ емдік қасиетіне байланысты «Үй гүлдерінің королі» деген балама атка ие. Отаны – Онтүстік Африка. Жапырағы шырынды, кедірбұйырлы, кейбіреуінін түсі алабажақ болады.

Алоэ гүлі үйде тек декоративті максатта ғана емес, емдік өсімдік ретінде де есіріледі.

Оның жапырак сөлін ірінді жараны, тері дерпттерін емдеуге колданады. Дегенмен оны дәрігердің кенесімен пайдалану кажет, өйткені бірқатар жүрек-қантамыр ауруларына кері әсер етеді.

Химиялық медицинада алоэнің шырынын жараны тануға, әртүрлі тері ауруларына пайдаланады. Халық медицинасында жапырактарын дерматитке¹ қарсы дәрі ретінде колданады.

Алоэнің дәрілік қасиеті осыдан 3000 жыл бұрын белгілі болды. Оны Египетте, кейін Үндістанда, Италия, Грекияда сыртқы күйіктеге арнап колданды.



A.Жаникосов

¹ *Дерматит* – кабынуға ұшыраған тері ауруы.

3-бөлім



A Мәтіннің құрылымдық бөліктеріне сәйкес азатжолдарды тауып, ондағы ойды бір сөйлеммен жазындар.

Мәтін бөлімдері	Азатжолдың реттік саны	Негізгі ой
Кіріспе		
Негізгі бөлім		
Корытынды		



Ә Біздің үйде алоэ бар, біз оны Сейлемді жалғастырып, алоэ өсімдігінің өздерінң билетін емдік қасиеттері жайлы баяндап беріңдер.



2-тапсырма. Көрсетілген тақырыптар бойынша мақал-мәтелдер жазындар.

Енбек

Өнер

Табигат

Ата-ана

Сұлулық



A Жазған мақал-мәтелдердің баяндауыштарына морфологиялық талдау жасап, өсімді немесе етістікті екендігін анықтандар.

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Мақал-мәтелдер – халықтың танымынан туындаған қанатты сөздер. Олар тілдің сөздік қорында ғасырлар бойы қордалып шоғырланған лексикалық қазына болып табылады. Тіл арқылы, тілдегі мақал-мәтелдер арқылы халықтың ұлттық түсінігімен, ұлттық дүниетанымымен таныс боламыз. Эр халықтың өзі туралы айтылған мақал-мәтелдерінде халық өмірінің сипаты, ұлттық психологиясы көрініс табады.

Көшпелі қазақ халқының өзіне лайық ұлттық қасиеті қазақ мақал-мәтелдерінен анық көрінеді. Оларда халықтың өмірі, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық-мәдени сипаты, ой-санасы т.б. кеңінен қамтылады.



3-тапсырма. Мақал-мателдердегі ұлттық сипатты анықтандар.

Ел іші – алтын бесік.

Ер канаты – ат.

Абысын тату болса – ас көп.

Халық алмас қамал болмас.



4-тапсырма. Мәтінді тындандар.



A Мәтінге тақырып қойындар.



Ә Досыңа пайдалы кеңес айт! «Мен білетін дәрілік өсімдіктер». Өздерінң билетін дәрілік өсімдіктер туралы айтып беріңдер.

**Б** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазақстанда өсімдіктің канша түрі кездеседі?
2. Қазақстан аумағындағы өсімдіктердің канша түрі дәрілік мақсатта пайдаланылады?
3. Өсімдіктердің емдік қасиеті неге байланысты болады?
4. Дәрілік өсімдіктердің шикізатын дайындауда кандай жағдайларды ескеру кажет?

**5-тапсырма.** Берілген мақал-мателдердің тақырыбын анықтандар.

Аш ауыл айранды бұрын ішеді.
 Қазаны басқаның қайғысы басқа.
 Сауып ішсөң – мың күндік,
 Сойып жесөң – бір күндік.
 Қыдырып жеген жамбастан,
 Шакырып берген жауырын артық.
 Салымды ауыз сактағанынды жейді.

3.7. ЖҰЗ ЖАСАНЫЗ

Жаның сау болса, сорлымын деме,
 Тәнің сау болса, жарлымын деме.

Мақал

Бұгін сабакта:

- мәтін мазмұны бойынша мәліметтердің дұрыс немесе бұрыс екендігін анықтап, мәліметтерді ретімен баяндау арқылы ұқыптылықта үйренеміз;
- мақал-мателдер тақырыбы бойынша алған білімдерімізді бекітеміз;
- «Мақал – сөздің мәйегі» тақырыбын талқылау арқылы мақал-мателдердің тілдегі маңызын ұғынамыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқындар.**Өмір жасының ұзактығына әсер етуші факторлар**

Қартайып келе жатқан ағзаның негізгі ерекшелігі сыртқы және ішкі ортанның өзгеру жағдайларына бейімделу қасиетінің күрт төмендеуі болып табылады. **Өмір жасының ұзактығына** нақты түрде

екі фактор әсер етеді: тұқымкуалаушылық каснеті және **коршаган орта**.

Адамдардың өмір жасынын орташа көрсеткіші **ата-аналары** үзак жасаушылар арасында жоғары болады. Ал ата-аналары аз өмір сүргендер арасында аталған көрсеткіш төмен болады.

Экологиялық ахуал мен өмір салты да адамның қартаюына айтарлыктай ықпал етеді.

Адамның өзіне «ауру жамауы» мен өмірін қыскартуының басты бір себебі – күйзеліс. Күйзеліс жүрек-кантамырлары, жүйке жүйесі, аскорыту жолдары ауруларының етек алудың әкеледі. Келенсіз зиянды әдептер де денсаулықты күтпеудің бірден-бір себебі.

АҚШ үлттых статистика орталығы адамзатқа көтер тәндіретін ауруларды жойған жағдайдағы өмір сүру ұзактығын көрсететін кесте дайындаған. Мысалы, жүрек-кантамырлары ауруларын болдырмасақ, өмір жасымызға 17 жыл коса аламыз. Коршаган ортаның әсері немесе өмір салты нәтижесіне байланысты ауру түрлерінің алдын алсақ, әр адамның өмір жасын орта есеппен 22 жылға үзартуга мүмкіндік туады.

Галамтор беттерінен



A Карамен берілген сөздер кездесетін мақал-мәтелдер тауып жазыңдар.



Ә Мәтін мазмұнына сәйкес келетін нұсқаны табыңдар.

	Дұрыс	Бұрыс
Адамның өзіне «ауру жамауы» мен өмірін қыскартуының басты бір себебі – дұрыс тамактаңбау.		
Мысалы, жүрек-кантамырлары ауруларын болдырмасақ, өмір жасымызға 28 жыл коса аламыз.		
Өмір жасының ұзактығына накты түрде екі фактор әсер етеді: тұқымкуалаушылық каснеті және коршаган орта.		
Экологиялық ахуал мен өмір салты адамның қартаюына айтарлыктай ықпал етпейді.		
Келенсіз зиянды әдептер де денсаулықты күтпеудің бірден-бір себебі.		



Б Жоғарыдағы мәліметтерді мәтіндегі реті бойынша айтыңдар.



В «Саламатты өмір салты өмірді үзартады» тақырыбын топ болып талқыланыңдар.



2-тапсырма. Берілген денсаулық туралы мақал-мәтелдердің тұра немесе ауыспалы мағынада қолданылып тұрғанын анықтандар.

Ауырып тұрдын –
Аунап тұрдын.
Ауырып жазылған жан – олжа,
Жоғалыш табылған мал – олжа.
Аурудын алдын ал.
Сәтін салған ауруға,
Не болса, сол ем болады.

Әуелгі байлық – денсаулық,
Екінші байлық – он саулық,
Үшінші байлық – ак жаулық.
Ауруды елемеген өледі,
Дауды елемеген телейді.
Елемеген ауру жаман,
Ескермеген дау жаман.



3-тапсырма. Түсіп қалған сөздерді тауып, мақал-мәтелдерді толықтырыңдар.

- | | |
|---|--|
| 1. Елін сүйген ... болады. | 4. Ексен ... , ішерсін тегін. |
| 2. Не ексен, соны | 5. ... үйрен, үйрен де жириен. |
| 3. ... кадірін білмеген,
... кадірін қайтіп білер. | 6. ... шын сезі зая.
7. ... білген екшій де біледі. |



A Жоғарыдағы мақал-мәтелдерді күрделі және қысқарған синтаксистік құрылымда қолданып, сейлем құрастырып жазыңдар.



Улғи: Атам үнемі «Ақыл – жастаң» деп мені қолдап отырады (қысқарған құрылым).

4-тапсырма. Берілген тақырыптар бойынша мақал-мәтелдер айтыңдар.

Махаббат

Кітап

Табиғат

Сөз өнері



5-тапсырма. Көркем әдебиеттен мақал-мәтелдердің өзгеше қолданысына мысалдар табыңдар.



6-тапсырма. Еске түсіреміз!

- Мақал-мәтел дегеніміз не?
- Мақал-мәтелдердің тұра және астарлы мағынада қолданылуына мысал келтіріндер.
- Мақал мен мәтелдің айырмашылыктарын айтыңдар.
- Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні дегенді қалаң түсінесіңдер?
- Мақал-мәтелдер қандай тақырыптық топтарға белінеді?
- Мақал-мәтелдер құрылымдық жағынан қандай топтарға белінеді?



7-тапсырма. «Мақал – сөздің мәйегі» тақырыбын топ болып талқыланыңдар.

**8-тапсырма.** Нақыл сөздің мағынасын ашып, өз ойларынды жазындар.

Тіл сактауға мүмкін болғанда, тіл сакталуға тиіс. Біз тілімізді қаша сактасақ, ұлтымызды да сонша сактаған боламыз.

Ғұмар Қарааш

**9-тапсырма.** Берілген сөздермен сөзжұмбақ құрандар.

Д	Е	Н	С	А	У	Л	Ы	К
---	---	---	---	---	---	---	---	---

Д	Ә	Р	І	Г	Е	Р
---	---	---	---	---	---	---

С	А	Л	А	М	А	Т	Т	Ы
---	---	---	---	---	---	---	---	---

**Ғалым болам десеңіз...**

1. Фабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1974.
2. Адамбаев Б. Халық даналығы. Алматы: Рауан, 1996.
3. Кейкін Ж. Қазактың 7777 макал-мәтеддері. Алматы: Өлке, 2002.
4. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ тіліндегі макал-мәтеддердің түсіндірме сөздігі және зерттеу). Алматы: Тоганай. Т, 2004.

4-бөлім

СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ДОСТЫҚ

- ◆ Етістік
- ◆ Етістіктің тұлғасына қарай бөлінуі
- ◆ Негізгі және көмекші етістіктер
- ◆ Күрделі етістіктер
- ◆ Болымды және болымсыз етістіктер
- ◆ Есімше
- ◆ Есімшенің түрленуі
- ◆ Есімшенің сөйлемдегі қызметі



5-бөлім

МУЗЫКА ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ

- ◆ Етістіктің көсемше тұлғасы
- ◆ Көсемшенің жіктелуі
- ◆ Көсемшенің жай сөйлемдегі қызметі
- ◆ Түйық етістік
- ◆ Түйық етістіктің түрленуі
- ◆ Түйық етістіктің емлесі
- ◆ Етістіктің сөйлемдегі қызметі



СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ДОСТЫҚ

4.1. ДОСЫ КӨПТІ ЖАУ АЛМАЙДЫ

Жұз теңген болғанша,
Жұз досың болсын.

Мақал

Бұгін сабакта:

- мәтінді оқып, ондағы негізгі ойды анықтаймыз;
- мәтіндегі ойды жалғастырып, эссе жазамыз;
- етістіктің ережесін есімізге түсіріп, мәтіннен етістік тұлғаларын тауып, сөз құрамын анықтаймыз;
- сейлемдер мен өлең жолдарынан етістікті тауып, талдаймыз;
- екі топқа бөлініп, тақырып бойынша өз оймызды білдіріп пікірталасқа түсеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қалың кар жауған қыстың бір күні еді. Арман қолына күрек алыш, есік алдын тазалауға кірісті. Көрші үй жакка қарап еді, үйге баар жолы жасалынып даң-дайын болыш тұрганын көрді. Ертеңіне кайта кар жауды. Арман көршісінен қалыспайын деп, бұл жолы әдеттегіден жарты сағатқа ерте тұрды. Далага шығып караса, көрші үйдін есік алды баяғыдай тазаланып койыпты. Ушінші күні кар кешегіден де көп жауды. Бұл жолы Арман жолды тазалау үшін кешегіден де ертерек тұрса да, көршісінц үйіне жол тазаланып қойғанын көрді. Бұған танғалған Арман көршісімен кездескен сәтте: «Сіз есік алдындағы карды калай ғана тазалап үлгересіз? Эр көргенімде үнемі тап-таза болыш тұрады», – деп сұрады. Көршісі оған: «Жолды кардан ешқашан тазалаган емеспін. Келіп-кететін достарымның көптігінен болса керек, жол өздігінен тазаланып тұрады», – деді.

Галамтор беттерінен



A Мәтінге тақырып қойып, себебін түсіндіріндер.



Ә «Дос» туралы өз ойларынды айтындар.



Б Мәтіндегі ойды жалғастырып, «Менің досым» тақырыбына эссе жазындар.




В Дос туралы мақал-мәтел айтындар, оның мақал не мәтел екендігін ажыратындар.

ЕТИСТИК

Етістік – заттың қимылын, іс-әрекетін білдіріп, не істеді? не қылды? қайтті? деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы.

Етістік сөйлеуде маңызды рөл атқарады. Етістіксіз сөйлем құрау мүмкін емес. Тіліміздегі сөздік қордың жартысына жуығын етістіктер құрайды.



Г Мәтіндегі етістіктерді тауып жазып, оларды сөз құрамына қарай талдандар.



2-тапсырма. «Достарым» әнінің мәтінін тындандар. Эндегі негізгі ой қандай?



A Мәтіннен етістікті табындар.



3-тапсырма. Достық туралы қанатты сөздерді оқып, ондағы етістіктерді табындар.

Достық әлсізденген сайын сырайлылық арта түседі .

Есте сақтаңдар!

- Етістік жак, шақ, рай түрлеріне қарай және жекеше, көпше, анайы, сырайы түрде түрленіп, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: Біз мектепте оқымыз. Сен пойызбен келдің.

У.Шекспир

Достық асықтай өсетін өсімдік секілді. Ол пісіп-жетілуі үшін талай сыннан өтуі керек .

Дж. Вашингтон

Өмір сүрудің екі занын білген адам бакытты болар. Бірі – не болса соны жей бермей, азығына талғаммен қарайтын жан, екіншісі – кім болса сонымен дос болмай, айналасындағы достарын жөнімен тандаі билетін адам.

Омар Хайям

Достарының сәтсіздіктеріне әркім көніл айтып, аяныш білдіре алады. Бірақ досының жеткен жетістіктеріне куана алатын адам кемде-кем.

O. Уайлъд

Адамның басы бәлеге ұрынған кездегі ең жақсы камал – адаптостар.

Аристотель



4-тапсырма. Өлеңдегі етістіктерді тауып жазып, оларды сөз құрамына қарай талдандар.

Еркін ұста дененді,
Тарсылдаттай еденді.
Орнымыздан тұрып ап,
Жүтірейік бір уақ.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

Аяқты алға созайық,
Тік көтеріп, қозғайық.
Тым сылбыр да болмайық,
Алға қарай озбайық.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

Үлгі:

уста *тарс* – түбірі (еліктеуіш)
түбір сөз *ыл* – журнақ (...)
 ...



5-тапсырма. Екі топқа бөлініп, ертегідегі тырна мен тұлқінің достығы туралы өз ойларынды ортаға салындар.

Тұлқі мен тырна

Тұлқі мен тырна дос болыпты. Бірде тұлқі тырнаны үйіне конакқа шакырыпты.

– Маған конакқа кел, қымбаттым! Мен дәмді тамак пісіріп қоямын.

Тырна тұлқінің үйіне конакқа келеді. Тұлқі ботқа пісіріп, жайпак табакқа салып, тырнаның алдына қояды.

– Тамак ал! Өзім пісіріп едім.

Тырна жайпак табакты тұмсығымен шоқып-шоқып, ештене жей алмайды. Тұлқі болса табактағы ботқаны тілімен жалап-ак тауысады. Бәрін жеп болған тұлқі:

– Айып етпе, бұдан өзге берер еш тамағым жок, – дейді.

– Осыған да ракмет. Енді сен маған қонакқа кел.

Келесі күні тұлқі тырнаға конакқа келеді. Тырна сорпа дайындалғаны мойны тар құмыраға құйып, дастарканға койыпты. Тырна:

– Іш, қымбаттым. Қысылма, – дейді.

Тұлқі құмыраны ары айналып, бері айналып, сорпаны іше алмайды. Құмыраға тұмсығы кірмей қояды. Ал тырна үзын тұмсығымен шоқи береді. Сейтіп, бәрін де ішіп қояды да, тұлқіге қарап:

– Ренжіме, қымбаттым. Бұдан өзге берер тамағым жок, – дейді.

Бір тойғысы келген тұлқі ренжіп, үйіне аш кайтыпты.

Хатын ертегісі

**A Сұрақтарға жауап беріндер.**

1. Қалай ойтайсындар, тұлкі мен тырна бір-біріне қандай қонақжайлыштың көрсетті?
2. Сендер осы ертегіні басқаша қалай аяктар едіндер?
3. Келесі жолы тұлкі мен тырна қонақтарын қалай күтеді деп ойтайсындар?

**Ә Достық туралы тағы қандай ертегі білесіндер?**

6-тапсырма. «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл білімінің терминдері» деген тақырыпта реферат жазындар.

4.2. ЖАМАН ЖОЛДАС

Жаман дос – көлеңке;
Басынды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың;
Басынды бұлт алса,
Іздең таба алмайсың.

Абай

Бұгін сабакта:

- мәтінді оқып, өз ойымызды ауызша еркін білдіру мен мәтін мазмұнын қорытып эссе жазу арқылы шығармашылық қабілетімізді дамытамыз;
- етістіктің тұлғасына қарай бөлінуін менгеріп, оны мысалдарды талдау арқылы бекітеміз;
- кестедегі грамматикалық атауларды тауып, анықтамаларын айту арқылы өткен сабактарды еске түсіреміз;
- өлеңді қарасөзben жеткізуге дағыданамыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқындар.

Екі дос кісі келе жатып бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі – әлсіз, ауру екен, екіншісі – мықты, жас жігіт. Аюды көрген соң бұл жігіт ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені¹ жок, жерге құлады да созылып, өлген кісі болды да жатты: естуі бар еді, аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жаткан кісінің касына келіп шіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, ауру жолдасынан сұрапты:

¹ Дәрмен – күш-куат, шама.

— Достым, аю құлағына не сыйырлап кетті?

Ауру жолдасы:

— Аю құлағыма акыл сыйырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастан кашатын достармен жолдас болма деді, — дейді.

Б.Алтынсарин



A Мәтінде не туралы баяндалған? Әлсіз кісінің орнында болсаңдар не істейтін едіндер?




Ә Мәтіндегі ойды жалғастырып, «Мінсіз дос» тақырыбына эссе жазындар.



Б Мәтіндегі туынды етістіктерді сөз құрамына талдандар.

Улгі:



ЕТИСТИКТІҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАРАЙ БӨЛІНУІ

Етістік түлғасына қарай екіге бөлінеді: 1) негізгі түбір етістік; 2) туынды түбір етістік.

Негізгі түбір етістік етістік сөздің өзінен болады: отыр, түр, жүр, жатыр, оқы, кел, барды, жүгірді, жасаған, көрген.

Туынды етістік басқа сөз таптарына сөз тудырушы жүрнақ жалғану арқылы жасалады.

Туынды етістіктің жасалу жолдары

Есім сөздер	Туынды етістік	Басқа сөз таптары	Туынды етістік
балта	балтала	бүрк	бүркыра
би	быле	курк	куркіре
бас	баста	жымын	жымында
үтік	үтікте	күлім	күлімде
дамыл	дамылда	тасыр	тасырлат
сән	сәнде	ілгері	ілгеріле
рух	рухтан	жогары	жогарыла
әдет	әдеттен	акырын	акырыннат
кемек	көмектес	аз	азсын
сыр	сырлас	кеп	кепсін
пікір	пікірлес	ауһаяу	ауһаула
жынын	жина	құрау	құраула
орын	орна	үн	үніле



2-тапсырма. Кестеден грамматикалық атауларды тауып жазыңдар. Атаулар солдан онға және жоғарыдан төмен қарай жазылған.

Р	Ф	Ә	Ң	Ғ	Ү	Ы	Ө	Ұ	Ү	Ұ	П	А	Ә	Г
Е	Д	Ш	Ж	В	Н	Ф	Е	Ю	О	Ө	Т	Н	Ұ	О
С	Х	З	Қ	Ң	Д	В	С	Т	Д	Ь	Ұ	Ғ	Д	У
І	Ь	Ң	С	Ы	Н	Е	С	І	М	Ғ	Й	А	Н	
М	Ә	І	Г	Ҙ	Ң	Ф	Е	И	І	К	Ы	Б	Р	А
Ш	Ү	М	Ш	Ж	Ң	З	Т	Е	М	Ж	Қ	Щ	А	Қ
Е	Ү	Ө	І	Ю	Ҙ	К	Ө	С	Ө	М	Е	Х	Е	Ү
Қ	Ө	С	Е	М	Ш	Е	Х	ъ	з	Ө	Т	Ү	Т	Ғ
Ұ	Қ	ң	Р	Ө	Ғ	Т	Ф	О	Л	Н	І	Н	І	Ң
Ү	М	Е	З	Р	Э	І	М	Н	Щ	С	С	Д	С	Э
Ғ	А	К	Ҙ	Е	Е	И	И	М	Ғ	Ү	Т	Е	Т	Х
Ң	Қ	П	Х	Т	Т	Е	А	Т	Ч	ъ	І	С	І	З
І	Ң	І	Ж	Ң	І	У	Ң	С	Е	Ү	К	Т	Қ	Щ
Ә	П	Н	Э	И	С	Н	А	Ғ	Э	Н	Ш	І	П	ъ
Н	Б	Т	Ю	О	Т	Ұ	Й	У	Ы	Ш	Қ	К	ъ	Э
И	Ф	В	Р	Л	І	Ң	Қ	ң	Ө	Ұ	Ү	З	Щ	Ә
Я	Ч	П	Т	І	К	Ҙ	ң	Ч	М	Ғ	Г	А	Ң	ъ
Ф	Р	А	З	Е	О	Л	О	Г	И	З	М	Ң	Т	Ф
О	Р	Л	С	А	Н	Е	С	І	М	З	А	А	Е	М
Б	ъ	Е	С	Э	Р	Э	Х	ъ	Т	Ғ	С	Ы	Е	С



А Табылған атаулардың анықтамаларын айтыңдар.



Ә Кім көп табады? Әр сөзге 10 сөзден (сөз тіркесінен, тұрақты тіркестен) мысал келтіріндер.



3-тапсырма. Өлеңнен алынған үзіндіні жаттап алыңдар. Етістіктерінің жасалу жолын түсіндіріндер.

Қасымда бір болатын,
Жасысам сынға алатын,
Жапанды жаяу калсам,
Аямас мінген атын.

Кеңілге нұр беретін,
Өмірге бір келетін,
Не **көрсө** бір көретін,
Бір досым керек екен.

Ұ.Есдәүлетов



А Өлеңдегі қарамен берілген сөздерді сөз құрамына талдандар.



4-тапсырма. М.Шахановтың «Достық өлкесінің заңы» өлеңін тауып оқыңдар. Өлеңде неше кейіпкер бар? Оndaғы айтылған оқиғаның ретін өз сөздерінмен жазып, өлеңдегі етістік тұлғаларына талдау жасаңдар.

4.3. ЖІГІТТІ ЖОЛДАСЫНА ҚАРАП БАҒАЛА

Ағаш тамырымен мықты,
Адам дос-жарымен мықты.

Мақал

Бұғын сабакта:

- мәтіндегі ойды жалғастырып, досымызға мінездеме береміз;
- негізгі және көмекші етістіктердің ережесін менгереміз;
- мәтіндерден етістіктерді табу арқылы басқа сөз табынан етістіктерді ажыратамыз;
- негізгі және көмекші етістіктерді ажыратамыз, оларға тән тілдік белгілерді анықтаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.



Ертеде бір ауылда көпті көрген, ақылды, шешен қария өмір сүріпті. Барлық ауыл тұрғындары сол кісіден барып ақыл сұрайды екен. Бір күні карияға бір жас жігіт келіп:

— Аксакал, мен кандай жігіттін?
Сынанызышы, — депті. Қарт жігітке:

— Жолдасынды көрсет, сонаң сон айтамын, — депті. Жігіт кариянын

айтқанына құлақ асып¹, жолдасын жіберіпті. Қарт жігіттің жолдасымен ұзак сейлесіп, ақырында жігіттің өзін шакырыпты. Жігіт келген сон, карт оған:

- Шырағым, жаман жігіт емес екенсін, — депті.
- Мені бұрын көрген жоксыз той? Қалайша олай шештініз? — депті жігіт. Қарт күліп:
- «Жігітті жолдасына қарап бағала» дейді халық, — деген екен.

«Мөлдір құлақ» журналынан



A Мәтіндегі етістіктерді табындар, сөз құрамына талдандар.



Ә Мәтіндегі ойды жалғастырып, достарыңа мінездеме жазындар.



Б «Адал дос» пен «амал дос» ұғымын қалай түсінесіңдер? Мағынасын асып айтындар.

¹ Құлақ асу — ден койып тындау.

НЕГІЗГІ ЖӘНЕ КӨМЕКШІ ЕТІСТИКТЕР

Негізгі етістіктер дегеніміз – өзіндік лексикалық мағынасы бар, жеке түрып сөйлем мүшесі бола алатын немесе күрделі етістіктің негізгі мәнін білдіріп тұратын етістіктер.

Көмекші етістік дегеніміз – жеке түрып сөйлем мүшесі бола алмайтын, тек негізгі етістіктермен, есім сөздермен тіркесіп қолданылатын етістіктер. Мысалы: *Жаманға жүзің салма малды еken деп, жақсыдан күдер үзбе жарлы еken деп* (ел аузынан). Көмекші етістіктің мәнді, мәнсіз немесе толымды, толымсыз түрлері болады.

Мәнсіз етістіктер: *-e, et, жазда, де*.

Мәнді көмекші етістіктер – өз алдына лексикалық толық мағына білдіретін, дербес сөйлем мүшесі қызметін атқара алатын түбір етістіктер тұлғасындағы атауыш сөздер (*айтып жіберді, үре бастады*).

Толымды көмекші етістіктер: *ал, бар, бер, баста, бақ, бол, біт, жатыр, жүр, жөнел, жібер, кел, қал, таста, тұр, шық, қыл, ет*.

Толымсыз көмекші етістіктер: *e (еді, екен, емес)*. Бұл көмекшілер өздері тіркескен сөздерге ешқандай да лексикалық мағына я ренқ үстемейді, қосымшалар сияқты тек грамматикалық мағынағана жамайды.



2-тапсырма. Сөйлемді көшіріп жазындар. Көмекші етістіктердің қандай грамматикалық мағына беріп тұрғанын және негізгі етістікпен қандай қосымшалар арқылы байланысып тұрғанын көрсетіндер.

1. Сайлаушы төре жүрт көзіне шешілмейтін бір жұмбак болып калды.
2. Егер көнілді кірбін ой баспаса, бүтін Әбіш атқа мініп ап, ағындаш шапқылар еді, әлденеге, әлдекімге душар болуды іздер еді.
3. Ұлын үшін сені айыптай алмаймыз.
4. Көкейдегі арманын айта білгенде ғана, мұрат-мақсаттарын көркем кестелегендеге ғана ақынның бедел-абыройы арта түспек.
5. Бұл жердің жайын біле бермейтін адамдарға орталықтан шалғай жаткан ауыл сүлбесі тым көнілсіз болып көрінетін.
6. Алматы қектемінің салқындау ауа райы екі-үш күннен бері маужырап тұр.
7. Ұзын тұмсықты, кара коныр құстар көгілдір айдынды қақ жарып, жағаға қарай қикулап жүзіп келеді.



3-тапсырма. Мәтінді оқып шығындар да, етістіктерді табындар. Олардың жасалу жолын айтындар.

Күздің таны баяулап атып келеді екен. Қос аңшы құстарын ұстап шықты да, белдеудегі аттарын кеп шешті.

Мосқал жасты, бурыл сақал карт бүркітші Бекбол жуан торы аттың шылбырын беліне қыстырып, енді үзенгіге аяғын сала бергенде, арт жағынан ат пыскырды. Сүр тонды кеспелтек денесін шапшаң бұрып, сырт айналғанда Бекбол кезең асып келе жатқан

касқа атты жүргіншіні керді. Мойнына мылтық асынған, мезгілсіз жүрген жолаушы асығып, жедел келеді екен.


Бекбол ерге конбай, тор атты сулығынан¹ тартып, жүргінші келе жаткан жакка бұрды. Ауыр бүркіт ұстаған он колын ердің үстіне салып, танырқап тосып қалды.

М.Әуезов

Үлгі:

*кіріп еді**кіріп – негізгі етістік
еді – толымсыз көмекші етістік**асып кетті**асып – негізгі етістік
кетті – толымды көмекші етістік*

- 4-тапсырма.** Берілген сөйлемдердің ішінен етістіктерді тауып, тор ішіне жазындар. Дұрыс қойылған жағдайда көк түсті тордың ішінде тақырыпқа байланысты сез шығуы тиіс.



1. Алмас ауылдан келді.
2. Ұшақ әуежайға конды.
3. Қымбат әкесіне көмектесті.
4. Берік пен Марат татуласты.
5. Бұлдіршіндер аулада ойнады.
6. Аскар үйде қалды.



- 5-тапсырма.** Ребусты шешіндер. Шыққан сез бен бүгінгі сабақтың байланысын анықтандар.



¹ Сұлық – жүтеннің сағағындағы темір ауыздық.

4.4. БАЙ БАЛАСЫ МЕН ЖАРЛЫ БАЛАСЫ

Жолдасың жақсы болса,
Жолым ұзын деме.
Жолдасың жаман болса,
Қолым ұзын деме.

Мақал

Бұғін сабакта:

- мәтіндегі ойды жалғастырып, ой қорытуды дамытамыз;
- күрделі етістіктердің ережесін менгереміз;
- берілген сөздерден күрделі етістіктер жасап, әрі қарай сейлем құрап, тақырыпты толық менгереміз;
- сейлем ішіндегі басқа сез таптарынан етістікті, оның ішінде күрделі етістікті ажырата білуге дағдыланамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Асан деген бай баласы, Үсен жарлы баласы – екеуі құрдас екен. Бір күні ел кешкенде кыр астында ойнап жүріп, ескерілмей екеуі жүртта¹ калыпты. Бір мезгілде үйге барады деп келсе, ауыл жок, құр жүрті жатыр.

Асан айқай салып жылай бастайды. Үсен ойланып тұрды да айтты:

- Жылағанна и еш нәрсे өнбес. Кешкен ауылды іздең табалық.
- Елді қайдан табамыз, кай жакқа кеткенін де көргеніміз жок, – деді Асан.

Үсен үндемеді, Асанды ертіп кешкен жүртка келді. Жүртта бір көзі сынган ине жатыр екен, оны алды және бір пышактың сынығы мен бір-екі уыстай кыл тауып, оны да алды. Сонан соң ауылдың жүртін айнала жүтіріп жүріп көштің кеткен сүрлеуін тауып, сол сүрлеуге түсіп жүре берді.

Біраз жер еткен соң сүрлеу екі айырылды. Мұны көріп Асан жылай бастады.

Үсен карап жүріп біреуіне тұсті:

- Мына сүрлеу бүгін жүрген көштің сүрлеуі екен, малдың жас тезегі бар, – деді...

Ы.Аттынсарин



А Мәтінді еске түсіріп, жалғасын жазындар.

¹ Жүрт – көшіп кеткен ауылдың, үйдің орны.



Ә Берілген үзіндіден етістіктерді тауып, сөз құрамына талдандар.



Б Шын (Ш) және жалған (Ж) ақпараттарды ажыратыңдар.

Асан Үсенді әрдайым жұбатып журеді.	
Асан мен Үсен ойнап жургенде ауыл көшіп кетеді.	
Үсен балыкты аумен ұстайды.	
Екеуі үйрек ұстап жейді.	
Оларды малышылар тауып алады.	

КУРДЕЛІ ЕТИСТИКТЕР

Екі я одан да көп сөзден құралып, бір ғана мағынаны білдіріп, бір сұраққа жауап беріп, сейлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратын етістіктер **курделі етістіктер** деп аталады.

Мысалы: Ауылда қосақтағы қойлар да маңырап жатыр екен (М.Әуезов).

Курделі етістіктердің түрлері

Құрама етістік, мысалы: *барып кел, кіріп шық, келіп кет*.

Құранды етістік, мысалы: *жәрдем ет, қызмет қыл, адам бол*.

Қосарлы етістік, мысалы: *алдаң-сұлау, арып-ашып, шаршап-шалдығы*.

Біріккен етістік, мысалы: *апар, экел, әпер, вйт*.

Тұрақты етістік, мысалы: *ауыз жаласу, жүрек жалғау, опық жеу*.



2-тапсырма. Берілген сөздерді мағынасына қарай бір-бірімен тіркеп курделі етістікке айналдырып, оларға сейлем құрандар.


апару, кіру, жинау, ойлау, ұйық-	тастау, келу, отыру, алу,
тай, салу, келу, жүтіру, секіру	жату, кету, тұру, шығу, өту



3-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіндер. Дұрыс шешілген жағдайда көк түсті торларда тақырыпқа байланысты сөз шығуы тиіс.

1. ... ағаштар, алдыннан жел еседі.
2. Етістік негізгі түбір етістік және ... түбір етістік болып 2-ге бөлінеді.
3. Етістіктің сейлемдегі екі түрлі қызметте жұмсалатын ерекше түрі, жіктеліп етістік қызметін атқаратын, есімдерше түрленіп, яғни септеліп, тәуелденіп, көптеліп есімдердің де қызметін атқаратын түрі.
4. Етістік мағынасына қарай салт және ... болып бөлінеді.
5. Дүшпан күлдіріп айтады,
Дос ... айтады.
6. *Атыстан тау көрінді*.
Сейлемдегі етістікті тауып жазындар.

7. Негізгі қымыл, амалды білдіретін немесе оны айқындаі түсіп, косымша қымыл, амалды білдіру қызметінде жұмсалатын етістіктің түрі.



4-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Қурделі етістіктерді тауып, түрлерін анықтандар.

1. Алдарынан шауып-шауып отыз-кырыктай карулы солдат шыкты (*М.Ә.*). 2. Тамшыдан тама-тама дария болады (*мақат*). 3. Экелі-балалы екеуі де үндеместен бір-біріне қаралы (*Б.А.*). 4. Кешегі құмды дала жасыл алқапқа айналды (*Н.Ғ.*). 5. Орда шанырагын халық көтерген. 6. Көк шалғынның арасындағы бармақтай-бармақтай бол есken бүлдірген мен жицектен көз тұнады (*І.Е.*). 7. Анда-санда демалып, зытып келем, зытып келем (*F.Мус.*).

4.5. АДАЛ ДОС ПЕН АМАЛ ДОС

Дос жылжып айтады,
Дүшпан күлдіріп айтады.

Мақал

Бұғын сабакта:

- адал дос пен амал дос туралы мәтінді талдап, ондағы негізгі ойды өз сөзімізben өрбітеміз;
- етістіктің болымды, болымсыз түрлерін ажыратып, жасалу жолдарын мәнгереміз;
- өз бетімізше сөйлем құрап, шығармашылық қабілетімізді дамытамыз;
- берілген матіндерден етістіктің болымды, болымсыз түрлерін анықтаймыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқындар.

Ертерек те ел ішінде Әйтімбет деген сезге шешен кісі болышты. Бір отырыста Әйтімбет шешенді сынайын деген замандастары: «Достық нешеу?» – деп сұрақ кояды.

Сонда Әйтімбет тұрып:

– Достыктың екі түрі болады. Бірі – адал достық, екіншісі – амал достық, – деген екен.

Сонда замандастарының ішінен біреуі тұрып:

– Дұрыс-ақ. Енді оларды қалай ажыратса аламыз? – депті. Сонда Әйтімбет :

– Адал достық өмірлік нұсқа болады, амал достыктың өрісі қысқа болады, – деп жауап берген екен. Жауабына тәнті болған замандастары Әйтімбеттің шешендігін мойындасты.

«Көкжисек» күнтізбесінен



A Мәтіндегі негізгі ойды тарқатып талқыландар.



Ә Адал достық өмірлік нұсқа болады, амал достыктың өрісі қысқа болады деген сөйлемді көшіріп жазып, морфологиялық талдау жасандар.

БОЛЫМДЫ ЖӘНЕ БОЛЫМСЫЗ ЕТІСТИКТЕР

Етістік мағынасына қарай **болымды** және **болымсыз** болып бөлінеді. Істің болғанын, болып жатқанын, не болатынын білдіретін етістіктің түрін **болымды етістік** дейміз. Мысалы: *Мен сабак оқыдым. Мен сабак оқып отырмын. Мен сабак оқымақтын.*

Істің болмағанын я болмайтынын білдіретін етістіктің түрін **болымсыз етістік** дейміз. Етістіктің болымсыз түрі болымды етістікке жүрнақ жалғану арқылы жасалады. Мысалы, *Мұны жазған адамның өзін білме, сөзін біл дегендегі білме болымсыз етістігі -ме жүрнағы арқылы жасалған. Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарай кісіні ал дегенде алма болымсыз етістігі оның ал деген болымды түрінен ма жүрнағы арқылы жасалып тұр.*

Болымсыз етістік қимыл, іс-әрекеттің болмауын, жүзеге аспауын білдіреді.



Б Мәтіннен етістіктерді тауып, оған болымсыздық жүрнағын жалғап сөйлем құрап жазындар.



2-тапсырма. Сөйлемдерден болымсыз етістікті тауып жазындар. Сөз құрамына қарай талдандар.

1. Уақыт озып ұзарған сайын олар Таулы Алтайдың жеріне де жакындаған қалғандарын жақсы түсініп отыр (С.М.). 2. Көштің алдында бес-алты кісі – Мәдібектер мен біз келеміз (С.Сейф.).

3. Екі көзі есікте. Бұл кезде ағасы көрүлдеп үйықтап кеткен (К.И.). 4. Әдейі таныптағын деп бет-аузын танып алышты. Қазір Дәрменді тағы да танырқата түсіп, оқыс сейлем калды (М.Ә.). 5. Балапандарын шиелік, көбелек сияқты жәндіктермен асырайтын карлығаш оған тимейді (С.М.). 6. Олар би-старшын емес, бай-бағлан емес, бірақ сын кезендерде ел салмағын тәуекелшіл сом нықпен берік көтеретін өжет жандар (М.Ә.). 7. Өтеш Кенжекейден туғанын біліп ішінен жаны үзіліп тұрса да, анаға деген ыстық сезімін сыртына шығарып көрген емес (Ә.Нұрп.). 8. Қатты өзгеріп, жаны толқынға түскен Абай әлі оналған жок (М.Ә.). 9. Жомарттың бүтін журе коярлық иинеті жок еді және оның иинетіне қарай даяр көлік те болмады (Ғ.Мұст.).

Есте сақтаңдар!

- Болымсыздық мағына етістіктерге емес, жоқ сөздерінің тіркесуі арқылы да жасалады: **барған емеспін, барғаным жоқ,**



3-тапсырма. Өлеңді әнімен айтып көріндер.

Жан досым

Сөзін жазған *Т.Майдагатиев*
Әнін жазған *С.Бәйтіреков*

**Іздегендे табылатын қасымнан,
Көңілі бар қызғалдақтай ашылған.
Көріспесек, сағыныштан жүдейтін,
Кім бар жакын бала күнгі досыннан.**

Қайырмасы :

Жан досым, үстем болсын мерейін,
Эркашан женісінді көрейін.
Сырымыз да бітпесін,
Жырымыз да бітпесін.

Кос бұтағы секілденіп ағаштын,
Катар тұрып гүлімізді сан аштық.
**Жол тапсақ та бірге жүріп жол таптық,
Адассақ та бірге жүріп адастық.**

**Өмір өзі арқамызға жүк салып,
Бәрімізді қияларға жұмсады.**
Катар ұшқан күска ұқсадық әлде біз,
Катар жанған екі шамға ұқсадық.



A Өлеңдегі қарамен берілген жолдарды талқылап, ойларынды ортага салындар.



Ә Достық туралы тағы қандай өлеңдер білесіндер?



4-тапсырма. Сөйлемдердегі етістікті құрамына қарай талдандар.

1. Менменсімей конактардың алдына бар (А.Е.). 2. Нұралы ауылга барғанда шешенсіп сейлейтін (К.Б.). 3. Жаңагы келген жігіт Киевте оқып жүрген баласына жолығыпты (Д.И.). 4. Дәрі-дәрмекке қажетті есімдіктер де азайып барады («Парасат »). 5. Элия кеткен соң терезенің алдында мұнайып отырды да қойды (А.Ү.). 6. – Жәкеннің үйінен келген соң жылқыларды суар (Д.Д.).



А Сөйлемдердегі етістіктерді болымсыз түрде айтындар. Сөйлемдерді жалғастырып, құрмалас сөйлемге айналдырып жазындар.



5-тапсырма. Сүйіспеншілік сезіндегі әріптерді пайдаланып сездер қурандар.

Улғи: Іш, пеш, күй.

4.6. ЖАҚСЫ ДОС – ЖАН АЗЫГЫ

Адам өміріндегі ең тамаша нарсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы.

Абай

Бұғын сабакта:

- өлеңді оқып, мағынасын өз сөзімізben баяндаймыз, сөйлеу шеберлігін шындаимыз;
- мәтіннен етістіктерді тауып, түрлерін ажыратып, тақырыпты пысықтаймыз;
- өткен тақырыптар бойынша тапсырмалар орындалап, алған білімімізді бекітеміз.



1-тапсырма. Өлеңді оқып шығындар.

Хат жаз амын шын көніліммен досыма,
Жүрегіммен сағынамын қосыла.
Кол жазған соң, тіл айтқан соң аласыз,
Кетті жүрек еріп, жөңкіп жосыла.
Екі жылдай жолдас болған сырласым,
Айырылғандық біздің ішті тырнасын.
Өтіп кеткен екі жылға қайырыла
Күп білемін екі өмірдің түрмасын.
Айырылғанын көр сем дагы дененін,
Жүрегіміз мәнгі айырылmas, сенемін.

Біле алмаймын
 Сізге ұнарын яки жок,
 Бір мұным бар, айтайдын деп келемін:
 Босқа өтіп тұр минут, сағат, күніміз,
 Күндер түтіл, жұма, айымыз, жылымыз.
 Тұздығы ашы, жері жақын, жемісі аз,
 Жолда калды, жол таба алмай ініңіз.
 Ойға алғанның бәрі түтіл, бірі жок,
 Керек білем жәрдемініз, пұлыныз.
 Аяғында жармаспасақ үмітке,
 Қанша айтканмен біз – тағдырдың құлымыз.
 Бұл әншейін доска жазған сырымыз,
 Деген емес «бұған айла қылышың ».
 Қол сермеген жемісініз тап болып,
 Ұзак өмір, қош-сәлемет тұрыныз !

С.Дөнентаев



A Өлеңнен етістіктерді тауып жазып, талдаңдар.



2-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын айтындар.

Достық – шынайы асыл сезім. Достық сезім адамгершілік жаксы касиеттерге бөлену екенін бәріміз жаксы білеміз. Достық жүрген жерде жалған сезімге орын жок. «Жеке адамдар арасында болатын достықтың биік мұнарасы» деп Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің достығын айтуда болады.

Маркс пен Энгельстің ұзак жыл бойы бірлесіп енбек еткені, бір тұрмаган жағдайда күнбек-күн хат арқылы хабар үзбегені, бір-біріне деген достық қамкорлығы тарихта аныз болып калды. Маркстің қаламақысы шылым алудына да жетпеген сол бір заманда «Капитал» сиякты ұлы енбекін жазудына Энгельстің достық көмегі шексіз болғаны белгілі. 1857 жылы Энгельс науқастанып қалғанда Маркс ерінбей-жалықпай медициналы зерттеп, досын дерттен емдеудің жолын іздеген. Ал Энгельс жокшылықта өмір сүрген досына өмір бойы көмек көрсетумен болған. Жаңы жек көретін сауда конторында ол Маркс үшін қызмет істеп, тапқан табысын досының отбасына беріп тұрган. Екі алыптың асқан достықпен, ынтымактастықпен істеген енбекі арқасында адам баласы ұлы ғылымға не болды.

Fazalitor беттерінен



A Мәтінге ат қойындар. Себебін түсіндіріңдер.



Ә Мәтіннен негізгі және көмекші етістіктерді тауып жазып, олардың қандай сөйлем қызметін атқарып тұрғанын айтындар.



Б Мәтіннен күрделі етістіктерді тауып жазып, оларды құрамына қарай талдаңдар.



Ғалым болам десеңіз...

Етістік деген лингвистикалық терминді Ахмет Байтұрсынулы ойлап тапкан. Етістік сөз табынын тілдегі қызметі туралы Үбырай Маманов, Ахмеди Ыскаков, Сейлбек Псаев сынды ғалымдарғының зерттеулер жүргізген. Аталған ғалымдардың жазған кітаптарын тауып оку арқылы етістік туралы білімдерінді кенеітіе аласындар.



3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Етістік қандай мағынаны білдіреді?
- Сөйлемде көбіне қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарады?
- Негізгі және көмекші етістіктер туралы не білесіндер?
- Негізгі және көмекші етістіктерге мысал келтіріндер.
- Күрделі етістіктің қандай түрлері бар? Мысал келтіріндер.
- Болымды, болымсыз етістік тұлғаларына мысал келтіріндер.
- Етістік сөз табын қандай ғалымдар зерттеген?



4-тапсырма. З топқа бөлініп, берілген сөздерге сөзжұмбақ құрастырындар.

Н	О	Ч	
---	---	---	--

Ә	Ә	Ә	
---	---	---	--

Қ	Қ	Қ	
---	---	---	--

4.7. АНА МЕЙПІМІ

Ата-ананың қарызы –
Үрпақтың өмірлік парызы.

Мақал

Бұғын сабакта:

- мәтіндегі негізгі ойды өз сөзімізben жеткізуге дағыланамыз, ондағы ойды әрі қарай дамытып эссе жазамыз;
- есімшениң ережесін еске түсіріп, пысықтаймыз;
- фильмді көріп, мазмұнын қарасөзben жеткізу арқылы ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіреміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Бала күнімде отбасы жағдайымыз тым темен болды. Кедейліктің тақсіреті¹ маған сезілмесе де, шешеме қаты батты. Кнер киім, ішер аска жарымай жүргендеге ол үнемі өз ыдысындағы несібесін маған бөліп беретін еді. «Құлыным жей гой, менің карның ашқан жок», – дейтін. Бұл оның үнемі айтатын жалған сезі еді.

Ержете бастаған шағымда базардағы кымбат зат немесе дәрумендер алып беруге шешемнің акшасы жетпейтін. Үнемі жақын мандағы езеннен балық аулап келетін. Мен балық етін жеп, сорпасын ішіп отырған сәттерімде ол үнемі үстел шетінде балық сүйегін мужіп отыратын. Аналам қайнатқан балық сорпасының дәмі әлі күнге тандайымда. Үнемі шынысына ет салып берсем: «Өзін жей гой, білесін гой мен балық етін ұнатпаймын», – деп қайтадан өз ыдысайма салып коятын. Бұл оның екінші жалған сезі болатын.

Орта мектепте оқып жүрген кезімде менің оку және кімімек кететін қаражатымды қамдау үшін үнемі түні бойы мардымсыз акша үшін тігіншілікпен айналысатын. Түн ортасында оянсан, бұкшип кім тігіп отырған анамды көретінмін. «Шеше, ұйықтанызышы, танертең тағы жұмысқа бараңыз», – десем: «Ұйықтай бер, құлыным, үйқым келмеді», – дейтін еді. Ал бұл сәтте таң ағаруға жақын қалғанын іштей сезіп жататын едім. Бұл оның үшінші жалған сезі еді.

Жоғары оку орнына емтихан тапсыратын күні мектеп какпасының алдында, шакырайған күннің астында мені күтіп тұрған анамды көрдім. Өзге ата-аналар секілді дүкеннен салқын су алуға акшасы жок шешем маған кант косылған кара шай алып келіпті. Үш сағат бойына мені күтіп тұрған байғұс шешемнің ерні кеберсіп кетсе де, әлі нәр татпағанын білдім. «Өзініз ішініз», – деп ұсынып ем, «Жанағана іштім, әлі шөлдеген жокпын», – деді. Кесе түбіне анамның мейіршапағаты тұнғанын сездім. Сарқып ішіп, анамды күшактадым. Бұл оның тертінші жалған сезі еді.

massaget.kz сайтынан



A Мәтіндегі ойды төрт құрмалас сейлемге сыйдырып жазындар.



Ә Мәтіндегі ойды жалғастырып, «Анашым – жанашырым» тақырыбына эссе жазындар.



Б Мәтіннен есімше тұлғалы сөздерді тауып талдандар.

¹ Тақсірет – ауыртпалық зардабы, азап, кыншылық.

ЕСІМШЕ

Қимыл-әрекетті білдірумен бірге есім сөздердің де белгілерін білдіретін етістіктің түрі **есімше** деп аталады. Мысалы: *көрген кісі, алған адам, оқылатын кітап, кірер есік, естір сөз, айтылмақ сөз* т.б.

Есімше етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне, етіс және болымсыздық етістік тұлғаларына тәмендегідей жұрнақтар қосу арқылы жасалады: -қан/-кен, -ған/-ген, -ар/-ер/-р, -мак/-mek, -бак/-бек, -пак/-пек, -атын/-етін, -йтын/-йтін, -с.

Есімше – етістіктің ерекше түрі. Есімше жіктеліп қимылды, іс-әрекетті белгілі бір шаққа байланысты білдіреді де, сөйлемнің баяндауышы болады. Мысалы: *Сен мениң айтқанымды ұғып, орнына келтірсөң, жақсы кісі болып өсерсің (Ы.А.). Ардақ бағана кетіп қалған (F.Мұст.).*

Бұл – есімшениң етістікке тән қасиеті.



2-тапсырма. Сөйлемдерден есімшені тауып, сөйлемнің қай мүшесі екенін айтындар.

1. «Батыр түсінде жау кереді, балықшы түсінде ау кереді» дегендей, мен түсімде кашып келе жатканымды көрдім (F.Мұс.). 2. Бір әйел қолтығындағы шумакталған көп қағаздан жыныста отырғандарға бір-бірден беріп жатыр (Б.М.). 3. Құлағын салмас, тілінді алмас көп наданнан түнілдім (Абай). 4. Бақтығул ашу үстінде не де болса барын айтып қалмақ ниетте болатын (М.Ә.). 5. Аузы кемсіген бір кемпір арбадан түсіп жатқан Раушанға бажырая қарап, қабағын тыржита түсіп, жанындағы отырған тарғыл бетті әйелге бірдемені сыйырлап айтып екеуі күнкілдеді (Б.М.).

Есте сақтандар!

- Есімшеде есімнің де, етістіктің де қасиеті бар. Оның есімге тән қасиеті есімдерше (мысалы, сын есімше) түрленіп, сөйлемнің барлық мүшесі бола алатынынан көрінсе, етістікке тән қасиеті шақтық мәнді білдіретіннен байқалады. Есімше үш шақты жасауға қатысады.



3-тапсырма. М.Жұмабаевтың өлеңін мәнерлеп оқып шығып, мағынасын ашындар. Өлеңнен есімшені тауып, оның жасалу жолын түсіндіріңдер.

Өмірімнің қап-қа ранғы түнінде,
Еш не білмес түсім бе я өңім бе.
Он менен сол, от пенен су айырмас,
Күшсіз, әлсіз, есім білмес күнімде.

Құшагына алдын, сүйдің сен, анам,
Ренжу жок, барлық сезін: «Жан балам!»

Ыстық-сұық, желге-күнге тигізбей,
Асырап, сактап, болдын, анам, баспанам.

Түнде тұрып, түн үйкynды төрт бөлдін,
Тыныш ұйықтасын деп аз сейлеп, аз күлдін.
Ыңырансан, я қарным аш, я тонған
Екенімді ойламастан, тез білдін.

«Жаным – дедін, – Қарашибым, құлыным»,
Сүйдін, қыстын, дедін: «Тәтті қылышын!»
Қаз-каз тұрсаң, езу тартсаң, құласаң,
Я жыласаң – бәрі жақты қылышым...

Жаным анам, жібек тілді, аккөніл,
Жазу болып, шегер болсаң ұзын жол.
Шет жерлерде теріс жолдан сактарға,
Жан балана ак батанды берे гөр!..



4-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, есімшелерді тауып жазындар.

Барлығымыз да ұлы достыктың нұрлы сәулесіне бөленіп келеміз. Бұл достыктан ешқашан да айнымаймыз. Бұл достық ұлы еліміздің күшін тасытып, адамдарымызды жана, батыл істерге ұмтылдыратын шабытты жігермен қанаттандырып келеді. Бұл істердің ұлылығы қазіргі заманға және ғаламшардағы ең тандаулы адамдар көздеңен басты мақсатқа лайыкты.

Д.Конаев



5-тапсырма. М.Әуезовтің «Көксерек» шығармасы негізінде түсірілген фильмді көріп, Құрмаш пен Көксеректің достығы туралы айтындар.



4.8. МЕНИҚ КІШКЕНТАЙ ДОСЫМ

Қыста құсқа жақсылық жасасаң,
Жазда жақсылығын өтеп береді.

Мақал

Бүгін сабакта:

- мәтінді түсініп оқу арқылы негізгі ойды анықтаймыз;
- мәтіндегі баяндауыш қызметіндегі етістіктердің қай шақта тұрғанын анықтау арқылы өткен сабактарды пысықтаймыз;
- есімшениң түрленуі ережесімен танысамыз;
- сөйлем ішінен есімшелерді тауып, түрленуін көрсетеміз;
- берілген үлгі бойынша сөз тіркестері арқылы сөйлем құрай білуді дамытамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Көленкеде қаннен-қаперсіз үйіктап жатқан жеті-сегіз жасар балаға қарай айыр тілін сумандатып улы жылан жақындаپ келеді. Құтпеген жерден, қайдан шыға келгені белгісіз, бір құс бала мен жыланның арасына түсіп, кес-кестей берді. Жылан да атылуға айналғандай, шырышық атып, айбат шегіп ыскырып жіберді. Құс аяғын санап басып жақындаі түсті. Бала жайына қалды. Екі тұз тағысының адам үшін шайқасы басталып кетті. Жылан шабуылды үдете түсті. Бірақ құс тез жалтарып, оның улы тісін бойына дарытатын емес. Міне, жылан тағы да шап берді. Құс құйрығымен жер тіреп жалтара берді де, жылан басын қайтып тартып аламын дегенше өткір тұмсығымен оны тәбесінен шоқып-шоқып алды. Жылан жансауғалап, жиырыла кейін шегінді. Бірақ ашулы құс шанқылдаپ үсті-үстіне шоқи берді, шоқи берді.

Бала оянып кетті. Ол қімұлсыз бауыры жалтыраған жыланды, оның жанында ауыр дем алып жатқан, өзі наң қиқымын беріп жүрген құсты көріп танғалды. Бұл екеуіне не болғанын түсінбей, анырап жан-жагына қарап біраз ойланды. Сәлден соң жүрегі әлсізғана соғып жатқан мына кішкене досының өзі үшін шайқасқанын бала түсіне қойды.

Т.Дәуренбеков



A Мәтіндегі негізгі ойды табындар. Аң-құс пен адам арасындағы достық туралы білгендерінді ортаға салындар.



Ә Матіннен баяндауыш қызметіндегі етістіктерді тауып жазып, қай шақта тұрғанын анықтаңдар.



Б Сөйлемдегі қос сөздердің синтаксистік қызметін анықтаңдар.

ЕСІМШЕНІҢ ТҮРЛЕНУІ

Есімше есімдерше көптеледі, септеледі, тәуелденеді және жіктеледі. Көптік жалғауы -ған/-ген, -қан/-кен және -атын/-етін, -итын/-итін тұлғалы есімшелерге ғана жалғанады: барған-дар, келген-дер, айтқан-дар, айтатын-дар, беретін-дер, сөйлейтін-дер, қарайтын-дар т.б. Есімшенің -ар/-ер/-р, -с және -мак/-мек, -бак/-бек, -пак/-пек тұлғаларына көптік жалғауы жалғанбайды.

Есімшенің септелуі

А. көрген, келер, бермес, баратын, алмақ

І. көрген-нің, келер-дің, бермес-тің, баратын-ның, алмақ-тың

Б. көрген-ге, келер-ге, бермес-ке, баратын-ға, алмақ-қа

Т. көрген-ді, келер-ді, бермес-ті, баратын-ды, алмақ-ты

Ж. көрген-де, келер-де, бермес-те, баратын-да, алмақ-та

Ш. көрген-нен, келер-ден, бермес-тен, баратын-нан, алмақ-тан

К. көрген-мен, баратын-мен

Есімшенің -ар/-ер/-р, -с және -мак/-мек, -бак/-бек, -пак/-пек тұлғаларына көмектес септік жалғауы жалғанбайды.

Есімшенің жіктелуі және тәуелденуі

Жақ	Есімше	Жіктелуі		Тәуелденуі	
I	көрген, келер, бермес, кететін, журмек	жекеше	көпше	оңаша	ортақ
		-мын, -мін -пын, -пін	-мыз, -міз -пыз, -піз -быз, -біз	-ым, -ім	-ымыз, -іміз
II	көрген, келер, бермес, кететін, журмек	-сын, -сің сыпайы -сыз, -сіз	-сындар -сіндер сыпайы -сыздар -сіздер	-ың, -ің сыпайы -ыңыз -іңіз	-дарын, -дерін -тарын, -терін сыпайы -дарыңыз, -деріңіз -тарыңыз, -теріңіз
III	көрген, келер, бермес, кететін, журмек			-ы, -і	-дары, -дері -тары, -тері

Болымсыз етістіктен (-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе) кейін жалғанған есімшенің -с тұлғасы жіктелгенде кейде (көбіне поэзияда) I жақта -с есімше журнағы мен жіктік жалғауы (-пын/-пін) тұтасып, қысқарып кетіп -н түрінде ғана қолданылады: айтпа-с-пын – айтпа-н, келме-с-пін – келме-н т.б. Мысалы: *Бай емен, батыр емен, хан емеспін*.



2-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. Есімше журнақтарын тауып, талдандар.

- Базаралы науқасынан оналып, қайтадан азамат қалпына келгенде, караша үйлердің үлкен-кішісі түгел куанды (М.Ә.).

2. Аспанды ызғырық сүйк сұр бұлт қаптаған (Б.М.). 3. Игілік жігіттерді бөгей тұрмак еді, бірак онын реті болмай қалды (F.Mус.).
4. Болыс ағасы тұрғанда етек-женін кен ұстайтын (Ә.Нұрп.).
5. Қасымның ырысы болған «Қос шалқардың» койнау-қуысын қалдырмастан араладық (F.Mус.). 6. Мұстафаның ойы бір биені өзі алып, бір биені Мұқанға бермек екен (С.М.). 7. Бұл шырақ өшпес түгіл, лаулап жанар (С.Дөн.).



3-тапсырма. Сөйлемдерден есімшелерді тауып, олардың түрлену ерекшеліктерін түсіндіріңдер.

1. Кішкентай Айдынның жылай беретіні, үйкі бермейтіні мені үйге сыйғызыбады. 2. Өз ішінде жүрген, әлі әкесіне де ашпаған бір ойлары болушы еді. 3. Айтқандарының растығын бекітіп, барлық адамдар колдарын кояды. 4. Өздері неге жатканын сұраған Баймағамбетке олар каз ір-ақ, шай іше сала жүр етіндерін айтты.



4-тапсырма. Кім көп табады? Төмендегі үлгі бойынша сөз тіркесін құрандар.

1.

есімше тұлғалы	етістік
----------------	---------

зат	есім
-----	------
2.

зат	есім
-----	------

жіктелген	есімше
-----------	--------
3.

тәуелділік	тұлғалы	есімше
------------	---------	--------

сілтеу	есімдігі
--------	----------



A Сөз тіркестерін пайдаланып, достық тақырыбына арнап алты сөйлем құрап жазыңдар.

4.9. ОТБАСЫНДАГЫ СҮЙІСПЕНШІЛІК

Егер де ең ұлы ашылымдар болмаса,
бәрібір адамзат өмір сүрген болар еді.
Ал сүйіспеншілік жоқ болса, ол тез арада
құрып бітер еді.

Илияс Есенберлин

Бұғын сабакта:

- мәтіндегі ойды жалғастырып, эссе жазамыз;
- сөз тіркестерінің мағынасын өз сөзімізben түсіндіру арқылы сөздік корымызды молайтамыз;
- есімшениң сөйлемдегі қызметін менгеріп, мысалдар арқылы білімімізді бекітеміз;
- сөйлем ішіндегі есімшелерді анықтап, өткен тақырыпты пысықтаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қытай жұртында ескі заң бар екен: біреуді алдағандығы расталса, алдаған кісінің колын кесетін. Бір төре осындағы іспен күнәлі болып, әлгі айтылған жазаны алуға тұрғанда, жас қызы баласы әкем үшін жауап беремін депті. Сөйтіп, қызды патшаға алып келіпті.

— Таксыр, патшам, — деді қызы, — менін әкем жазаға лайық болғаны рас. Сол үшін колынан айырылуы керек болды. Мінеки, таксыр, әкемнің колы, — деп өзінің колын көтереді. — Бұл кол да жазықты болған әкемнің колы, бірақ мұнымен бала-шагасын асыраута шамасы келмейді. Таксыр, әкемнің осы нашар колын кесіп, жұмыска жарайтын, бала-шагасын асырайтын колын аман калдыруға бүйірыныз.

Патша қыздын әкесіне деген мұнша мейірімділігіне ракымы түсіп, төрениң күнасін кешті дейді. Осылайша қызы баланың батырлығы мен мейірімділігі әкесін жазадан аман алып қалыпты.

Ы.А.Лтынсарин



A Мәтіндегі рақымы тұсу, күнәсін кешу, аман қалу, жазықты болу, шамасы келмеу тіркестерінің мағынасын түсіндіріңдер.



Ә Мәтіндегі етістіктерді тауып, оларды сөз құрамына қарай талдандар.



Б Мәтіндегі ойды жалғастырып, «Әке мен бала» тақырыбына эссе жазындар.

ЕСІМШЕНИҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Есімше әрі есім, әрі етістік мәнінде қолданылатындықтан, ыңғайына қарай сөйлемнің барлық мүшесінің қызметін атқара алады.

1. Есімше жіктеліп келіп сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Мысалы: *Екеуі де жарытып, тіс жарып сөйлемейтін* (М.Ә.). *Сөйлемейтін* (екеуі не істейтін?) III жақта келіп, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұр.

2. Есімше зат есіммен тіркесіп келіп немесе ілік септікте тұрып анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Айтқанның аузы жаман, көргеннің көзі жаман* (мәтел). *Айтқанның* (кімнің аузы?), *көргеннің* (кімнің көзі?) деген есімшелер анықтауыш болып тұр.

3. Есімше атау септікте тұрып бастауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Баланың қытығына тиетіні* – осы жері (М.Ә.). Берілген сөйлемдегі қытығына тиетіні деген есімше зат мәнін білдіріп, бастауыш болып тұр.

4. Есімше атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып толықтауыш қызметін де атқарады. Мысалы: *Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін* әке

мінезі Абайға мәлім (М.Ә.). Берілген сөйлемдегі ұялғанды, жауп айтпағанды (нені кешірмейтін?) деген есімшелер табыс септікте жұмсалып, толықтауыш болып тұр.

5. Есімше барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып немесе шылау сездермен тіркесіп, пысықтауыш қызметін де атқарады. Мысалы: Осыны сезген сайын Абай тоқтаусызы жыр тереді (М.Ә.). Сезген сайын (қашан жыр тереді?) деген септеулікпен тіркескен есімше пысықтауыш болып тұр.



2-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Есімшелерді тауып, сөйлемдегі қызметін анықтандар, олардың түрлену ерекшелігін түсіндіріндер.

1. Жел тимеген бозғыл өні түктеніп, жак жұні үршип отырганды (Ә.Нұрп.). 2. Мектепте оқып жүргенде Ләйла екеуінің арасы өте жаксы еді (Б.Мұқ.). 3. Экипаж командирдің айтқанын орындауга кіріскенде қашкан жаудын кайта оралған ұшағы кала үстіне шүйіліп, бомба тастай бастады (С.Бег.). 4. Ракмет шындаған ак орақтар құнге шағылысып жарқ-жүрк етті (F.Мус.). 5. Жүзі таныс жігіт «ага» деп келгенде бұ да басында іш тартып, үйріліп қалған-ды (Ә.Нұрп.). 6. Отыргандар әлі де дел-сал (М.Ә.). 7. Келіндердің қазан-аяқ ұстаганына ырза болмай, үнемі үй ішін қырына алып, жыландағы ыскырып отыратын қытымыр анасының кейде дәл осылай кісінің кісілігі¹ сыналатын жерде қолы ашылып кететіні бар (Ә.Нұрп.).



3-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, тақырып қойындар.

Алдияр әркашан сабакка ерекше дайындықпен келеді. Өзі үнемі терен ой құшағында журеді. Ұстазының әр сезін байыппен, ерекше ынтамен тындалап, іштей қайталап отырады. Бүгін мұғалім ерекше тапсырма берді. Окушыларға «Алтын балық» ертегісін оқып беріп: «Егер сендер алтын балықты ұстап алсандар, қандай тілек тілер едіндер? Ойларындағы армандарынды қағазға жазындар», – деді. Барлығы өз арман-тілектерін куана күбірлесіп жаза бастады. Аздаған үзілістен соң окушылар жазба жұмыстарын оқып берді. Диас: «Маган мәшине керек», – десе, Жансая: «Әдемі куыршак сұраймын», – деді. Аяулым: «Үлкен үй сыйласын, мен әкеммен және анаммен сол үйде бакытты өмір сурғім келеді», – деді. Барлық окушылар өз ойларын жарыса оқып беріп жатты. Тек Алдияр үндемей отырды.

Мұны байқаған мұғалім: «Алдияр, сен алтын балықтан қандай тілек тіледін?» – деп сұрады. Азырақ үнсіздіктен кейін Алдияр өз жазғанын оқып берді: «Егер де мен алтын балықты ұстап алсам, ен бірінші ата-анама, сонан соң достарыма, жақындарыма денсаулық

¹ Кісілік – адамгершілік, азаматтық.

сұрап едім. Жакындарым ауырып калса, мен қатты уайымдаймын. Содан кейін барлық жер бетінде сүйіспеншілік болса деп сұрап едім. Сүйіспеншілік болса, бейбіт өмір сүрер едік». Мұғалім Алдиярдың болашағына үлкен үмітпен қарады, сынныптастары да ойланып калды.

С.Абдрахманова



A Мәтіннен есімшелерді тауып жазып, сейлемдегі қызметін анықтандар.



Ә Мәтіндегі қарамен берілген сұракқа жауап беріп, тілектерінді жазындар.



4-тапсырма. Мысал келтіріндер.

- Есімше барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып немесе шылау сөздермен тіркесіп, пысықтауыш қызметін де атқарады.
- Есімше жіктеліп келіп сейлемнің баяндауышы қызметін атқарады.
- Есімше зат есіммен тіркесіп келіп немесе ілік септікте тұрып анықтауыш қызметін атқарады.
- Есімше атау септікте тұрып бастауыш қызметін атқарады.
- Есімше атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып толықтауыш қызметін де атқарады.



5-тапсырма. «Әке туралы жыр» әнінің мәтінін тыңдалап, ой өрбітіндер.

4.10. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – СҮЙІСПЕНШІЛКТІҢ БИР КӨРИНІСІ

Улкенді сен сыйласан,
Кіші сені сыйлайды.
Кіші сені сыйласа,
Кісі сені сыйлайды.

Нақыл сез

Бұгін сабакта:

- мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтап, ішінен етістіктерді, есімшелерді анықтап, өткен материалдарды пысықтаймыз;
- қайталауға арналған тапсырмаларға жауап береміз;
- сейлем ішінен етістіктерді тауып, оны сез құрамына талдап шығамыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқындар.

Қайырымдылық – адамның асыл қасиеттерінің бірі. Қайырымдылық ізгіліктің анық көрінісі болып табылады. Адамның айналасындағыларға деген ықыласы мен көмегі адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар: бірі – рухани-экономикалық жағы (басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау), екіншісі – іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу).

Сондай-ак қайырымдылық этикалық және интеллектуалдық болып та бөлінеді. Этикалық қайырымдылыққа ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік жатады. Ал интеллектуалдық қайырымдылыққа даналық, парасат, акыл-ой тапқырлығы мен еткірлігі, сезімталдық жатады. Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуга¹ ұмтылады. Біреуге жаксылық, жан-жануарларға, табиғатка камкорлық жасау – қайырымдылықтың көрінісі. Ракымды, мейірімді, жан жылуды мол адамды «қайырымды адам» дейді. Ал ешкімге жаны ашымайтын, жүргегінің жылуды жок, катыгез адамды «қайырымсыз» деп атайды. Қайырымдылықты мұсіркеушілік² және жарылқаушылық деп те түсінуге болады. Ол кейде әлеуметтік жағдайы төмен жандарға кемектесумен, қайыр -садака берумен де көрініс табады. Қазір біздің елімізде түрлі қайырымдылық корлары үйімдастырылған, қайырымдылық іс-шаралары өткізіліп тұрады.

Әлеуметтанудың түсінірме сөздігінен



А Мәтіннен басты ойды аштын үш сөйлемді тауып жазындар.



Ә Мәтіндегі есімшелерді тауып, олардың сөйлемдегі қызметін анықтаңдар.



Б Мәтіннен күрделі етістіктерді тауып, талдандар.



2-тапсырма. Төмендегі етістіктерді өткен шақта жіктең, оларға сөйлем құрап жазындар.

Тап, кет, сейле, жаз, сөндір, бар, отыр, теп, бер.



3-тапсырма. Қайталауға арналған тапсырмаларға дұрыс жауап беріндер.

1. Жүрнәк арқылы жасалған туынды етістікті анықтандар, сондай бес етістік табындар.

а) бер; ә) ойла; б) жаз; в) жүр; г) бар.

¹ Баулу – тәрбиелеу, үйрету.

² Мұсіркеушілік – есіркеушілік, аяушылық.

2. Негізгі етістікті белгілең, қатарын 10 етістікке жеткізіндер.

а) көр ; ә) ойна ; б) ойла ; в) сула ; г) ақылдаң.

3. Ненің жүрнагы екендігін анықтандар .

кесемше	-у
етіс	-ған/-ген, -кан/-кен, -ар/-ер/-р, -атын/-етін,
есімше	-йтын/-йтін
тұлық етістік	-ып/-іп, -а/-е/-й, -ғалы/-гелі -ыс/-іс, -ын/-ін

4. Құрделі етістікті сөйлемді табындар.

- а) Сөз – өмірдің үлкен арқауы.
- ә) Көз – корқақ, қол – батыр.
- б) Жарыска катысадан жігіт женіліп қалды.
- в) Тіл қазынасы – ескі сез.
- г) Бұлақты жер – тұрақты жер.

5. Зат есімнен жасалған туынды етістікті тауып, қатарын толтырындар.

- а) жазған; ә) басқар; б) жүрген; в) отырған; г) жатыр.



4-тапсырма. Сөйлемдерден етістіктерді тауып, оларды құрамына қарай талдандар.

1. Ұзын бойлы, әскери киімді, ак сары кісі какпа сыртындағы пар ат жеккен тарантасқа мінгізді де, «айда!» дегендей белгі берді (*B. Тоз.*). 2. Інір¹ түсे қалып еді, құрық үстіне құрық жаудырып, жылкыны әлдекайда күш бара жатқандары естілді (*M.Ә.*). 3. Келген қонактарды үлкен үйге кіргізді. 4. Құлазыған жазық далада аппак кардан еш нәрсе көрінбейді. 5. Шөлдеп келген жауынгерлер сүйк қымыздан бір-бір жұтысты. 6. Жабайы торы атын бір күн тынықтырып, Ержан бүтін тағы да анға шығып кетіп еді (*F.Мус.*). 7. «Жігітектен отыз кісі хатқа тізіліпті» деген хабарды естігенде, Байдалы өз ауылына Базаралыны шакыртып алды (*M.Ә.*).



5-тапсырма. Жүсілбек Аймауытовтың ойын өрбітіп, ана тілі туралы эссе жазындар.

Ана тілі – халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы ہәм есіп, өніп, түрлене беретін, мәнгі құламайтын бәйтерегі.

Жүсілбек Аймауытов

¹ Інір – күн батып, қарангы түсे бастаған кез.



МУЗЫКА ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ

5.1. МУЗЫКА – ЖҮРЕК ТІЛІ

Музыка – адамзаттың әмбебап тілі.

Г.Лонгфелло

Бұғын сабакта:

- мәтіндегі айтылған ойды әрі қарай жалғастырып, ез ойымызды айту арқылы ой қорытындылай білуге үйренеміз;
- етістіктің көсемше тұлғасын, жасалу жолдарын түсінеміз;
- көсемше тұлғалы етістіктер қолданылған жұмбақтарды шешу арқылы логикамызды дамытамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Музыка – адам жанының үні

Адамдардың міндеті күнделікті өмір салтындағы басты саланың бірі рухани мәдениетті жетілдіру болса, соның бірі әрі бірегей – музыка. Өзге өнер түрлеріне қарағанда музыка өнері ертерек дамыған. Музыка өнерінің бір ерекшелігі сол, онымен дыбыс ыргағы арқылы адам өзінің ішкі жан дүниесін, көніл күйін, сана-сезімін білдіре алады. Әуен арқылы адамдар ансаған арманын, куанышы мен қайғысын, өмір сүрген қогамын әнге қосып толғаған. Олар өздерін коршаған табиғатты, оның өзен-көлін, орман-тогайын, аскар таулары мен байтак даласын жырға қосып, онын әсем көркінен рухани ләzzат алған. Қазақ домбырасының қоныр үні¹ мен кара өлеңі – осыған дәлел. Қай халықтың болмасын оның тарихи жағдайына, күнделікті өмір салтына, әдет-түрпіна байланысты дамып жетілген музыка өнері болады. Сол сиякты қазақ халқының да өзіне тән ұлттық дәстүрлі музыка өнері бар. Музыка өнерінің негізін қалаушылар, халық арасынан шықкан дарынды өнер иелері – композиторлар. Әр күйді шығарушы әуен иелері болады, бірақ та біз казір күйлерді

¹ Коныр үн – бірқалыпты ыргакпен айтылатын күлакка жағымды үн.

«халық қүйі» және «халық композиторларының қүйі» деп екі топқа беліп жүрміз. Оның себебі кейбір қүйлер ғасырлар өтіп авторларының аты ұмыт болып, дарынды қүйшілердің орындауы арқылы халық арасында әуені сақталғандыктан, ол бара-bara «халық қүйі» болып аталып кеткен.

kazorta.org сайтынан



А Мәтінде айтылған «музыка – адам жанының үні» деген ойды қалай түсінесіндер?



Ә Мәтінде айтылған «әр үлттың өзінің төл музыкасы бар» деген ойды жалғастырып, пікірлерінді ортаға салындар.



Б Мәтіндегі есімшеден жасалған етістіктерді тауып жазып, олардың қай шақта тұрғанын анықтаңдар.

ЕТИСТИКТІҢ КӨСЕМШЕ ТҰЛҒАСЫ

Іс-әрекеттің, қимылдың себебін, амалын көрсететін қосымша қимылды білдіретін етістіктің ерекше түрі **көсемше** деп аталады. Көсемше қайтіп? қалай? не істегел? қашан? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *оқып түсіну, дауыстап оку, күле сөйлеу, келе кірісу, амандақалы келу, кеткелі жатыр* және т.б.

Көсемшенің де есімше тәрізді өзіне тән жүрнақтары бар. Көсемше етістік түрлеріне (негізгі және туынды) немесе етіс, болымсыз етістік тұлғаларына мына жүрнақтар жалғану арқылы жасалады:

1) -*a/-e/-й* жүрнағы арқылы іс-қимылдың осы шақта жасалып жатқанын білдіреді. Дауыссыз дыбысқа біткен сөздерге жуан буыннан кейін -*a*, жіңішке буыннан кейін -*e*, дауысты дыбысқа біткен етістікке -*й* жүрнақтары жалғанады: *жаз-a, күл-e, сөйле-й, қара-й* т.б.;

2) -*ып/-іп/-п* жүрнағы арқылы іс-қимылдың өткен шақта жасалғанын білдіреді. Дауыссыз дыбысқа біткен етістіктерге жуан буыннан кейін -*ып*, жіңішке буыннан кейін -*іп*, дауысты дыбысқа біткен етістікке -*п* жүрнақтары жалғанады: *жаз-ып, күл-іп, айт-ып, сөйле-п, қара-п* т.б.;

3) -*ғалы/-гелі, -қалы/-келі* жүрнақтары арқылы іс-қимылдың не өткен шақта орындалғанын, не келер шақта орындалатындығын білдіреді. Дауысты, үнді, үян дыбыстарға біткен етістіктерге жуан буыннан кейін -*ғалы*, жіңішке буыннан кейін -*гелі* жалғанады да, қатаң дыбыстарға біткен етістіктерге жуан буыннан кейін -*қалы*, жіңішке буыннан кейін -*келі* жалғанады: *жаз-ғалы, бер-ғелі, қара-ғалы, сөйле-гелі, айт-қалы, кет-келі*;

4) -*ғанша/-генше, -қанша/-кенше* жүрнақтары алдыңғы етістікке жалғанып, екі іс-қимылдың арасындағы мезгілдік қатынасты білдіреді: *мен бар-ғанша, сен кел, ол кел-генше мен жұмысты бітіріп қояйын*;

5) -*майынша/-мейінше* алдыңғы етістікке жалғанып, қимылдың орындалу шартын білдіреді: *мен көр-мейінше сен құжаттарды жіберме*.



2-тапсырма. ЖАЙМАУЫТОВТЫҢ «ӘНШІ» ӘҢГІМЕСІНЕН ҮЗІНДІНІ ОҚЫНДАР.

Топ көргенде Әмірқан аруактанып¹, көтеріліп кетеді еken. Бұрынғы дауысы астар болмай қалды. Зал жанғырып, күнгірлеп кетті.

Бір-бірін кып кете алмай, мұратына жете алмай, кош айтысқан жарға ұқсап, жалғызынан айырылып, қанатынан қайырылып, зарлаған бейне жанға ұқсап болмаса жылап егілген, көзден жасы төгілген, бейне бір қайғы-зарға ұқсап, өкінішті, өксікті, касіретті, мұнды әнді сарнады. Жұрт төмен карап, әркім жүрегімен сырласқандай әншінің бітіргенін де сезбей қалды. Кенет тым-тырыс бола қалды да, шапалақ қайта соғылды. Қалғып кетіп оянған, қызықты тәтті тұс көрген, қайтарам деп талпынған кісідей, жанға жаққан тәтті үннің кеткеніне өкініп, ершелене соғылды...



A Мәтіндегі көсемшелерді табындар.



3-тапсырма. Мәтіндегі көп нұктенің орнына көсемше журнақтарын қойып жазындар.

Музыка мәдениетте алғашқы орында тұр...ды. Пифагордың замандасы – Герміондық Ласа алғашқы музыка туралы арнайы шығарманың авторы санал...ды . Грекиядағы музикалық білім беру жүйесі тіпті VI ғасырдан бастап дәстүрлі бол..., саут ашу дәрістерімен бірге тұр... он бес ғасырдың жүзі болды. Бұл беталыс ежелгі ойшылдардың мұрасында тұрактылыққа айнал...ды және тұлғаны тәрбиелеуге қатысты мәселелерде бірге айтыл..., адам жанын тәрбиелеуге болысатын ғылымдардың катарына кір...ді.

Ж.Нәжімеденов



4-тапсырма. Берілген тірек сөздерді қолдана отырып, көсемше журнақтарын жалғау арқылы сейлем құрандар.

Улғи: Көркем үйірме, ұйымдастыру, шәкірттері, ән кеші, бейсенбі, күні.

Бейсенбі күні көркем үйірме шәкірттері ән кешін ұйымдастырады .

¹ Аруактанып – рухтанып, жігерленіп.

Есте сақтандар!

- Көсемше тұлғалы етістіктердің жіктелуі есімшениң жіктелуінен сәл өзгеше:
мен баралмын
барғанмын
сен барасын
барғансын
ол барады
барған

1. Театр, оқушылар, сенбі күні, бару.
2. Ертен, керу, біз, «Аманат» фильмі.
3. Кітап, сыйлау, әже, балалар күні, маған, отыр.
4. Домбыра, Арман, апта, үйірме, қатысу, келесі.
5. Халық әні, Наурыз мерекесі, орындау, Эмина, жатыр екен.



5-тапсырма. Жұмбақтарды шешіндер.

9. Бір нәрсе қаранғыда қаймалайды,
Азынаса көмейінде мал жылайды.
Құйрығын кара жерге тіреп алып,
Келеді баяғынын әнін салып.
10. Қос қазық, екі желі, сегіз нокта,
Сейлейді шежіредей адам соқса.
Тағы да бір мінезі танғажайып,
Еш уакытта сейлемейді адам жокта.
11. Саусақ батпас түтіктен
Сандугаш күс сайрайды.



A Етістіктерді тауып, көсемше жұрнақтарын ажыратындар.



6-тапсырма. Көсемше жұрнақтарын қатыстыра отырып, мағынасы сәйкес сөздермен тіркестіріп жазындар.

Домбыра ...	жо рғалап түр
Сыбызғы ...	бұралып би билейді
Әнші ...	күніренеді
Қобыз ...	ән салады
Жетіген ...	күмбірлекелі түр
Биши ...	сызы лып сыр айтады

5.2. ӘН – ХАЛЫҚТЫҢ АЖАРЫ

Ел іші – өнер кеніші.

Мақал

Бұгін сабакта:

- мәтіндегі ойды қорытындыладап, өз ойларымызды ауызша еркін баяндауға дағдыла- намыз;
- көсемшениң жіктелу ерекшелігін білетін боламыз;
- көсемшелердің жасалу жолдарын анықтауды үйренеміз;
- көсемшені қатыстырып өз бетімізше сөйлемдер құраймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Әдебиет – ақындар мен жазушылардың дәргейіндегі¹ дүние, ал музика мәдениетін композиторлар жасайды. Қазактың байырғы, көне халықтық музикасын да жеке өнерпаздар дүниеге әкелген. Бірақ уақыт ете келе ән мен күйді тұған халқына паш етуші авторлардың аты-жөндері ұмытылып, көрі тарихтың жадынан есімдері ешіп кала берді. Тек XIX ғасырдан бастап халық жадында мәнгілік ұмытылмайтын ұлы таланттар шоғыры дүниеге келді. Атап айтқанда: Құрмангазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап, Сайдалы Сары Тока, Ықылас, Абыл, Қыздарбек, Есір, Даирбай, Құлшар, Дина, Мәмен, Богда, Әбди, Сүтір, Сембек, Сейтек сынды саңлақтар халқымыздың күй өнерін кемелдендірсе, Біржан сал, Акан сері, Үкілі Үбырай, Балуан Шолак, Мұхит, Жаяу Мұса, Естай, Жарылғапберді, Мұстафа Бұркітбайұлы, Құлтума, Әсет, Мәді, Фазиз, Сары, Иманжүсіп, Шашубай, Берікбол Қөпенұлы, Тәуке, Иса, Нартай, Кенен тәрізді өнерпаз композиторлар мәнгі тозбас һәм қайталанбас ғажайып ұлы ән дәстүрін дүниеге әкелді.

Жоғарыда аттары аталған «әнді ертеп, күйді мінген кеменгерлердің» дарын қуаты мен талант тегеуріні² халқымызды музика мәдениеті аса кемел биікке көтерілген ұлттардың қатарынан лайыкты орнын алдырды.

Е.Төлеутай



A Мәтінде берілген күйшілер мен әнші-сазгерлерді екі бағанға беліп жазындар. Тізімді өздерің билетін әнші-күйшілермен толықтырындар.



Ә Мәтінде айтылған «халық өнерін жеке өнерпаздар тудырады» деген ойды жалғастырып, ез пікірлерінді ортаға салындар.



Б Мәтіндегі ойды жалғастырып, «Халық және өнерпаздар» тақырыбына эссе жазындар.



В Мәтіндегі көсемше мен есімшеден жасалған етістіктерді тауып, олардың қайшақта тұрғанын анықтандар.

КӨСЕМШЕНИҢ ЖІКТЕЛУІ

Көсемше есімше тәрізді көптік, септік, тәуелдік жалғауларын қабылдамайды, тек жіктік жалғауын ғана жалғайды. Сондықтан көсемшенің түрлену аймағы ете тар. Оның үстіне -a/-e/-й және -ын/-ин/-п тұлғалы көсемшелер ғана жіктеледі де, -ғалы/-гелі, -қалы/-келі, -ғанша, -майынша тұлғалы көсемшелер жіктелмейді.

¹ Дәргейі – құзыры, билігі.

² Тегеурін – екпін, каркын, пәрмен.

Көсемшенің жіктелуі

Жекеше

I жақ (мен)	жаза-мын	сөйлей-мін	барып-пын	келіп-пін
II жақ (сен) (сіз)	жаза-сың жаза-сыз	сөйлей-сің сөйлей-сіз	барып-сың барып-сыз	келіп-сің келіп-сіз
III жақ (ол)	жаза-ды	сөйлей-ді	барып-ты	келіп-ті

Көпше

I жақ (біз)	жаза-мыз	сөйлей-міз	барып-пыз	келіп-піз
II жақ (сендер) (сіздер)	жаза-сыңдар жаза-сыздар	сөйлей-сіңдер сөйлей-сіздер	барып-сыңдар барып-сыздар	келіп-сіңдер келіп-сіздер
III жақ (олар)	жаза-ды	сөйлей-ді	барып-ты	келіп-ті



2-тапсырма. Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» өлеңін оқындар.

Мен келем тау ішінде түнделетіп,
Аймакты күнірентіп өледетіп.
Астымда ак боз атым сылаң қағып,
Жалтақтап құлақтарын еледетіп.

Ақ боз менін тұлпарым,
Шалқыған көңіл сұнкарым.
Кекірек керіп жұттым мен,
Ауаның жазғы жұпарын.
Ә-әй, сүмбіл шаш,
Тәтті-ай сөзін,
Қара көзін,
Білгейсін келгенімді жалғыз өзін.

Ән салдым есіп майда жаяулатып,
Ыргалтып, шырқап, толғап, баяулатып.
Толқынды мын құбылған әнімді естіп,
Тыңдарсын кірпік кактай ояу жа тып.



A Өлең жолдарын аяқтап тұрған көсемшелерді тауып, көсемшенің жасалу жолын анықтаңдар.



Ә Жоғарыда берілген С.Сейфуллин өлеңінің мазмұнын талқыладап, ойларынды ортаға салындар.



3-тапсырма. Төменде берілген көсемшелерді жекеше, көпше түрде жіктендер.

Айтып, сұрай, келе, істей, ала.



4-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, сәйкес көсемше жүрнақтарын қойып жазыңдар. Мақал-мәтелдердің үйқасына мән беріндер.

- | | |
|---|--|
| 1. Акты қара деменіз,
Кәріптің ақын | 3. Білім алып құрасын,
Еңбек етіп |
| 2. Ақылды адам ... ,
Куатты адам сүрінбейді. | 4. Тура сейлейін десем,
Тұтандыма |

Керекті сөздер: сұрау, жемеу, жакпау, еріну.



5-тапсырма. Төмендегі тірек сөздерді қолдана отырып, көсемшениң қатыстырып сөйлемдер құрандар. Жіктік жалғауын дұрыс қойыңдар.

Улгі: Мектеп қабыргасы, музика, құру, ансамблін, Бақытжан Байқадамов, жүріп.

Бақытжан Байқадамов мектеп қабыргасында жүріп музика ансамблін құрады.

- Паш ету, «Дударай» әні, орыс, казак, пен, достығын.
- Сүйгеніне, Естай әнші, арнап, «Қорлан» әнін, жазып.
- Нотаға түсіру, А.В.Затаевич, ән, казак, 1000.
- Біз, сабак, күйшілер, ертенгі, арнау, тақырыбына.
- Айту, қүйші, Тәттімбет, жайында, не.



6-тапсырма. Берілген етістіктердің ішінен көсемше тұлғалы етістікті тауып, ән мен музика жайында сөйлем құрандар.

Пайда болды, баурап алады, канаты талмай, домбыра тартпайынша арта түседі, қызметке араласу, көнілі бөлінеді, енбек сінірген, көрсеткелі келді, жетістіктерге жетеді, оқыған, ән орындағанша.

5.3. МУЗЫКА БАҒЫТТАРЫ

Адамдарға музыканың барлық түрі қажет.

Д.Д.Шостакович

Бұғын сабақта:

- музыка жанрлары турағы мәлімет ала отырып, айтылған ойды қорытындыладап, өз ойымызды еркін жеткізуге дағыланамыз;
- көсемшениң сөйлемдегі қызметін түсінмеліз;
- көсемшелерді қатыстырып сөйлем құрауға дағыланамыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқындар.**Музыка жанрлары**

Әркілсіз кезеңдерде дүниенін төрт бұрышында музыканың түрлі жанрлары өмірге келді.

Музыкадағы джаз жанры XX ғасырдың басында Америка Құрама Штаттарының Жана Орлеан штатында туындалды. Джазды Батыс Африка мен Еуропа музыкаларының косындысы деп қарастыруға болады. Бұл – Америка құрлығының алғашқы төл туындысы. Онда саксофон, керней, тромбон, кларнет, пианино, гитара, контрабас, барабан сияқты музыкалық аспаптың алуан түрі қамтылды. Кейін пайда болған блюз және свинг сияқты джаз музыкасы да үлкен танымалдыққа ие болды.

Классикалық музыка, кантри музыкасы, діни ауендер, рок, поп, үнді классикалық музыкасы және электронды музыкалар да танымал музыка жанрларына жатады.

Осылардың арасында қазіргі кезде поп музыка мен электронды музыка көбірек сұраныска ие. 1950 жылдары Солтүстік Америкадан бастау алған рок-н-ролл бағытына кейіннен «поп музыка» деген атау берілді.

Музыканың түрлі жанрлары әлемнің түкпір-түкпірінде өмір сүретін әртүрлі адамдардың шабыты мен киялышының нәтижесінде пайда болды. Бірак музыка тілі ортақ. Қай жерде өмірге келгеніне қарамастан, біз оны тыңдаап, ләzzat аламыз.

«Музыка, би, драма» энциклопедиясынан



А Мәтінде айтылған джаз музыкасы туралы не білесіндер? Ол барлық адамға үнай ма? Сендерге қай жанрдағы музыка үнайды? Ойларынды ортаға салындар.



Ә Мәтіндегі ойды жалғастырып, «Музыка жанрлары және әлем» тақырыбына эссе жазындар.



Б Мәтіндегі жіктік жалғауында тұрған көсемшелерді тауып, қай шақта тұрғанын анықтандар.

КӨСЕМШЕНИҢ ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Көсемше есімше тәрізді бес сөйлем мүшесінің де қызметін атқара алмайды, тек үш сөйлем мүшесінің қызметін атқарады.

1. Көсемше жіктеліп келіп баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: Жақсы жатырқамайды, анқау андамайды, әңгүдік тындаламайды (мақал). Сондай-ақ

көсемше тұлғалы етістік жіктелмей-ақ бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметін де атқарады. Мысалы: *Жылқыши ұйықтап қалып*, жылқы егінге түсіп кетіпті.

2. Көсемше қимылдың, іс-әрекеттің амалын, жай-куйін, мақсатын, себебін, мезгілін білдіріп, пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Ғылым таптай мақтанба, Орын таптай баптанба (Абай)*. *Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі (мақал)*.

3. Кейде көсемше тұлғалы етістік жіктеліп келген баяндауышпен, есімшеден болған анықтауышпен, септеліп келген есімшеден, тұйық етістіктен болған толықтауышпен бірыңғай мүше болып келіп те қызмет атқарады. Мысалы: *Мадақтап, асыра мақтап, қошеметтегенді ол ұнаттайтыды. Ұзілмей, қатаймай, бір қалыппен желтіп соққан әдемі салқын қоңыр жел қандай рақат!* (М.Ә.)



В Мәтіндегі қарамен берілген көсемше тұлғалы етістіктерді көшіріп жазып, қандай сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұрғанын анықтаңдар.



2-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерден көсемшелерді тауып, сөйлемнің қай мүшесі екенін анықтаңдар.

Жаманның	колына бергенше,	
Жаксының	жолына бер.	
Жаксының	сөзі ақыл шакырады,	
Жаманның	сөзі ашу шакырады.	
Көре-көре	кесем боларсын,	
	Сейлей-сейлей	шешен боларсын.



3-тапсырма. Берілген сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. Синтаксистік талдау жасап, көсемше тұлғалы етістіктердің қай сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұрғандығын анықтаңдар.

- Нұраш жиналыска кешікпей келді.
- Баласы оқудан қайткалы Дәурен екі мал сойды.
- Самат танертең келіп, кешке қайтты.
- Төрде отырған жігіт жамбастап жата кетті.
- Қал-жайыңызды білгелі келдік.
- Мылжындал, малтып, мінгрлегенді місе тұттайтыды.
- Аскар суретке түсуге барғалы жатыр екен.
- Ол ұрандал тұрып жылады, жылап тұрып күлді.



4-тапсырма. Тәмендегі етістіктерге көсемше жүрнақтарын жалғай отырып, сөйлемде баяндауыш, пысықтауыш және толықтауыш қызметін атқаратындей етіп сөйлемдер құрандар.

Көру, калу, сыйзу, айтту, табысу, санау.



A Кесемшеден қай сөйлем мүшесін жасау оңай, ал қай сөйлем мүшесін жасау қыын?



5-тапсырма. «Көзіңнің мәлдірін-ай» халық әнінің мәтінін тыңданғандар.



A Эн мәтінінен алынған келесі үзіндідегі кесемшениң сөйлемдегі қызметін анықтаңдар.

... Осы әнге тамылжытып сала берем,
Көнілім сені ойлап бұзылғанда .
... Аулына алыс қалған қарай-қарай,
Қайырылып қаршығадай мойным талды.



6-тапсырма. З топқа белініп, берілген сөздерге сөзжұмбақ құрастырыңдар.

M
У
З
Ы
К
А

Д
О
М
Б
Ы
Р
А

Ж
А
Н
Р
Л
А
Р

Есте сақтаңдар!

- Кесемшелер тілімізде етістіктің шақ мағынасын береді. Сонымен қатар күрделі етістік жасау, пысықтауыш қызметін атқару, бірыңғай баяндауыш жасау және құрмалас сөйлемдерді сабактастыру қызметтерін де атқарады.

5.4. МУЗЫКА АСПАПТАРЫ

Маған бүкіл қазақ, даласы ән салып түрғандай көрінеді.

Г.Н.Потанин

Бұғын сабакта:

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, айтылған ойды түсініп, қорытындылай білуге дағыланамыз;
- түйік етістіктің ережесімен танысамыз;
- сөйлем ішінен түйік етістіктерді тауып, сөйлемдегі қызметін анықтай білуді үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазакта отыз бестен астам музикалық аспап түрі бар. Олар: домбыра, көбыз, сыйызғы, дауылпаз, нарқобыз, шанқобыз, қылқобыз, желқобыз, асатаяқ, дабыл, данғыра, жетіген, шертер, адырна, сыйызғы, сазсырнай, сазген, конырау және т.б.

Домбырамен немесе қобызбен орындалатын музикалық пьесаны күй деп атайды. Дәстүр бойынша күй орындаушының суырыпсалма киялышан туады. Қазіргі күнге жеткен ең ежелгі күйдің атасы – Корқыт ата. Ол бұдан 1200 жыл бұрын дүниеге келген.

Атақты халық композиторларының бірі – Құрманғазы Сағырбаев. Ол алпыстан астам күй шығарған.



Аспапты музикаға ең үлкен үлес қосқан – Тәттімбет Қазанғапұлы. Оның күйші-композитор ретінде данкы шықкан. Домбырага тамаша күйлер шығарып әрі оны шебер орындауымен ерекшеленген.

Сармалай күйші сыйызғыға арналған классикалық күйлер шығарған әрі өте тамаша орындаған.

Композитор Ықылас Дүкенұлы көбіз классикасының дамуына үлкен ықпал жасаған.

A.Исанова



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазакта кандай музикалық аспап түрлері бар?
2. Күй дегеніміз не?
3. Ен алғашкы күйдің атасы кім? Қай ғасырда өмір сүрген?
4. Құрманғазы Сагырбаев кандай композитор?
5. Тәттімет Қазанғапұлының музикалық композицияны орындаудың ерекшелігі кандай?
6. Сыбызы мен қобызда кімдер күй орындаған?



Ә Мәтінде кездесетін музикалық аспаптар туралы мәлімет жазып келіндер.



Б Мәтіндегі көсемше тұлғалы етістіктерді табындар.

ТҮЙЫҚ ЕТИСТІК

Түйық етістік – іс-қимылдың атауын білдіретін етістіктің ерекше түрі. Түйық етістік барлық етістік негіздеріне, яғни түбір етістіктерге, етістерге және күрделі етістіктерге - у жүрнағының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: жазу, айту, қабылдау, сұрыптау, бөгөу, шегелеу, бару, бармау т.б. Аталған етістіктер жазу, айту, қабылдау, сұрыптау, бөгөу, шегелеу, бару, бармау іс-әрекеттерінің қимылдың атын білдіріп, солардың атауы болып отыр. Сондықтан да түйық етістік зат есім мәнінде жиі қолданылады.

Барлық етістікті қымыл деп бір сөзben айтсақ, әрбір жеке қимылдың атын білдіретін етістердің атауыш түрі қазақ тілінде осы түйық етістіктерге арқылы беріледі.

Түйық етістік тұлғасындағы кейбір сөздер әрі етістік, әрі зат есім ұғымын білдіретін омоним сөздерге айналып кеткен. Мұндай сөздер мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) үй бүйімдары мен құрал-саймандар: жасау (қызға жасалған дүние-мұлік), сабау (жұнді сабайтын құрал), бояу (бояғыш зат), кесеу (отты көсейтін құрал) және т.б.;
- 2) мекенжай атаулары: қыстау, жайлау, күзеу, бастау, асу және т.б.;
- 3) дерексіз ұғымды білдіретін зат есімдер: тілеу, оку, тергеу, жоқтау, нұсқау және т.б.;
- 4) грамматикалық терминдерді білдіретін зат есімдер: ұстеу, қалау рай және т.б.



В Мәтіннен түйық етістікten жасалған сөздерді табындар.



2-тапсырма. Төменде берілген сөздерге түйық етістіктің жүрнағын жалғап жазындар.

Оқы, биле, кемі, баста, қос, тасы, сұрт, шырқат, алғыс ал, сатып бер, терге, қайтпа, сындыр, тоқтаттыр, қимылда, кеңес, ашулан, кетіп қал, қанағаттандыр, тында, ұялып келме, корқып қаш.



A Қай етістіктердің буын саны өсті? Неліктен? Сураққа жауап беріндер.



Ә Жасалған сөздердің қайсысы етістік те, зат есім де бола алады? Дәлелдендер. Мәселен, қосу дегеніміз – математикалық термин, сондықтан ол зат есім бола алады.



3-тапсырма. Абай атамыздың өлеңін оқып, түйшік етістікті табындар.

Жетіліп жаз жайлауға кана алмай жүр,
Күз күзеуде жанжалсыз бола алмай жүр.
Қыс қыстауын – қыш-қызыл ол бір пәле,
Оралып ешбір шаруа оналмай жүр.



A Өлөнді көшіріп жазындар. Өлөндеңі басқа қандай етістіктер түйік етістік бола алады?



Ә Кім көп табады? Жайлау, күзеу, қыстау етістіктеріне есімшенің, кесемшениң журнағын жалғап жазып көріндер. Канша есімше мен кесемше шыкты?



4-тапсырма. Мақал-мәтелдердегі түйік етістіктерді теріп жазындар.

Істеу қын, сынау оңай.
Еріншекке «жок» сұлтау.
Ауруда шашшу жаман,
Сөзде қанқу жаман.

Кедейлік жаны тәтті жалқауға үйір,
Енбек ете білмейтін анқауға үйір.

Халықка карсы журу,
Ағыска карсы жұз.



А Түйық етістіктердің қайсысы етістік те, зат есім де бола алады? Өз дәлелдерінді айтындар.



5-тапсырма. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерең» аның үзіндісінің үйқасына мән беріндер. Етістіктің қандай түрі кең қолданылған? Қалай ойлайсындар, ақын неге бұл етістіктің формасын көп қолданған? Бұл әнді Абайдың «Серіз аяқ» аնімен салыстырып көріндер.

Ауыр –
Осы әнгे тауып сөз салмак .
Тәүір,
Татымды үйқас жиналмак
Тереннен толғаныш.

Денен –
Жан нүрлө болса жөндөлмек,
Өлең –
Әнгө өлшеп айтса өндөлмек,
Үйкасса қолайлы...

Сырын
Бұл әннің айтып қарайын,
Түрін
Сипаттап, тізіп санайын,
Өлең тап ойланып...

5.5. ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫ

Нағыз қазақ – қазақ емес,
Нағыз қазақ – домбыра.

Қадыр Мырза Әлі

Бүгін сабакта:

- домбыра туралы мәлімет ала отырып, сұрақтарға жылдам әрі дұрыс жауап таба білуге дағыланамыз;
- түйік етістіктің түрленуін түсінеміз;
- сөйлем ішінен түйік етістіктің қалай түрленгенін анықтай білуді үйренеміз;
- түйік етістікті қатыстырып сөйлем құрауға машиқтанамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Домбыра

Домбыра – қазақтың ең көп тараған ішекті, көп пернелі музикалық көне аспабы. Дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жанғырту қасиеті күшті тұт, катты жынысты үйенкі, емен секілді ағаштардан, негізінен, екі түрлі әдіспен құралып не ойылып жасалады. Сыртқы нұсқасына, бөлшектеріне, ішек санына, дыбыс аукымы мен ерекшеліктеріне қарай «үш ішекті», «кен шанакты», «желбезекті», «тұмар», «куыс мойын», «қос мойын», «бұктемелі», «қос шанакты», «ушем» аталатын түрлері бар.



Домбыраның құрылыш бөліктері: басы, екі құлағы, пернелері, мойын, шанак, бетқақпак, ішек, ілгек; қосымша бөліктері: үш түрлі тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, баstryма, ойық, калка, түйме, өрнек, желкелік.

Ән, жыр айтуга арналған домбыраның пернелері 8-9, көп болғанда 14-15, күй тартуға арналғандарында перне саны жынырмадан асады. Ишек қағыстары да түрлі: сермен ойнау, іліп ойнау, шертіп ойнау. Құлак күйі әуен сазына сәйкес он және теріс бұрау арқылы түсіріледі.

Ж.Кейкін



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Домбыраның қандай түрлері бар? Неге олай аталады?
2. Домбыраның құрылыш бөліктері қандай?
3. Домбыраның неше пернесі бар?

4. Домбыраның қандай ішек қағыстары бар?
5. Домбыра аспабы қандай ағаштардан әрі қалай жасалады?



Ә Халқымызда басқа қандай ұлттық аспаптар бар? Өткен сабактан еске түсіріндер.



Б Қадыр Мырза Әлінің домбыра туралы өлеңін оқып, «Домбыра – қазақтың рухы» тақырыбына эссе жазыңдар.



В Мәтіндегі түйік етістіктерді табыңдар.

ТҮЙІК ЕТИСТИКТІҢ ТҮРЛЕНУІ

Қазақ тілінде түйік етістік зат есімдерше септеліп, тәуелденіп, көптеледі, алайда жіктелмейді. Түйік етістікке көптік жалғауы жалғанса, одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып қолданылады.

Септелу үлгісі

Атау	бару	сөйлеу	айтуы	көрүлері	келуім
Ілік	барудың	сөйлеудің	айтуның	көрүлерінің	келуімнің
Барыс	баруға	сөйлеуге	айтуына	көрүлеріне	келуіме
Табыс	баруды	сөйлеуді	айтуын	көрүлерін	келуімді
Жатыс	баруда	сөйлеуде	айтуында	көрүлерінде	келуімде
Шығыс	барудан	сөйлеуден	айтуынан	көрүлерінен	келуімнен
Кемектес	барумен	сөйлеумен	айтуымен	көрүлерімен	келуіммен

Тәуелдену үлгісі (жекеше)

	келу	бару
I жақ (менің)	келуім	баруым
II жақ (сенің) (сіздің)	келуің келуіңзі	баруың баруыңыз
III жақ (оның)	келуі	баруы

Көпше

	келу	бару
I жақ (біздің)	келуіміз	баруымыз
II жақ (сендердің) (сіздердің)	келулерің келулеріңзі	баруларың баруларыңыз
III жақ (олардың)	келулері	барулары

Көптелу үлгісі

Түйік етістік	бару	келу	жүгіру	жарысу
Көпше түрі	барулар	келулер	жүгірүлдер	жарысулар

Түйік етістік көптік жалғауының тек -лар/-лер жалғауын ғана қабылдайды.



2-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, түйық етістіктерді табындар. Түйық етістіктердің түрленуіне мән беріндер.

Домбыраның пайда болуы

Аныздардың бірінде домбырадагы жоғарғы тиектің калай пайда болуы жайында айтылады. Жаумен шайкасып, одан соң алыс сапар шегіп, әбден қалжырап келе жаткан батыр жолшыбай¹ демалуга аялдайды. Сайдың ішіндегі саялы жерде жайғасып отырган соң талдан бір шыбық кесіп алыш, оған жылқының қылын керіп байлайды да, дыбыс шығармак болып кереді. Бірак колдан жасалған тым жұпны аспаптан ешқандай үн шығуы мүмкін емес еді. Тымтырыс, меніреу күйінде кала береді. Батыр оны жанына тастай салады да, өзі қисайып ұйықтауга кетеді. Ол жанындағы өзі жасаған аспаптан шығып жаткан дауыстан оянады. Колына алыш қараған батыр аспаптың мойын тұсынан титтей ағаш тиекті көреді, оны әлдебіреу ішектің астынан келтіріп орнатып қойған екен. Батыр: «Е, бұл шайтанның ісі болуы мүмкін гой», – деп ойлайды. Бәлкім, халық арасында жоғарғы тиекті «шайтан тиек» деп атауына осы оқиға себеп болған болар.

today.kz сайтынан



A Мәтінде қолданылған есімшениң түрлерін көрсетіндер.



3-тапсырма. Мәтіндегі түйық етістіктерді дұрыс түрлендіріп жазындар.

Домбырамен ән айту... жолы бөлек. Қазактың әндеріндегі «Домбыра екі ішекті қолға алайын», «Домбыра – ер жігіттің қолғанаты» деген сездер текке айтылма... тиіс. Яғни, әннің домбырамен орындалу... әннің төресі екендігін білдіреді. Домбыраның екі және үш ішекті түрі сал-серілерде кеңінен колданыста болған. Арқа әншілерінде бұл аспап болмады деу... реті жок, әйткенмен екі ішекті домбыраның қолданылу... басым болды.

Т.Әсемқұлов



4-тапсырма. Төменде берілген түйық етістіктерді түрлендіре отырып сөйлем құрап жазындар.

Шерту, үйрену, ойнау, байлау, күмбірлеу, күркіреу.

¹ Жолшыбай – жол бойы, жол-жөнекей.



A Жоғарыда берілген сөздерден екі сөзді таңдап алып, әуелі көптік жалғауын, кейін тәуелдік жалғауын жалғай отырып сөйлемдер құрап жазындар.



Ә Жоғарыдағы түйік етістіктерді пайдалана отырып сөз тіркестерін жасандар. Мәселен: *күн күркіреу, күрмел байлау т.б.*



5-тапсырма. «Домбыра туралы баллада» әнінің мәтінін тыңдап, етістіктерін теріп жазындар.



A Төменде аталған әннің үзіндісі берілген. Қарамен берілген етістіктерді түйік етістік тұлғасына айналдырындар.

Домбыра бұл үнсіз **калып көрмеген**,
Куаныш та, қайғы-мұн да **кернеген**.
Ұзіледі, үзіледі, үзіледі әуендер,
Ғашықтардың көз жасындаи пернеден.

5.6. КҮЙ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫГЫ

Қазақ өнеріндегі ең күрделісі, ең толғаулысы, ең сырлысы – күй өнері.

Мұхтар Әуезов

Бұғын сабакта:

- күй туралы мәлімет алып, сұрақтарға жауап беру арқылы өз бетімізше ой қорыта білуге дағыланамыз;
- түйік етістіктің емлесін түсінеміз;
- түйік етістік жұрнағы жалғанған етістіктің мағынасын аша білуді үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Күй – әуені белгілі бір сюжетке негізделген, домбыра, қобыз, сыбызығы сиякты аспаптарда орындалатын ұлттық музика өнерінің көне жанры. Күй өнері – тек казақ халқына ғана тән өнер түрі. Күй әр музика аспабының мүмкіндігіне негізделген көркем ойтау жүйесінің көрінісін саз түрінде жеткізеді.

Домбыра аспабында орындалатын күйлер табиғатына қарай «төкпе күйлер» және «шертпе күйлер» деп бөлінеді.

Дәстүрлі таным-түсінік бойынша, күй – өткен өмірдің тілсіз шежіресі. «Күй түсінгенге – жыр, түсінбегенге – дыр» деп келетін халық

мәтелі осындай себептерден айтылса керек. Яғни, қазактың бұрынғы дәстүрлі тыңдаушысы күйдің сарыны мен сазына ғана елтіп қоймаған, іштей сол әуенниң мәнін ашатын сөздің емеурін-ыргағын да тап басып тани білген. Кейбір күйшілердің күйдің басында ғана емес, керек жерінде күй әуенін кідрте тұрып, аныздын желісін жалғастырып баяндан отыруы күйге ерекше тарихшық сипат береді. Сондықтан күйші өз елінің тарихынан хабары мол әрі өткені мен бүтініне терен талдау жасай алатын зерделі адам болды.



Этнографиялық әнциклопедиядан



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Күй дегеніміз не?
2. Күй кандай ұлттық аспаптарда ойналады?
3. Күйдің кандай түрлері бар?
4. «Күй – тарихи хабар» дегенді қалай түсінесіндер?



Ә Қазақтың күй өнері туралы не білесіндер? Күй өнері неге әлем бойынша тек қазақ халқына ғана тән?



Б Мәтіндегі ойды жалғастырып, «Қазақтың ұлттық күй өнері» тақырыбына эссе жазындар.



В Мәтіндегі тұйық етістікті табындар.

ТҰЙЫҚ ЕТИСТИКТІҢ ЕМЛЕСІ

Жазу кезінде есте ұстайтын тұйық етістікке қатысты бірқатар емле ережелері бар.

1. Дауыссыз дыбыстарға аяқталған етістіктерге тұйық етістіктің -у журнағы дауысты болып жалғанады: бар-у, қайт-у, көр-у, кел-у. Дауысты дыбыстарға біткен етістіктерге тұйық етістіктің -у журнағы дауыссыз болып жалғанады: ойна-у, сөйле-у, барма-у, келме-у, сана-у.

2. Дауысты -ы/-и дыбыстарына аяқталған етістіктерге тұйық етістіктің -у журнағы жалғанғанда түбірдің соңындағы ы, і дыбыстары жазылмай -у дыбысының күрамына еніп кетеді де, ол (у) дауысты дыбыс болып есептеледі. Мысалы: оқы + у – оқу, тасы + у – тасу, кемі + у – кему, ері + у – еру.

3. Қатаң п, қ, к дыбыстарына аяқталған етістіктерге тұйық етістіктің -у журнағы жалғанғанда түбір соңындағы п дыбысы б дыбысына, қ, к дыбыстары

ғ, ғ дыбыстарына айналады. Мысалы: *ақ + у – ағу, кеп + у – кебу, тап + у – табу, үк + у – үгүт*.б.

4. И дыбысына біткен етістікке -у журнағы жалғанғанда екі дыбыс *й + у*, яғни *ю* дыбысына айналып кетеді. Мысалы: *сый + у – сыю, тый + у – тыю* т.б.



2-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтелдерді толықтырындар.

Кетпен (шап) өлгем жок,
Кемтаршылық көргем жок.

Талаптыға нұр (жап).

Көпті жамандаган
(Көму) калар.

Балғын гүлде соя... жок,
Қас сұлуда боя... жок.

Жол мұраты – (жет).

Балық жеген «Су, су!» дейді,
Көлік айдаған «Ш...у, ш...у!» дейді.

Тауық құска (ұш) жок,
Там үйлерге (көш) жок.

Өнер (тап) – өрге (шап).

Бұрау, бұраудың түбі – (сұра).



3-тапсырма. Төменде берілген сөздерді тұйық етістікке айналдырып жазындар.

Оқы, жап, сат, зерік, құлазы, сұрас, жық, қүй, ой, үнде, тұр, жи, байы, жекі, көш, жак, бер, ак, шап, так, ұял, қүй, жина.



A Тұйық етістікке айналғаннан кейін буын саны өзгере ме? Анықтаңдар.



4-тапсырма. Төменде берілген етістіктерден тұйық етістік журнағы жалғанған сөздерді бір бағанға, тұйық етістік журнағы жалғанбаған сөздерді бір бағанға теріп жазындар.

Талдау, тұмау, жылауық, жалқау, белбеу, ағызып-тамызу, бейімделу, жау, әперу, гүрілдеу, ажуа, бу, тулау, азын-аулак, жу, ауру, жуу, бұзу, ку, бұзау, сұрау, оку, кисаю, куу, буу, ту, жеу, жылап-сықтау, егеу, бейнелеу.



A Етістік те, зат есім де болып тұрған сөздерді тауып, лексикалық мағынасын түсіндіріңдер.



5-тапсырма. Тұйық етістіктерді теріп жазып, түбірі мен қосымшаға ажыратындар.

1. Құмар ек қобызшыны колқалауға, Жақсы едік жалынуға, аталауға. Қобыздан күздын күйін, мұздын күйін. Құмартып келүші едік біз тындауға (ІЖ.). 2. Бекет күшті жарқылдан кейін шанқ

ететін ашы күркіреуден сескеніп, құнысып¹ бұта түскен (Р.Т.). 3. Қалжын бір басқа, қағыту бір басқа. Өмір бойы кате ісімді кешірумен келесін (З.К.). 4. Болмысынан тыс ебелектеудің барлығы жарға жығар жалған (О.Б.). 5. Сол бір баққа көрік беріп, сен құлпырып сайраушы ен, Құлпырганын қызық көріп, мен құбылып сайраушы ем (Қ.А.).



6-тапсырма. «Дайдидау» әнінің мәтінін тыңдалап, ән туралы ойларынды айтып беріңдер.



А Тұйық етістіктерді теріп жазындар.

5.7. МУЗЫКА ӨНЕРИНІҢ МАЙТАЛМАНДАРЫ

Музыканы халық тудырады, ал суреткерлер оны тек музыкалық аспаптармен орындауға бейімдейді.

М.И.Глинка

Бұгін сабакта:

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы айтылған ойды қорытындылай білуге дағыланамыз;
- етістіктің сөйлемдегі қызметін түсінеміз;
- өлеңдегі айтылған ойды өз сөздерімізben айтып беруге дағыланамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Париже откен ЭКСПО көрмесіне қатысқан тұнғыш казак

Париж аспаны астында казак әнін әуелетіп, төрткіл дүниенің өнер сарашыларын тамсанткан Әміре Қашаубаев өмірден озгалы 82 жыл өтіпті (1888–1934).

Ол 1925 жылы Франция астана сында болған сонау әлемдік көрмеде «Балқадиша», «Ағаш аяқ», «Жалғыз арша», «Қос балапан», «Қанапия», «Үш дос» сиякты әндерді орындалап, екінші байге алады. Сол сапар «Париж апталығы» газеті мен «Ле мюзикаль» журналы өніріне күміс медаль



¹ Құнысу – денені тік ұстамай бүкірею, бүкшию.

такқан қазақ дүлдүлінің сирек ұшырасатын талант екенін тамсана жазған еken. Сондай-ақ 1927 жылы Германияның Майндағы Франкфурт каласында еткен Халықаралық музикалық байқауда қазактың халық әндерін шырқаған жестандай әншінің өнерін ірі мәдениет өкілдері Ромен Роллан, Анри Барбюс сынды майталмандар аса жоғары бағалаған.

«Казақ үні» газетінен



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазактың белгілі әншісі Әміре Қашаубаев кай жылдары өмір сүрген?
2. ЭКСПО дегеніміз не? Астанадағы «ЭКСПО-2017» көрмесі жайлы не ойтайсындар?
3. Әміре Қашаубаев Франция астанасында қандай әндерді орындағы?
4. Еуропа жұртшылығы қазақ әншісі жайында қандай пікірде болды?
5. «Балқадиша» кімнің әні?
6. Мәтін кай жылы жазылған?



Ә Қазақтың атын әлемге танытқан қандай өзге әншілерді, музикалық ұжымдарды білесіндер?



Б Мәтіндегі ойды жалғастырып, «Әнші Әміре» тақырыбына эссе жазындар.



В Мәтіндегі көсемше, есімше формаларына мән бере отырып, оқиғаның қай шақта орын алғанын анықтаңдар.

ЕТІСТІКТІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Етістік тұлғасы мен мәтіндегі мағынасын өзгерту арқылы барлық сөйлем мүшесінің қызметін атқара алады.

1. Етістіктер жіктеліп келіп баяндауыш болады. Мысалы: Жартасқа бардым, күнде айғай салдым! (Абай.)

Түйік етістік жатыс септігінде немесе басқа тұлғаларсыз-ақ сөйлемнің баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: Қонақтар көрмені көруде.

2. Етістік есімше мен түйік етістіктің атау септігінде тұрып бастауыш болады. Мысалы: Көрмес – түйені де көрмес (мәтел). Іздеген жетер мұратқа (мақал). Оқу – білім бұлағы (мақал).

3. Етістік есімше не түйік етістік тұлғаларында септеліп келіп, атау мен іліктен басқа септіктерде толықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға. Білгенге маржан, білмеске арзан.

4. Етістік есімше тұлғасында немесе ілік септігіндегі түйік етістік зат есімдермен тіркесіп, анықтауыш қызметін де атқарады. Мысалы: Өсер елдің жігіті бірін-бірі «батыр» дейді (мақал). Ақыл – тозбайтын тон, білім – таусылмайтын кен (мақал).

5. Етістік көсемше тұлғасында келіп, қымылдың амалын, себебін, мақсатын білдіріп, сейлемде пысықтауыш болады. Мысалы: *Ақырындан атты алтын таң* (Қ.Аманжолов). Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын біле тұра тексермедім (Абай).

6. Тұйық етістік септеліп (барыс, жатыс, шығыс, көмектес), кейбір шылаулармен тіркесяп келіп сейлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: *Сауықаннның тамағы шоқуменен табылар* (Ы.А.). *Оқу ушін осында кел.*



Г Мәтіндегі баяндауыш қызметінде жұмсалған етістіктерді белгілендер.



2-тапсырма. Төмендегі Абай атамыздың ән өнері туралы айтқан ойларын түсініп оқып, мағынасын ашындар.

1. Ұйыктап жаткан жүректі ән оятар,
Онын тәтті оралған мәні оятар.
Кейін зауық, кейін мұн, дертін козғап,
Жас балаша көнілді жақсы уатар...
...Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының күлагын кесері бар...
...Мұнмен шықкан, оралған тәтті күйге,
Жылы жүрек кайда бар қозғаларлық?..
2. Өлең – сөздің патшасы, сез сарасы,
Кыннан кыстырыар ер данасы...



А Есімшенің қандай сейлем қызметін атқарып тұрғанын анықтандар.



Ә «Әннің де естісі бар, есері бар» деген ойдың мағынасын ашып, өз ойларынды ортаға салындар.



3-тапсырма. Төменде Тәттімбет күйші туралы мағлұмат берілген. Мәтінді оқып, деректерді есте сактандар.

Тәттімбет Қазанғапұлы – Қазақстанның орталық, шығыс, онтүстік өніріне кең тараған қоныр күйлер мен бойлауық күйлерді шығарушы күйші-композиторлардың ең дарындыларының бірі. Тәттімбет өз кезінде ел ісіне араласкан, өз заманының көзі ашық, кекірегі ояу лауазымды азаматы болған. **II Александр патшаның таққа отыру тойына барған.** Тәттімбет, ең алдымен, дәүлескер күйші. Ол домбырада он бұрау, теріс бұрау, шалыс бұрау, калыс бұрау, косак бұрау (тел бұрау) күйлерін шығарған. «Тәттімбет шығармашылығы қазақтың музика тарихында ерекше орын алады. Қанша уақыт өтсе де, қанша гасыр артта калса да, оның

әсем күйлері талай буынның рухани азығы болады», – деп жазды академик Ахмет Жұбанов.

«Казақстан композиторлары» кітабынан



A Қарамен берілген сөйлемді көшіріп жазып, синтаксистік талдау жасандар. Етістіктердің сөйлемдегі қызметін анықтаңдар.



Ә Мәтіндегі оң бұрау, теріс бұрау, шалыс бұрау, қалыс бұрау, қосақ бұрау, тел бұрау тәрізді тіркестер етістік пе әлде зат есім бе? Қалай ойлайсындар?



4-тапсырма. Етістіктерден бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш қызметін атқаратын сөйлемдер құрап жазындар.

Сөйлепті, су ішу, қалдырған екен, амандақалы жатыр, жігерленген, көруден, жүтіру.



5-тапсырма. Илияс Жансүтіровтің «Күйші» поэмасынан үзіндіні оқындар.

Келгенде осы арага киял мұқап,
Жүйрік ой токырады жарға такап.
Қанғыбас киялға ерген адасқан күй,
Сүмендеп балдырғандай қакты шоқақ...

Тепелеп тағы шапты дүбірлетіп,
Аксады тойтырактап, кібірлетіп.
Түсінген күй тіліне ханшайым,
«Қой, күйшім, жетер!» деді жымын етіп...



A Үзіндіде етістіктің қай формасы жиі қолданылған? Неге автор етістіктің осы түрін қолданып отыр деп ойлайсындар?



Ә Өлең жолдарын сөйлемдерге айналдырып жазындар. Ондағы етістіктердің сөйлемдегі қызметін анықтаңдар.

5.8. МУЗЫКА – ӘЛЕМДІ БІРІКТІРУШІ КҮШ

Музыканың сулуулығы оның жеңілдігі мен табиғильтігінде.

П.И.Чайковский

Бұғын сабакта:

- музыка туралы ұлы тұлғалардың пікірлерін біліп, білімдерімізді кеңейтіп, ойтолғау жазуға дағыланамыз;
- сөйлемдегі етістіктердің тұлғасын ажыратса білуге үйренеміз;
- сөйлемнен етістіктердің есімше немесе кесемше тұлғаларын ажыратуды үйреніп, жалпы етістікті қайталаймыз.



1-тапсырма. Төменде танымал тұлғалардың музика өнері туралы пікірлері берілген. Мұқият оқып шығындар.

Музыканың үш түрі бар. Біріншісі жай ғана ракат сезімін туғызады, екіншісі құмарлықты, ынтықтықты білдіреді, ушіншісі біздін киялымызға бағытталады. Жағымды сезім оятатын музика демалыс үшін колданылады, ол бізді жаксы тынықтырады.

Әл-Фараби

Музика адам жанын жарқындағып, жалындағута тиіс.

Л.Бетховен

Музика тамшы снякты, там-тұмдаң жүрекке енеді де, жанды желпіндіреді.

Р.Розлан



А Пікірлерден етістіктерді тауып, тубір мен қосымшаға ажыратындар.



Ә Мәтінде етістіктерді пайдаланып, «Музика әлемі» тақырыбына шағын ойтолғау жазындар.



2-тапсырма. Төменде 1931 жылы жазылған матін берілген. Мәтінді түсініп оқып, идеясын ашындар.

Біздін ән-күй – тың жанды нәрсе. Ән-күй өнері білімді, тәжірибелі тексеруді керек кылады. Әсіресе әр үлттын өз маманын керек кылады. Біз тек осы мәселені козгаудың керектігін, ән-күй жасаудың, ән-күй иелерін шығарудың керектігіне пікір алысады колға алудың мезгілі жеткендігін айтпакшымыз. Сондыктан ән-күй туралы тепшилеп тігісін сөге айтпай, әр жерін түрткілей, түспалдай тартпакпыз. Көктеп етпекпіз және осы жолы күйден әнді айрып алып, соны ғана айтпакшымыз.

Әнді айтқанда, әзірге бізде үлгілі ән, өнерлі ән, жана ән жок. Колдағы бар мәзіріміз – елдікі. Ендеши біздін сезіміздің басы ел әнінен басталады. Ел әндері кандай, қалай туган, осы күнде не күйде, осы күнгі жүртшылыққа жанаса ма, заманга үйлесе ме, келешегі бар ма, осыны жұрт алдына салмақпыз.

el.kz сайтынан



А Мәтінде етістіктің қай түрі жи қолданылған?



Ә Мәтінде есімше тұлғалы етістіктерді көшіріп жазып, морфологиялық талдау жасаңдар.



Б Мәтінде айтылғандай, музика өнерін зерттеп, зерделейтін кәсіби мамандардың аздығы қазіргі қазақ қоғамында да белен алып отыр ма? Аталған мәселеге пікірталас үйымдастырындар.



3-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, есімше мен көсемшениң журнақтарын анықтаңдар.

Ақыл көпке жеткізер,	Саусағы ұзын биши болар,
Өнер кекке жеткізер.	Құлағы үлкен күйши болар.
Өнерлі өрге жүзеді .	Бак ауысады, ырыс жұтысады.
Өнер білсен, өлмейсін.	Алтынды ала білген бөле де біледі.



4-тапсырма. Берілген тірек сөздерді қолдана отырып сөйлем құрандар.

1. Жаз, Астана, ендігі, бару. 2. Үй тапсырмасы, мен, жасау, сенбі күні. 3. Апта, жиналыс уақыты, өзгеру, келесі. 4. Бұл кітапты, оку, демалыста, сен. 5. Қазақстан, женіске жету, футбол, тағы да, команда. 6. Базар, ертен, аралау, бару, әпкем. 7. Жанбырлы, жаз, сұық, болу. 8. Кітап дүкені, таба алу, Әлихан?



A Құрған сөйлемдеріңе синтаксистік талдау жасандар. Етістіктің баяндауыш қызметі туралы баяндандар.



5-тапсырма. Берілген етістіктердің тұлғасын өзгертіп, сәйкес сөйлемге қойып жазындар.

1. Жатқа сырынды айтпа, түбіне 2. Сөз жүйесін тапса, мал несін 3. Кере-кере кесем ... , сейлей-сейлей шешен 4. Ат ерінді ... , ер мұрынды 5. Жақсы жерге жатса, жақсы-жақсы 6. Ұялшак сыбағасынан 7. Әркім өз ойынан 8. Сендер әнді

Керекті сөздер: табу, түс көру, жету, болу, жаттап айту, келу, күр калу, хабар беру.



A Мақал-мәтелдердің көшілігі етістіктің қай түрінен жасалған? Неліктен етістіктің дәл осы формасы мақал-мәтелдерде жиі кездеседі? Қалай ойлайсындар?



6-тапсырма. Берілген сөздермен сөзжұмбак құрастырындар.

ш	н	н	ң	ң	ң	ң
---	---	---	---	---	---	---

ұ	ф	ң	ш	ж	з	ң
---	---	---	---	---	---	---



7-тапсырма. Халел Досмұхамедұлының ұлағат сөзін талдап, ойларынды ортаға салындар.

Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сейлесен, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сейлесен, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктең беру – зор қате.

Халел Досмұхамедұлы

6-бөлім**ҒАЛАМТОР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТИК ЖЕЛІЛЕР**


- ♦ Шақ ұғымы. Шақ туралы түсінік
- ♦ Осы шақ. Түрлері. Нақ осы шақ
- ♦ Ауыспалы осы шақ
- ♦ Келер шақ. Түрлері. Болжалды келер шақ
- ♦ Мақсатты келер шақ
- ♦ Ауыспалы келер шақ
- ♦ Өткен шақ. Түрлері. Жедел өткен шақ
- ♦ Бұрынғы өткен шақ
- ♦ Ауыспалы өткен шақ

**7-бөлім****ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТАР ДОСТАСТЫҒЫ**

- ♦ Етістік райлары. Рай туралы түсінік. Ашық рай
- ♦ Бұйрық рай
- ♦ Бұйрық райдың жіктелуі
- ♦ Шартты рай
- ♦ Қалау рай

**8-бөлім****ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ. ГЕНДІК ӨЗГЕРИСКЕ ҰШЫРАҒАН ТАҒАМДАР**

- ♦ Еліктеу сөздер
- ♦ Еліктеуіш сөздер
- ♦ Бейнелеуіш сөздер
- ♦ Еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметі
- ♦ Шылау сөздер
- ♦ Шылау түрлері. Септеулік шылаулар: атау септік шылаулары
- ♦ Септеулік шылаулар: барыс, шығыс, көмектес септіктерінің шылаулары
- ♦ Жалғаулық шылаулар: ыңғайлас және қарсылықты түрлері
- ♦ Жалғаулық шылаулар: талғаулықты, себеп-салдарлық, шарттық
- ♦ Демеулік шылаулар





ҒАЛАМТОР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР

6.1. БҮКІЛӘЛЕМДІК ЖЕЛІ - ҒАЛАМТОР

Көзді ашып-жұмғанша,
Айшылық алыс жерлерден
Жылдам хабар алғызды.

Ыбырай Алтынсарин

Бүгін сабакта:

- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларымызды тиянақты жеткізе біletін боламыз;
- шақ туралы түсінік аламыз;
- ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы оймызды ортаға салып, талқылаймыз;
- өз бетімізше сөйлем құрап, шақтық мағынаны ажыратада білуді үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Ғаламтор тарихы

Біздің күнделікті өмірімізге байланысты акпараттарды алудағы манызды құралдың бірі – ғаламтор (интернет).

1957 жылы Кенес Одағы Жердің жасанды гарыштық кеністікте бірқатар алға шықкан кезегінде АҚШ-та біршама аландатушылық Қорғаныс министрлігі акпаратты тасымалдаудың құру туралы шешім кабылдады. Осы максатты жүзеге асыру үшін АҚШ-тың алдынғы катарлы жобаларды зерттеу агенттігі

серігін ұшырып, болатын. Бұл өз тудырып, АҚШ сенімді жүйесін компьютерлік желі құруды ұсынды. Бұл желіні құру ісі Лос-Анджелестегі Калифорния университеті, Стэнфорд зерттеу орталығы, Юта штатының университеті және Санта-Барбара қаласындағы Калифорния штатының университеттеріне тапсырылды. Компьютерлік желі «ARPANET» деп аталып, 1969 жылы аталған төрт



ғылым орталықтарын біріктірді. Барлық жұмысты АҚШ Корғаныс министрлігі каржыландырып отырды. «ARPANET» желісінің даму карқыны ете жылдам болды, оны әртүрлі ғылым саласындағы зерттеуші ғалымдар да кеңінен қолдана бастады.

«ARPANET» желісінің алғашкы сервері 1969 жылдың 1 күркүйегінде Лос-Анджелестегі Калифорния университетінде орнатылды. Сервер ретінде орнатылған «Honeywell 516» компьютерінің оперативті жад көлемі небәрі 12 Кб болатын.

1971 жылы желі арқылы электронды пошта әртүрлі хабарламалар жіберуге мүмкіндік беретін алғашкы компьютерлік бағдарлама жасалып, кеңінен тарағана бастады.

talimger.kz сайтынан



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Галамтор дегеніміз не?
2. 1957 жылы қандай оқиға болды?
3. АҚШ мемлекеті қандай әрекет жасады?
4. Компьютерлік желінің күру жұмыстары кай ғылыми ұжымдарға тапсырылды?
5. «ARPANET» деген не?
6. 1971 жылы қандай оқиға орын алды?



Ә Галамтордың пайдасы мен зияны туралы ойларынды ортаға салындар.



Б «Галамтор және әлем» тақырыбына эссе жазындар.



В Мәтіндегі есімшеден жасалған етістіктерді табындар.

ШАҚ ҰҒЫМЫ. ШАҚ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Шақ белгілі бір әрекетті немесе қалыпты көрсетеді. Мысалы: Екінші дүниежүзілік соғыс 1945 жылы аяқталды. Арман мектепті бүлтүр бітірді. Ертең ата-аналар жиналысы болады.

Бірінші сөйлемде Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталу шағы нақты сан есім арқылы белгіленсе, екінші, үшінші сөйлемдерде Арманның мектепті бітіруі, ата-аналар жиналысының болуы мезгіл үстеулері арқылы (бултүр, ертең) нақты көрсетілген.

Етістіктің шақ формалары сөйлеу кезінен бұрын, сөйлеу кезінен кейін және сөйлеу кезінде болған қимылдың, оқиғаның уақытын жалпы түрде көрсетеді.

Шақ формалары қимылдың, оқиғаның дәл өту мезгілін сөйлемде нақты түрде мезгіл үстеулерімен және сан есімдермен тіркесу арқылы ғана білдіре алады.

Казақ тілінде шақтың үш түрі бар: осы шақ, келер шақ және өткен шақ.



Г Мәтінде сипатталған оқиға қай шаққа тән? Есімше, көсемше тақырыптарын еткен кездегі білімдерінді қолданыңдар.



2-тапсырма. Тәмендегі мәтінді мұқият оқып шығыңдар.

Ғаламтор... Ескі мен жағаның, еткен мен болашақтың, катыгездік пен мейірімділіктің, бар мен жоқтың мідай араласкан ортасы. Өз касындағы оқиғаға, іске, түрлі тағдырға назар салмауың мүмкін, бірақ өзге киырдағы кілі ғаламторға көз саласың. Ең бастысы, қандай ақпарат оқысан да, соған сай жауап қалдыруына, пікір білдіруге күкүн бар. Саясаттанушы, мәдениеттанушы, болмаса философ, яки әлдебір саланың ғалымы болуың шарт емес. Көзқарасың өзіне, жаз, қалдыр, шамына ти, сына, міне, алғыс айт – ерік алдындағы компьютердің пернетектасына басылған саусактарында.

Ғаламтор беттерінен



А Мәтінде қандай мәселе көтеріліп отыр? Өз ойларынды айтыңдар. Мәтінде сипатталған құбылыстар саған таныс па?



Ә Мәтінде қолданылған уақытты білдіретін сөздерге мән бере отырып, әрекеттің қай шақта түрғандығын анықтаңдар.



Б Мәтіндегі етістіктерді көшіріп жазып, морфологиялық талдау жасандар.



3-тапсырма. Берілген уақыт көрсеткіштері мен етістіктерді пайдаланып сөйлемдер құрандар.

ертеде, өмір сұру
ол күні, айту
жаз, бару
жакында, жайғасу

алдағы, орындау
биыл, бастау
былтыр, шығу



4-тапсырма. Тәмендегі сөйлемдерді еткен шак, келер шак, осы шаққа бөліп жазыңдар.

1. Трактор жаңа ғана жер жыртты.
2. Қазақстан еткен ғасырдың 90-жылдарында өз тәуелсіздігін жариялады.
3. Кеше кешке Нұрлан хат жазып кетті.
4. Ертен сабак айтамыз.
5. Қазіргі уақытта ғаламтор желісі бүкіл әлемге тараган.
6. Содан бері ол келмеді.
7. Мал өріске жайылуға шыкты.

8. Мал жайлаудан күзде түседі.
9. Келесі айда қазақ тілінен ашық сабак болады.
10. Соныра карап шығамын.



5-тапсырма. Абайдың «Көзімнің қарасы» өлеңінен үзіндіні тыңдандар. Онда автордың қай шақты баяндалғанын анықтаңдар.

6.2. ҒАЛАМТОРДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Кезінде адам қалада өмір сүретін,
енді ғаламторда...

«Әлеуметтік желі» фильмінен үзінді

Бұгін сабакта:

- ғаламтордың пайдасы туралы ақпарат ала отырып, өз ойларымызды ашық жеткізе білуге, пікірталасқа түсуге дағылданамыз;
- осы шақтың ережесімен танысамыз;
- сейлемдер арасынан осы шақта тұрған сөйлемдерді ажыратада білуге үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Ғаламтор желісінің пайдасы өте көп. Себебі өмірдін кез келген саласына қажетті ақпаратты жылдам алуға, басқа колданушылармен ақпарат алмасу мүмкіндігіне не боласын. Ақпаратты алу немесе беруде белгілі уақытқа тәуелді болмайсын, керек уақытында қарауға, жіберуге болады. Ғаламторда ұзак уақыт отыру, басқа да зияны туралы айтсак, ол адамның өзіне байланысты. **Ол өзіне-өзі кесте қоюы керек.** Белгілі бір уақыт мөлшерінде отыру, қажетсіз ақпараттарды қарамау тәрізді өзіне шектеу қойған жағдайда адамға зияны аз болады. Әрине, кез келген дүниені шектеусіз пайдаланса, оның зияны да шектеусіз. Мысалы: тамактың өзін қалыптан көп ішу, кітапты өте көп уақыт көз алмай оку, көп үйықтау және т.б. Сондыктан ғаламтордың тек жақсы жақтарын пайдаланған жөн.

Өркеннеге еркен жайған бүтінгі ескелең дәуірдегі өрелі жана-лықтардың бірі, тіпті бірі болғанда бірегейі – ғаламтор техникасы. **Қазіргі таңда осы техника біздің күллі тұрмыс-тіршілігімізге деңдеп енді.** Сан алуан қызмет өтеу түрлерінің әрі тез, әрі өнімді, әрі икемді

жүруін компьютерсіз, компьютерлер өзара тұтаскан ғаламторсыз көз алдымызға елестету кын. Әлемді дүр сілкіндірген ғаламдану үрдісінің өзі – аппарат технологиясы, яғни ғаламтор арқылы жүріп жатқан ықпалы күшті үлкен құбылыс.

talimger.kz сайтынан



A «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тақырыбына эссе жазындар.



Ә Мәтіндегі етістіктерді тауып, оларға морфологиялық талдау жасандар.

ОСЫ ШАҚ. ТҮРЛЕРІ

Осы шақ – сөйлеу кезінде болып жатқан қимылды білдіретін етістіктің тұлғасы. Осы шақ: 1) сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекеттерді білдіреді: *трактор жер жыртып жүр, Ерасыл сабағын қарап отыр*; 2) әрдайым қайталанып тұратын дағдылы іс-әрекеттерді көрсетеді: *трактор жер жыртады, Ерасыл сабағын қарап тұрады*. Мұндағы жыртып жүр, қарап отыр етістіктері – сөйлеп тұрған сәттегі қимылдар.

Осы шақтың екі түрі бар: *нақ осы шақ* және *аудиоспалы осы шақ*.

НАҚ ОСЫ ШАҚ

Нақ осы шақ қимылдың іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте істеліп, болып жатқанын білдіреді. Нақ осы шақ етістіктің құрамына қарай жалаң және күрделі болып екіге бөлінеді.

1. Нақ осы шақтың жалаң түрі *отыр, тұр, жатыр, жүр* деген етістіктердің жіктелуі арқылы жасалады. Бұл 4 етістік қалып етістіктері деп аталады.

Қалып етістіктердің жіктелуі

Жақ	Отыр	Тұр	Жүр	Жатыр
I	отырмын	тұрмын	журмін	жатырмын
II	отырсың	тұрсың	журсің	жатырсың
III	отырсыз	тұрсыз	журсіз	жатырсыз
	отыр	тұр	жүр	жатыр
I	отырмыз	тұрмыз	журміз	жатырмыз
II	отырсындар	тұрсындар	журсіндер	жатырсындар
III	отырсыздар	тұрсыздар	журсіздер	жатырсыздар
	отыр	тұр	жүр	жатыр

2. Нақ осы шақтың күрделі түрі етістіктің *-ып (-in, -n)* және *-а (-e, -й)* тұлғалы көсемше түрі мен *отыр, тұр, жүр, жатыр* деген қалып етістіктерінің көмекші етістік мәндес тіркесінен жасалады. Күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістіктердің (отыр, тұр, жүр, жатыр) жіктелуі арқылы шақтық мағына беріледі. Мысалы: *Мен оқып отырмын. Сен ойнап журсің. Оқушы кітап оқып тұр.*



Б Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдерді нақ осы шаққа айналдырыңдар.

Үлгі: Ғаламтор желісінің пайдасты өте көп болып отыр.



2-тапсырма. Ә.Кекілбаев шығармаларынан алғынған сөйлемдердегі нақ осы шақ тұлғасында қолданылған етістіктерді табыңдар.

1. Адамдар мен түйелер міз бакпай, сап түзеп тізіліп тұр.
2. Ертең күзде Хиуага жылқы сатуга жүргелі отырмын.
3. Орнынан ыршып атып тұрды.
4. Өз ақылы өзіне зекіп тұр.
5. Мейман сол баяғы сұлқ қалпы үнсіз жатыр.
6. Су бойынын калың жалбызын¹ дар-дар жыртып бір құла ат жүр.
7. Шеке тамыры әдептегідей білемденіп тұр.
8. Тайқазандарда бұрк-бұрк күрт кайнап, орта қазандарда буы бұркырап ірімшік пісіп жатыр.



3-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерге сәйкес қалып етістіктерін қойып, жіктік жалғауын дұрыс жалғап жазыңдар.

1. Балалар ғаламторды актарып
2. Ғаламтор бүкіл әлемді жаулап
3. Ғаламторға кіру үшін компьютерде
4. Қазіргі танда ғаламтор әлемдік қауымдастықтын негізгі акпараттық куралына айналып
5. Қазіргі тұста біз дәстүрлі тәсіл мен электронды техника өзара тоғысқан тоғыспалы дәуірде
6. Бұны ойланып-толғанып, уақыт ұттырып
7. Сен уикипедияның орнына энциклопедияны оқып
8. Балалар ғаламтордың курбанына айналып
9. Алдымен деңсаулықты сактауымыз керек деп



А Уикипедия дегеніміз не? Уикипедияны қараған дұрыс па, энциклопедияны оқыған дұрыс па? Қалай ойлайсыңдар?



Ә Қалып етістіктерін бірінің орнына бірін қолдануға бола ма? Сөйлемнің мағынасын өзгертуге асерін тигізе ме? Сұрақтың жауабын мысалдар арқылы дәлелдендер.

¹ Жалбыз – сулы жерде, көбіне бұлак бойында өсетін хош шісті, көлжылдық өсімдік.



4-тапсырма. Тәменде берілген тірек сөздерді қолдана отырып сөйлем құрап жазындар.

1. Көшіріп, үй жұмысын, берген, жазу.
2. Жүктеген, таба алмай отырмын, бағдарламаны, еткенде.
3. Атқарып, міндеттеліп, жүру, отырган, тапсырманы, абыроймен.
4. Кешеден бері, жаумай тұр, жаңбыр.
5. Жер, ластанып, ғаламшары, екі ғасыр бойы, жату.



5-тапсырма. Берілген жұмбақтарды шешіп, нақосы шақты сөйлемді табындар.

12. Табан, табан, табан ак,
Табаны жалпақ коян ак.
Күлгөн көзі күмістен,
Келе жатыр коян ак.
13. Айдалада ак шатыр,
Ақ шатырдың ішінде
Қызыл көзді шал жатыр.
14. Бес адам бір есекке мінгесіп жүр,
Мінгессе де, талай жермен тілдесіп жүр.
15. Өнкей сығай екі топта,
Таласып жүр бір допка.



6-тапсырма. Нақосы шақ жасауда отыр, тұр, жатыр, жүр қалып етістіктерінің қайсысы белсенді және әмбебап? Тұжырымдарынды мысал келтіре отырып дәлелдендер.



7-тапсырма. Ребусты шешіндер. Шыққан сөзben сөйлем құрандар.



6.3. ҒАЛАМТОРДАҒЫ ТАНЫМАЛ САЙТТАР

Ғаламтор – әлемдегі ең үлкен кітапхана.

Дж.Аллен Паулюс

Бұғын сабакта:

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымызды білдіріп, баяндама жасау арқылы мәтінді жан-жақты талдауға үйренеміз;
- аудиоспалы осы шақтың ережесін түсінеміз;
- өз бетімізше сөйлемдерді аудиоспалы осы шаққа айналдыруды үйренеміз;
- өз бетімізше сөйлем құрау арқылы аудиоспалы осы шақтың дұрыс қолдануға дағдыланамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

«Гугл» сөзі ғаламтор терминімен бірге кальптастып кеткен. Өйткені әйгілі Гугл торабын қолданбайпын ғаламтор қолданушысы кемде-кем. Ал бұл жобаның авторлары кара-пайым студенттер екенин бірі білсе, бірі білмейді.

Гугл жобасының авторлары – Стэнфорд университетінің студенттері Ларри Пейдж мен Сергей Бринн. Google сөзі онның жуз дәрежесі дегенді білдіреді. Артынан бұл сөздің googol деп жазылатыны аныкталды. Дегенмен «Google» сөзі қолданыска еніп кеткеннен кейін әйгілі компания «Google» атымен аталып кетті.

Компания жұмысын 1998 жылдың кыркүйек айында бастады. Қазіргі таңда Гугл іздеу жүйесі – миллиоndaған адамның көмекшісі. Бұрын Гугл басшылығы Yahoo компаниясына коммерциялық ұсыныс жасаған еді. Гуглды 1 000 000 \$-ға сатпақшы болған жоба иелері теріс жауап алады. Алайда 2005 жылы компанияның жалпы күны 80 000 000 \$-ға жетіп, жылдық табысы 1,5 миллиард долларды құрады. Әлемдегі ғаламтор қолданушыларының 60 пайзы осы компанияның қызметіне жүтінеді. Бұғанде Гугл компаниясында 20 мынға жуық адам енбек етеді. Компания тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі 2006 жылы болған. Сол кезде Гугл YouTube компаниясын 1,65 миллиард долларға сатып алған болатын. Тіл ғылымын зерттей тін мамандардың пайымдауынша, әлемдегі ең танымал сөз осы Гугл болып тұр.



massaget.kz сайтынан



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Гүл жобасының авторы кімдер?
2. Гүл сөзі қандай мағынаны білдіреді?
3. Компанияның тарихы қандай?
4. 2005 жылы компанияның күны мен жылдық табысы каша болды?
5. 2006 жылы қандай елеулі оқиға болды?



Ә Мәтіннен етістіктерді тауып, қай жақта және қай шақта түрғандығын анықтаңдар.



Б «Мениң ғаламторлық жобам» тақырыбында баяндама жасандар. Ғаламтор кеңістігінде, сеніңше, қандай сайт және қосымша түрлері жетіспейді? Сол туралы деректер жинап, өз бизнес-жобаларында жазындар.

АУЫСПАЛЫ ОСЫ ШАҚ

Осы шақтың екінші түрі – **аудиспалы осы шақ**. Аудиспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіреді. Аудиспалы осы шақ -а/-е/-й тұлғалы көсемшениң жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: Мен кел-е-мін. Сен ойна-й-сың. Ол бар-а-ды.

Аудиспалы осы шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	айтамын, келемін, сөйлеймін	айтамыз, келеміз, сөйлейміз
II	айтасың, келесің, сөйлейсің	айтасындар, келесіндер, сөйлейсіндер
III	айтасыз, келесіз, сөйлейсіз	айтасыздар, келесіздер, сөйлейсіздер
	айтады, келеді, сөйлейді	айтады, келеді, сөйлейді

Аудиспалы осы шақ тұлғасы сөйлемде екі түрлі мәнде қолданылады: бірде дағдылы қимылды білдіріп, осы шақ мағынасын берсе, енді бірде келер шақ мағынасын береді. Сондықтан осы шақтың бұл тұлғасы аудиспалы деп аталады.



В Мәтіндегі барлық етістік баяндауыштарды аудиспалы осы шаққа қойып айттыңдар.



2-тапсырма. Мәтінді оқи отырып, осы шақтағы іс-әрекеттің, қимылдың қалай сипатталғанына мән беріндер. Қай сөз табының қатысымы ерекше байқалады?

Ширатылып түтін ұшады, ит үреді. Өрістен түйе боздап, көлбей беткейде жылқы кісінейді. Консы конған ауылдар бір-біріне барып, «коныс құтты болсын» айттысады. Көленкеде курс-күрс мес¹ шайкалады. Үй ішінде пыс-пыс саба пісіледі. Шүнқіл-шүнқіл әйелдер

¹ Мес – ешкінің бітеу терісінен қымыз, айран күю үшін жасалған ыдыс.

сейлеседі, сылк-сылк қыздар күледі. Күнгей бетке шынта¹ төселип, жұн сабалады. Көленке бетке казық қағылып, өрмек құрылады. Эйелдер ұршық иреді, қыздар көрпе құрайды.

Ә.Кекітбаев



A Ауыспалы осы шақ тұлғалы етістіктерді табындар, жіктік жалғауларын бөліп көрсетіңдер.



3-тапсырма. Сейлемдерден осы шақ тұлғалы етістіктерді теріп жазып, олардың жасалу түрлерін көрсетіңдер.

1. Әлім арбаның **үстінде** кірпігін әзер қозғалтып жатқан Витядан көз алмай келе жатыр (Ә.Ш.). 2. Қакпақты әлі **аштырмай** отыр (F.Mus.). 3. Таң атса бала біткен қолдарына жүтен ұстап, жылқыға қарай **жүгіреді** (Ә.К.). 4. – Мұрат жақсы **сойлейді**, балалар. Мен әлі қалада **ешкімнен** естімеген, білмеген хабарымды осы Мұраттан біліп отырмын, – деді (М.Ә.). 5. Мұндай жиындар күнде бола бермейді (Д.Ә.).



Есте сақтаңдар!

- Қазақ тілінде жіктелудің төрт үлгісі бар:
 - 1-үлгі: а) қалып етістік; ә) есімше тұлғалары;
 - б) есім тұлғалары.
- 2-үлгі: көсемше тұлғалары.
- 3-үлгі: а) жедел өткен шақ; ә) шартты рай.
- 4-үлгі: бүйрек рай тұлғасы.



A Қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жасандар.



Ә Қарамен берілген сөздері бар сейлемдерді ауыспалы осы шаққа айналдырындар. Сейлемнен қандай сөзді алып тастауға тұра келеді?



4-тапсырма. Төменде берілген тірек сөздерді қолдана отырып, ауыспалы осы шақта тұрған сейлемдер құрап жасындар.

1. Адам санасына, әсер ету, кері, ғаламтор.
2. Ойындарын, 4-5 жасында-ак, бала, үйреніп алу, компьютер.
3. Ұзак отырған, жотасы, алдында, ауыру, компьютер, адамнын.
4. Сайын, компьютер, 2 есе, 18 ай, үдерісі, көбейіп отыру.
5. Бойынша, халықтың, ғаламторды, 89 пайызы, дүниежүзі, пайдалану.
6. Тәуелді, 5-10 пайызы, тұтынушыларынын, ғаламтор, келу, компьютер.
7. Жақтарын, жақсы, ғаламтор, тек, пайдалану.

¹ Шынта – үй тұрмысы қажетіне лайықталып шілден, қамыстан тоқылған бұйым.



5-тапсырма. Төменде берілген сөздермен жалпы шақтық мағына мен нақты шақтық мағына беретін сөйлемдер күрап жазыңдар.

Үлгі: Ұшқыш ұшады (жалпы).	Ұшқыш казір ұшады (нақты).		
әртсөндіруші	футболшы	ұшак	жылкы
ұшқыш	мұғалім	домбыра	қой
дәрігер	бағдарламашы	ит	келік
әнші	құрылышы	әтеш	шыбын
журналист	аспазшы	есік	жылан

6.4. ҒАЛАМТОР ҚАЗАҚ ТЛІНДЕ

Ғаламтор әлемдегі барлық құбылысты өзгертуге қабілетті.

Дж.Эллис

Бұғын сабақта:

- мәтінді оқып, сол бойынша өз ойларымызды еркін білдіруге дағдыланамыз;
- келер шақ және оның түрлері, болжалды келер шақ туралы түсінеміз;
- сөйлемдердің қай шақта қолданылып тұрғанын ажыратып үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Атақты әлеуметтанушы Эрик Куалман «Социалномика» кітабында 50 миллион аудиторияны баурап алу үшін радиога 38, теледидарға 13, ал ғаламторға бар болғаны 4 жыл қажет болғанын айтады. **Осыдан-ак ғаламтордың ғаламат күшін бағамдай беріңіз.** Алайда біз ойын баласына электронды тәрбие беру тетігін әлі толығымен іске қоспадық. **Ал ғаламтор қолданушыларының саны күн санаң артуда.** Мәселен, өткен жылы ғаламторға қосылғандардың қатары 20-ға артып, әрбір 100 тұрғынның 53-і желіге тіркеліпті.

Елімізде мектеп жасына дейінгі 2,2 миллион, мектеп жасындағы 2,5 миллион бала бар екен. Ғаламторда еркін «жүзетін» компьютербасты балалар көбейіп келеді. Ендеше оларға арналған қазақтілді санаулы веб-сайттардың бас-аяғын түгендеп көрсек. **Откен жылы «Балбұлақ» балалар электронды журналының www.balbulaq.kz порталы ашылды.** Балапан телеарнасының сайты мен www.balalar.ucoz.com , www.balalaralemi.kz, бірнеше балалар мен жасөспірімдер

басылымын біріктірген www.zhasorken.kz сайттары тұракты жұмыс істеп тұр. **Балалар құқығына қатысты мәліметтерді** www.balazan.kz контентінен таба аласыз дар.

topukok.kz сайтынан



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Эрик Куалманнның зерттеу нәтижесі не дейді?
2. Ғаламтор қолданушылары қалай өсіп жатыр?
3. Қазакстандағы балалар саны канша?
4. Мәтінде балаларға арналған қандай сайттар аталады? Бұл сайт туралы сөздердің хабарларын бар ма?
5. Өздерін казак сайттарының кайсысын тұракты пайдаланасындар?



Ә Көтеріліп отырған мәселе төнірегінде сөндер не ойлайсындар? Ақпаратты қай тілде алғанды қалайсындар?



Б «Қазақтілді ғаламтор дамып жатыр» және «Қазақтілді ғаламтор ақсап жатыр» деген 2 түрлі пікірді қолдайтын 2 топқа бөлініп, пікірталас үйімдастырындар. Қазақтілді ғаламтор жайында мәлімет іздел, ойларынды қорытындар.

КЕЛЕР ШАҚ. ТҮРЛЕРІ

Келер шақ сөйлеу кезінен кейін болатын істі, қимылды білдіреді. Қазіргі қазақ тілінде келер шақтың үш түрі бар: болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ.

БОЛЖАЛДЫ КЕЛЕР ШАҚ

Болжалды келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін айқын көрсетпей, болжай ғана айтылуын білдіреді.

Болжалды келер шақ етістіктің түбіріне есімшениң -ар/-ер/-р және болымсыз етістіктен кейін -с жүрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы үстелуі арқылы жасалады. Мысалы: біз бар-ар-мыз, сен оқы-р-сың, сіздер кел-мес-сіздер.

Болжалды келер шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	бар-ар-мын, кел-ме-с-пін	бар-ар-мыз, кел-ме-с-піз
II	бар-ар-сың, кел-ме-с-сің бар-ар-сыз, кел-ме-с-сіз	бар-ар-сың-дар, кел-ме-с-сің-дер бар-ар-сыз-дар, кел-ме-с-сіз-дер
III	бар-ар, кел-ме-с	бар-ар, кел-ме-с

Болжалды келер шақ -с жүрнағы арқылы болымсыз етістіктен жасалғанда қимыл, іс-әрекеттің болмауын болжай, күмәнмен айтудан, білдіруден гері жігерлі, үзілді-кесілді мән беруге бейім болады: *бар-ма-с-пын, кел-ме-с-пін*.



В Мәтінде қарамен берілген сөйлемдерді болжалды келер шаққа айналдырып жазындар. Сөйлемнің мағынасы қалай өзгерді?



2-тапсырма. Болжалды келер шақ формасында қолданылған етістіктерді тауып жазып, морфологиялық талдау жасандар.

Ашу деген – ағын су,
Алдын ашсан, арқырап.
Ақыл деген – дария,
Алдын тоссан, тоқырап.

Көп шанды құлан көтерер,
Боранды тұман көтерер.

Арғымактың белгісі – арығанын білдірмес,
Асыл заттың белгісі – қайғырса да бүгілмес.

«Ет аузынан» кітабынан



3-тапсырма. Берілген нақыл сөздер тәғылымын өз сөздеріңмен түсіндіріңдер. Етістіктің шағы мен жағын анықтандар.

1. Жердің соны шөбін кійік білер, жайылым жердің кегорай шалғынын құлан білер.
2. Айырым-айырым жол сүрлеуін түйе білер, жеті бұлактың көш пісін тұлқі білер.
3. Ердің батқанын ат білер.
4. Ауыр жүктің тауқыметін тұлпар білер, қай жерде саз барын бөкен білер.

Корқыт ата сөздерінен



A Болжалды келер шақтың мақал-мәтедерде, ұлағатты сөздерде көп келетінін байқадындар ма? Мұның себебі неде деп ойлайсындар?



4-тапсырма. Берілген тірек сөздерді қолдана отырып, болжалды келер шақта тұрған сөйлемдер құрап жазындар.

1. «Көшпенділер» фильмі, аптада, көру, келесі, мен.
2. Футбол ойнау, ешқашан, коймау.
3. Келесі жолы, көп отырмау, ғаламторда.
4. Мүмкін, бару, дүкен, аралауга.
5. Қолға алу, үй салуды, олар.
6. Көлік, әкем, қаражат, алуға, жинау.
7. Дүкен, кітап, бұл кітап, сатылмау.
8. Компьютер ойнау, зиян, денсаулықка, аса, болу.



5-тапсырма. Кім көп табады? Болжалды келер шақтың болымды түріне 5 сөйлем, болымсыз түріне 5 сөйлем құрап, мағыналарына назар аударындар. Большисыз сөйлемдерде қандай мағына байқалды?

6.5. ҒАЛАМТОРҒА ТӘҮЕЛДІЛІК – ҒАЛАМ ДЕРТІ

Ендігі уақытта ғаламторда орналасқан бизнес қана табысты болмақ,

Билл Гейтс

Бұғын сабакта:

- мәтіндегі ойды жалғастыра отырып эссе жазамыз;
- мақсатты келер шақтың ережесін түсінеміз;
- мақсатты келер шақтағы сөйлемдерді ажыратада білуді және сөйлемдерді мақсатты келер шаққа айналдыруды үйренеміз;
- жұмбақтарды шешу арқылы ойлау қабілетімізді дамытып, ондағы шақ түрлерін ажыратада білетін боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Ғаламторға тәуелділік

Бұл терминді алғаш рет 1995 жылы америкалық профессор-психиатр Айвен Голдберг ұсынған болатын. Ғаламтор ғасырының алғашкы жылдарында-ақ ол Букіләлемдік ғаламтор жүйесіне тәуелділікті құмар ойындарына тәуелді адамда пайда болатын белгілермен салыстырды: бәрінен бүрін бұл – әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық құндылықтардың адам үшін маныздылығының төмендеуі. Алғашында бұл терминді ғалым әзіл ретінде айткан, ал казіргі таңда бұл «әзіл» күлкілі болатында жағдайда емес. Халыкаралық аурулар класификациясына атауы енгізілмегенмен, бұл аурудын салдары өте күн жағдайға әкелуі мүмкін екендігін ақ халаттылар ескертіп отыр.

Компьютер не ноутбугінді көре калған жағдайда «поштамды тексере салайыншы» деп кіріп, кейін бірнеше сайттарды аралау мен чатта сөйлесу арқылы көп уақытынды сарп еткенинді сезбей де қаласын. **Сөйтіп, көп уақытың өзіне кері жұмыс істеп, ғаламтор деңсаулығыңа да кері әсер етеді.**

Ғаламторға тәуелділіктен арылуды пошта тексеруге арнайы уақыт арнаудан бастап, сол ережеден ауыттымау керек. **Уақыт көп мәселені шешуге көмектеседі.** Өзіне жана кызынушылық не хобби аш.



Түрлі қауымдастықтар мен клубтарға бар, спорт, музика, би, ән айтумен және т.б. өзіңе қызықты істермен шұтылдан. Досынды ертіп, дененді шынықтыр. Кинотеатрға, концертке бар, кітап оқы. Жалпы ғаламтордың орнын баса алатын бір қызығушылық тап. Бос уақытынды тиімді пайдалану үшін ақыл-ойды дамытатын үйрмелер мен білім беру орталықтарына жазыл. Әйтпесе «батпандап кірген аурудан» күтілу күндық тудырмасына кім кепіл?!

talimger.kz сайтынан



A Мәтіндегі негізгі ойды анықтандар.



Ә Мәтіндегі ойды жалғастырып, «Мен ғаламторға тауелді емеспін» тақырыбына эссе жазыңдар.



Б Мәтіннен етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасандар.

МАҚСАТТЫ КЕЛЕР ШАҚ

Мақсатты келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.

Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне есімшенің -мақ/-mek, -бак/-bek, -пақ/-pek және -мақшы (-mekші, -бақшы/-bekші, -пақшы/-pekші) журнақтары жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы үстелуі арқылы жасалады. Мысалы: *Мен ауылға бар-мақ-пын. Сіз ерте кет-пек-сіз.*

Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі -мақ/-mek, -бак/-bek, -пақ/-pek және -шы/-ші тұлғалы негізгі етістікке емес деген көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Ондайда жіктік жалғау емес көмекші етістігіне жалғанады. Мысалы: *кел-мек-ші емес-пін, бар-мақ емес-сін.*

Мақсатты келер шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	бармақпын, бармақшымын	бармақпыз, бармақшымыз
II	бармақсын, бармақшысын бармақсыз, бармақшысыз	бармақсындар, бармақшысындар бармақсыздар, бармақшысыздар
III	бармақ, бармақшы	бармак, бармақшы



В Мәтінде қарамен берілген сөйлемдерді мақсатты келер шаққа айналдырыңдар. Сөйлемнің мағынасы өзгере ме? Анықтандар.



Г Достарыңа бос уақытта немен айналысуга кеңес бересіндер? Өздерің немен айналысасындар?



2-тапсырма. Мақсатты келер шақ формасында қолданылған етістіктерді тауып жазындар. Жасалу тәсілдерін анықтандар.

1. Ертегі күні он шақты кісі жолдас ертіп, Абай Қарамолдаға аттанбақ (М.Ә.). 2. Біз ғылымды сатып, мал ізdemек емеспіз (Абай). 3. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ (мәтеп). 4. Жаман ба, жақсы ма, тарих бәрібір өлмек емес (І.Е.). 5. Қатардан ассан да, халықтан аспак жоқ (мәтеп). 6. Тері сүреткендей сұрықсыз түзде үйректер орнына қарғалар каркылдамак. Қошакандар орнына борсықтар домаланбақ (Т.Ә.).



А Қай сөйлемде есімше зат есімнің қызметін атқарып тұр? Мән беріндер.



3-тапсырма. Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық, үйқы сергек» өлеңінен берілген үзінділерден мақсатты келер шақта тұрған сөйлемдерді тауып жазындар.

...Жас картаймак, жоқ тумак, тұған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір кайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмак,
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Ер ісі – акылға ермек, бойды женбек,
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.
Шыға ойламай, шығандап қызық қылмай,
Еріншек ездігінен кепке көнбек...



А Есімшенің журнағынан жасалған сөздер мен сөз тіркестерінің қайсысы бастауыш қызметінде тұрғандығын айтындар.



4-тапсырма. Төмендегі жұмбақтарды шешіп, ондағы етістіктердің журнақтарын мақсатты келер шақтың журнағына ауыстырып көріндер. Мағынасы өзгере мей? Анықтандар.

16. Жылдам барып қайтады,
Не айтсам соны айтады.
Жатырқамайды ешкімді,
Бекер деп кім айтады.

17. Тамыр-тамыр тамаша,
Тұрған бойы аласа.
Дүниенің жүтін бітіреді,
Адамға барып жанаса.

18. Сейлейді жан жоқ кеудесінде,
Қызыкты мағына бар кеңесінде.
Суретін шежіре етіп тартып берер,
Болғанын канды майдан егесінде.



5-тапсырма. Төменде берілген тірек сөздер арқылы мақсатты келер шақта тұрған сөйлемдер құрап жазындар.

біз, сатып алу
мектеп алалы, тазалану
сіздер, бағдарлама, алмау

ол, тіл курсы, менгеру
мен, кітапхана, кітап оку
мен, уақыт, күр өткізбеу



6-тапсырма. «Құнанбай» фильмін көріп, Құнанбайдың сөздеріне мән беріндер. Айтқан байламдары мен ой-тұжырымдарының, есiet сөздерінің ішінен ұнағанын жазып келиндер.



7-тапсырма. Абай атамыздың үшінші қарасөзінен үзінді тыңдаңдар.



A Мәтіндегі мақсатты келер шақтың қай жүрнектар арқылы жасалып тұрғанын анықтандар.

6.6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛ – ЕҢ ҮЛКЕН ГАЛАМТОР

Біз қазір нағыз технологиялық төңкеріс заманында өмір сүріп жа-тырмыз.

Дж.Эллис

Бұгін сабакта:

- мәтіннің мазмұнын түсініп, сұрақтарға жауап береміз;
- аудиоспалы осы шақ туралы түсінеміз, ережесін мысалдар арқылы бекітеміз;
- аудиоспалы осы шақта тұрған сөйлемдерді ажыратада білуді үйренеміз;
- көркем сөйлеу мәнерін дамытамыз, шақ тұлғаларын орынды қолдана білуді үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Әлемді алаңдатқан әлеуметтік желілер

Күн санап өміріміз экранға тәуелді болып барады. **Ақпарат, ғылым, үкімет, нарық та ғаламторға телміріп отыр.** Ал енді адамдар арасындағы карым-қатынасты да ғаламтор шешеді. Қазірдің өзінде әлем халқының 57 пайзызы бетпе-бет тілдесуден гөрі әлеуметтік желілерде «әнгімелеседі». Әлеуметтік желі – адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін ғаламтор ресурсы.

Әлемде көзіргі күнде ұзын саны 50 мындаі әлеуметтік желі түрі бар екен. Соның ішінде белсенді колданушылары 100 миллионнан

асатын 10 ең ірі әлеуметтік жөлі түрі бар: *Facebook*, *Google*, *Tumblr*, *Twitter*, *LinkedIn*, *Tencent Zone*, *Sina Weibo*, *VКонтакте*, *Одноклассники*, *Rentren*. Бұл әлеуметтік жөлілер қатарындағы ең көп қолданушысы бар **Фейсбук (Facebook)** жөлісі болып отыр. Оның қолданушыларының саны 1,5 миллиардка жеткен. Қазақстандағы ең танымал әлеуметтік жөлілер катарына *VКонтакте*, *Инстаграм*, *Мой мир*, *Фейсбук*, *Одноклассники*, *Твиттер* жатады.

Казіргі таңда әлеуметтік жөлі арқылы танысатындар жеткілікті. Бір жағынан, бұл – екі адамның танысусы үшін өте қолайлы әдіс. Мысалы, бір қалада немесе бір аудандың тұратын адам ең көп дегендеге қанша адаммен араласа алуы мүмкін? Бәрімен сейлесе беруге уақыт та жетпейді. Ал әлеуметтік жөлі арқылы миллиондаған адамдардың ішінен өзінізге «жүзі жылы» көрінгеніне «достық» ұсынысын жасап, сейлесуге мүмкіндік бар. Әлеуметтік жөлілер ең ынғайлысын тандауға белгілі бір дәрежеде көмектеседі. Бірақ виртуалды өмір шынайы өмірге ешқашан жетпейді. Виртуалды жақындық, виртуалды әнгіме сіз қолданатын жалғыз әдіс болмауы тиіс. Оның да басталу және аяқталу кезін білген жән.

aikup.kz сайтынан



A Мәтін мазмұны бойынша келесі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Әлеуметтік жөлі» дегеніміз не?
2. Мәтінде әлеуметтік жөлілерге көзістың кандай статистикалық мәліметтер берілген?
3. Мәтінде айтылған әлеуметтік жөлілер туралы не білесіңдер? Өзара акпарат алмасындар.
4. «Виртуалды өмір шынайы өмірге ешқашан жетпейді» дегендегі қалай тусланыңдар?



Ә «Әлеуметтік жөлі және шынайы өмір» деген тақырып төңірегінде пікір талас-тырындар.

АУЫСПАЛЫ КЕЛЕР ШАҚ

Ауыспалы келер шақ та ауыспалы осы шақ тәрізді -а/-е/-й жүрнақты көсемшениң жіктелуі арқылы жасалады. Ал бұл екі шақ түрін бір-бірінен ажырату үшін сейлемдегі уақыт пен мезгіл белгілеріне қараймыз. Мәселен, ол *нағашысының қолында тұрады* десек, ауыспалы осы шақ болады; ал ол *ерте тұрады* десек, ауыспалы келер шақ болады.

Осы шақ	Келер шақ
Ол мектепте оқиды. Бұл жерде ағаш өседі. Мен ылғы ерте тұрамын. Ол өлең жазады.	Ол сабағын кешке оқиды. Ағаш бұл жерде күтсе ғана өседі. Мен ертең ерте тұрамын. Ол өлеңді есейгенде жазады.

Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақта I жақ жіктік жалғауы (-мын/-мін) кейде ықшамдалып -м түрінде жалғанады: *айт-а-мын – айта-м, кел-е-мін – кел-е-м.*



Б Мәтінде қарамен берілген сөйлемдерді ауыспалы келер шаққа айналдырындар. Сөйлемнің мағынасы өзгере ме? Анықтаңдар.



2-тапсырма. Берілген сөйлемдердің қайсысы ауыспалы келер шаққа (жалпы шақтық мағына), ал қайсысы осы шаққа (нақты шақтық мағына) жататындығын анықтаңдар.

1. Біресе жанбыр себелейді, біресе қар ұшқындаиды.
2. Келесі айда сессия басталады.
3. Қазір сені көрдім.
4. Көктемнің зәрсіз желінен ауа дірілдеп тұр.
5. Дүйсен үйде кітап оқып жатыр.
6. Көзі көлденен карайғанды шалыс жібермейді.
7. Қайта кетіп барады.
8. Баймағамбет сейлеп отыр.
9. Отка ертенсем де, екінбеймін.



3-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерден ауыспалы келер шақта тұрған етістікі тауып жазындар, оған морфологиялық талдау жасандар.

1. Өн салады.
2. Енді кім шығады?
3. Кешке алтыбақан құрамыз.
4. Өзінің азамат екенін, мойнында борышы барын неге ойламайды?
5. Өкінесін деп ойлаймын.
6. Екеуі тағы да үлкен қатерге түскелі тұр.
7. Қазір біздерді де айтатын шығар.
8. Олар бұрын кіrmек.
9. Бұтін асханада балық пісірілмек.
10. Біз оған қашан жетеміз?
11. Суыт жүрсек, таң ата жетеміз.
12. Саған рұқсат етпейді.
13. Соны тындырмай тұрып демалуга болмайды.
14. Жоқ, апа, мен сені ұмытпаймын.
15. Оқимын әлі, оқимын.



4-тапсырма. Төменде берілген сөйлемдерді ауыспалы келер шаққа айналдырып жазындар.

- | | |
|--------------------------------|-----------------------------|
| 1. Сурет кою сәнге айналды. | 5. Баспасөз тоқтатылды. |
| 2. Картадан көрсетіп берді. | 6. Артта қалдырылды. |
| 3. Акпарат жинау үшін жасалды. | 7. Фаламтордың әдісі болды. |
| 4. Мұрагаттан көруде. | |

Етістіктер!

• Ауыспалы келер шақ формасы етістік негіздеріне көсемшениң *-а/-е/-й* жүрнағы, сонан соң жіктік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Яғни, етістіктің ауыспалы келер шақ формасы келер шақ көсемшениң жіктелген түрі болып табылады.



A Етістіктердің жүрнақтарын мақсатты келер шақтың журнағына ауыстырып жазындар. Мағынасы өзгере ме? Анықтаңдар.



5-тапсырма. Төменде берілген мезгіл ұстеулер мен етістіктерді пайдалана отырып, әлеуметтік жөнде істейтін әрекеттерінді рет-ретімен жазындар. Берілген ұстеулердің қатары сақталуы тиіс. Сөйлемнің ауыспалы келер шақта түрүү керектігін ұмытпаңдар.

ендиғана, қазір, жақында, алда, таңертең, кешке, келесі күні

тіркелу, лайк басу, хабарлама оку, ән тыңдау, достық жіберу, пікір жазу, форумға катысу, паракша актару



6-тапсырма. Ребусты шешіндер. Шыққан сөз берін бүгінгі сабактың байланысын анықтаңдар.

'Сөйлем'



“ ”

6.7. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛЛЕРДІҢ ТАРИХЫ

Ғаламтордан іздеген нәрсөнің бәрін табуға болады.

А.Руманофф

Бүгін сабакта:

- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, ойларымызды ортаға саламыз;
- өткен шақтың ережесін түсініп, өткен шақтың түрлерін ажыратада білуді үрленеміз;
- сөйлемдердегі етістіктің шақтарын анықтай білетін боламыз;
- өлең тыңдалап, ондағы оқиғаның қай шақта баяндалғанын ажыратада білеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.



Фаламтордағы әлеуметтік желінің бірінші баламасын 1995 жылы Рэнди Конрадс іске коскан. Ол «Classmates» деп аталады, яғни «Сыныштастар». Сайтын максаты – сыйынтағы және бір мектепте оқыған достарды табуға мүмкіндік жасау. Бүгінде ол сайт жұмысын жалғастыруда. Әлем бойынша бұл сайты 50 миллион адам колданады екен.

Ал 2004 жылы Марк Цукерберг «Фейсбуқ» әлеуметтік желісінің негізін қалады. 2008 жылы бұл әлеуметтік желі әлемдегі ең танымал желіге айналды.

2006 жылы Джек Дорси «Твиттер» жобасын іске кости. Ол тез дамып келе жатқан жана әлеуметтік желіге айналды. Твиттердің ерекшелігі – тек 140 символдан ғана тұратын хабарлама жаза аласын. 2010 жылдан бастап сайttan видео, фото көру мүмкіндіктері пайда болды. Бүтінгі таңда «Твиттер» әлем бойынша ең көп қаралатын сайттардың ондығына кіреді. Инстаграм желісі 2010 жылдың казан айында іске қосылған. Оның басқа желілерден артықшылығы сол, колданушы түрлі суреттерімен осы желі арқылы бөлісе алады. Алғашында Инстаграм iPhone мен iPad-тарда ғана жұмыс жасаған, кейін 2012 жылдың сәуір айынан бастап Андроид арқылы да қосылатын мүмкіндікке не болды.

Әлеуметтік желілердегі әрбір екінші адам өзі жайында өтірік мәлімет жазатын көрінеді. Тарқатып айтсак, олардың 29 пайзызы есімі мен жасын, 23 пайзызы отбасылық жағдайын, 22 пайзызы түр-әлпеті және қызығушылықтары туралы, 17 пайзызы білімі мен жұмысына көтүстүрілген ақпарат беретін болып шыққан.

inform.kz сайтынан



А Мәтін қандай стилемен жазылған? Стильдің қандай түрлерін білесіндер?



Ә Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Алғашкы әлеуметтік желіні кім ойлаған тапқан? Ол әлеуметтік желінің максаты қандай?
2. Мәтінде Фейсбуқ әлеуметтік желісі туралы қандай деректер айтылады?
3. «Твиттер» жобасының авторы кім? Ерекшелігі неде?
4. Инстаграм желісі қашан пайда болды? Ерекшелігі неде?
5. Мәтінде айтылған әлемдегі әлеуметтік желілердің колданасындар ма?

6. «Әлеуметтік желілердегі әрбір екінші адам жалған акпарат береді» дегенге калай қарайсындар? Шындыққа жанаса ма? Өздеріннің тәжірибелерінен мысалдар көтіріндер.



Б Мәтіндегі етістіктерге морфологиялық талдау жасандар.



В Әлеуметтік желі адамдарды жалған айтуда үйрете ме? Неге адамдар әлеуметтік желіге келгенде өздеріне жалған бейне жасап алады? Бұл адам психологиясымен байланысты ма? Ойларынды ортаға салындар.

ӘТКЕН ШАҚ. ТҮРЛЕРІ

Әткен шақ қимылдың іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен бұрын істеліп кеткенін білдіреді. Мәселен: *Мен бұл кітапты оқыдым. Ол кезде сен оннан асқансың. Эжемнің жеті баласы болыпты. Демалыста окушылар саябаққа баратын. Сен үйге келмедин.*

Әткен шақтың 3 түрі бар: жедел әткен шақ, бұрынғы әткен шақ, ауыспалы әткен шақ.

ЖЕДЕЛ ӘТКЕН ШАҚ

Жедел әткен шақ іс-қимылдың жақын арада, таяуда ғана болғанын білдіреді және етістіктің түбіріне -ды/-ді, -ты/-ті жүрнағы жалғану арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады. Мысалы: *Асан домбыра тартты, мен өлең айттым. Сен үйге келмедин.*

Жедел әткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	келдім, айттым, алмадым	келдік, айттық, алмадық
II	келдің, айттың, алмадың	келдіндер, айттындар, алмадындар
III	келдіңіз, айттыңыз, алмадыңыз	келдіңіздер, айттыңыздар, алмадыңыздар
	келді, айтты, алмады	келді, айтты, алмады

Жедел әткен шақтың басқа формаларынан бір өзгешелігі, мұның бірінші жақ көпше түрінде жақ жалғауы -қ /-к түрінде жалғанады. Мәселен: *біз келдік, біз айттық, біз алмадық.*

Жедел әткен шақтың жүрнағы (-ды/-ді, -ты/-ті) мен III жақтың жіктік жалғауын (-ды/-ді, -ты/-ті) шатастырмау керек. Мәселен, *келді, айтты, алмады* деген етістіктердегі -ді, -ты, -ды қосымшалары жіктік жалғауы болып табылмайды. Олар жіктік жалғауына жату үшін арасында көсемше журнағы түруы керек: *кел-е-ді, айт-а-ды, алма-й-ды.*



2-тапсырма. Жедел әткен шақтағы етістіктерді табындар.

- Ол еш уақытта қарсыласпайды.
- Таңдайы қатқан Тастан қосқа кеп сусындағын деп еді, дәнене табылмады (С.М.).
- Кекжиекке кемерлеген қара бұлт аспан төріне қарай жөңкіле сырғып келеді.

- Маңына жолаткысы келмей, әдейі зілді етіп айтты (F.Mус.).
- Тобылғы сапты камшы ат бауырына орала тартылды (Б.М.).
- Тәттімбет томағасы сыптырылған қырандай киянды шола бастады.
- Ақан сері сергіп сала берді (Т.Ә.).



3-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерге мағынасына қарай жедел өткен шақтың жүрнақтарын, жіктік жалғауларын қойып көшіріп жазындар.

- Келген ізіммен қаладан қайта шығып кет... .
- Әділжан-ау, сен не айт... ?
- Өз кезіммен көр... ғой.
- Оны білмей қал... , көңілшектікке салын... .
- Осында келуте асық... .
- Екеуініз де бір жерден шық... .
- Аман-сau кел... бе?
- Жұрттың барлығы соган қарай дүрлік... .
- Талғардан бес-алты шакырымдай ұзап шық... .
- Келин деп кем көрмей, тең адамдарша сырласып, ұзак сейлес... .
- Апасы үйме табақ еттің үстіне көк жуа тураған тұздық қүй... .
- Қай жерге дейін жарысатынымызды межеле... .
- Халықтың кайратынан шәрбат іш... .
- Бәріміз ертенгі күнгі жиналыска дайындал... .



4-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелдерге сәйкес сөздерді тауып, оған жедел өткен шақтың жүрнақтарын жалғап жазындар.

Сыр баққанда бірге ... ,

ұшу

Жанғак шакканда

қату

Өзім асыраған күшігім өзімді

бөліну

Бір жебемен қос нысана окка

қабу

Мал балада ... ,

еді

Бай далада



5-тапсырма. Төменде берілген тірек сөздер арқылы шағын мәтін құрандар.

- Әлеуметтік желі, қалыптасу.
- Ғаламтор кеністігі, жаулаап алу.
- Қоғамда, пайда болу.
- Дербес компьютер, сату.
- Уақыт, бос ету.
- Бүтінгі күні, зияны тиіп жату.
- Алғашқы, жасау.
- Тіркелушілер саны, өсіп отыру.



6-тапсырма. М.Мақатаевтың «Ей, менің қыын өткелім» өлеңінен үзінді тың-дандар.



A Жедел еткен шақтағы етістікті анықтаңдар. Үйқас құрап түрған етістіктердің тобын бөліп көрсетіңдер.



7-тапсырма. Сөзжұмбақ құрастырындар.

F	A	L	A	M	T	O	R
---	---	---	---	---	---	---	---

C	A	П	T
---	---	---	---

Ж	Е	Л	I
---	---	---	---

6.8. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Ғаламтордың қолы тиген жердің барлығы да өзгеріп салады.

Дж.Эллис

Бұгін сабакта:

- мәтінді оқып, әр азатжолға тақырып қоямыз;
- бұрынғы еткен шақтың ережесін түсінеміз;
- етістіктерге морфологиялық талдау жасау арқылы бұрынғы еткен шақта қолданылған етістіктерді ажыратып боламыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Әлеумет тік желі арқылы сен таныстарынды, достарынды, әріптестерінді тауып, олармен байланыста бола аласын. Сондай-ақ желідегі әртүрлі топтарға тіркеліп, өз кызығушылықтарынмен, ойларынмен, кезқарасынмен белісе аласын. Сонымен қатар қазір әлеуметтік желі арқылы өз бизнесін дөнгелетіп отырғандар баршылық. Өйткені бұл – акпарат алмасудың тиімді әрі арзан жолы. Ақын-жазушылар шығармаларын жарияладап жатса, өндірушілер өз тауарларын, жұлдыздар суреттерін жарияладап әлек. Тіпті қазір осы желі арқылы кімнің қайда, кіммен отырғанына дейін білеміз. Сондай-ақ компаниялар өздеріне жұмыскер іздеуде осы әлеуметтік желінің көмегіне жүтініп жүр.

Ал енді зиянды жақтарына келсек, әлеуметтік желі адамдарды шынайы өмірден алыстатады. Бұл әсіресе жастар арасындағы күрделі мәселе болып отыр.

Әлеуметтік желілер – уақыт ұрлаушылар. Адамның желіге тәуелділігі сондай, уақыттың қалай жылжып кеткенін байқамай да қалады. Қунузакка желіде отыратын бала адамдармен шынайы араласа алмайды, түйікталып, ғаламторға тәуелді болады.

inform.kz сайтынан



- A** Мәтіндегі әр азатжолдағы негізгі ойды бір сөйлеммен баяндандар.
- Ә** Әр азатжолға тақырып қойындар. Қойған тақырыптарынды түсіндіріндер.
- Б** Қунузакқа желіде отыратын бала адамдармен шынайы араласа алмайды, түйікталып, ғаламторға тәуелді болады деген сөйлемді көшіріп жазып, синтаксистік талдау жасандар.

БҮРЫНҒЫ ӨТКЕН ШАҚ

Бүрынғы өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп түрған сатпен салыстырғанда әлдеқайда бүрын болғандығын білдіреді. Мысалы: Сен мектепті бітіргенсің. Ол ауылға барыпты. Бүрынғы өткен шақ екі түрлі жолмен жасалады.

1. Бүрынғы өткен шақ -ған/-ген, -қан/-кен түлғалы есімшениң жіктеліп келуінен жасалады: мен бар-ған-мын, сен кел-ген-сің, ол айт-қан.

Жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	айтқанмын, келгенмін	айтқанбыз, келгенбіз
II	айтқансын, келгенсің айтқансыз, келгенсіз	айтқансындар, келгенсіндер айтқансыздар, келгенсіздер
III	айтқан, келген	айтқан, келген

2. Бүрынғы өткен шақ -ып/-ин/-п түлғалы көсемшениң жіктеліп келуінен жасалады: мен бар-ып-пын, сен кел-ин-сің, ол кел-ин-ти.

Жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	айтыппын, келіппін	айтыппыз, келіппіз
II	айтыпсын, келіпсің айтыпсыз, келіпсіз	айтыпсындар, келіпсіндер айтыпсыздар, келіпсіздер
III	айтыпты, келіпті	айтыпты, келіпті

Бұрынғы өткен шақ -ған (-ген, -қан, -кен) тұлғалы есімшеге немесе -ып (-ин, -н) тұлғалы көсемшеге е (еді) көмекші етістігі тіркесуі арқылы да жасалады: оқыған едім, жазған едім, жазып еді, айттып еді. Есімше түрінде е көмекші етістігі екен түрінде де тіркеседі: жазған екен, айтқан екен.



В Мәтіннен бұрынғы өткен шақта тұрған сөйлемдерді табыңдар.



2-тапсырма. Тәмендегі мәтінді толықтырыңдар. Көсемшениң, есімшениң жүрнақтарын қойып, қай сейлем бұрынғы өткен шақта тұрғанын анықтандар.

Ұялы телефонның зияны жайында көп айтыл... . Жиі қолданатын адамды ми ісігіне ұшыратуы мүмкін деген сиякты коркынышты мәліметтерді ғалымдар алға тарт... баст...ды. Ал ғаламтордан келетін қауіп одан да коркынышты. Казіргі таңда ғаламтор жастардың басты ермегіне айнал... . Әлеуметтік жөндерде байланыс орнатудың түрі көбей... сайын оған қызыға түскендердің қатары арт... .

stud.kz сайтынан



3-тапсырма. Тәменде бұрынғы өткен шақтың ерекше түрлері жасалған. Соларға ұқсас сейлем құрап жазыңдар. Етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасандар.

1. Шеген үндеген де жок (*Б.А.*). 2. Қия бір соғып ас етсем, Тамағыма қылқаның кетер демес ем (*М.Ө.*). 3. Көп жыл бұрын Гималайдың баурайында жүріп мен бір жолбарыс аулаушыға жолыққам... (*М.Ш.*)



А Е көмекші етістігінің түрленуін сипаттап беріңдер.



Ә Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі қандай жолдармен жасалған?



4-тапсырма. Тәменде берілген тірек сөздер арқылы сөйлемдер құрап жазыңдар.

1. 1945, соғыс.
2. Откен ғасыр, ғарыш, Байкоңыр.
3. Абай, дүниеге келу.
4. Ыбырай, болу, алғашкы.
5. Ерте, ерте, ертеде
6. Тәуелсіздік, Қазақстан.
7. Орналасу, жер көлемі, еліміз.



5-тапсырма. Кім көп табады? Қазақ ертегілерінің ішінен бұрынғы өткен шақ тұлғасында тұрған сөйлемдерді тауып жазып келіндер.



6-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіндер.

1	Ө				
2	Т				
3	К				
4			E		
5		H			
6	Ш				
7	A				
8	K				

- Мақтаншақтық өтірік айтқызады, ... көніл кайтқызады.
- Мал үшін таласпа, Ар үшін
- ... болма, епшіл бол.
- Кісінің ... ісін көргенше, Өзінің түйедей ісінді көр.
- ... – таусылмас азық, Жұтамас байлық.
- Қалыптан шықсан да, Халыктан
- Жаксы – арына құл, Жаман – ... құл.
- Өнер алды – ... тіл.

6.9. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЛЕУМЕТТИК ЖЕЛЛЕР

Егер сіздің бизнесіңіз ғаламторда болмаса, онда сіз бизнесте жоқсыз.

Билл Гейтс

Бұгін сабакта:

- мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріп, ой қорыта білуді жетілдіреміз;
- ауыспалы өткен шақтың ережесін түсініп, мысалдар арқылы бекітеміз;
- тірек сөздер арқылы өз бетімізше ауыспалы осы шаққа сейлем құраймыз;
- «Сұлтан Бейбарыс» фильмін көріп, оқиғаларды ауыспалы өткен шақта баяндай білуге дағдыланамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазақстандағы әлеуметтік желілер

Қазақстанда 7 миллионға жуық адам әлеуметтік желілерді күнделікті пайдаланады екен. Елімізге алғашкы әлеуметтік желілер келе бастаған сэтте «Менің әлемім» («Мой мир») әлеуметтік желісі, кейін 2011 жылдан бастап «ВКонтакте» желісі танымалдылықка, кең колданысқа ие болды. Ал казіргі уақытта Инстаграм желісінің колданушылары күрт артып отыр. 2016 жылдың мәліметтері бойынша, **ВКонтакте** желісіне 1,945 миллион қазақстандық тіркелген екен. ВКонтакте желісінің колданушыларының басым көшілігі – 18 жасқа дейінгі тұтынушылар, яғни мектеп оқушылары.

Қазақстанда сұраныска ие келесі әлеуметтік желі – **Инстаграм** паракшалары. Сервиsti 1,336 миллион қазақстандық колданады. Бұл желі әсіресе әйел адамдардың арасында аса танымал. Инстаграм аккаунттарының 71,9 пайзызы әйелдердің үлесіне тиесілі. Ал қалған 28,1 пайзызын ер адамдар құрайды.

Қазақстандағы келесі сұранысы жоғары желі – **«Менің әлемім»**. Бұл желіге 155,3 мың қазақстандық тіркелген. Олардың арасында 59,5 пайзызы – әйелдер, 40,5 пайзызы – ер адамдар. Желідегі негізгі жас категориясы – 25 пен 34 жас аралығы.

Қазақстандағы келесі желі – **Фейсбук** желісі. Жазылуышылар саны – 125,8 мың адам. Оның ішінде әйелдер 60,3 пайзызын құрайды. Мұнда 18 жастан төменгі аудитория жоқтың касы, небері 0,1 пайзызын ғана құрайды. Аудиторияның ен үлкен көрсеткіші – 45,4 пайзызын 25 пен 34 жас аралығындағы адамдар құрайды. Фейсбук желісінің 5 пайзызын 55 жастан аскан колданушылар тұтынады. Фейсбукті көбінесе қоғам қайраткерлері, журналистер, ғалымдар мен саясаткерлер колданады.

Ғаламтор беттерінен



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазақстанға әлеуметтік желілердің келу үрдісін айтындар.
2. Еліміздегі ен танымал шетелдік әлеуметтік желілер кандай?
3. ВКонтакте желісінің негізгі колданушылары кімдер?
4. Инстаграм желісі туралы не айтылған?
5. «Менің әлемім» және «Фейсбук» желілерін сипаттаң беріндер.
6. Фейсбук колданушыларының ерекшелігі не?



Ә Фейсбуқті көбінесе қоғам қайраткерлері, журналистер, ғалымдар мен саясаткерлер қолданады деген сөйлемді көшіріп жазып, кешенді (фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік) талдау жасандар.

АУЫСПАЛЫ ӨТКЕН ШАҚ

Ауыспалы өткен шақ – қимыл иесінің дағдысына айналған іс-әрекетін, қимылын білдіретін етістік формасы. Есімшенің *-атын/-етін, -йтын/-йтін* жүрнақтары арқылы жасалып, бірде өткен шақ, бірде келер шақ мағынасында жұмысалады. Сондықтан да оны ауыспалы өткен шақ деп атайды. Мысалы: *Асан ауылға жиі баратын. Сен кітапханаға қашан баратын едің?* Бірінші сөйлемде бару қимылының болып кеткенін байқасақ, екінші сөйлемде бару қимылының әлі болмағанын, бірақ болуға тиіс екенін аңғарамыз.

Ауыспалы өткен шақ жіктеліп те, *еді* көмекші етістігімен тіркесіп кетіп те (онда *еді* етістігі жіктеледі) жұмысалады. Мысалы: *баратынмын, баратын едім*. Ал ауыспалы келер шақ тікелей жіктелмейді, тек *еді* көмекші етістігімен тіркесіп қолданылады: *баратын едім*. Екі шақтың мағыналарын айыруда тағы да мезгіл мәнді сөздерге иек артамыз. Мысалы: *Ол ауылға жиі баратын еді. Ол ауылға бүгін (ертең) баратын еді*. Алғашқы сөйлем ауыспалы өткен шақты білдірсе, екінші сөйлем ауыспалы келер шақты білдіреді.

Ауыспалы өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	көретінмін, қарайтынмын, баратын едім	көретінбіз, қарайтынбыз, баратын едік
II	көретінсін, қарайтынсын, баратын едің көретінсіз, қарайтынсыз, баратын едіңіз	көретінсіндер, қарайтынсындар, баратын едіндер көретінсіздер, қарайтынсыздар, баратын едіңіздер
III	көретін, қарайтын, баратын еді	көретін, қарайтын, баратын еді



Б Мәтіннен ауыспалы өткен шақты табындар.



2-тапсырма. Ауыспалы өткен шақта тұрған етістіктерді табындар. Шақ жүрнағын, жіктік жалғауын ажыратындар.

1. Апасы бәрін түсінетін.
2. Қараша қара сойылға мықты болатын.
3. Сен айт менің ойымды, айта алмаған.
4. Басында өлеңдері әжептәүір, әп-әд емі болатын.

5. Ел болатын жігіттер, ел намысын жыртады,
Ел болмайтын жігіттер, елін ұрлап күртады.
6. Шынға келгенде, сұрауға бата алмайтын да.
7. Мен бақытты көрсем деуші едім.
8. Өзі мактануды сүймейтін.
9. Үйден сирек шығатын еді.
10. Тістейтін жылкы тісін көрсетпес.



3-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын соңғы сөйлеммен үйлесетіндегі өткен шақта баяндан беріңдер.

Баяғы дарқан көніл тарылған ба еken, қазір біз болмашы нәрседен мейірім іздейтін болдық. Ғаламтордан жолдан өте алмай тұрған әлдебір әжені жолдың ар жағына жетелеген бала туралы видеоны көрсек, елжіреп кетеміз. Бір жігіттердің маҳаббатта жолы болмай жүргенін баяндаған мүнға толы жазбасын оқып, оған кенес береміз. Қарияға қол ұшын созған балақайға «Әп, бәрекелді!» дейміз. Аттандаған ағайындарға «Дұрыс, мен сендерді қолдаймын!» деп сенім білдіреміз. Бірак... Осының бәрі де виртуалды әлемде, шынайы өмірден алыс мекенде жүзеге асып жатады. Жанында жүрмелеген сон, жана шырлық болмайды. Жалан пікірлер мен пафос сездер адамға шынайы өмірдегідей жылу сыйлай алмайды.

Ал қазір бәрі басқаша... Адамдар бір-бірімен бетпе-бет сейлеседі, өзара шынайы карым-ката настан ләzzат алады...

P.Әрен



4-тапсырма. Төмендегі сөздерге аудиспалы өткен шақ жасайтын есімшелерді жалғап жазындар.

Тұр, оқы, сок, жап, көрінбе, алып-салу, ак, істеліп жату, бак, әнгімелі, тек.



5-тапсырма. Төменде берілген тірек сөздер арқылы аудиспалы өткен шақта тұрған сөйлемдер құрап жазындар.

«Мениң әлемім», танымал болу
ХХ ғасыр, әлеуметтік желі, болмау
аз жариялау, казақша мәліметтер
паракшалар, кор жасау
электронды кітаптар, оку
смартфон, жөндеу
желі қолданушылары, пайдалану



6-тапсырма. Ортағасырларда Мәмлүктер империясын құрган Бейбарыс баба-мызың туралы «Сұлтан Бейбарыс» фильмін көріндер.



A Фильмдегі Бейбарыстың ерліктері жайында аудиоспалы өткен шақта баяндап беріндер.

6.10. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ ИГЛІКТІ ПАЙДАЛАНУ

Өзіміз қандай қарым-қатынасты қаласақ, басқаларға да сондай қарым-қатынаста болайық,

Аристотель

Бұғын сабакта:

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, әлеуметтік желілер туралы өз ойларымызды еркін жеткізе білуге үйренеміз;
- сөйлемдердің қай шақта тұрғанын анықтай білеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Поляк жазушысы Януш Вишневский өзінің «Желідегі жалғыздық» деп аталатын романында: «Ғаламтор адамдарды жақыннатпайды. Ол – жалғыздықтардың жиынтығы. Былай карасан, бәріміз бірге секілдіміз. Бірақ бәрібір жалғызыбыз», – деп жазады. Роман неліктен танымал? Бүтінгі оқырман осы шығарманы неге іздел жүріп оқиды? Өйткені казір «желідегі жалғыздықты» ғаламторға колжетімді аймақта тұратын ағайынның біразы бастан кешіп жур.

Алайда бес саусақ бірдей емес. Әлеуметтік желіні иглік үшін колданатын адамдар да жетерлік. Бір қолданушылар желіде

үнемі тек иглікті хабар мен адамдарды ізгілікке шакыратын жазбалар жазып отырады. Мәселен, шымкенттік Жүрсін Кәрім есімді дәрігер ағамыздың «Фейсбуктегі» паракшасында адамды сабырға, ақылға, парасаттылыққа жетелейтін жазбалары жазылады. Жүрсін аға диалогке ашық, жүрттың койған сұрағын жауапсыз калдырмайды. Бастысы, бұл қолданушы негативті ойлардан, даурықпа сездерден ада. Белгілі жырау, фольклортанушы Берік Жүсіпов өз паракшасында танымдық дүниелерді көп жариялайды. Жырау қазірге дейін «Фейсбук» бетінде казактың халық ауыз әдебиетіне, тарихы мен өнеріне, мақал-мәтедеріне, пайымдарына қатысты пайдалы жазбалар жазып үлгерді. Пайдалы жазба жазатын мүндай қолданушыларды іздең жүріп окуға болады.

Сонғы кезде сатирик Мұхтар Шерімнің әзіл-шыны аралас дүниелері, жас жазушы Бейбіт Сарыбайдың езуіне еріксіз құлқі үйретін постылары, журналист Арман Сқабылұлының әдемі естеліктері оқырмандар арасында сұраныска не болып тұр.

Ғаламтор беттерінен



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Я. Вишневскийдің шығармасында қандай алеуметтік мәселе көтерілген? Жазушының көтеріп отырған мәсесесі сендерге таныс па? Тәжірибелерінді белсіп баяндандар.
2. Әлеуметтік желині қалай иглікті пайдалану керек?
3. Ғаламторға тәуелділік дегеніміз не? Откен сабактардан еске түсіріндер.



Ә Мәтінде аты аталған адамдардың паракшаларын оқып, қарап көріндер. Қазақстанда сендер паракшаларын оқитын қандай өзге де танымал тұлғалар, жазушылар, саясаткерлер бар?



Б Мәтіннен болжалды келер шақты табындар. Қандай шақ түрі жиі қолданылған?



В Жырау қазірге дейін «Фейсбук» бетінде қазақтың халық ауыз әдебиетіне, тарихы мен өнеріне, мақал-мәтедеріне, пайымдарына қатысты пайдалы жазбалар жазып үлгерді деген сөйлемді көшіріп жазып, кешенді талдау жасандар.



2-тапсырма. Төмендегі сөздерді етістікке айналдырып, сөйлем құрандар.

Кол, аяқ, бас, шынтақ, тізе, күшак, иек, иық, желке, арқа.



А Кім көп табады? Осы туынды етістіктерге есімше жүрнақтарының барлық түрін жалғап сөйлем құрандар.



3-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, сөйлемдердің қай шақта түрғанын анықтандар.

Шоқанды Көкше өзінін сұлулығымен әрдайым **танғалдыруышы** еді. Бұл жолы да Көкше кербез, сол мәнғаз қалпында карсы алды. Оның тіп-тік наиза шындары, білік құздары бүрынғысынша көкке кол созады. **Олардың** арасында Оқжетпес ерекше кезге түседі.



Көкшетаудың манында кел де кеп.

Шокан Алатая, Сарыарқа саяхатынан іштей байып, **жаңарыш**, түлеп кайтты. Ел тіршілігімен, казак сахараасының өзі бүрын білмеген көленке жақтарымен танысты. Андамай келген сан гажайып дүниелерді **аңдады**.

Бүтін, міне, осының бәрін ойша шолып, корытындылап отыр.

Н.Березин



A Қарамен берілген сөздерді жазып, морфологиялық талдау жасандар.



4-тапсырма. Жіктеудің 4 үлгісін жатқа айтып беріңдер.

- 1-*Улгі* : а) калыш етістік;
а) есімше тұлғалары;
б) есім тұлғалары.

2-*Улгі* : көсемше тұлғалары.

- 3-*Улгі* : а) жедел өткен шак;
а) шартты рай.
4-*Улгі* : бүйрық рай тұлғасы.



5-тапсырма. Төменде берілген өлең жолдарынан етістіктерді теріп жазып, қай шақта түрғандығын анықтандар.

Тумак, өлмек, картаймақ болмай қоймас,
Қанша қызық көрсө де, пенде тоймас.
Сол тоймастық – дүниені жамандаткан
Сен секті деп тағдырды кайта жоймас.

Шекарім

Талай тұлпар зорықты,
Талай гүлдер солынты.
Талай таулар шегіпті,
Талай жүлдyz сеніпти.
Талай көлдер суалған,
Талай емен куарған...
Жебелі садақ толғаган,
Желекті наиза қолға алған
Батырлар да етіпти.

Қ.Аманжолов

Білдірдік елдің сырын, ердің құнын,
Еліріп ерегеске екі-үш күндік.
Кіреді тентек есі түстен кейін,
Мүшкілін халқымыздың жаңа білдік.

A. Байтұрсынұты



A Е көмекші етістігін қатыстыра отырып, осы шақта, келер шақта және өткен шақта болатындағы етіп сейлемдер құрап жазындар.



6-тапсырма. Мағжан Жұмабаевтың ойын қалай түсінесіндер?

Ұлтқа тілінен кымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сырьы, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады.

Магжан Жұмабаев



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТАР ДОСТАСТЫҒЫ

7.1. МЕЙМАНДОС ҚАЗАҚ – ТАТУЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Қазақ халқы – ең бір бейбіт халықтардың бірі.

Шоқан Уалиханов

Бұгін сабакта:

- мәтінді оқи отырып мазмұны бойынша өз ойларымызды түйінде, татулық жайлы түсініктерімізді кеңейтеміз;
- етістіктің райларын, оның ішінде ашықрайдың ережесін менгереміз;
- сөйлем ішінен етістіктерді анықтап, рай түрін ажыратуды үйренеміз;
- тындау мәтінінен етістіктің шақтарын табамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазақ – татулықтың кадірін білген, ынтымактың ырысын бағалаған халық. Халқымыз өзінің татулығы мен ерлігінің арқасында осынау даркан даланың иесі атанды. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түтел болса, төбедегі келеді», «Ырыс алды – ынтымак», «Бірлік түбі – береке», «Ынтымак түбі – игілік», «Бірлік түбі – тірлік», «Күш – бірлікте», «Төртеуі түтел төрге шығар» тәрізді ұлагатты сез айтып, өснег калдырған. Үрпағын береке-бірлікке, достыққа, адамды сыйлауға, татулыққа жетелейтін меймандастық тәрбие берген.

Қазақтың алыстағы ағайынмен жөн сұрасқанда, ең алдымен, «Ел аман, жүрт тыныш па?» деп калың жүрттың есендігін сұрауында үлкен мән бар. Алыстағы ағайынның амандығын естіп, есендігін білгеннен соң жон аркасын кенге салып маркайып қалады. Адам болмысы әрдайым тыныштықты, берекелі, баянды ғұмырды ансайды. «Бірлігі бар ел озады, бірлігі кеткен ел тозады». Кезінде үш жүздің басын косқан Абылай ханға ақылшы болған Бұкар жырау:

Мұсылманның баласы,
Сірә, бір кенес құрыныз,
Бірауызды болыныз! –

деп халықты бәрінен бұрын ынтымакшыл, үйымшыл болуга шақырған.

Ал жыр алыбы Жамбыл атағы арындаң тұрған от ауызды, орак тілді ақын Құлмамбетті:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сактаған татулықты айт! –
деген екі ауыз сөзімен женип, татулық пен тыныштықтың қадірін ұқтырып кеткен...

Ғаламтор беттерінен



A Мәтінді оқи отырып, татулық, бірлік пен ынтымақ туралы өз ойларынды айтыңдар. Қазақ халқының татулық туралы айтқан тұжырымдарын көлтіріңдер.



Ә Мәтіндегі есімшеден және көсемшеден жасалған етістіктерді тауып, оқиға қай шақта баяндалғанын анықтаңдар.

ЕТИСТИК РАЙЛАРЫ. РАЙ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Етістіктің рай формасы сөйлеушінің болған немесе болып жатқан іс-қимылға, әрекетке деген көзқарасын, ойын, ниетін, істің болу-болмауы туралы тұжырымын, пікірін білдіреді. Қимыл иесінің іс-қимылға деген көзқарасы әртүрлі болуы мүмкін: тілек, қалау, бұйрық, шарт, ниет, өтініш т.б.

Қазақ тілінде райдың 4 түрі бар: *ашық рай, бұйрық рай, қалаурай, шартты рай*.

АШЫҚ РАЙ

Ашық рай – осы шақта, келер шақта және өткен шақта бір істің, қимылдың болу-болмауы туралы сөйлеушінің шындық деп баяндауын білдіретін етістіктің формасы. Ашық райдың мәні етістіктің шақ мағынасын білдірумен тікелей байланысты. Өтіп кеткен қимыл, іс-әрекет болсын (өткен шақ), болып жатқан іс-әрекет, қимыл болсын, әлі бола қоймаған, бірақ келешекте болуға тиісті қимыл, іс-әрекет болсын етістік белгілі шақта жұмсалғанда сол қимылдың болуы арқылы сөйлеушінің ақырат шындықты баяндауын білдіреді. Мысалы: *Әркім өз ойымен отыр* (F.Мұс.), *Келемін тау ішінде тұнделетін* (С.Сейф.). *Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ* (Абай). *Жер жырттық, қайнады еңбек, егіс салдық* (Ж.Ж.).



2-тапсырма. Төмендегі халықтар достығын жырлаған Жамбыл атамыздың жырынан үзіндіні оқып шығыңдар.

Енді бүгін қарасам,
Айналам бақыт кен жатыр.
Бірімен-бірі туысқан
Кол ұстасқан ел жатыр.
Қыргыз, қазақ, өзбектер,
Монгол, үйнір, дүнгендер,

Армян, калмак, грузин,
Орыс пенен украин
Терезесі тен жатыр.
Алатау, Кавказ ұласып,
Баурайы бүйрет кен жатыр.
Бакыттың әні асқақта,
Құлакқа даусы кеп жатыр.



A Ақынның болып жатқан оқиғаға деген көзқарасы қандай? Ақынның сезімі мен толғанысын, көніл күйін сипаттап айтындар. Ақын тарихтың қай кезеңін сипаттап отыр?



Ә Мәтіндегі етістіктерді тауып, қай шақта тұрғанын және райдың қай түріне жататындығын айтындар.



Б Халықтар достығы жырланған тағы қандай өлеңдерді білесіндер?



3-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерден рай формасында жұмсалған етістіктерді тауып жазындар.

1. Маужырап атқан мамыр айының шапағы ал қызыл тудай шайқала қалған екен. Қызыл шапақ астынан күн тәбесі көріне бастиады. Мәлдір айдың бетінде күбылып күрен сәуле ойнайды. Көз ұшында шағаладай шанқан ак желкендер көрінеді. Аршын мойындарын құрықтай шіріп, жұл-жұбымен аккулар жүр. Теніз толқыны оларды ақырын ғана тербел қояды. Көгілдір кеністікте шоршып сары сазандар ойнайды. 2. Бұдан калса, тұс ауа дауылданатын шыгар. 3. Алдында тұрса да, түсесін, не батасын, не шығасын. 4. Осы бір таза ауаны қеуденді толтыра жұта бергін келеді.

Ә.Сәрсенбаев



4-тапсырма. Ашық рай етістіктерін шақтың түріне қарай жіктеп жазындар.

1. Мендеңі досспен достасқын, Сендеңі досспен дос болып сонда тұрмакпын (*М.М.*). 2. Эрқашан дос, біргеміз, ажырамас іргеміз (*Х.Г.*). 3. Соғыс дегеніміз зорлық болып табылады, ал бұл зорлықтың көрінісінде шек болмайды (*Р.А.*). 4. Біз жазушылық күшімізді ұлттық татуласу саясатын насиҳаттауға арнадық (*К.С.*). 5. Қыл өтпестей татулыкты бір ашуға сатпас болар (*Ә.Б.*). 6. Ынтымак істі бітірер (*мәттел*). 7. Тек тыныштық болса ғана «төбедегі төртеу» түгенделеді деп ойлаймын (*Н.Н.*).



5-тапсырма. Төменде берілген мақал-мәтелдерді керекті сөздерді пайдаланып аяқтап жазындар. Етістіктерді тауып, тұлғасына қарай талдандар.

1. Досы кепті жау 2. Өсер елдін баласы бірін-бірі
3. Үнтымақ кайда болса, ырыс сонда барамын 4. Қадір тұт, бір-біріне құрмет көрсет, тірлікте сыйластықта бар ма 5. Алақанмен күннің көзін 6. Үнтымақ болмай іс 7. Адам ..., мал үйрішіл.
8. Айырылған азады, қосылған 9. Белінген

Керекті сөздер: жетер, алмас, жаба алмайсын, батыр дер, озады, депті, үйымшыл, онбас, бүлінеді.



A Қазақтың ынтымақ пен бірлікке қатысты мақал-мәтелдерін, ұлагатты сөздерін пайдалана отырып, ынтымақ, бірлік, татулық сөздерімен мәндес сөздерді табындар. Мәселен, мұндай мағыналас сөздердің 40-қа жуығын табуға болады екен. Ал сендер қаншасын таба аласындар?



6-тапсырма. «Атамекен» аннің мәтінін тындандар. Әннің білсендер, айтып көріндер.



A Ән мәтініндегі етістіктердің шағын табындар.



7-тапсырма. Түсіндірме сөздіктен *рай* сөзінің мағынасын тауып, түрлі қолданыстарына мысалдар келтіріндер.

7.2. БАУЫРМАЛДЫҚ – ТАРИХИ ТАҒДЫРЫМЫЗ

Иглік басы – ынтымақ,
ынтымақты елде күншуақ.

Мақал

Бұғын сабакта:

- мәтінмен танысып, мазмұнына қатысты сұрақтарға жауап береміз;
- бүйрық, рай ережесімен танысып, тапсырмалар орындау арқылы бекітеміз;
- бүйрық, райдың болымды, болымсыз түрін ажыратуды жаттығулар орындау арқылы үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

... Біз бір класта жеті казак баласы, екі орыс, екі неміс, бір шешен, бір татар – бес ұлттың балалары оқытынбыз. Бәрі де соғыс басталғаннан бері жаңадан көшіп келгендердің балалары. Келген кездерінде бірауыз казакша білмейтін балалар бірер жылдан кейін-

ак өзімізді сөзден жанылдыратындаи боп сайрап шыға келді. Ауылымыз – қазақ ауылы, сондыктан күнделікті тірліктін бәрі қазақша: ойын қазақша, мектептегі оку қазақша, демек, қазақ тілі – бүкіл ауылга ортақ тіл және қазақ тілі үйренуге онай тіл сияқты. Мысалы, Otto кешіп келген соң үш күннен кейін көшеде өзімізben бірге «Тұлқі-тазы » ойнап, қазақша айтқанымыздың бәрін айна қатесіз түсініп, ойын үстінде біздін сұрактарымызға «бар, жок » деп жауап қайтарып, лезде тобымызға косылып кетті. Орыс баласы Петке мен шешен баласы Бәкке де солай болды. Ала жаздай өзімізben қосылып ойнап жүрді де, күзде мектепке қазақ кластарына кеп өзімізben бірге партага отырды.

Мұқан ағай әуелде: «Әй, бұл балаларға кын болды-ау», – деп біраз абыржыған. Артынан әлгі балалардың окута деген ынталасын көріп: «Ойпыр-ай, мына балалар зерек екен», – деп сүйсіне мактаған. Сейтіп, әліппені бірге үйреніп, хатты бірге таныған балалар қайсысымыздың кай ұлт екенімізді еске алып, сөз етіп көрген емеспіз. ..

Қыскасы, бүтінде Петке де, Otto да, Бәкке де, майданға хат жазғанда өзімізден кем түспейтін, қазақша мақал-мәтеліне де, карасөз бен өлең сезіне де желдей есіп тұрғандар. Ал кейбір балалар бұлардай емес, тілге әлі де болса шорқақ болатын. Көптеген сөздердің мағынасын түсіне алмай, дұрыс айта алмай киналатын кездері бар. Сондай балалардың бірі Бели еді. Өзі мінезі анқылдақ, айтқанынды тез үйрене койғысы кеп тұратын елгезек-ақ бала. Бірақ ылғи күлкіге қап жүреді. ..

С.Мұратбеков



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Бір сыныпта кандай ұлттың балалары білім алуда?
2. Балалардың есімдері кім?
3. Өзге ұлттың балалары қазақ балаларымен қалай етene араласып кетті?
4. Балалардың зеректігі нeden байқалды?
5. Оқиға кай тарихи кезеңді сипаттап отыр?



Ә Мәтіннен етістіктерді тауып, морфологиялық талдау жасандар.

БҮЙРЫҚ РАЙ

Қимылдың, іс-әрекеттің орындалуын талап ету мағынасын білдіретін етістіктің түрі **бүйрық рай** деп аталады.

Бүйрық рай қимылдың, іс-әрекеттің тындаушыға (II жақ) я бөгде біреуге (III жақ) немесе өзіне (I жақ) қаратылып, бүйрыра, талап, тілек етіле айту мағынасын білдіреді. Мысалы: Тыңда, дала, Жамбылды (Жамбыл). Қызын

еңбек, қайнасын күш майданда (И.Б.). Мен жазайын сізге хат, Оқып көрсін ол шындал (Абай).

Мысалдардағы тыңда, қызын, қайнасын, жазайын, көрсін деген етістіктер белгілі бір жақта қаратыла бұйыра, талап етіле айтылып тұр: сен тыңда, ол қызын, ол қайнасын, ол көрсін, мен жазайын.

Етістіктің бұйрық рай тұлғасы бұйрықтық мағынамен бірге талап, тілек ету, ниет мағыналарын да білдіреді. Әдетте, бұйыру, талап ету мағынасы II және III жақтарда анық көрінеді де, I жақта ол көбіне ниет ету мәнінде келеді.



2-тапсырма. Төменде Төле бидің бірлік пен ынтымақ туралы айтқан ойлары жинақталған. Мұқият оқып шығып, мағынасын түсіндіріңдер.

1. Жалғанда, ойлап тұрсан, бірлік керек,
Бірлікті ойлаған соң тірлік керек.
Ағайынға алакез бола қалсан,
Аузынан несібенде біреу жемек.
2. Бейбіт елде сән бөлек,
Бұлінген елде дау бөлек.
3. Тұсай ат сактайды,
Ат ер сактайды,
Ер жер сактайды.
4. Бір үйдің баласы болма,
Кеп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.
5. Ел билеу үшін алдымен елді ауыз-
бірлікке, ынтымаққа шакыра біл.

Есте сақтаңдар!

- Бұйрық рай сейлемде айтылу сазына қарай бұйрық мәнде, өтініш мәнде және кеңес беру мәнде де айтылады:
Жаңабай тез жетсін! – деді Онғар (F.C.). Бұл сейлемде тез жетсін сезі бұйрық мәнінде айтылып тұр.
«Бақытты, өмірлі болсын, мұратына жетсін!» дегенде бұйрық жок, мұнда тілек, алғыс мәнінде айтылып тұр.



А Бидің «ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шакыра біл» дегенін қалай түсінесіңдер? Тарқатып айтып беріңдер.



Ә Шакыра біл, қатал бол етістіктерін бұйрық райдың жіктелу жүйесі бойынша жекеше, көпше түрде жіктел жазындар.



3-тапсырма. Бұйрық рай етістігінің болымды, болымсыз түрін ажыратып, жасалу жолын анықтандар.

1. – Қара, қара, тілінің ащысын карашы!
– Токта, тыңдайык.
2. – Ау, су әкеліндер! Өрт салушыны іздендер.
– Бермендер, лактырындар өзін.

3. – Шегін кері! – дейді автоматчик, көпірге көтеріле берген мәшинені кең кеудесімен тіреп.
 – Шегіне алмаймын, бөгеме жолымды (Ә.С.).
 4. – Аяғынды еш уақытта кестіруші болма! – деп Володя қасымда отыр (F.Mус.).



4-тапсырма. Сөйлемдерді болымсыз түрге айналдырып жазындар.

1. Ертең үйге барындар. 2. Көлікке отырындар. 3. Аялдамада тұрындар. 4. Сен дуkenге барып қайт. 5. Ұлттық кітапхананың алдында күтіндер. 6. Күн сұық, жылы күнніндер. 7. Жау тылында қалайық. 8. Мен досымның қасына барайын. 9. Ертөнді сабакқа дайындалайық.



5-тапсырма. Мақал-мәтелдерді аяқтап жазындар.

1. Ауыл болсан, қауым 2. Достың санына ..., жанына қара.
 3. Дос тұтканды 4. Қырық атан ұстама, қырық тамыр
 5. Өзбектің кигенін ал, қазақтың ... ал. 6. Көпке күл 7. Берекені көктен ... , бірлігі мол көптен тіле. 8. Мынның түсін танығанша, бірдің атын 9. Тайып бара жатқанға 10. Күшіне қарай жүк көтер, Мінезіне қарай дос

Керекті сөздер: біл, бол, ұста, мінгенін, таңда, шашпа, таяныш бол, қарама, тілеме, қадірле.



6-тапсырма. «Елім менің» әнінің мәтінін тыңдандар. Әнін білсендер, айтып көріндер.



A Ән мәтініндегі бүйрық райлы етістіктерді табындар.

7.3. ҚАЗАҚСТАН ЭТНОСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Бірлікті ел бұзылmas.

Мақал

Бұғін сабакта:

- мәтінді оқып, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береміз;
- бүйрық райдың жіктелуін менгеріп, оны басқа жіктеу түрінен ажыратамыз;
- даналық сөздерді мәнерлеп оқып, мазмұнын аша білуді үйренеміз;
- морфологиялық талдау жасай отырып тақырыпты пысықтаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Мемлекетіміздің негізін қалаушы халық – казактар. Республикада казактардан басқа 131 ұлыстың өкілдері тұрады. 2013 жылы өткізілген халық санагының корытындысы бойынша, халкы 100 мыннан



асатын 8 этнос бар екені белгілі болды. Олар: казактар, орыстар, өзбектер, украиндер, үйғырлар, татарлар, немістер, кәрістер. Осы 8 ұлт бірігіп Қазақстан халкының 96 пайызын құрайды. Одан өзге саны 30 мыннан асатын 8 этностың орналасқанын байқауға болады. Олар: түріктер, әзіrbайжандар, белорустар, дунгендер, күрдтер, тәжіктер, поляктар, шешендер.

«Қазақстан этностары» кітабынан



А Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазақстанда қанша ұлттың өкілдері тұрады?
2. Қазақстанда тұратын ұлттардың 96 пайызын 8 ұлт құрайтын болса, 4 пайызын қандай ұлттар құрайды?



Ә Мәтіндегі бол етістігін ашық және бүйрек, рай тұлғасында жіктеп шығындар.

БҮЙРЕК РАЙДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Бүйрек райдың ерекшелігінің бірі – арнайы жүрнақтар арқылы емес, жіктік жалғауы арқылы жасалуында. Жіктік жалғауы сөзге ерекше екпін беріп тұрады. Мысалы: *келсін, барсын, санасын, барайық, барыңдар, көрмендер* т.б.

Екінші ерекшелігі – бүйрек райдың II жақ аныны түрінің арнайы қосымшасы болмайды. Мысалы: *кел, ойла, барғызба, мақтанба, сөйлетпе*. Ал екінші жақ

анайы көпше түрінде -ың/-ің/-ң жалғауының үстіне -дар/-дер көптік жалғауы үстеледі: сендер кел-ің-дер, бар-ың-дар, сөйле-ң-дер.

Бұйрық райдың екінші жақ сыпайы түрі етістік түбіріне -ңыз/-ңіз, -ыңыз/-іңіз жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: (сіз) кел-іңіз, бар-ыңыз, сөйле-ңіз. Екінші жақ сыпайы түрінің көвшесі осы жекеше түріне -дар, -дер көптік жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: (сіздер) кел-іңіз-дер, бар-ыңыз-дар, сөйле-ңіз-дер.

Бұйрық райдың III жағы (жекешесі де, көвшесі де) етістік түбіріне -сын/-сін жалғауы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: (ол) кел-сін, бар-сын, сөйле-сін.

Бұйрық райдың I жағы етістік түбіріне (жекеше) -аын/-ейін, -ын/-йін, көпше -аыйқ/-ейік, -ық/-йік жалғаулары жалғану арқылы жасалады. Мысалы: (мен) кел-ейін, бар-аын, (біз) кел-ейік, сөйле-йік, бар-аыйқ.

Бұйрық райдың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	барайын, келейін, санайын, көрмейін	барайық, келейік, санайық, көрмейік
II	бар, кел, сана, көрме барыңыз, келіңіз, санаңыз, көрменің	барыңдар, келіңдер, санаңдар, көрмендер барыңыздар, келіңіздер, санаңыздар, көрменіздер
III	барсын, келсін, санасын, көрмесін	барсын, келсін, санасын, көрмесін



2-тапсырма. Төменде бірлік пен ынтымак, береке-бітім туралы даналық сөздер берілген. Мұқият оқып, мағынасын ашындар.

Балаларыма өснет:
Қылманыздар кепнет.
Бірлігінен айрылма,
Бірлікте бар каснет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке.
Араз болсан алты ауыз,
Еліне кірген әреке¹.

Ақтамберді жырау

Халайыктар, жарандар,
Халқынменен тату жүр.

Дұлат Бабатайұлы

Есте сақтаңдар!

- Бұйрық мағынасы артүрлі ренкте білдіріледі: егер бұйыру қатал талап мағынасында жұмсалса, дауыс көтерінкі айтылады; ал өтініш, тілек мағынасында айтылса, басен айтылады.

¹ Әреке – бүлік, лан.

Ағайының көп болсын,
Бірлігі оның бек болсын!

Шат ақын

Қой, жігіттер, күн болды ойланарлык,
Білім, әдет, ақылды ойға аларлык!

Бірлік пен талапты енбекке салындар,
Өнерлі елдерден өнеге алындар.

Шәкәрім

Ел болам десен, бесігінді түзе.

М.Әуезов

A М.Әуезовтің «Ел болам десен, бесігінді түзе» деген сезін тарқатып айтып беріндер.



Ә Үзінділерден бұйрық райдың қай жақта тұрғанын анықтандар. Бұйрықтан басқа қандай мағыналық, реңктер байқалатынын айтындар.



3-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, бұйрық рай формасында қолданылған етістіктерді тауып, талдандар.

1. – Сәлмен, астықта жұмысын болмасын, осы жер бетінде тірі жүргің келсе, тиіспе! – деп Омар сілкініп шыға келді. 2. – Кәне, баланың жолын бір сынайык! 3. Эскерде болғанынды тірі жанга тісінен шығарушы болма! 4. Бұдан былай оның бір сабак жібін әкелуші болма! 5. – Қарағым, атаң апарса, бар, жолын ондалсын.



4-тапсырма. Көп нұктенің орнына жіктік жалғауын жалғап жазындар.

1. Біз ертең Көктөбеле бара... . 2. Ол ертең Шымбұлакка барма....
3. Сіздер Достық сарайына бар... . 4. Сендер үйде отыр... . 5. Біз сыныптастымыздың тұған күніне кел... . 6. Біз бірге шық... . 7. Сіздер автобуспен кел... . 8. Сіздер жиналыста сейле... . 9. Біз оған бәрін айт... . 10. Олар сағат екіде осында бол... . 11. Біз сөмкемізді алып бара... . 12. Сендер ақ көйлектерінді ки... . 13. Олар тамактарын іш... .



5-тапсырма. Тәмендегі сөздерді көшіріп жазып, морфологиялық талдау жасаңдар.

Келісімпаздық, мәмілегерлік, уағдаластық, мәмілешілдік, бітімгершілік, ымырашылдық, келісімділік, төзімділік, бейбітшілік, достастық, ынтымақтастық, бәтуаластық, бейбітсүйгіштік, татуаластық, келіссөз, біртұтастық, сүйіспеншілік, берекесіздік, тұрактылық, тепе-тендік.



6-тапсырма. «Бейбітшілік сақталады» әнінің мәтінін тындаңдар.



A Ән мәтініндегі рай тұлғасында тұрған етістіктерді тауып, қай жақта тұрғанын анықтаңдар.



7-тапсырма. Кім дұрыс жіктейді? Сен қайт деген тіркесті бүйрық райдың жіктелу үлгісімен көпше турде жіктеп шығындар.

7.4. КАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ТАТУЛЫҚ БАСТАУЫ

Халық Ассамблеясы – әрі іргетас, әрі бейбітшілік, рухани келісім.

Нұрсұлтан Назарбаев

Бұғын сабакта:

- Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы мәтінді оқып, мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы ой қорытамыз;
- шартты райдың жіктелуімен танысып, оны қазақ тіліндегі басқа жіктелу үлгілерімен салыстырамыз;
- өз бетімізше мәтін құрап, шығармашылық қабілетімізді арттырамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – еліміздің ұлттық саясатын жүзеге асыру міндеті жүктелген орган. Ол 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған. Бұл бірегей мекеме еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа үйістыра отырып, елдегі тұрақтылықты сактау мен ел дамуына айтулы үлес көсип келеді.

Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда ұлттар мен ұлыстар арасында бейбітшілік, тату қарым-қатынас орнап отыр. Бұгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеті, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті жағдай жасалған. Ұлт мәдениетін дамытатын бірлестіктердің саны тұрақты есуде. Қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық. Сонымен бірге 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар шығады.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, казақстандық патриотизмді қалыптастыру.

Ал 2015 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толды. Соған орай 2015 жыл Мемлекет басшысының Жарлығымен «Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы» деп жарияланды.

akorda.kz сайтынан



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы кандай орган?
2. Аталған мекеменің мақсаты кандай?
3. Еліміздегі ұлт мәдениетін сактап, дамытуға үлес косатын бірлестіктердің саны қанша? Қанша тілде газет-журнал, радиобағдарламалар тарайты?
4. 2015 жылы Халық Ассамблеясына неше жыл толды?



Ә Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда ұлттар мен ұлыстар арасында бейбітшілік, тату қарым-қатынас орнап отыр деген сөйлемді жазып, кешенді талдау (фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік) жасандар.

ШАРТТЫ РАЙ

Шартты рай қимылдың, іс-әрекеттің болу-болмау, іске асу-аспау шартын білдіреді. Шартты рай етістіктің негізгі және туынды түбіріне, етіс және болымсыз тұлғаларына -са/-се жүрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *бар-са, кел-се, оқыт-са, айтпа-са*.

Шартты рай тұлғасына жіктік жалғауы жалғанып қолданылады. Бірақ шартты рай тұлғасы тиянақты бола алмайды. Сондықтан шартты райдағы етістік жіктелгенмен, сөйлемді тиянақтап, аяқтап тұра алмайды: басқа бір етістікпен, кейде көмекші етістікпен ілікtesіп, тіркесіп келеді я бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болып тұрады. Мысалы: ...Жарқырап бір көрінсек дейміз (F.Мұст.). Мысалда көрінсек деген шартты райлы етістік дейміз көмекші етістігімен тіркесіп келуі арқылы ғана сөйлемді аяқтап, тиянақтап тұр.

Шартты рай етістіктің жедел өткен шақ тұлғасы сияқты жіктеледі: I жақта жекеше -м, көпше -қ/-қ, II жақта жекеше -ң, көпше -ңдар/-ңдер, сыпайы жекеше -ңыз/-ңіз, көпше -ңыздар/-ңіздер жалғаулары жалғанады да, III жақтың арнайы жалғауы болмайды.

Шартты райдың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	барсам, көрмесем, оқытсам	барсақ, көрмесек, оқытсақ
II	барсан, көрмесен, оқытсаң	барсандар, көрмесендер, оқытсандар
	барсаныз, көрмесеніз, оқытсаныз	барсаныздар, көрмесеніздер, оқытсаныздар
III	барса, көрмесе, оқытса	барса, көрмесе, оқытса



2-тапсырма. Төменде бірлік пен ынтымақтастық, береке-бітім туралы үзінділер берілген. Мұқият оқып, мағынасын ашыңдар.

Халықтын ұлы болмасан, менін де ұлым емессін.

К.Мырза Әлі

Тоқсан тарау су ақса,
Дария болар сағасы.

Mахамбет

Жат елдің жақсысы болғанша,
Өз еліннің сакшысы бол.

Мақат

Ауылның ала болса,
Ат ойнақтын астында қаларсын.

Мақат



А Махамбет ақынның «Тоқсан тарау су ақса, дария болар сағасы» дегенін қалай түсінесіндер? Ойларынды ортаға салыңдар.



Ә Үзінділерден шартты райды тауып, қалай жасалып тұрғанын түсіндіріндер.



3-тапсырма. Шартты рай формасының өлеңдегі қолданысын түсіндіріндер. Түсініксіз сөздерді жазып алып, түсіндірме сездіктен мағынасын табыңдар. Шарттылықтан басқа қандай реңк байқадыңдар?

Адырнасын атка алса,
Атар оғын тайға алса,
Еділде тұрып оқ атып,
Жайыққа оғын жоғалтса;
Жайықта тұрып оқ атып,
Еділге оғын жоғалтса;
Бір атканда он атса,
Атканын кардай боратса;
Құралайды көзге атса,
Құланды көріп белге атса;
Атканын тастан өткізе,
Садағының бір оғын
Жеті қабат жер астына
кеткізе –
Ол мергендікке жарасар!..

Мұрат Мөңкеұлы

Әлемді түгел көрсө де,
Алтын үйге кірсө де,
Аспанда жұлдыз арапап,
Ай нұрын ұстап мінсе де –
Қызыққа тоймас адамзат!

Әлемді түгел білсө де,
Қызығын колмен белсө де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де –
Өмірге тоймас адамзат!

Жакындал ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көніл қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да –
Үмітін коймас адамзат!

Бұқар жырау



Есте сақтаңдар!

- Шартты рай жедел өткен шаққа үқсас жіктеледі. Үшінші жақта оларға жіктік жалғау жалғанбайды.

Мысалы: Ол келсе келді

**4-тапсырма.** Сөйлемдерді аяқтап жазындар.

Үлгі: Ол кітап дүкенде болса, сатып алар едім.

1. Демалыс уақыты болса, 2. Сен кітапты көп оқысан,
3. Оның үйден шыккысы келсе, 4. Егер маған көмектескініз келсе, 5. Үйкyn келсе, 6. Қонакка барсам, 7. Сен сабакқа бармасан, 8. Біз әлеуметтік ғаламторды өшіріп тастасақ,
9. Егер мен алемді саяхаттауға шықсам,

**5-тапсырма.** Суреттерге қарап, шартты рай тұлғасындағы етістіктерді қолданып мәтін құрап жазындар.**6-тапсырма.** Сөздердің мағыналарын сәйкестендіріндер.

- | | |
|----------------------|-----------------|
| Ауызбіршілік – ... | Алауыздық – ... |
| Бейбіт – ... | Бітім – ... |
| Бірлік – ... | Татулық – ... |
| Ынтымақ-бірлік – ... | Мәміле – ... |
| Келісім – ... | |

- | |
|---|
| пәтуаға келу, токтам тыныш, айғай-шусыз бітімге келу |
| тату-тәтті, үйымшылдық сыйластық, араз емес араздық, дүрдараз ынтымақ, бір болу сез байласу, үәделесу ымырашылдық, бірге әрекет ету |

7.5. ҚАЗАҚСТАН – ҮЛТТАРДЫҢ МӘДЕНИ ШАҢЫРАҒЫ

Ынтымақ – бұзылmas қорған.

Мақал

Бұғін сабакта:

- үлттық театрлар жайлы мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, берілген ақпаратты қорытып эссе жазамыз;
- қалау рай және оның жіктелуін менгереміз;
- етістіктерді тауып, рай түрлерін ажыратуды үйренеміз;
- қалау рай тұлғасындағы етістіктерді тауып, талдаймыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқындар.**Ұлттық театрлар**

Қазақстанда бірнеше ұлттық театр бар: Қазақстан ұлттарының театры, К.Кожамшыров атындағы мемлекеттік республикалық үйгыр музикалық комедия театры, Мемлекеттік республиканың корей музикалық комедия театры, Республикалық неміс драма театры, Оңтүстік Қазақстан облыстық өзбек драма театры және т.б.

Абай атындағы мемлекеттік академиялық операда 1934 жылы бірінші койылым М.Әуезовтің либреттосына жазылған «Айман-Шолпан» музикалық комедиясымен ашылған.

М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры тұнғыш рет 1926 жылы 13 қантарда «Енлік-Кебек» пьесасымен шынылдығын ашқан.

F.Мусірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры – Алматы жастарына арналған мәдени ошак. Бұл театр кейін 1985 жылы қазақ және орыс бөлімдеріне бөлініп, қазір Қазақ театры және Орыс театры болып жұмыс істеуде.

1991 жылы К.Куанышбаев атындағы Қазақ музикалық драма театры ашылды.

М.Горький атындағы мемлекеттік академиялық орыс драма театры 1999 жылы Астанада ашылды.

Мемлекеттік академиялық орыс драма театры 1933 жылы Алматы қаласында ашылды. Кейін 1964 жылы оған орыстың ұлы ақыны М.Ю.Лермонтовтың аты берілді.

2003 жылы Сайрам қаласында Өзбек драма театры құрылды. Театр өзбек жазушылары мен драматургтерінің пьесаларын кояды.

1934 жылы Алматыда Үйгыр музикалық драма театры ашылды. Қазақ және үйгыр авторларының, әлемдік классика өкілдерінің пьесаларын кояды.

Республикалық мемлекеттік кәріс музикалық комедия театры – Қазақстандағы ең көне ұлттық театр. Ол 1966 жылы «Республикалық театр» мәртебесін алған.

«Қазақстан этностары » кітабынан

**A** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

- Елімізде қандай ұлттардың театрлары бар?
- Елімізде казак театрлары кашан ашылған?
- Қазақстандағы орыс театрлары кашан ашылған?
- Ұйғыр, көріс театрлары туралы қандай деректер берілген?



Ә Абай атындағы мемлекеттік академиялық Опера және балет театры 1934 жылы бірінші қойылым М.Әуезовтің либреттосына жазылған «Айман-Шолпан» музикалық комедиясымен ашылған деген сейлемге синтаксистік талдау жасандар.

**Б** «Ұлттық театрлар – ұлт мақтандыши» тақырыбына эссе жазыңдар.**ҚАЛАУ РАЙ**

Етістіктің қалау райы іс иесінің қимылды, іс-әрекетті қалауын білдіреді. Мысалы: *Мениң оқығым келеді. Ол үйіне жетсе игі еді. Не де болса шынын айтқайсың.*

Қалау рай мынадай жолдармен жасалады:

1. Етістіктің негізгі және туынды түбіріне немесе етіс және болымсыз етістік тұлғасына -ғы/-ғі, -қы/-қі жүрнақтары жалғанып, оған тәуелдік жалғауы үстеледі де, кел көмекші етістігімен тіркеледі. Кел көмекші етістігіне есімше, көсемше жүрнақтары жалғанып, әртүрлі шақ мәнінде III жакта да қолданыла береді. Мысалы: (менің) бар-ғы-м кел-ді (-еді, -інті, -ген, -ер), (сенің) бар-ғы-ң кел-еді (-ді, -інті, -ген, -ер), (сіздің) бар-ғы-ңыз кел-ер (-ді, -інті, -ген, -ер), (оның) бар-ғы-сы кел-інті (-ді, -ген, -еді, -ер), (біздің) кет-кі-міз кел-ген (-ді, -еді, -ер, -інті), (сандердің) кет-кі-лерің кел-ді және т.б. Демек, қалау райдың бұл түрі тәуелдік жалғауы жалғанып жіктеледі.

2. Шартты рай тұлғасына (-са/-се) игі еді сөздерінің жіктеліп келген түрімен тіркеседі. Мысалы: (мен) алсам игі еді, (сен) алсаң игі еді, (сіз) алсаңыз игі еді, (ол) алса игі еді.

3. Етістіктің негізгі және туынды түбіріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына -ғай/-гей, -қай/-кей жүрнағы жалғанып, жіктеліп келіп жасалады. Кейде -ғай/-гей, -қай/-кей тұлғалы етістік жіктеліп, келген еді көмекші етістігімен тіркесіп те қалау рай жасалады.

**2-тапсырма.** Төменде берілген өлең жолдарын оқып шығыңдар.

Атадан ұл туса игі,
Ата жолын куса игі.
Өзіне келер ұятын
Өзі біліп тұрса игі.
Жаудан бұқкан немені
Ортасынан куса игі!

Төле би

Әрқашан андағайсын,
Орынсыз, өтірікке нанбағайсын.
Ойланбай алдау сөзге сене көрме,
Тегінде, шының жолын қамдағайсын.

Шәкәрім

Жыл келді,
Жақсылықпен өтсе иғі еді,
Жоғалыш жамандықтар кетсе иғі еді.
Ансап жүрген, жете алмай шаршап жүрген,
Ак канат куанышым
Жетсе иғі еді!

M.Макатаев

A Етістіктерді тауып, қай райда тұрғанын анықтаңдар. Қалау райдың жасалу жолдарын көрсетіндер.



3-тапсырма. Қалау рай тұлғасындағы етістіктерді тауып жазып, талдандар.

1. Оның көзінше Торғынға бір де сөз айтқым келмеді. 2. Байдың тұжырымына Кәрімнің кайта жауап бергісі келген жок. 3. Бұл хабарды Омархан әкесі Әуезге айтқанмен, Мұхтарға сездіргісі келген жок. 4. Сол ілтипатын жасырғысы да жок. 5. Қыздың бүтін Абайдан сыр іріkkісі келмеді. 6. Сонда да менің кайтқым келмеді. 7. Осы бір бүйіғы отырған орнынан қозғалғың келмейді. 8. – Кет деймін, ажалыннан бұрын өлгің келмесе, – деп Қасымбек Арынды кеудеден тағы итеріп қалды. 9. Шынғыс қарсы сөз айтпады және айтқысы да келмеді.



4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті есімдіктерді қойып жазындар.

1. ... этноауылға барғым келіп отыр. 2. ... Алатауға барғым келеді. 3. ... Қазақстанның қандай жерлеріне барғыларың келеді? 4. ... көнілің қаласа, барғайсың! 5. ... жұмысты аяқтағың келеді. 6. ... отандық фильмдерді тамашалағым келіп жүр. 7. ... тезірек кайтқысы келді. 8. ... үйгыр музыкасын тындағым келеді. 9. ... кәріс театрға барғыларың келе ме? 10. ... ешқайда да барғылары келмейді. 11. ... казақ театрларының әлемге танымал болғаның қалағайсың. 12. ... уақытында барсак иғі еді!



5-тапсырма. «Әлем елдеріне саяхат жасағым келеді» тақырыбына матін құрап жазып, қандай әлем халықтарының мәдениетімен танысқыларың келетіндігі жайында ақпарат беріндер.



6-тапсырма. Кім көп табады? Қалау райдың үш жасалу жолына театр тақырыбына қатысты үш сөйлемнен құрандар.

7.6. ДОС ПЕЙЛДІ ДОСТЫҚ ҮЙЛЕРІ

Іші бүтін емес елдің сырты да бүтін болмайды.

Нұрсұлтан Назарбаев

Бұгін сабакта:

- мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, айтылған ойды жалғастыру арқылы ауызша еркін сөйлеуді дамытамыз;
- етістік райлары бойынша тапсырмаларды орындау арқылы өткен тақырыптарды қайталап, бекітеміз;
- сөйлем ішінен етістіктің райларын табамыз, етістік тұлғаларына морфологиялық талдау жасаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Казіргі уақытта Қазақстанның әр каласында халықтың қоғамдық және мәдени өміріне атсалысатын, бірліктің бесігіне айналған Достық үйлері ашылуда. Бұгінде Қазақстанның 10-нан астам каласында Достық үйі ғимараттары бар. Олар: Алматы, Астана, Өскемен, Павлодар, Актөбе, Шымкент, Атырау, Талдықорған, Тараз, Орал. Соңғы Достық үйі 2016 жылы Орал каласында ашылған. Ал үлттардың мәдени ордасына айналған Достық үйінің алғашкы карлығашы Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен каласында 1992 жылы жұмысын бастаған. Одан өзге Алматы каласында бір республикалық Достық үйі калыпты жағдайда жұмыс істейді. Ал Астана каласындағы Достық үйінің қызметін Бейбітшілік және келісім сарайы аткаруда. Алдағы уақытта Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Манғыстау облыстарында Достық үйлері салынатын болады.



Б.Дәулетбақов



А Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. «Достық үйлері» дегеніміз не?
2. Қазақстанның қай калаларында Достық үйлері бар?
3. Астана каласындағы Достық үйінің қызметін қай сарай аткаруда?
4. Алдағы уақытта қай облыстарда Достық үйі ашылмак?



Ә «Дос – көңілдің күмбезі» тақырыбына эссе жазындар.



Б Мәтіндегі етістіктердің қай тұлғада тұрғанын анықтаңдар.



2-тапсырма. Тәменде көріс ақыны Ен Сен Неннің өлеңі берілген. Мәнерлеп оқып, ақынның толғанысын сипаттаңдар.

1937 жыл еді.

Пойыз жүйткіп келеді .

Терезеден түрмyn карал таңдана:

Дала, дала, кең дала.

Содан кейін азаптан **торыкканым** есімде,

Содан кейін казактарға жолыкканым есімде.

Құшак жайып қарсы алғаны есімде,

Құрмет кылып ән салғаны есімде.

Жок, ұмытпан ,

Ұмыта алман жандарды ол,

Достықтың отымен жүргегімді жылытқан.

Қазақстан! Гүлстан! Ғажапстан! Күнстан!

Жеттім сенде арманыма аңсаған.

Қарыздармын. Бас иемін мен саған!

Бас иемін сенде туып,

Сенде ержетіп оқыған,

Саған келіп, ес жинаған өзімдей

Кәрістердің атынан !



А Ашық райдың қай шақта тұрғанын табындар.



Ә Қарамен берілген етістіктерді жазып, қай райға жататынын анықтаңдар.



3-тапсырма. Етістіктерді рай түрлеріне қарай ажыратып жазындар.

1. Бетін бұлғанса, су тазартады.
2. Бөгемендер, жол беріндер (*F.Mұст.*).
3. Ерлік белгі көрсеткісі келгенмен, Қожантайдың өзі де ойға қала бастады (*C.M.*).
4. Осылар айта берсе екен, араласа берсе екен.
5. Көнілдегідей орындаш шықса, жауынгерлерге де сыйлық берілсін (*F.Mұст.*).
6. Аскар оянса, үйкесі қанып, денесі сергіп қалған екен (*C.M.*).
7. Топырақ жұмсак, майда болса, дән еркін еседі.
8. Мұныныз ілімге сәйкес келсе иғі еді.
9. Қарсыласуға, тіпті тоқтатып қоюға еркі бар.
10. Сенің де айтқаның болсын (*F.Mұст.*).

Бұйрық рай	Шартты рай	Қалау рай
Жекеше	Көпше	1-жак
		2-жак
		3-жак



A Етістіктердің негізі мен қосымшаларын ажыратындар. Көмекші сөздерді анықтаңдар. Жақ көрсеткішін көрсетіндер.

4-тапсырма. Етістіктердің қай рай тұлғасын қабылдан тұрғанын айтындар.

1. Жаксының жақсылығын айт, нұры тасысын! (*мақат*). 2. Асып бара жатсан, елінмен беліс. 3. Күнін барда, күліп жүр! 4. Қазактың үміті акталмаса, елде тыныштық сақталмайды (*М.Жолд*). 5. Тату елдің тамағы **таусылмайды**. 6. **Барайықшы** жылғаға, барайықшы жылғаға, барайық та жылғаға, тебейікші сырғанак (*M.M.*). 7. Менің оны білгім келіп тұрған жок еді (*F.Myc.*). 8. Басы биік ак шынға, шынар болғым келеді. Жаны биік жақсыға, сынар болғым келеді (*K.B.*). 9. Таза ойлап, татулық іс табалық! 10. Жау жокта, тіпті жауды **сағынбалық!** (*Шәкәрім*). 11. Сайлауга келген ұлық әуелі сол сайлау жағынан бастаса иғі еді! (*M.Ә.*) 12. Ұрыс ырысты кашырап, Үйнтымақ белге асырап (*мақат*). 13. Халықтың ұлы болмасан, менің де ұлым емессін (*K.M.*). 14. **Бұлінгеннен** бұлдіргі алма (*мәтеп*).



A Қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жасандар.



5-тапсырма. Төменде Шәкәрімнің өлеңдерінен үзінділер берілген. Бүйрық райлы етістіктерді қалау райға, ал шартты райлы етістіктерді ашық райға айналдырындар.

- | | |
|---|--|
| 1. Енді есінді жисаншы,
Манаң тауға сыйсаншы.
Аласұрып аптықпай,
Бұл жалғанды қисаншы. | 3. Бойды ашуға билетте,
Басынан жаман үйретпе.
Адырайып, аптығып,
Бір жерінді күйретпе. |
| 2. Бұл насиҳат тыймаса,
Ойыңа сөзім сыймаса,
Дағдыны көңілің қимаса,
Жалмауыз бол да жардан без! | 4. Ақылдан адас қалмайын,
Дәлелсіз сөзді алмайын,
Бос жетекке бармайын. |



6-тапсырма. Абайдың он төртінші қарасөзінен үзіндіні мұқият тыңдал, мәнін түсініндер.



A Үзіндіден рай түрлерін анықтаңдар.



7-тапсырма. Мұхтар Әуезовтің мәдениетті адам туралы айтқан сөзін талдан, өз ойларынды айтындар.

Кімде-кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

Мұхтар Әуезов

ДҮРЫС ТАМАҚТАНУ. ГЕНДІК ӨЗГЕРИСКЕ ҰШЫРАҒАН ТАҒАМДАР

8.1. ДҮРЫС ТАМАҚТАНУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПЛІ

Ас – адамның арқауы.

Мақал

Бұған сабакта:

- дұрыс тамақтану тәртібі туралы ақпарат беретін мәтінді оқимыз, сөйлемдерге кешенді талдау жасаймыз;
- еліктеу сөздермен танысып, ережесін оқып түсінеміз;
- матіннен еліктеу сөздерді теріп жазып, мағыналарын түсінеміз;
- еліктеу сөздерді қатыстырып сөйлем құрауды үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Тамакты шамадан тыс көп жеу сыркат әкелетінін бұл күнде елдін бәрі жақсы түсінеді. Тамақтануға мынадай кеңестер беруге болады.

Бірінші кеңес. Тамақты аздал, бірақ жиі-жіі ішу керек. Жатарда тоғып тамақтануға болмайды. Тамақтану тәртібі: таңертенгілік 7-8-де – танғы ас, сосын 11-12-де – екінші танғы ас. Екіншісінде алма, азғантай піскен ет, **көгөніс** жеген дұрыс. Түскі 1-2-де жақсылап түскі ас ішу керек. Күндізгі 4-5-тер кезіндегі **түстікке** бір кесе шырын болмаса айран ішкен дұрыс. Кешкі ас жетіде. Жатар алдына алма, сәбіз немесе апельсин жеп, бір кесе аса тәтті емес шырын ішу керек. Осы айтқандарды

күні бойына **бұлжыппай** орындаған адам карнының ашканын сезбейді. Дастарқан басына отырғанда да аз тамаққа қанағаттанады. Бірінші кеңесте орындалуға тиістісі – жатар алдындағы тамақтану. Түнгі мезгілде зат алмасу, әсіресе май алмасу өте **баяу**, аз болады. Май аз **қышқылданыш**, оның көп бөлігі тері астына жиналады. Осыдан сактанауымыз керек.



Екінші кеңес. **Күнарлылығы** жоғары майлар тамактарды мулде азайту керек. Тамакпен бірге адам бойына сінетін қуат мөлшері кайта жұмсалатын энергия **мөлшерінен** аспауды керек. Соңдықтан тәтті тағамдарды, тоқаштарды, наң өнімдерін, балмұздакты аз жеген дұрыс. Сонымен катар тәтті шырындарды іше беруге болмайды. Есінізде болсын, казіргі фанта, пепси-кола сияқты сусындардың кұрамында 40 пайыз кант болады. Сонымен катар картопты, күріш өнімдерін де аз қолданыңыз.

Fatalitor беттерінен



A Мәтінде қандай тамақтану тәртібі берілген? Оndaғы негізгі ойды 2 сөйлемге сыйдырып айтыңдар.



Ә «Қазіргі уақыт тапшы заманда адамдар дұрыс тамақтанып жур ме?» тақырыбында өз ойларынды ортаға салыңдар.



Б Осы айтқандарды күні бойына бұлжыттай орындаған адам қарнының ашқанын сезбейді деген сөйлемге кешенді талдау жасандар.



В Қарамен берілген сөздердің түсіндірмесін жазып келіңдер.

ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕР

Еліктеу сөздер – табиғаттағы құбылыстар мен жан-жануарларда болатын әр алуан дыбыстарға және олардың сын-сипат, қимыл-әрекеттеріне еліктеуден туған сөздер. Мысалы: *арс, гұрс, арс-ұрс, жалт-жұлт, күрт, шырт, дүңк, бол, митың-митың, салаң-сұлаң, даңаң-даңаң, қалт-қалт* т.б.

Қазақ тілінде еліктеу сөздердің екі түрі бар:

1) еліктеу есту арқылы пайда болған еліктеуіш сөздер: *тарс-тарс, салдыр-гүлдір, дыр-дыр, гұрс, шолл,*

2) еліктеу көру қабілеті арқылы пайда болған бейнелеуіш сөздер: *жалт, жарқ, лып, көлбен, ербен-ербен.*

Еліктеу сөздер құрамына қарай *дара* және *күрделі* болып бөлінеді.

1. *Дара* еліктеу сөздер – бір ғана түбірден (негізгі, туынды) жасалған негізгі сөз. Мысалы: *тарс, күмп, жымың, тұрс, кұрс, жылт, жалт* т.б.

2. *Күрделі* еліктеу сөздер – екі сөздің қосарланынан және қайталанынан жасалған немесе көмекші етістікпен тіркесіп жасалған сөздер. Мысалы: *тарс-тұрс, қисаң-қисаң* т.б.



2-тапсырма. I. Жансүгіровтің шығармаларынан берілген үзінділерден еліктеу сөздерді табыңдар.

1. Күйшінің шыбыны ұшты, қалш-қалш етті.
Шығарып самайынан шып-шып терді.

2. Қобызшы – ол «Ақ көбікті» аныраткан,
Боздатып «Бозінгенді» күніренткен.
Қобызшы – ол «Кек көбекті» күрілдеткен,
«Дұлдулін» Ер Әлінің дүрілдеткен.

«Күйші» поэмасынан

3. ...Тасты тұздай кемірсе,
Тауды мұздай жемірсе,
Ыргалса,
Сықыр, сықыр, сықыр...
Козғалса,
Шықыр, шықыр,
Опырса,
Күтір, күтір, күтір...
Шайнаса,
Қытыр, қытыр, қытыр...
Күйсесе,

Күрс, күрс, курс...
Жолдас-ау, бұл неткен күш?
Бұл – асыл құрыш
Алып күш...
– Тауды таусап
Батыр, батыр, батыр,
Тасты асап
Қатыр, қатыр, қатыр,
Мұның аты?
– Экскаватор...

«Экскаватор» өлеңінен



A Дара және қурделі еліктеу сөздерді тауып, бөліп жазындар.



3-тапсырма. Еліктеу сөздерді сәйкестендіріп жазындар.

Улгі: Су бұрқ-сарқ қайнап жатыр.

Қымыз ... післіде.

курт-курт

Қазан ... қайнауда.

сарт-сұрт

Саба ... післіп жатыр.

бұрқ-бұрқ

Қабырға ... сөгілді.

курт-күрт

Сәбіз ... етеді.

булк-бұлк

Ет ... піспіп жатыр.

кумт-кумт



4-тапсырма. Берілген еліктеу сөздерді қолдана отырып сөйлем құрандар.

Сатыр-сұтыр, шып-шып, шик-шик, зу-зу, селк, жылп-жылп, гұрс,
сарт-сұрт, қытыр-қытыр, қатыр-құтыр, тарс, құнк-құнк.



A Жоғарыдағы еліктеу сөздерді тиісті етістіктермен байланыстырып жазындар.

Улгі: Сарт-сұрт құлау, қатыр-құтыр сыну.



5-тапсырма. Бос орынға еліктеу сөздерді қойындар.

1. Құн ... күркіреп, ... жанбыр жауды. 2. Төбеден ... тамшы тамыш түр. 3. Қымыз ішіп, ... күліп отыр. 4. Ақбекен жылкы ауызды-

тын ... шайнап жұтынып тұр. 5. Конактар келіп еді, ауыл адамдары ... болып қалды, кен дастаркан жайды. 6. Кеш ... кеңжекке асып барады. 7. ... еткен текені кар жауғанда көрерміз. 8. Құшактағы сәбіп ... үйіктап жатыр. 9. Үй алдындағы ит ... етіп, коранын артына қашып кетті. 10. Қиғен кейлегі ... етіп жыртылып кетті.

Еліктеу сөздер: шатұр-шұтыр, пыс-пыс, сатыр-сұтыр, тырс-тырс, бақ-бақ, қанқ, карқ-карқ, дар, апыл-купыл, ұбап-шұбап, абыр-сабыр, карш-күрш .



6-тапсырма. Кім көп табады? Тамактану сезіндегі әріптерден сөздер құрандар.

8.2. ДАСТАРҚАН ТӘРБИЕСІ – ДӘМ-ТҰЗ КИЕСІ

Ас иесімен тәтті.

Мақал

Бұғын сабакта:

- дастарқан әдебі туралы ақпарат алып, мәтіндегі ойды жалғастырып айтамыз;
- мәтіннен еліктеуіш сөздерді ажыратамыз;
- сейлеуде және сейлемде қолданылатын еліктеуіш сөздерді ажыратуды үйренеміз;
- еліктеуіш сөздердің жасалу жолдарын анықтаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазақ халқы да стар қан мен дәм-тұзды ерекше кастерлеп, кадрлайді. Дастарқан мен нанды және тұзды «кнесі атады» деп баспайды. Дастарканды **құт-береке**, бақыт-байлық, **ырыс-ынтымактың** ұйыткысы, нанды адам арқауы, тіршілігінің тірегі деп қарап, қандай жерде азықтанса да, ен алдымен, «бісміллә» деп дастарқан жайып барып азықтанады.

Әдетте, әрбір отбасы асқа отырар алдында кол жуады. Онаң соң дастарқан жайып, отбасы мүшелері түгел жиналышп, жас мөлшеріне қарай төрден бастап дастарканды айнала отырып тамактанады. Шайды сол үйдің әйелі, кызы немесе келіні құйып беріп отырады. Конак келсе, оған жасы мен жолына қарай төрден немесе өзіне лайықты жерден орын береді.

Қазақ халқы дастарқан тәрбиесіне ерекше мән берген. Асқа отырганда әркім өзінің жасына, жолына қарай лайықты жерде

малдас күршіп отырган. Басқалардың алдында тағамға озбырланып кол созбау, тамакты олай-бұлай араластырмау, дастаркан үстінде шаш тарап, айнаға карамау, тамакты ағызып-тамызып, **төгіп-шашипау** қажет. Ас үстіне келген адамдарға дәм татқызып, үлкен кісілер келсе түршіп орын беру, елдің ас-тағамына мән, сын такпау, басқалар тамак ішіп жатқанда «болдым» деп орнынан түршіп жүріп кетпеу, жата қалмау, теріс карап отырмау, дастарканға бата жасалған соң түру сияқты **жөн-жоралғылар** үйретіледі.

«Тал бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан



A Дастарқан тәрбиесі дегенді қалай түсінесіндер? Мәтіндегі ойды жалғастырындар. Ондағы негізгі және қосымша ақпаратты ажыратындар.



Ә Онан соң дастарқан жайып, отбасы мүшелері түгел жиналып, жас мөлшеріне қарай төрден бастап дастарқанды айнала отырып тамақтанады деген сөйлемге синтаксистік талдау жасандар.



Б Мәтін бойынша дастарқан тәрбиесіне жататын әдептерді санамалап айтындар.



В Мәтінде қарамен берілген қос сөздердің мағынасын жазындар.

ЕЛІКТЕУІШ СӨЗДЕР

Еліктеу сөздер мағынасына қарай екі үлкен топқа бөлінеді: *еліктеуіш сөздер* және *бейнелеуіш сөздер*.

Еліктеуіш сөздер деп табиғатта ұшырасатын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-біріне қақтығысу-соқтығысуларынан туатын дыбыстарды, сондай-ақ жан-жануарлардың дыбысталу мүшелерінен шығатын әртүрлі дыбыстарды есту қабілеті арқылы белгілі түсініктер ретінде қабылдаудан қалыптасқан сөздерді айтамыз. Мысалы, мылтық *тарс етті*, қарға қарқ *етті* деген сөйлемдерді алсақ, ондағы *тарс* деген сөз мылтықтың атылуынан туған дыбыстың атын білдірсе, қарқ деген сөз қарғаның дыбыстау мүшесінен (қарқылдауынан) шыққан дыбыстың атын білдіреді. Мысалы: *тарс-тұрс етті*, *дүңк-дүңк етті*, *ырс-ырс етеді*, *сарт-сұрт болды*, *шаң-шұң болды*, *арс-арс етеді*, *қорс-қорс етеді* және т.б.



2-тапсырма. Өлең жолдарынан еліктеуіш сөздерді табындар.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екенбіз?

Ақтамберді жырау

Кұлыштар шінгір-шінгір кісінесіп,
Ойнақтап тұяғымен көтерді шан.

Ә.Сәрсенбаев

Іргалып карқ етті,
Ірімшік жерге салп етті.

Абай

Солқ-солқ етіп бүйірі,
Жер дүрсілдеп қозгалған.

С.Мәзленов

Қырда боран бұрк-бұрк-бұрк.

Л.Жансүгіров



A Дара және күрделі еліктеуіш сөздерді бөліп жазындар.



Ә Еліктеуіш сөздердің дыбыстық құрамын анықтап, оның дыбысқа қатысын айттындар.



3-тапсырма. Төмендегі мақал-мәтелдерді аяқтап жазындар.

Жүй ріктен жүйрік шыкса, аяғы ... етеді.

Жерді ұрсан ... етеді.

қанқ

Итті ұрсан ... етеді.

танқ

Шыбық тимес ... етер.

сарқ

Қағанағы – қарқ, сағанағы –

шыңқ

тытыр-тытыр

шыж-быж

Мың сіз-бізден

Бір ... артық.



4-тапсырма. Еліктеуіш сөздерді тауып, мағынасын түсіндіріңдер.

1. Тайынш а тайғанақтап барып, тыран ете түсті.
2. Шетебай зілдей саптама етігімен сылқ еткізіп теуіп ояты.
3. Үйдегілер тегіс есік жакқа қарап, елең ете калысты.
4. Өрт шарпыған ағаш үйдің ішінде шыр-шыр етіп әйелі, жалғыз баласы қалған.
5. Бермеймін демеймін-ау, салдыр-гүлдір журісіннен коркамын.
6. Қазан шымыр-шымыр қайнап жатыр.
7. Бастығым мырс-мырс күлді .



A Тапқан еліктеуіш сөздердің мағынасын анықтап жазындар. Сөйлемге олар қандай мән-мазмұн беріп тұр? Мәселен, мырс-мырс күлу дегеніміз – кекету, біреуді тәмен көру, жақтырмау дегенді білдіреді.



5-тапсырма. Суретке қарап, еліктеуіш сөздерді қатыстырып сөйлем құрандар.



6-тапсырма. Жұмбақты шешіндер.

- | | |
|--|---|
| 19. Жылт-жылт еткен,
Жырадан өткен. | 23. Қара бием калт етті,
Қабырғасы жалт етті. |
| 20. Жай гана сарт етіп жабылады,
Іздегенін ішінен табылады. | 24. Сырт-сырт еткен дыбысы,
Ояту онын жұмысы. |
| 21. Ток-ток етіп тамағын,
Ағаштан іздең табатын. | 25. Аспай піскен,
Қайнамай түскен. |
| 22. Ұзын мұртты сарылар,
Қойнында наны бар. | 26. Тікен, тікен тік пісте,
Қысы-жазы бір түсте. |

8.3. ДҮРҮС ТАМАҚТАНУДЫҢ БАСЫ – ТАЗАЛЫҚ

Тазалық – саулық кепілі.

Мақал

Бұгін сабакта:

- тамақтану гигиенасы жайында ақпаратпен танысып, мәтіндегі негізгі ойды екі-үш сөйлемге сыйдырып айтамыз;
- бейнелеуіш сөздердің ережесімен танысамыз;
- мәтіннен бейнелеуіш сөздерді табамыз;
- бейнелеуіш сөздерді сөйлеу кезінде қолдануды үйренеміз;
- бейнелеуіш сөздер мен еліктеуіш сөздерді ажыратамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Казак халқы ас-су, азық-тұлік тазалығы тәрбиесінде үрпактарына «Тазалығын жақсы болса, денін сау болады», «Лас су ішіп, бұзылған тамақ жеген – аурудан айықлас», «Ауру мен дергін анасы – ластық», «Кол мен ауызды жумай ас ішкенін – тас ішкенін» деп сусын мен азық-тұлік тазалығына мұннат қараған. Тіпті «Тазалығы жоктан ар-ұят сұрама» деп тазалықты ар-ұятпен сабактастырыған.

Бұл тәрбиеде казак халқы перзенттеріне ас-тағам әзірлейтін кезде немесе түйе, қой, бие, **сиыр** сауу алдында колды, ыдысты таза сумен жуып, онан соң ас-су әзірлең, мал сауу керек екендігін үгындырады. Асқа отыратын кезде міндетті түрде кол жуып, онан соң ас ішілетіндігін, қонақ келсе қолына **су құйып**, таза орамал ұсыну кажеттігін етжей-тегжейлі үйретеді.

Казак халқы ауызсу тазалығына да ерекше көніл бөлген. Үрпактарына таза бастау, бұлак сулары мен құдым суларын пайдалануды үйретіп, лас, жарамсыз суларды пайдалануға қатаң тыбым салған. Ас-тағамдарды таза колдану, **ет-сүтті әбден пісіріп** барып пайдалану, тамактын алдында, сонынан кол жуып, ауыз шайқау, азық-тұліктердің бетін ашық-шашық тастамай жауып жүру, тісті аршадан басқа нәрсемен шұқымау, түрегеліп жүріп, жатып, жүрелеп отырып ас ішпеу және тамақ ішесінде салып жата кетпей сиякты толыш жатқан ғылыми қагидаларды түсіндіріп, үрпактарының таза, ретті азamat болып жетілуіне күш салады.

«Таз бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан



A Мәтіндегі негізгі ойды екі-үш сейлемеге сыйдырып айтындар.



Ә Мәтін бойынша келесі ойлардың қайсысы дұрыс, ал қайсысы бұрыс?

	Нә. дұрыс	Жоқ дұрыс емес
Азық-тұлік, тамактын аузы ашық тұруы кажет.		
Тазалығы жоқ адам ұяттың не екенін бітмейді.		
Тазалықты ар-ұятпен салыстырыған.		
Тағам дайындар алдында колды жуу кажет.		
Асқа отырап алдында кол жуудын кажеті жоқ.		
Тамакты жатып ішу керек.		
Азық-тұліктің бетін ашық-шашық тастамау керек.		
Келген қонактың қолына су қую керек.		



Б Үрпақтарына таза бастау, бұлақ сулары мен құдық суларын пайдалануды үйретіп, лас, жарамсыз суларды пайдалануға қатаң тыыйым салған деген сөйлемге синтаксистік талдау жасандар.



В Мәтінде қарамен берілген сөз тіркестері білдіретін іс-қимылдардың дыбыстық ерекшелігін ескере отырып, сایкес еліктеуіш сөздерді табындар.

Улғи: Сыңыр сауу күрп-күрп

БЕЙНЕЛЕУІШ СӨЗДЕР

Еліктеу сөздердің тағы бір түрі – **бейнелеуіш сөздер** айналадағы заттар мен құбылыстардың бейнесін сипаттаумен байланысты.

Бейнелеуіш сөздер табиғатта кездесетін белгілі құбылыстарды көзben көру арқылы туатын түсініктердің аттарын білдіреді. Мысалы, *Ырғалып қарға қарқ етті, ірімшік аузынан салп етті* деген сөйлемдердің екіншісінде *салп* деген сөз дыбысты емес, қарғаның аузынан ірімшіктің жерге қарай түсіп бара жатқан я түскен кезіндегі көрініс елесін, сол көріністің бейнесін білдіреді. Мысалы: *жалп етеп түсті, жалт қарады, қалт етті, ербен өтті, маң-маң басты, жалт-жұлт етті, жылт-жылт етті, жарқ-жүрқ етті, далаң-далаң жүгірді* т.б.



2-тапсырма. Бейнелеуіш сөздерді табындар.

Шұнан-шұнан, шұнан қағып,
Жүтіреді ак лағым.

3.Қаталуова

Балпан-балпан, балпан басып,
Екі көзін әрен ашып.

Ә.Тәжібаев

Ереулі атка ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Енку-енку жер шалмай...
...Ерлердің ісі бітер ме?

Махамбет



А Дара және күрделі бейнелеуіш сөздерді бөліп жазындар.



3-тапсырма. Еліктеуіш сөздер мен бейнелеуіш сөздерді екі бөліп жазындар.

Арс, дүрс, арсалан-арсалан, ырс, барқ, шанқ-шұнқ, қанғыр-құнғыр, ербелен-ербелен, батыр-бұтыр, қайқан-қайкан, гұрс,

ыржын-тыржын, митын-митын, қорс, жалт-жалт, жалт-жұлт, қылқ, қалт-құлт, канқ-канқ, шырт, қызарап-қызарап, қайқан-қүйкан, бүтжен-бүтжен, жалп, желп, күнк, манқ-манқ, салаң-сұлан, ербен-ербен, тасыр-тұсыр, сылтын-сывлтын, жапыр-жұпыр, бажан-бажан.



A Еліктеуіш және бейнелеуіш сөздердің қандай жүрнақтар арқылы жасалып тұрғанын анықтаңдар.



4-тапсырма. Үндестік заңы тақырыбын еске түсіре отырып, төмендегі еліктеу сөздердің жінішке нұсқаларын тауып жазыңдар.

Жуан	Жінішке
1. Адыран-адыран	1. Едірен-едірен
2. Қарш-қарш	2.
3. Жалп-жалип	3.
4. Шанқ	4.
5. Багжан-багжан	5.
6. Арбан-арбан	6.
7. Дыр-дыр	7.



5-тапсырма. Суреттерге қарай отырып, қай жануарға қандай іс-әрекет келеді, соған сәйкестендіріп сөйлемдер құрандар.

Улғи: Аю корбан-корбан етеді.



Оқынға, қызық!

Казак мифологиясында «Арсалаң» деп аталатын кейіпкер бар. Арсалаң – «Алаңғасар» деп аталатын өтө қайратты, айтқан сөзінде тұратын алып дәудің баласы. Арсалаң – асқан күштің иесі ғана емес, ерекше қырсық жан. Арсалаңның қырсықтығын «Сенің не өнерің бар, өзің таудан үлкенсің?» – деген хан ұрағына: «Бүйрық болса, орындаймын. Бірақ көнілім қаласа», – деп берген жауабынан да байқаймыз. Ел арасында «арсаландал алдынан шықты», «арсалаң күлкісі бар», «арсалаң-арсалаң етіп» деген бейнелі сөздер әлі күнге кездеседі. Бала мінезді, кісінің көнілін қалдырмайтын, қалбақтаған жарқын адамды «арсалаң» деген теңеумен бейнелеп жатады.

«Қазақтың миғтік кейіпкерлері» кітабынан

8.4. ЖЕЙТІН АСЫҢ КӨП БОЛСЫН, ЗИЯНЫ ЖОҚ БОЛСЫН

Жер асыңдан жемес асың көп болсын.

Мәтел

Бұгін сабакта:

- ас ішу мәдениетіне қатысты ақпараттармен танысамыз, ұрақтарға жауап береміз;
- еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметімен танысамыз;
- еліктеу сөзінен жасалатын өзге сөз таптараты туралы білеміз;
- еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметін анықтаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Асты дұрыс шайнау қажет

Тамақ ауыз ішінде небәрі 10–30 секунд қана болады. Тамақтың майдалануы оны жүтуды оңайлату үшін ғана емес, бәрінен бұрын оның аскоритту сөлдерінің ферменттерімен араласуын жаксарту үшін керек. Тамақ негұрлым жаксы майдаланса, ферменттермен соғұрлым жақсы араласады.

Тамак нашар шайналған кезде корыту процесі ұзып, ас корытатын сөлдердің тым көп бөлінуін керек етеді. Бұның өзі деңсаулықка жайсыз әсер береді. Сондыктан тамакты әбден шайнап дағдылану керек.

Тістін арасында ұзак қалған тамак, әсіресе құрамында қантты барлары микробтардың көбеюіне, тісжегінін пайда болуына әкеледі. Сондыктан тамак ішкен сайын ауызды жаксылап шайып, жатар алдында тісті тазалау керек. Жарамсыз тісті жұлуға тұра келсе, оның орнына дереу тіс салғызу керек. Сау тістер асты дұрыс корытуға көмектеседі.

Сілекейдің мөлшері мен оның құрамы тамактын сапасына көп байланысты. Адам күніне қанша сілекей бөледі? Орта жастағы ересек адам бір жарым литрге жуық. Айтпакшы, күйіс қайыратын малдар бөлетін сілекеймен салыстырғанда бұл мөлшер мүлдем аз көрінеді. Мәселен, жылды тәулігіне 40 литрден 60 литрге дейін, яғни 5 шелекке жуық сілекей бөледі екен.

B.B.Павлов



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

- Неліктен ауызға тускен асты ұзак шайнау кажет?
- Неге тамактын алдында және тамактан соң ауызды шаю керек?
- Адам мен жануарлардағы сілекейдің бөлінісі қандай?



Ә Мәтін бойынша тірек сөздерді жазындар. Бір бағанға тек зат есімдерді, ал екінші бағанға етістіктерді жазындар.

Зат есімдер	Етістіктер



Б Мәтіндегі ақпарат қай салаға қатысты? Ондағы фермент сөзі нені білдіреді? Ол қандай сөз? Кірме сөздерді аударуга бола ма? Аударылып алынған қандай сөздерді білесіндер? Осы айтылғандар жайында ойларынды ортага салындар.

ЕЛІКТЕУ СӨЗДЕРДІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Еліктеу сөздер негізгі я туынды түбір күйінде де, қосарланып я қайталанып курделенген күйінде де көбінесе көмекші етістікпен, кейде негізгі етістікпен тіркесіп жұмсалады.

1. Еліктеу сөз көмекші етістікпен тіркесіп қолданғанда көбіне курделі баяндауыш құрамында жұмсалады немесе етістіктің әртүрлі түлғасында келіп басқа да қызмет атқарады. Мысалы: *Жаппамыз теңселип тұрғандаи, астымыз дір-дір етеді (F.M.)*. Қасқыр тыпырлап жатқан қозыны көре сала,

ыр етіп барып бас салды (М.Ә.). Қалт еткенді аңдып отыр. Оның сөзіне елең еткен адам болмады.

2. Еліктеу сөздер қайталанып келіп негізгі етістікке тіркесіп, қымылдың амалын, бейнесін білдіріп, пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: Колхоздың қара сабалары күмп-күмп пісілді (F.M.). Ардақ томп-томп желеді, екі үртүбұлк-бұлк қозғалады (F.M.). Бұл мысалда еліктеу сөздер қымыл пысықтауыш болып тұр: қалай пісілді? – күмп-күмп, қалай желеді? – томп-томп, қалай қозғалады? – бұлк-бұлк.



2-тапсырма. Тәменгі сөздерді кестеге орналастырындар.

Күбір, дүнк, тырс, гұрс, қалбалак, шінк, кенк, бұлк, зу.

Дыбыстың не қимылдың бір рет болатындығы	Етістікке айналдырып айтуды	Косарлап айтуды
кор (етті)	корыллады	кор-кор етті
дар (етті)	дарыллады	дар-дар етті



A Берілген сөз тіркестерін еліктеу сөздерге айналдырып жазындар.

Тамшының дыбысы



тырс

Жетелдін түрі



Дыбыстың катты шығуы



3-тапсырма. Еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметін анықтаңдар.

- Балпан-балпан байлар ет жеп, калтан-калтаң кедей дерт жеп.
- Оған жалт етіп карамай тұра алған жок.
- Жігіт селк етті, денесі шымыр етті.
- «Сейіт» деген дауыска селт етіп, жалт карады.
- Аяғында гұрс-гұрс еткен керзі етігі бар.
- Сол-ак екен, жанама бойында гу-гу, пыш-пыш әнгіме коздап жүре берді.
- Айжан салдыр-гүлдір дыбысты естіп жүтіріп келді.
- Қорықканымнан жүрегім зу ете түсті, сұық тер бұрк етті.
- Маны ығы-жығы адам.
- Қойқан-кайқан етіп кораны екі-үш айналып шыкты.

Есте сақтаңдар!

• Еліктеу сөздер көмекші етістікпен тіркесіп, курделі мүшенің құрамына кіреді. Ал жеке тұрса, сөйлемде көбінесе пысықтауыш, анықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: Мырс етіп күлді. Бұлк-бұлк желіс. Ол кілт бұрылды.



4-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, синтаксистік талдау жасандар.

1. Тұнерген қалың қара ағаштың іші. Әуемен таласқан биік ағаштар басын төмен салып тұнжырап тұр. Сартылдаш жауған күзгі жанбырдың екпінімен бас сілкіп, жер солқылдатқандай салмақ-пен сілкініп қояды. Жазғытұрымғыдай орман іші де, шалғынды да лалар да, ауыл мандары да у-шу болып жатқан жок. Сымпылдаш үшіп, шанқылдаған, бұтқатан-бұтқакқа конып, шаты дауыстарымен сайраған түрлі құстардың ән мен күйлері де естілмейді (С.Сейф.). 2. Тек жалғыз киялы құлакқа кеп ап-айқын соғып бір жақында, бір алыстап кететін шолпы сыйлдыры. Атқан танның ал қызыл шапағындаид үлбіреген қызыл шұғыласы. Көз алдынан сол жүз кетпейді (М.Ә.). 3. Күн ыстық. Кекшетау маны. Балқыған, кектегі шыжыған қызыл күн өткір алтын шұғыласын көктен жерге шашыратып, бүркіп, ойнап тұрғандай (С.Сейф.).



5-тапсырма. «Көктемгі табиғат» тақырыбына елкітегү сөздерді қатыстыра отырып сөйлемдер курандар.



6-тапсырма. Өлең тармақтарын сейлем түрінде жазып, синтаксистік талдау жасандар.

Кос қоян жүрген күшп,
Жел мықтап үрген күшк.
Бірде жән, бірде лағып,
Қашады зыр-зыр қағып.

K.Мырза Ән

Ормандар судыр-судыр гулесетін,
Бұлактар былдыр-былдыр тілдесетін.
Балықшы-ой шартараңты шанышқылаң,
Теренде сылдыр-сылдыр су кешетін.

Т.Айбергенов

**7-тапсырма.** Төмендегі еліктеуіш сөздерді қымыл арқылы көрсетіндер.

Жымындау, шик-шик ету, карк-карк күлу, арбандау, қалш-қалш ету, дұрс-дұрс соғу, күмбір-күмбір, майман-майман ету, күрк-күрк, бак-бак.

8.5. КЕШКІ АСҚА ҚАРАМА...

Ағайынмен ішкен ас тәтті.

Мақал

Бұгін сабакта:

- шылау сөздер ережесімен танысамыз;
- мәтіннен шылау сөздерді табуды үйренеміз;
- шылаудың сөйлемдегі қызметімен танысамыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқындар.**Танертенгі асты тастама, кешкі асқа қарама**

Қазак халқы «Ас – адамнын арқауы» деп ас-тагамды ерекше кадірлеп, кастерлейді. «Ас үстінен аттама, астан үлкен емессін» деп асты бәрінен де артық көрген. «Арпа, бидай – ас екен, алтын-күміс – тас екен» деп асты алтын мен күмістен жоғары қойған. Сондыктан да үйіне келген адамға «куыс үйден күр шықпа» деп ас-тагамын ұсынады.

Қандай адам болса да алдына ас келгенде тік отырып, одан дәм татуға міндетті. Тіпті хан болса да алдына ас келгенде алтын тағынан туғсіп, тәбеті тартпаса да одан міндетті түрде ауыз тиеді. Қазак ұғымында ешқандай адамның дәмнен бас тартуға күкі жоқ. Дәмнен бас тарту өте көргенсіздік, тәрбиесіздік саналады. Алайда қазак халқы «танертенгі асты тастама, кешкі асқа қарама» деп қандай асығыс, шұғыл шаруасы болса да, танертенгі асты тастамай ішеді. Ең болмағанда одан ауыз тиеді. Керісінше «Кешкі асқа қарағанның түні каран» деп кешкі асты бағып отырмайды.

«Тал бесіктен жер бесікке дейін» кітабынан



A Алайда қазақ халқы «таңертеңгі асты тастама, кешкі асқа қарама» деп қандай асығыс, шұғыл шаруасы болса да, таңертеңгі асты тастамай ішеді деген сөйлемді жазып, кешенді талдау жасандар.



Ә Мәтінде келтірілген мақал-мәтелдердің мағынасын ашып баяндандар.



Б Мәтінде кездесетін ауыз тиу, дәм тату, тәбеті тартпау, бас тарту, артық көру тұрақты тіркестерінің мағынасын ашындар.



В Келесі пікірлер дұрыс па, бұрыс па? Неге?

- Хан да тағынан түсіп, тамақтан ауыз тиеді.
- Дәмнен бас тарту – тәрбиесіздік.
- Кешкі асты кешірек ішкен дұрыс.

ШЫЛАУ СӨЗДЕР

Тілімізде толық мағынасы жоқ, бірақ сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөздер **шылаулар** деп аталады. Мысалы: *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды, ертегіні термек үшін* (Абай). *Жомарт қазіргісі мен келешегін салыстырып тұр* (F.Мұст.). Абай қажымаи, жалықпай, ылғи ғана ынтығып тыңдайтын (М.Ә.). Бұл мысалдардағы үшін, мен, ғана деген сөздердің толық мағынасы жоқ, бірақ сөйлемде олар өзі қатысты сөздерге қосымша мән үстеп, белгілі қызмет атқарып тұр.

Шылаудың басқа сөз таптарынан мынадай айырмашылықтары бар:

- 1) толық мағынасы болмайды;
- 2) сөйлем мүшесі бола алмайды;

3) сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді салаластыра, сабактастыра байланыстырып немесе толық мағыналы сөздің жетегінде оған қосымша мән үстей қолданылады;

- 4) шылаулар түрленбейді, басқа сөз таптарынан журнақ арқылы жасалмайды.



2-тапсырма. Мақал-мәтелдерден шылау сөздерді табындар.

Атсыз үй болса да,
Ассыз үй болмайды.

Алты жыл аш жүрсөн де,
Ата салтынды ұмытпа.

Үркөр туса, сорпа да ас.

Аштын акылы астан әрі аспайды.

Дастарқанның басында дүшпан да дос.



3-тапсырма. Халқымыздың дастарқан басында орындалатын дәстүрлері мен тыйымдарын тындалап, түсініп алындар.



A Матіннен есімше және көсемше тұлғалы етістіктерді тауып, сөз құрамына талдандар.



4-тапсырма. Жұмбақтарды шешіп, шылауларды табындар.

27. Шиге жайып кептірген,
Өзі қышкыл, түсі ак.
Сорсан дәмді, түсі ак,
Жанғактай-ак домалак.
28. Сылдыр сұйық, ағады,
Ақ болса да кар емес,
Шешуін кім табады?
29. Алға жайып тұз-дәмін,
Келтіреді үй сәнін.
Ол – халқымның ак жаны,
Жақсы дәстүр маржаны.
Кенпейіл де арайлы,
Осы жерден тараиды.
30. Бір жерде бар дейікші сары бұлак,
Мақсаты адамзатқа нәсіп болмақ.
Тып-тыныш өз жайымен тұрмажан сон,
Байлаған екі жактан тесіп күлак.
Ойнектар ортекесі ортасында,
Денесі басқал ардан ұзынырак.
31. Эрі сусын, әрі дәрі,
Емге ішеді жас пен кәрі.
Малдың сүті, елдің күты
Деп бағалар жұрттын бәрі.
32. Түсі аппак,
Тысы қатты-ак,
Екі түрлі уызы,
Жесен тәтті-ак.
33. Ұрмай-соқпай жылатады,
Әркім бірақ ұнатады.



5-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазып, шылау сөздерді табындар.

1. Кейін Ықыластың осы түсі ел арасына аныз боп тарап кетті.
2. «Күшіне сенгені ме, жоқ әлде найзагерлік өнерге жетік болмағаны ма» деп ойлаған Мұхтар Тәуkenің ебедейсіз отырыс күйінен сескенейін деді.
3. Мал өсіру үшін колда тұкымдық мал болуы керек.
4. Түзетпек едім заманды, Өзімді тым-ак зор тұтып.
5. Даңадағы дабыр-дұбырды естіп, үйден Әділ мен Айгүл жүтіріп шықты.
6. Тұн ортасы ауған кезде терезені біреу акырынғана қакқандай болды.
7. Ержан демін ішіне тартып, он шакты секунд қадала карап тұрды да, жұлып алғандай Рау шанға бұрылды.



A Шылаулардың сөйлемдегі қызметін айтындар.

8.6. ПАЙДАЛЫ СУСЫНДАР

Ас үстінен аттама,
Астан үлкен емессін.

Мател

Бұғын сабакта:

- пайдалы сусындар туралы ақпарат берілген мәтінмен танысып, керекті тілдік бірліктерді ажыратамыз;
- шылаулар мен септеулік шылаулардың түрлерімен танысамыз, оларды сөйлем ішінен ажыратамыз;
- шылауларды қатыстырып сөйлемдер құрауды менгеріп, шығармашылық қабілетімізді арттырамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қымыздың емдік қасиеттері же-
нінде XIX ғасырдың бірінші жар-
тысында орыстың медициналық
журналдарында Н.Шванковский-
дің, П.Скворцовтың, В.Дальдың
бірнеше мақалалары басылған.

Орыс жазушылары **Л.Н.Толстой**
Самара даласында, ал **А.Н.Чехов**
Андреевск шипажайында қымызбен
емделген.

Қымызбен емдейтін алғашкы шипажай 1858 жылы Самара
каласынан 6 шакырым жерде ашылды. Бұл шипажайды ұйымдаст-
тырушы Н.В.Постников оны 55 жыл бойы үздіксіз баскарды.

Қазақстанда қымызбен емдейтін алғашкы емхана 1910 жылы
Бурабайда ашылды. Оны дәрігер **П.Н.Емельянов** ашқан. Бурабай
емханасы үшін қымызды казактар дәстүрлі әдіс бойынша сабага
ашытты.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың карсанында қымызбен емдейтін
үш губернияға (Уфа, Самара, Орынбор) жыл сайын қымызбен
емделетін 10000–11000 адам барып отырды. Сейтіп, қымызбен
емдейтін 68 аурухана мен 75 қымыз пункті болған.

Шұбат түйе сүтінен аштылады. Бұл – әрі сусын, әрі тағам.
Өйткені биенін сүтіне караганда түйенін сүті өте майлы келеді.
Оның емдік қасиеті мол.

Шұбат көбінесе торсықта немесе ағаш күбіде аштылады. Тор-
сықта немесе ағаш күбіде бір тәулік ішінде шұбат бабына келе



бастайды. Торсыкты көбінese түйенін мойнағынан жасайды. Шұбат ашытуға ешкі терісі де пайдаланылады. Мұндай (торсық, мес, көнек) ыдыстардың тігісін шуда жүннен шірген жіппен тігеді.

Сабада бапталған кымыз секілді торсыкта ашытқан шұбаттың хош іісі анқып, ерекше дәмді келеді.

Шұбат – әрі тағам, әрі емдік касиеті бар сусын. Қыр елінде кымыз бен шұбаттан жазылмайтын ауру кемде-кем дейді. Шұбат – өкпе, асқазан, түрлі ішек ауруларына бірден-бір шілдесі сусын.

Б. Садықов



A Қымыз бен шұбаттың пайдасы жайында не білесіндер? Мәтіндегі ойды жалғастырып, өз сөздеріңмен баяндандар.



Ә Матіннен шылауларды табындар.



Б Мәтіндегі қарамен берілген сөздерге дыбыстық талдау жасандар. Қазақтың төл сөздерінде кездеспейтін бөгде дыбыстарды табындар.



В Мәтінді қандай ірі және де кіші бөліктеге бөлуге болады? Әрбір бөлікке ат қойып, тірек сөздерін жазындар.



- 1.
- 2.
- 3.

- 1.
- 2.
- 3.

ШЫЛАУ ТҮРЛЕРІ

Қазақ тілінде шылаудың үш негізгі түрі бар: 1) септеулік шылаулар; 2) жалғаулық шылаулар; 3) демеулік шылаулар.

СЕПТЕУЛІК ШЫЛАУЛАР: АТАУ СЕПТІК ШЫЛАУЛАРЫ

Септеулік шылаулар белгілі септік тұлғадағы толық мағыналы сөздермен тіркесіп келіп, оған қосымша (мезгілдік, мекендік, шектік, себептік, мақсаттық т.б.) мән үстеп тұрады да, оны екінші сөзben сабактастыра байланыстырады.

Септік шылаулары атау септігі, барыс септігі, шығыс септігі және көмектес септігімен тіркесіп келеді.

Атау септік шылауларына тұбір (кейде көптік, тәуелдік) тұлғадағы зат есім, есімдік, түйік етістік, есімшемен тіркесетін септеуліктер жатады: арқылы, жайында, үшін, туралы, сайын, жөнінде, тұрасында, тәрізді, сияқты, сықылды, жайлы, шамалы, қаралы, сынды, ғұрлы, бойы, бойымен, ғұрлым т.б.



2-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқып, септеулік шылауларды тауып, шылаулардың қай септіктермен келіп тұрғанын аныктандар.

Ер жігіт ел үшін туады,
Ел үшін өлеңді.

Еріншек түске дейін ұйықтайды.

Аксұнкар үшар жем үшін,
Ер жігіт туар ел үшін.

Отан үшін күрес – ерге тиғен
үлес.



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына шылауларды қойып жазындар.

1. Әдебиет, өнер ... рухани дүниелер – халықтың байлығы.
 2. Ана баласы ... тұн үйкесін төрт бөледі.
 3. Қазак халқының айран, қымыз, шұбат, шалап ... ұлттық сусындары бар.
 4. Сүттен күрт, кілегей, каймак, сарымай ... өнімдер алынады.
 5. Сүтпісірім уақыт ... келіп калды.
 6. Саба-саба қымыз ... бүкіл қонактардың шөлін қандыруға болады.



4-тапсырма. Төменде ас-тағамға қатысты халықтық өлшем атаулары берілген. Өлшем атаулары мен шылауларды қолдана отырып сейлемдер құрап жазындар.

Бірсалым тұз, біркайнатым шай, біршымшым шай, біржұтым су, бірасым ет, бір шыны шай, біртілім наң, бір жапырак ет, біртілім ет, бір білем құйрық, бір карын май, бір табак ет, бір сөре құрт, бір саба қымыз, үйме табак ет, саба-саба қымыз, астау-астау ет, тегене-тегене сут.



5-тапсырма. Берілген суреттерге шылау қатыстырып сөйлемдер құрандар.





6-тапсырма. Атау септік шылауы қатысқан шығарма атауларын айтыңдар.

Улгі: «Ақын өлімі туралы аңыз» (К.Аманжолов), «Ақ бидай туралы аңыз» (Ә.Нұрпейісов).

8.7. ДӘМДІ ТАҒАМНЫҢ ПАЙДАСЫ

Сіңбес астың бөгөүі көп.

Мәтіл

Бұғын сабакта:

- дәмді тағамның пайдасы туралы ақпаратпен танысып, мәтіннен шылауларды табамыз;
- септеулік шылаудың түрлерімен танысамыз;
- сөйлемде септеулік шылаулардың қандай септікпен тіркесяп тұрғанын анықтауды үйренеміз;
- септеулік шылауларды қатыстыра отырып сөйлемдер құрап, шығармашылық қабілетімізді арттырамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.



Дәмді тамақ кісінің көбірек **тәбетін шақырыш**, тамақ корытуға деген **сөл** көбірек **бөлінеді**. Соңыктан да **тағамның татымдылығы** таңдаған кезде ғана емес, **ағзаның** тамакты **сініруі** үшін де үлкен рөл аткарады. Эркайсысымыздың тамакты талғауымыз әркалай. Мысалы, солтүстіктің теніз жағасының тұрғындары треска балығын жақсы көреді, ал кейбіреулер оның өзі тұрмак, шісінен де қашады. Қайсыбір елдерде устрица ең **женсік** ас болса, басқа халықтар оның жұп-жұмсақ жылбысы етін аузына да алмайды.

Талғам туралы таласпайды. Расында да солай ма? «Ұнатып ішкен ас негұрлым дәмді, пайдалы, жұғымды» деген пікір бар. Ұнатып ішу, сез жоқ, ағзаға зиянды және сапасыз өнімдерден корғау үшін кейбір корғаныштық кызмет аткарады.

Алайда жеке кісінің қалауы ағзаның шын қажетіне үнемі сай келе бермейді. Тек өзің ұнатқанды ғана ішіп-жейтін болсан, тамақ таңдауда кателесуін мүмкін.

Асказанында жарасы бар адам кебінде тұзды кияр мен майшабактан бас тарта алмай, артынан ауырады.

B.B. Павлов

-  А Тамақты дәмдісінен жеу ақсанға пайдалы дегенді қалай түсінесіндер? Мәтіндегі ойды жалғастырындар. «Мениң сүйікті тағамдарым». Не үшін ұната-тындықтарынды түсіндіріндер.
-  Э Мәтіннен тамақ сөзіне мағыналас сөздерді тізіп жазындар. Ішінен мәтіннің мазмұнын нақты бере алатын 2 сөзді бөліп көрсетіндер.
-  Б Мәтіннен шылауларды табындар.
-  В Қарамен берілген сөз тіркестерінің мағынасын айтындар.

СЕПТЕУЛІК ШЫЛАУЛАР: БАРЫС, ШЫҒЫС, КӨМЕКТЕС СЕПТІКТЕРІНІҢ ШЫЛАУЛАРЫ

Септеулік шылаулар ілік септігінен өзге барыс, шығыс және көмектес септіктерінен сөздермен тіркесіп келеді.

Септеуліктер мынадай тұлғадағы сөздердің шылауында айтылады:

барыс септіктерінен сөздермен тіркесетін септеуліктер: *дейін, шейін, таман, қарай, салым, жуық, тарта* т.б.;

шығыс септіктерінен сөздермен тіркесетін септеуліктер: *кейін, соң, гөрі, бері, бұрын, әрі* т.б.;

көмектес септіктерінен сөздермен тіркесетін септеуліктер: *қатар, қабат, бірге*.



2-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқып, септеулік шылауларды табындар.

Білгеннен де өтер,
Білмегеннен де өтер.

Жеріне қарай егін ек,
Жолына қарай жегін жек.

Палуанның жаманы
Шалдырган соң өкінер.
Күзетшінің жаманы
Алдырган соң өкінер.

Адам болып тутан соң,
Адам болып өлу лазым.

Заманына қарай адамы.
Ажал ақымақ үшін – алтай,
Ақылды үшін – біреу.

Отан үшін отқа тұс – күймейсін,
Арын үшін арпалыс – өлмейсін.



A Септеулік шылаулардың қай септіктермен келіп тұрғанын айтындар.



3-тапсырма. Сейлемдерді көшіріп жазыңдар. Септеулік шылауларды тауып, олардың қай сөз табына тіркесіп тұрғанын анықтаңдар. Қандай септікте тұр?

1. Қыстауга конғаннан бері кеш сайын Абай ешкімге білдірмей, елеусіз ғана әжесімен онаша қалады (*M.Ә.*). 2. Малыбыл Қоянды жәрменкесінен кейін тіпті көбейген (*C.M.*). 3. – Окып болғаннан кейін өзім хабарласармын (*C.M.*). 4. Одан бері де Құсбектай төре Алшынбайды өкпелетіп алған соң, аға сұлтандықтан айырылған (*M.Ә.*). 5. Қараіған қамысқа қарай зыга жөнелді. 6. Мал емес, адам сиякты енкендеп келе жатыр. 7. Абай халық үшін, халық Абай үшін алысады (*M.Ә.*). 8. Ол беруден төрі алуға киналатын жан еді (*F.Mус.*). 9. Бұлар әрнені әнгіме етіп, опыртопырдан онаша, шетке таман шығыш кетті (*КЖ.*). 10. Оның ойын кейін білдім (*C.M.*).



4-тапсырма. Септеулік шылауларды тауып жазып, олардың қай септіктең сөздермен тұрғанын анықтаңдар.

1. Жігітті басынан аяғына шейін барлап, жіті қарай бастады.
2. Екі күн өткен соң ауыл Келқайнардан Шыңғысқа қарай көшті.
3. Гүлсім оны бұрын көрмеген-ди.
4. Әли кейін жүрді.
5. Бірақ ілгері жүріп, Тобықтыға қарай басқан сайын осы жетек жүзге тарта болды.
6. Содан бері жортып жүрмін.
7. Садуакас қонақтар жайланғаннан кейін ғана келді.
8. Біз үйдің ығына қарай беттедік.
9. Бұл шарага жүзге жуық адам катысты.
10. Себумен қабат корғау керек.
11. Әрі жығыл десен, бері жығылады.
12. Бұрын көрген дос, таныс тәрізді жанынды билеп әкетеді.



A Сейлемдерден үстеулер мен шылауларды бөліп жазыңдар.



5-тапсырма. Берілген септеулік шылаулар арқылы сейлемдер құрандар.

арқылы	тәрізді	катар
жайында	бірге	қарай
салым	тарта	шейін
жуық	коса	бұрын
әрі		

Есте сактандар!

- Септеулік шылаулар белгілі бір септік жалғаулы сөздерді менгеріп, оларға бағыттық, мақсаттық, мезгілдік, үдеть, үқсату, қайталау т.б. мағыналар үстеп тұрады.

8.8. ГЕНДІК ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАҒАН ӨНІМДЕР

Кез келген нәрсөні жегеннен аш болған артық.

Омар Хайям

Бұгін сабакта:

- гендік өзгеріске ұшыраған өнімдер турали ақпаратпен танысамыз;
- жалғаулық шылаудың анықтамасымен және олардың түрлерімен танысамыз;
- жалғаулық шылаудың сойлемде қандай қызмет атқаратынын анықтаймыз;
- мәтін ішінен шылауларды ажыратып үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдерге гендік кодына бөтен ген косылған ағзалар жатады. Мысалы, картоп генине сарышаян генин қосу нәтижесінде біз ешқандай жәндік жемейтін картоп түрін аламыз. Ал күнделікті пайдаланып жүрген қызанакты алсақ, оған солтүстік камбала балығының генин пайдаланған. Енді ол аязға тәзімді, үсімейді. Бұл бізге не үшін кажет? Фалымдар аштықтың алдын алудың жолы осы деп шешті ме? Гендік жағынан жанартылған картоп енді колорадо коньзынан зардал шекпейді, қызанакты солтүстік аязында да өсіруге болады. Сонымен бірге әдемі, бірак дәмсіз алмалар әбден шіріп біткенше керемет пісін сактай алады. Қазір байқап карасақ, сатылатын жемістер сондай әдемі, біркелкі және ұзак сакталатын болып келеді.

Ен кең таралған гендік өзгеріске ұшыраған дакылдарға соя, жүтепі, бидай, кызылша, мақта, рапс, картоп жатады.

Гендік өзгеріске ұшыраған азықтарды пайдалану өте зиян:

- өте кауіпті аллергиялық реакциялар пайда болады. Мысалы, АҚШ-та адамдар гендік өзгеріске ұшыраған өнімдерді еркін колданады. Аллергиямен ауыратындар саны 70 пайызды күрайды. Ал Швецияда 7 пайыз, бұл өнімдерді колдануға тыйым салынған;
- мұндай өнімдерді пайдалану асқазанның сілемейлі қабатының күрылымын бұзады. Бұл зат алмасудың бұзылып, иммунитеттің төмендеуіне әкеледі;
- ісік ауруларының көбеюіне себеп болады, жасушаларды мутацияға ұшыратады.

Гагамтор беттерінен

**A** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

- Гендік өзгеріске үшыраган өнімдер дегеніміз не?
- Өнімдердің генетикасын өзгерту қалай жүзеге асады?
- Генетикасы өзгерген өнімдер енді қандай сипатка не болады?
- Кең тараған гендік өзгеріске үшыраган дақылдар қандай?
- Гендік өзгеріске үшыраган өнімдердің қандай зиянын атауга болады?



Ә Сонымен бірге бір пішінді, бірақ дәмсіз алмалар әбден шіріп біткенине көремет ісін сақтай алады деген сөйлемге морфологиялық талдау жасандар.



Б Қасиеттері мен сипаттарын тізбектеп айтыңдар. Генетикасы өзгергеннен кейін қандай қасиеттерге ие болатынын мәтін мазмұнына қарай отырып салыстырыңдар.

	Алма	
	дәмді, кылжыл, бұзылады, шіриші, күрт жейді	дәмсіз, тәтті, бұзылмайды, шірімейді, күрт жемейді
	Картоп	
	Кызынак	



В Матіннен шылауларды табыңдар.

ЖАЛҒАУЛЫҚ ШЫЛАУЛАР: ЫҢҒАЙЛАС ЖӘНЕ ҚАРСЫЛЫҚТЫ ТҮРЛЕРІ

Жалғаулық шылаулар сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырады.

Жалғаулықтардың 5 түрі бар: 1) ыңғайластық; 2) қарсылықты; 3) талғаулықты; 4) себеп-салдарлық; 5) шарттық.

Жалғаулық шылаулар

Ыңғайластық	Қарсылыкты
мен (бен, пен, менен, бенен, пенен), да, де, та, те, және, һәм, әрі	бірақ, алайда, дегенмен, әйтпесе, сонда да, әйткенмен, сейтсе де, әйтсе де, бірақ та, десе де
Мысалы: Асан мен Үсен адасын қалды. Катынды жу да, тамагынды иши.	Мысалы: Олар көп сөйтесті, бірақ не айтқандарын білмеймін.

**2-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді оқып, жалғаулық шылауларды табындар.

Көпке¹ тентек болсан да,
Көпке тентек болма.

Ерте жат та, ерте тұр,
Бір піспекті артық ұр.

Агадан алтау туса да,
Басына бір жалғыздық түсер.

Жарлы болсан да, арлы бол.

Мергеннің кезі ғана мерген емес,
Қолы да мерген.

Білек бір болса да,
Бармақ басқа.

Қарагай бойы кар жауса да,
Жұтамайды сауыскан.

Қанды қалпақ кісі де,
Қызыспайды туыскан.



A Жалғаулық шылаулардың түрін ажыратындар.



3-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, жалғаулық шылауларды табындар. Жалғаулық шылаулардың қандай қызмет атқарып тұрғанын анықтандар. Мағыналық түрлеріне жіктендер.



4-тапсырма. Жалғаулық шылауларды тауып, қай сөз бер қай сөзді, қай сейлем мен қай сейлемді байланыстырып тұрғанын түсіндіріңдер.

1. Бұлардың ішіндегі жасы үлкені де, мал мен басы қатар өскен дәүллеттісі де, өмірден көрген-түйгені мол алымдысы да Қали қажы еді. 2. Сейтсе де Үсен сыр білдірмей, енді жүрсек адасармыз деп токтады, тезек теріп, от жакты. 3. Әбілқайыр әрі ойланып, бері ойланып осыған бел буды. 4. Сейіт пен Назықеш ағызған бойы Игіліктің өз үйіне келіп токтап еді. 5. Қасен де, Қапен де күлактарын салып тыңдай қалды. 6. Сен оқыдың да білім алдың, ұстаз көрдің. 7. Ен әуелі, арзан мен қымбаттың нарқын айырмайсын...



5-тапсырма. Берілген етістіктер мен есім сөздерді пайдалана отырып сейлемдер құрап жазындар. Жалғаулық шылауды қатыстыруды ұмытпандар!

Есім сөздер	Етістік
өнім	тұтыну
алма	жеу
сәбіз	алу
дессаулық	әсер ету
табиги тағам	камтамасыз ету
егіс	өсіру
жануарлар	өзгерту

¹ Көпке – мактансақ, бөспе.

8.9. ГЕНДІК ТАМАҚТАНУ – ҚАЗЕТСІЗ НЭР ТАТУ

Мата атымен бөз өтеді.

Mətəl

Бүгін сабакта:

- мәтінді оқып, оның ішінен қажетті тілдік бірліктерді табамыз;
- жалғаулық шылаудың түрлерімен танысамыз;
- жалғаулық шылаулар арқылы сөйлем күрауды мәнгереміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Дүкенге бара қалсан, серелерінен шетелден келген көгөністі, жеміс-жидекті көресін. Өте тартымды, көлемі де үлкен, тұсі де жаксы, көздің жауын аларлықтай әдемі. Оның қасында өз елімізде өскен дәл сол жемістердің сыртқы түрі көнілімізден шықпайды. Біреу білсе, біреу білмес. Елімізде жеміс-жидек көбіне онгустік өнірлерде өсіріледі. Ол жерден өзге өнірлерге жеткізем дегенше біршама уакыт өтеді. Одан кейін оны сату кезінде тағы уакыт өтеді. Осы уакыт аралығында біздін отандық жемісіміздің түрі мен тұсі шамалы өзгеретіні бар. Шетелдіктер бұл мәселені айналып өту үшін түрлі технологияны пайдаланады. Әдетте, біз мұндай технологиялармен жасалған өнімдерді гендік өзгеріске ұшыраған өнімдер деп атайды.

Әрине, мұндай дәлелдемелерге күдік келтіруге әркімнің де күкіғы бар, бірақ бізге шетелдің осындағы гендік өзгеріске ұшыраған өнімдерінен төрі өзіміздің күрты бар алмаларымыз бер алмұрттарымыз пайдалы. Кішкентай кезімізде, ерте көктемде біз, кішкентай балалар, ішінде күрты бар алмаларды жетінбіз. Күрт бар дегениң алманың піскендігін және тәтті екенін білдіреді. Ал қазіргі танда, бәрін білесіндер, бұзылмайтын жемістерде күрт болмайды. Неге екенін түсініп отырған боларсындар...

Тағы бір мысал. Әрбір жемістің жұпар пісі болады, әрине, егер табиғи жағдайда өсірілсе. Шетелден келген көгөністің, жеміс-жидектің пісі өте әлсіз, кейде мұлдем болмайды. Демек, олар табиғи жағдайда өсірілмеген. Ал біздің жемістеріміз өз пісімен 10–15 метрден-ак рақаттандырады. Жазғы уакытта жеміс-жидек сатып жаткан дүкеннің жанынан өтіп көріндерші, піс деген анқып тұрады. Міне, бұл – нағыз табиғи жемістің белгісі.

el.kz сайтынан



A Автор қандай мәселені көтеріп отыр? Қеңірек тоқталып, түсініктерінді айтып беріндер. «Гендік өзгеріске ұшыраған өнім зиян», «Гендік өзгеріске ұшыраған өнімнің пайдасы мол» тақырыптарында пікір таластырындар.



Ә Мәтіннен сын есімдерді, үстеген және шылауларды тауып жазындар.



Б Мәтіндегі негізгі ойды үш сөйлемге сыйдырып айтындар.

ЖАЛҒАУЛЫҚ ШЫЛАУЛАР: ТАЛҒАУЛЫҚТЫ, СЕБЕП-САЛДАРЛЫҚ, ШАРТТЫҚ

Жалғаулық шылаулардың келесі түрі **талғаулықты**, **себеп-салдарлық**, **шарттық жалғаулықтар** деп аталады.

Талғаулықты жалғаулық шылаулар: *әлде, біресе, бірде, не, немесе, я, яки, болмаса, кейде.*

Себеп-салдарлық жалғаулық шылаулар: *себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті.*

Шарттық жалғаулық шылаулар: *егер, егер де, алда-жалда.*



2-тапсырма. Төменде С.Мәуленовтің өлеңдерінен үзінділер берілген. Оқып шығып шылауларды тауып, түрлерін ажыратындар.

Елдін дәмін келіншек

Сағынар деп ойлады.

Май менен құрт, ірімшік

Қан майданға жолдады.

«Дам»

Жерге болмас шек десе де,

Жерге сыймас бұл кегім.

Аспанда шек жок десе де,

Сыймас оған жүргегім.

«Партизан»

Белгісіз ол қай манда,

Іздеп жүрмін болдырып.

Кетті ме әлде майданға

Шеру тартып жол журіп.

«Юг аялданасы»

Есте сақтаңдар!

- Жалғаулық шылаулар салалас құрмалас сейлем жасауға қатысады.

- Талғаулық салалас. Мысалы: *Ауылға не мен барамын, не сен барасың.*

- Себеп-салдар салалас. Мысалы: *Ол ауырып қалды, өйткені кеше сүйкі балмұздақ жеді.*

- Кезектес салалас. Мысалы: *Бірде аяз болып, бірде қар жауып күн сұтынып тұр. Кешке ол бірде кітап оқиды, кейде теледидар көреді.*

Бозы желбіреген дәндегі
Ауылдастарым секілді.
Көзі мөлдіреген көлдер
Қарындастарым секілді.

Қабагыма бұлт конып,
Бірде батып, бір шығып.
Келем кекте желкемдей,
Кек жалынға тұншығып.

«Балтық»

«От»



A Узінділерден шылауга үқсайтын, алайда қызметі өзгеше сөздерді тауып көрсетіңдер.



З-тапсырма. Сәйкес шылауларды қойып, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Бұлдірген – тау беткейлерінде ... ойпандау жерлерде өсетін аласа бойлы есімдік.
 2. Бұлдіргенді балалар жақсы көреді, ... ол – өте тәтті жицек.
 3. Алманын ен ежелгі түрлері Алатау тауында өскен екен, ...
- Қазақстан алманың отаны саналады.
4. Шелпек табада ... тандырда пісіріледі, ... майда куырылады.
 5. ... жөтелсен, өрікке бал косып же.
 6. Шие жемісі жер талғамайды, ... жарықты жақсы көреді.
 7. Жер шарында шиенің 150 түрі бар, ... Қазақстанда 7 түрі ғана таралған.
 8. Жұмыртқа – тағамдық күндылығы жоғары өнім, ... танғы асқа пайдаланған жөн.
 9. Жұзімнен кептірілген мейіз дайындауды, ал ... тосап әзірлейді.
 10. Бал өте сінімді, ... шипалы тамаққа жатады.

Шылаулар: не, өйткені, сол себепті, немесе, егер, алайда, бірақ, кейде.



4-тапсырма. Жалғаулық шылауларды тауып, қай сөз бен қай сөзді, қай сөйлем мен қай сөйлемді байланыстырып түрғанын түсіндіріңдер.

1. Бірақ Шымыrbайдың койшы деген аты ғана.
2. – Бөлмелеріңіз жақсы екен, бірақ ыстық кой өзі, – деді.
3. Өйткені ол ширак басып, сәл ілгерірек келе жатты.
4. Бірсесе сұрланып кек көзі жарыльп кететіндей шатынап, бірсесе кулагына дейін қызырып кетеді.
5. Сондыктан болуы керек, атын дамылсыз шаужайлап, ерінің касын сығымдаپ ұстай береді.
6. Ерінбей енбек етсөң шындаپ егер, тікен де гүлге айналып шыға келер.
7. Телі мен тентек қайда болса да бар болатын.



5-тапсырма. Берілген етістіктер мен есім сөздерді пайдалана отырып сөйлемдер күраңдар. Жалғаулық шылауды қатыстыруды ұмытпандар.

Есім сөздер: дикан, жал-жая, астық, ет, қаймақ, нан, жүзім.
Етістік: жинау, пісіру, егу, әзірлеу, жасау, жеу, дайындау.

8.10. ФАСТ-ФУД – ТҮТЫНУШЫЛАР ҚАЛАГАН ТАҒАМ

Не жесен, соның қасиетін аларсың,

Ел аузынан

Бұгін сабакта:

- фаст-фуд өнімдері туралы ақпарат берілген мәтінмен танысып, сұрақтарға жауап береміз;
- демеулік шылаулардың анықтамасымен, олардың түрлерімен танысамыз;
- мәтіннен демеулік шылауларды табуды әрі олардың түрін ажыратуды үйренеміз;
- демеулік шылауларды қатыстыра отырып сөйлем құрауды менгереміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Фаст-фуд – өте тез әрі кен колданылатын тағамдардың бірі. «Фаст-фуд» термині тағам деген мағынада колданылады және бұл тағам тез дайындалады, ал бұл тұтынушыға өте қолайлы.

1920 жылдары ең бірінші фаст-фуд тағамы Америкада пайда болды.

1921 жылы Канзас штатында «Уайт Кастил» (White Castle) атты компания ашылып, алғашқылардың бірі болып гамбургер дайындаған еді. Бұл компания келушілерді гамбургердің бағасының тұрактылығымен жаулап алды. Бірақ тағамның сапасы мен құндылығы жөнінде компания басшысы Билли Инграма ойламады. 1940 жылдардың сонында аталған компанияның мықты бәсекелесі болып «Макдональдс» компаниясы бой түзеді. Сол жылдан бастап бұл компания – алпауыт компаниялардың бірі. 90-жылдары гамбургер кедейлерге арналған тағам болып есептелінетін. Оны кала көшелеріндеған үйсіз-күйсіз адамдарға сататын болған. Тек кейінірек бұл тағам мейрамханаға жол тартты.



Америкада әрбір 10 адамның тогызы кем дегенде айна бір рет «Макдональдс» мейрамханасына барады. Америкалыктар 1970 жылы фаст-фудка 6 миллиард доллар жұмсайтын еді. Бұл көрсеткіш 2011 жылы 142 миллиард долларға есті. АҚШ-тың өзінде фаст-фуд сататын 300 мың мейрамхана жұмыс істейді. Ричард және Морис Макдональдтар өздерінің алғашқы мейрамханасын 1949 жылы Калифорния штатында Сан-Бернардинода ашты.

Мейрамханалар ашылар тұста желі нелері сатып алушылардың тамактану орнында ұзак уақыт отыруын қаламағандықтан, бөлмеге ынгайсыз орындықтар койып, ойын-сауық автоматтарының болмауына барынша көніл бөлген.

Фри картоптарының көпшілік арасында кен етек жайғандығы соншалық, оның сатылымының көлемі шикі картоптардан да асып түсті. Мысалы, тек 2010 жылы американалыктар 3 миллион тонна фри картобын жеді.

Уикипедия мәтіннен



А Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

- Гамбургер дайындаушы кандай компаниялар арасында бәсекелестік журді? Қай компания танымал болды?
- Мейрамхана басшылары тамактанушылардың тамактану орнында көп отырмауы үшін кандай күлшілдерге барды?
- «Макдональдс» мейрамханасы қай жерде ашылды?
- Фри картоптары туралы не айтылған?



Ә Мәтін мазмұны бойынша деректерді рет-ретімен, желісімен орналастырындар.

- Жұмсайтын каражат 142 миллиард долларға жетті.
- 3 миллион тонна фри сатылды.
- «Макдональдс» мейрамханалары ашылды.
- Гамбургер кедейле рге арналған тағам болатын.



Б Сандарға қатысты ақпараттарды сәйкестендіріп жазындар.

1949	6	10	300	1920
------	---	----	-----	------



В Мәтіннен шылауларды табындар.

ДЕМЕУЛІК ШЫЛАУЛАР

Демеулік шылаулар сөзге я сөйлемге күшету, тежеу, шектеу, сұрау, болжалдық, күмән сияқты қосымша мағына үстейді, бірақ септеулік пен жалғаулықтар сияқты сөздерді де, сөйлемдерді де байланыстыра алмайды. Мысалы: *Алдыңда толған мақсат, толған таңдау, Алайын мынасын ба, анасын ба?* (С.Т.) Ертең емес, бүгін-ақ, қазір-ақ жүрсек етті (М.Ә.). Үлкен үйге кірген соң бәрі де кіширейіп кеткендей, отырғанда құмандаған болып қалыпты (F.Мұс.).

Қазақ тіліндегі демеулік шылаулардың түрлері

Түрлері	Демеуліктер
Сұраулық демеуліктер	-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе
Күшетпелі демеуліктер	-ақ, -ау, -ай, -да/-де
Нақтылық демеуліктер	қой/ғой, -ды/-ди
Шектеулік демеуліктер	қана/ғана, тек
Күмәндік демеуліктер	-ау, -мыс/-міс
Болымсыздық демеуліктер	тұрсын, тұрмак, тұрғай, тұғіл (бұлардың ішінде -ақ, -ау, -ай, қой/ғой, -мыс/-міс тәрізді демеуліктер де қолданысына қарай осы топқа еніп кетеді)



2-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, шылауларды табындар. Демеулік шылауларды түрлеріне қарай ажыратындар.

Фаст-фудтың зияны жөнінде каншама айтылып жатыр. Мындаған адамдар ұран салғанмен, миллиондағандар әлі де «Макдоナルдстан» кол үзген жок. 50-жылдары табыс 1,5 есе кебейіп, жыл сайын 350 000 доллар түсіп отырды. Бірнеше мың долларға енді қалған адам өз Макдоナルдсын аша алатын-ды. Енді шегарарадан шынуды бизнестің өзі бүйірып тұрғандай еді. Алайда ағайындылар бұл туралы тіпті ойламады да. Бірақ танымалдылық сауда табысына ықпал ете алмады. Бірінші жылы тек 18 франшиза сатылды. Iрі ойыншылар оны тек накты аумактарға сатып алуды қалады. 1960 жылы «Крок» компаниясының таза түсімі 77 000 долларды күрады, ал карызы 5,7 миллион долларға дейін артты.

Нью-Йорктегі «Bistro Moderne» және Лас-Вегастагы «Brasserie» сынды мейрамханаларда ен қымбат бургер түрлерін тұтынып көруге болады. Орта бағасы 120 долларды күрайды. Десек те әр кез емес. Тек кара трюфельдер кезінде ғана тұтына аласын.

7.kz сайтынан

**3-тапсырма.** Сейлемдерден демеулік шылауларды тауып жазындар.

1. Олардың бәрін былай қойып, сез кезегін берер ретін білмеген-ді. 2. Жайлаудан бері де талай асулар, тар кезендер мен самал желді сары белдер жатыр. 3. Енді маган жетпегені – сонынан тыңшы мен барлаушылардың еруі ғана. 4. Есік алдында пар атты арбалар да түр екен. 5. Шіркін, кіндік кескен жердің дәмі екен ғой! 6. Үкілеген, күйрығын түйген, бауырынан жараған аттар ар жерден-ак шығып жатыр. 7. Түү, болмадыныз-ау! 8. Өзеннің суын жаңбырша шашыратыш, аргы бетіне барып бір-ак тоқтады.



A Сейлемде қолданылған демеулік шылаулардың қайсысы адамның көңіл күйін, эмоциясын білдіріп түр?

**4-тапсырма.** Тиісті демеулік шылауларды қойып оқындар.

1. Шіркін, жайлауда татқан кымыздың дәмі ауыздан еш ... қойды ғой!
2. Дастанда шайды ... әйел адамдар құяды.
3. Табадағы нан ... деген оймен пештің аузын аштым.
4. Мұндай аспаздық өнер ешкімде болмайды ..., тіпті болмай... та койсын!
5. Қаз-қаз, балам, жүре ... ,
Балтырыңды туре
Тай-құлын боп шаба ... ,
Озып бәйге ала
6. Итмұрын ... шырғанактың да шипалық қасиеті шаш етектен.
7. Ақырып қалпак киіспі,
Ақырып жауға тиіспі,
Батыр болар ... екенсін?
8. Қазақстан – алма ... ежелгі жабайы өріктің де тарихи отаны.

Демеулік шылаулар: ма, кетпей-ак, түрмак, -ау, пісті-ау, түгілі, -ак, ғой, тек кана.



5-тапсырма. Фаст-фуд өнімдерінің зияны туралы жарнама түсіруге мәтін дайындаңдар. Демеулік шылаулар эмоцияны беруде кен қолданылатындықтан, ролик мәтіндерін жазуда таптырмас тілдік материал бола алады.

**Есте сақтаңдар!**

- Демеулік шылаулар – тіркескен сөздеріне қосымша мағына, реңк үстейтін немесе сейлемге эмоционалды өң беретін шылаулар.



6-тапсырма. Берілген етістіктер мен есім сөздерді пайдалана отырып сөйлемдер құрап жазыңдар. Демеулік шылауды қатыстыруды ұмытпандар.

Есім сөздер	Етістік
фаст-фуд	жемеу
гамбургер	жасау
тамактану	кою
мейрамхана	табу
сүт өнімі	пайдалану
куриш	көрсету
дастарқан	боду

8.11. ТАМАҚТАНУ ТӘРТІБІ НӘСІЛ ТАҢДАМАЙДЫ

Әр астың өз орны бар.

Мател

Бұған сабакта:

- тамактану тәртібі туралы қосымша ақпарат ала отырып, мәтінге лингвистикалық талдау жасаймыз;
- еліктеу, шылау сөздерін қайталап, бекіту тапсырмаларын орындаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Жалпы тамактану мәдениетіне үстел басына жайғасар алдында колды жуу ғана жатпайды. Ол әркімнің үстелге отыруынан басталады. Атап айтканда: орындықты орынан акырын жылжыту, майлышты дұрыс пайдалану, ас құралдарын қызметіне орай дұрыс колдану, оларды бір орынан екінші орынға тарсылатпай кою. Ал бұдан бөлек тәрелкенің сол жағындағы шанышқыны сол қолмен, он жағындағы пышакты он қолмен ұстап, аскасық пен шайқасықты орынды пайдалана білу – айналасындағыларға тамак ішіп отырган жанның тәлім-тәрбиесінен хабар бермек. Сүйік тамактар мен куырдақ, ботқа секілді қою тағамдарды жегенде қасыкты пайдаланумен катар, котлет, туралған ет тағамдарын тек шанышқының көмегімен, десерттер мен торттарды шайқасыктармен аз-аздап жеген дұрыс. Ас ішіп отырганда газет, кітап оку немесе ауыз жаппай сейлеу, бір тұрып, бір



отыру, кеседегі қантты қатты араластыру, тамак жегенде ерінді сылпылдату, шайды қатты ұртташ ішу және ауыздағы тағамды асынып-үсігіп шайнау – әдепсіздіктің ең сорақысы.

Тамак ішкенде теледиңдер қарауга болмайды, өйткені адамның санаасы басқа жаққа аландаса, көнілінде толку пайда болып, бойына ас дұрыс сінбейді. Жоғарыда айтылған үстел басындағы үйлесімді әдепті күнделікті колданса, оның айналасындағыларға жағымды пікір қалдыратыны сезсіз.

«Казақстан-Заман» газетінен



A Мәтіндегі ойды дамытып, тамақтану әдебі туралы білетіндерінді ортаға салындар.



Ә Мәтін мазмұны бойынша дастарқан басында жасауға болатын және жасауға болмайтын әдептер мен іс-қимылдарды бөліп атандар.



Б Жалпы тамақтану мәдениетіне үстел басына жайғасар алдында қолды жууғана жатпайды деген сөйлемді көшіріп жазып, синтаксистік талдау жасандар.



В Мәтіннен шылауларды тауып, түрлерін анықтандар.

Септеулік : Жалғаулық : Демеулік :



2-тапсырма. Сейлемдерден шылауларды тауып, түрлерін ажыратындар. Не үшін мұндай шылаулар қолданылғанын түсіндіріндер.

1. Тірлік тілін табасың ұрыспай-ак, Үйстық салем жолдадым **күріштей** ак.
2. Құрманжан – арпа ішінде **бір бидай** сиякты жалғыздың өзі.
3. Шайды сол бауырсақтай ғана қантпен ішті.
4. Дастарқанға **төгілген бауырсақтай** жайылып, жапан түзде біресе солтүстікке, біресе онтүстікке көшіп журген қазакты ел етіп біріктіру үшін қаншама тәсіл, қаншама күш қолданылғады!
5. Илеуі канбаған **наидай** болса да, өзім илеп, өзімше иін кандырдым.
6. Сенің әкең осындей әділ үкім айтқанда, **кеудесіне наң піскен** жуандардың үні несерлі жанбырдан кейінгі шандай басылды ғой, карагым!
7. Татулықтың дыбысы шықкан сон-ак, Омар ағаларымен баяғыдай **бал жаласып кетті**.
8. Қап-қара болып мөлдіреп піскен жеміс атауы – «Қарақат» – қыз балаға жарасымды- ақ есім.



А Сейлемдердегі қарамен берілген сөздердің мағыналарын төмендегі кестелерде берілген анықтамалармен сәйкестендіріп жазындар. Тұрақты тіркестердің қандай тақырыпка негізделгенін байқадындар ма?

Өте тату болу	Өркекірек, ешкімді менсінбеу	Жалғыз	Бытыранкы
Нан тәрізді	Кішкене	Ақпейіл	



3-тапсырма. Сөйлемдерден елктеу сөздерді тауып жазып, түрлерін ажыратыңдар.

- Ол жүрісін кілт доғарып, жалт қарады.
- Рақым өзіне-өзі разы болмай, дел-сал күйде жүр.
- Тамағын апыл-ғұптың жеп, жұмысына асыкты.
- Аяш қанқ ете калды.
- Гүлшаттың ызындаған даусы еміс-еміс естіледі.
- Тарсыл-гүрсіл дауыстан аспан шайқалды, беліне тиген соққыдан жер тенселді.
- Амал жок, сықырлауық орындыққа сылқ ете түскенім әлі есімде.
- Етпеттеп біріне-бірі жақын келгенде «ыр-р, ыр-р» етісіп, тістерін тигізіспей қағысып етісті.
- Үрпек жүн, сап-сары, доп-домалақ кішкентай балапандар шик-шиқ етіп енелерінің аяғының астында ерсілі-қарсылы шауып жүр.
- Арт жағындағы жол бойында қыбыр еткен жан жок, тым-тырыс снякты.



4-тапсырма. Берілген тірек сөздерден елктеу сөздер мен шылауларды қолдана отырып сейлемдер құрандар.

Саба-саба кымыз, астау-астау ет, бір табак ет, бір сере құрт, біртілім нан, бір жапырак ет.



5-тапсырма. Қайталау тапсырмаларын орындандар.

- Елктеу сөздің мағыналық түрі нешеу?
 - 2;
 - 3;
 - 4;
 - 5;
 - 6.
- Негізгі елктеу сөзді табындар.
 - елпен;
 - зын;
 - шубалан;
 - жымын;
 - аксан.
- Көп нүктенің орнына қойылатын елктеу сөзді табындар.

Ол ... еткен дыбысты алыстан естінді.

 - бұрқ-бұрқ;
 - зын-зын;
 - борш-борш;
 - ман-ман;
 - сарт-сұрт.
- Баяндауыш жасауга катысып тұрған бейнелеуіштерді табындар.
 - Көксеректің жанына дұрс етіп сұлап түсті.
 - Улken, еткір көзі жалт-жұлт етеді.
 - Бүйір жағынан келип арс етіп кауып түсті.
 - Ол бетін жастықка басып, солқ-солқ жылап жатыр.
 - Әлті адам сәл бөгеліп, тау шынына қарай көз жіберді.
- Елктеу сөз кандай тұлғада бастауыш кызметін аткарады?
 - көмекші етістікпен тіркесіп зат есім алдында;
 - етістікпен тіркескен жағдайда;
 - көмекші етістікпен тіркесіп заттанған жағдайда;
 - қимыл, іс-әрекеттің түрлі белгісін білдірген кезде;
 - әртүрлі дыбысқа елктеу, олардың бейнесін елестету мәнінде.

6. Шылау қатысқан сейлемді анықтандар.
 - а) Оның ойын кейін білдім.
 - ә) Гүлсім оны бұрын көрмеген екен.
 - б) Одан бұрын хабарды жеткізіпті.
 - в) Әрі жығыл десен, бері жығылады.
7. Шылауга тән емес ерекшелікті табындар.
 - а) толық лексикалық мағынасы болмайды;
 - ә) түрленбейді;
 - б) адамның әртүрлі көніл күйін білдіреді;
 - в) сейлем мүшесі бола алмайды;
 - г) сездерді байланыстырады не толық мағыналы сезге қосымша мән үстейді.
8. Күшейткіш демеулікті табындар.
 - а) Оның сезінен өкініш те, ыза да сезіледі.
 - ә) Біз де естіп куанып жатырмыз.
 - б) Жайдак суды ит те, күс та жалайды.
 - в) Айып менде екені рас-ау!
 - г) Екі-үш күнде әзер жеттік.
9. Ыңғайластық жалғаулықты табындар.
 - а) Бұдан әрі оның тындауга шамасы келмеді.
 - ә) Ол тәрбиелі әрі жігерлі.
 - б) Ол Маратқа алма берді.
 - в) Тек кейде бұршақ жауады.
 - г) Сол снякты балалар ете көп.
10. Орфоэпия бойынша жазылған шылауды табындар.
 - а) Бұны әкеме айтпай-ақ қой.
 - ә) Менімен бірге қызырасың ба?
 - б) Бұдан былай сабактан калма.
 - в) Жаздан гейін күз келеді.
 - г) Қарағым-ау, тезірек жауап берсенші.



6-тапсырма. «Ақбақай» және «Бір бала» атты халық, әндерін тауып, мәтінінен шылауды табындар. Неліктен халық әндерінде мұндай шылаулар кең қолданылады? Өз ойларынды айтындар.



7-тапсырма. Бауыржан Момышұлының қазақ тілінің артықшылықтары туралы айтқан сезін өрбітіп, өз ойларынды ортаға салындар.

Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлаттын, жан-жүйенді жандырып, құлак құрышын қандыраттын, өткірлігімен қысылтаян тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл, жағдайдын өзінің көмейіне күм күйип, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл.

Бауыржан Момышұлы

9-бөлім

ЖЕҢІС КҮНІ. ҰЛЫ ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

- ♦ Одағай сөздер
- ♦ Одағайдың түрлері
- ♦ Оқшау сөздер
- ♦ Қыстырма сөздер
- ♦ Қаратпа сөздер
- ♦ Тыныс белгілері
- ♦ Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері
- ♦ Нұкте қойылатын орындар
- ♦ Леп белгісі



10-бөлім

ФЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА

- ♦ Сұрау белгісі
- ♦ Көп нұкте
- ♦ Сейлем ішінде қойылатын тыныс белгілері
- ♦ Нұктелі үтір
- ♦ Қос нұкте
- ♦ Сызықша. Бастауыш пен баяндауыш арасындағы сызықша
- ♦ Бірыңғай мушелерден кейін қойылатын сызықша. Оңашаланған айқындауышты ажырататын сызықша
- ♦ Тырнақша
- ♦ Төл сөздің тыныс белгілері





ЖЕҢІС КҮНІ. ҰЛЫ ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

9.1. ЖЕҢІС КҮНІ

Ел үмітін ер актар,
Ер атағын ел сақтар.

Мақал

Бұгін сабакта:

- женіс туралы мәтіндермен танысамыз;
- соғыс жайлы мәтіндерде қолданылған тілдік бірліктерге талдау жасаймыз;
- одағай сөздер туралы түсінік алып, одағай сөздердің ережесімен танысамыз;
- одағайға тән белгілерді анықтап, мәтін ішінен одағай сөздерді таба білуге үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазақстанда 9 мамыр – Женіс күні – мемлекеттік мереке. Батыс Еуропада мамырдын 8-і. Себебі Капитуляция акті сіне мамырдың 8-і күні Орталық Еуропа уақыты бойынша 22.43-те кол қойылды, ал Мәскеу уақыты бойынша бұл – 00.43, мамырдың 9 -ы. 1941 – 1945 жылдар аралығындағы соғысқа 35 миллион адам, сонын ішінде 1,5 миллион қазақстандық катысты. Бұл республика халқынын 18 бел 50 жас аралығындағы ересектердің 70 пайызы еді. Ұрыстардың алғы шебінде Қазақстаннан жіберілген 23 бірлестік, 50 шакты полктер мен батальондар шайқасты. Қазақстанның Мәскеу мен Ленинградты жанын қия корғап, Украина мен Белоруссияны, Балтық маны мен Молдавияны азат етуге атсалысты, Берлин шабуылына катысты.



Ондаған мын қазақстандық ерен енбегі мен ерліктері үшін марапатталса, бес жүзден астам адам Кенес Одағының Батыры атанды, төрт адам бұл атакқа еki мәрте не болып, 142 адам Данқ орденінің толық негері атанды.

Уикипедия мәліметтерінен



A Соғыс туралы білгендерінді ортаға салындар. Бұл соғысқа қатысқан қандай қазақ батырларын білесіндер?



Ә Мәтін мазмұны бойынша төмендегі ақпараттардың ретін анықтандар.

- Соғысқа 1,5 миллион қазақстандық қатысқан.
- Кеңес Одағының батыры атағына 4 қазақстандық 2 мәрте пе болды.
- Мамырдың 9-ы – Женіс күні.
- Қазақстандық жауынгерлер алдыңғы шепте шайқасқан.

ОДАҒАЙ СӨЗДЕР

Одағай сөздерге көбінесе адам сезімінің алуан түрлі күйін білдіретін сөздер жатады. Олар – жүртшылықта әбден түсінікті болып, белгілі дағды бойынша сөз ретінде пайдаланатын дыбыстар. Мысалы: *Уа, жігіттер-ау, бұл қалай?* (F.Сл.). *Па, сабаз, мал болғаныңа! Түү, қандай тымырсық түн. Е, жолдас, жақсы жатып, жайлы түрдіңиз ба?* (С.М.) Мұндағы *уа, па, түү, е* деген одағайлар үйреншікті сөздерге айналып, жүрттың бәріне түсінікті болып кеткен.



Б Берілген сөйлемдерге одағай сөздерді қосып, сөйлемнің реңкін өзгертіп жазындар.

- Қазақстанда мамырдың 9-ы – мемлекеттік мереке .
- Қазақстандықтар Мәскеу мен Ленинградты жанын кія коргады.
- Ондаған мын қазақстандық ерен еңбегі мен ерліктері үшін марапатталды.
- 142 адам Данқ орденінің толық пегері атанды.



2-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерден одағай сөздерді табындар. Тапқан одағай сөздермен басқа сейлемдер құрап жазындар.

1. Эй, шырагым, ар жағында әкен түр, әуелі соған салем бер.
2. Жә, кой деймін, бала!
3. Ойпырым-ай, мынау не деп отыр өзі?
4. О, сұмдық-ай, түпсіз тұнғынык.
5. Мине, гажап! Су оны батырып жібермек түгіл, бауырынан да келмейді екен.
6. Пай, пай, Хасенұлы ма?! Шіркіннің білмейтіні болсайшы!
7. Әттеген-ай, олай болғанда, Нашаның қыстауына қарай әлде Итікеннің қорымына қарай ауытқып кетпесе иші еді!
8. Ойбай, Жака-ау! Ол Жоламанның дүмпуі ғой.

**3-тапсырма.** Өлеңдердегі одағайларды дұрыс орналастырыңдар.

... көніл деген!
 Жартас жок толқыныңа кемілмеген.
 Құлдырап құламаған құзын да жок,
 Қыран боп шырқамаған кезін де кем.

Ж.Молдагалиев

Бүтін менің тұған күнім, ... !
 Мына адамдар неге жатыр тойламай?
 Банкет жасап берер едім өзім -ак,
 Тәнірдің бір жарытпай- ақ қойғаны -ай!

М.Мақатаев

Керек сөздер: бәле-ай, ой, ғажапсың-ау, о, шіркін.

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңдандар.

A Мәтіндегі М.Мақатаевтың өлеңінде кездесетін етістіктерге морфологиялық талдау жасандар.



Ә Одағай сөздерді қатыстырып, осы мәтінге үқсас шағын эссе жазыңдар.

**5-тапсырма.** Қазақстандық батырлар туралы сөзжүмбақты шешіндер.

			1		О						
			2		Д						
3					А						
			4		Ғ						
			5		А						
			6		Ҙ						

1. Төлеген ...
2. Нұркен ...
3. ... Момышұлы

4. Әлия ...
5. ... Қайсенов
6. Сұлтан ...



6-тапсырма. Соғысты суреттеген өздеріңе ұнайтын бір фильмді көріп, жоспар құрып, 15 сөйлемнен тұратын мазмұндағы жазып келіндер.

9.2. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАГЫ ҚАЗАҚСТАН

Ұранды елдің ұрпағы қайсар.

Мақал

Бүгін сабакта:

- соғыстың қазақ жеріне асері жайлы мәтіндерді талдаймыз;
- одағай сөздердің түрлерімен танысамыз;
- одағай сөздердің жасалу жолына қарай топтастыруды үйренеміз;
- одағай сөздердің мағыналық топтарымен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Соғыстың басталуына байланысты ел экономикасын соғыс жағдайына бейімдеу басталды. Қазақстан экономикасы соғыска бейімделіп кайта каралып, әскери бағытқа көшірілді. Бейбіт мақсаттарға жұмсалатын қаржы мейлінше қыскартылды. Көптеген қасіпорындар корғаныс өнімдерін шығара бастады. Өске-мен корғасын-мырыш комбинаты, Қарағанды көмір шахталары сиякты соғыска қажетті өнім шыгаратын өнеркәсіп құрылыштарын салып аяқтады. Соғыс жүріп жаткан жерлерден және майданға жакын аймактардан 220 зауыт пен фабриканы, қасіпорындарды Қазақстанға көшіру жүргізілді. Украинадан Қазақстанға 70 өнеркәсіп орны мен жабдығы әкелінді. Қазақ КСР-іне әкелінген өнеркәсіптер мен фабрикалар, қасіпорындар Алматы, Қарағанды, Шымкент, Петропавл, Семей, Актөбе, Орал қалаларында орналастырылды. Әрине, Қазақстанға әкелінген қасіпорындар өте күн жағдайда жұмыс істеді. Өнеркәсіп орындарымен бірге Қазақстанға майдан өнірінен көптеген мамандар да көшірілді. Қазақстан КСРО-ның негізгі әскери-өнеркәсіп базасына айналды. 1942 жылы Одақта өндірілген корғасынның 85%-ын, көмірдің 18%-ын, молибденнің 60%-ын, октанды мұнайдын 1 миллион тоннага жуығын берді.

A.K.Тажсатиева



А Мәтіндегі негізгі ойды үш сөйлеммен баяндан беріңдер, үш тірек сөзді табындар.



Ә Мәтіндегі етістіктерге морфологиялық талдау жасандар.



Б Тәмендегі сөйлемдерге сұрақтар құрастырындар.

- Бейбіт мақсаттарға жұмсалатын қаржы мейлінше қыскартылды.
- Қазақстан КСРО-ның негізгі әскери-енеркәсіп базасына айналды.
- Қарағанды көмір шахталары сиякты соғыска кажетті өнім шыгаратын өнеркәсіп құрылыштарын салып аяктауды.
- Украинадан Қазақстанға 70 өнеркәсіп орны мен жабдығы әкелінді.

ОДАҒАЙДЫҢ ТҮРЛЕРИ

Одағайлар жасалу жолына қарай *негізгі және туынды* болып екіге бөлінеді.

Негізгі одағайларға *ау, па, ей, әй, е, уа, уау, уай, я, пай, а, о, оһо, ой, ие, аһа, ау, беу* дегендер жатады. Бұл одағайлар қайталанып қолданылмайды.

Туынды одағайларға *мәссаған, бәрекелді, әттеген-ай, масқара-ай, о тоба, астапыралла, япым-ай, ойпым-ай, о дариға* т.б. жатады.

Мағынасына қарай:

Кеңіл күй одағайлары		Шақыру және тыйым салу, бұйыру одағайлары	
жағымды	жағымсыз	адамға айтылатын одағайлар	малға айтылатын одағайлар
алақай, паһ-паһ, пай-пай, бәре-келді, оһо, айналайын, пәлі т.б.	әттеген-ай, әттең, қап, тәйірі, түге, байбай, пішту т.б.	тәйт, сап-сап, ал, жә, ауп, ау т.б.	моһ-моһ, шөре-шөре, сорап-сорап, кес-кес, әүкім-әүкім, әйт-шу, шу т.б.



2-тапсырма. Одағайларды тауып жазып, олардың одағайдың қай түріне жататынын ажыратындар. Құрамына қарай талдандар.

1. – Ойпым-ай, ерт болмағай еді, – деген Әшімтай досының сөзін естігенде, Маралбектің тұла бойы дірілдеп коя берді (С.О.).
2. Ойбай-ау, мынау қайтеді?! – деп әйел опынған болды (Х.Е.).

Есте сақтаңдар!

- Одағай атауыш сөздерге де, көмекші сөздерге де жатпайды. Көмекші сөздерден айырмасы – байланыстыруыш қызмет атқармайды.

3. – Мәссаған, сіздің атыңызды сұра-маған екенмін-ау. – Ау, халайык! – деді Ардак жүргіка қарап. – Япым-ай, мынаның желігуін-ай, – деді Мамай әлденеден жүрегі сескеніп (Ш.М.).
4. – Е, тап сол! – деп Қартқожа куанып қалды. – Уай, сен Біржаннан билетінін болса, айтшы! – деді (Ж.А.).



3-тапсырма. Жұмбақ өлеңін жауаптарын табындар. Жауаптарына фонетикалық талдау жасандар.

Мал шакыру

Балалар-ау, балалар,
Мен бір жұмбақ айтайын,
Кім жауабын таба алар,
Зерегінді байқайын .
Ертеменен айқайлап,
Қайда екен деп ақылдым,
«Аухау-аухау-аухаулап »
Қай төлді мен шакырдым?

Шұнтындаған неме деп,
Койса жақсы келе деп,
«Шере-шере-шөрелеп »
Қай төлді мен шакырдым?
Құйрық-жалы суылдан,
Тез жетсін деп зуылдан,

«Құрау-құрау құрулап »
Қай төлді мен шакырдым?
Түтегесем мен енді,
Ұмытыптын біреуді,
«Пұшайт-пұшайт » деп енді
Тағы нені шакырдым?
Бәрі... бәрі келгесін,
Бөгелейін мен несін?
Бастап кеттім жайлауға,
Суға кансын, шөп жесін!
Бала бар ма білетін,
Дәл табады мұны кім?
Шақырганда келетін
Қандай-қандай тулігім?

Ә.Ахметов



A Сөздерді сәйкестендіріндер.

Кой	шөре-шөре
Жылкы	әукім-әукім
Түйе	құрау-құрау
Ешкі	пұшайт-пұшайт
Сыр	кес-кес



4-тапсырма. Мәтінді тындандар.



A Мәтінге ат қойындар.



Ә «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлең жолдарынан алынған мына үзінді мен мәтін арасындағы байланыс туралы өз ойларынды білдіріп, талқыға салындар.

Жаутандап қарап дала түр,
Кез жасын сұртіп жана бір.
Хабарсыз ұлын сұрауга,
Жолынды тосып ана жүр.

Қанша үйдін үрлап адамын,
Қанша үйде сөніп калды оттар.
Көрдін бе ұлын ананын
Соғыстан қайтқан солдаттар?


С.Мәзленов

**5-тапсырма.** Бос орындарға қажетті одағайларды қойып жазындар.

- ... ! Кеккүс бүркіт алды, - дедім.
- ... , байғұс, - деп қасыма таяп беріп, бүркіттің басын көріп:
- ... , - деп шошып кейін шегінді. Басы қозының басындағы ғой езінің! - деді.
- Тұнімен балакбау, аяқбау, тұғыр жасап үйкітамай шыктым.
- ... , жанға бермеспін. Бір бүркітші адамға көрсетіп баулытармын.
- ... , енді сол бүркіттің жайынан біраз әнгіме айтайын, - деп сезін бастап кетті.
- ... , - деп бастады сезін. - Мен Кеккүсты ішкі жактан әкелген жылы тек аяктандырумен ғана болдым...

*С.Бегатин**Одағайлар:* жә, кәне, әй, сүйінші, пай-пай, ойбай.

6-тапсырма. «Кесінді сый» ойыны. Координата жүйесінен X осінде орналасқан сөздердің У осіндегі одағай сөздермен қызылсызын нүкте арқылы белгілеп, әр нүкте арасын кесіндімен қосындар.

**9.3. МАЙДАН ЖӘНЕ ТЫЛ**

Ердің ісі елдің мойнында,
Елдің ісі ердің мойнында.

*Мақал***Бұғын сабакта:**

- соғыс жылдары майдан және тылдағы халықтың көрген қыншылықтары жайлы матіндерді талдаймыз;
- оқшау сөздермен танысамыз;
- оқшау сөздердің түрлерін ажыратуды үйренеміз;
- оқшау сөздерге ортақ белгілерді анықтаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Майдандағы женіске тыл енбеккерлерінің косқан үлесі зор. 1939 жылғы санакпен салыстырғанда, 1942 жылы Қазақстанда ауылшаруашылығы енбекшілерінің саны 600 000 адамға азайған. Ауылшаруашылығында енбектенген ерлердің майданға тартылуына байланысты олардың орнын кариялар, әйелдер мен балалар басты. 1944 жылы колхоздағы енбекке жарамды ерлердің сандық үлесі – 20 пайыз, әйелдер – 58 пайыз, жасөспірімдер 22 пайыз болды. Яғни, майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен карт адамдар қамтамасыз етті. Соғыс жылдарында колхоздар мен совхоздар майданға тек азық-түлік емес, сонымен бірге тірі мал, тіпті ауылшаруашылық техникасын жіберіп отырды. 1942–1943 жылдар аралығында республика ауылшаруашылығынан 4 111 трактор, 1 184 жук мәшинелері, 30 318 жылқы майданға жіберілді. Соғыстың бірінші жылы мемлекетке 100 миллион пұт астық тапсырылды. Бұл көрсеткіш 1940 жылмен салыстырғанда 24 миллион пұтқа артық. Колхозшылар мен совхозшылар өз еркімен енбек күнін танғы бестен түнгі 22.00-ге дейін ұзартқан. Эрбір шаруа 2-3 адамның жұмысын аткарды. 1941 жылы Актөбе облысы, Ойыл ауданы, «Күрман» колхозының **егіншісі Шығанак Берсніев** 1 гектардан 155,8 центнер тары алғып, әлемдік рекорд жасаса, 1945 жылы 1 гектар дан 202 центнер тары алғып, өзінің алғашкы көрсеткішін бірнеше рет өсірді. Шиелі ауданы, «Авангард» колхозының **даңқын шығарған** күріш егуші **Кім Ман Сам** 1 гектардан 154,9 центнер күріш өндірді. Күріш өсіруші **Ыбырай Жақаев** 1943 жылы 1 гектардан 172 центнер күріш өнімін алғып, әлемдік рекорд жасады. Астық өнімі үшін алған 106 000 сомды **Ы.Жақаев** қорғаныс майданына жіберді. Республикада **Ш.Берсніев, Кім Ман Сам, Ы.Жақаевтың** жолын қуушылар аз болмады.

e-history.kz сайтынан



А Мәтінге сай келмейтін ақпаратты табындар.

Ауылшаруашылығында енбектенген ерлердің майданға тартылуына байланысты олардың орнын кариялар, әйелдер мен балалар басты.	<input checked="" type="checkbox"/>
Майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен карт адамдар қамтамасыз етті.	
Колхозшылар мен совхозшылар өз еркімен енбек күнін кешкі 22.00-ден танғы беске дейін ұзартқан.	
1941 жылы Актөбе облысы, Ойыл ауданы, «Күрман» колхозының егіншісі Шығанак Берсніев 1 гектардан 155,8 центнер тары алғып, әлемдік рекорд жасады.	

Шығанак Берсніев 1945 жылы 1 гектардан 202 центнер бидай алғып, өзінің алғашкы көрсеткішін бірнеше рет өсірді.

Күріш өсіруші Ұбырай Жакаев 1943 жылы 1 гектардан 172 центнер күріш өнімін алғып, әлемдік рекорд жасады.



Ә Ауылшаруашылығында еңбектенген ерлердің майданға тартылуымен олардың орнын қариялар, әйелдер мен балалар басты деген сөйлемге кешенді грамматикалық талдау жасандар.



Б Мәтін мазмұнына сай еңбек туралы мақал-мәтелдер айтыңдар.

ОҚШАУ СӨЗДЕР

Оқшау сөздерге сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланысқа түспей, дауыс ырғағы арқылы ерекшеленетін сөздер мен сөз тіркестері жатады. Оқшау сөздер сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды, сөйлемде ойды нақтылай түсіп, басқа сөздермен мағыналық қарым-қатынаста болады. Оқшау сөздердің мағыналық белгілері оқиға желісінің кімге, неге арналғандығын (*Балақай, сурет сала білесің бе?*), айтушының оған деген көзқарасын (*Меніңше, бүгін Алматыда жаңбыр жауады*), көніл күй, сезім толқынысын (*Аптыр-ай, сезің сүйектен өтті-ау!*) білдіру мақсатында қолданылады. Оқшау сөздерге мағыналық белгілері мен жасалу жолдарына қарай *одағай*, *қаратпа*, *қыстырма* сөздер жатады.

Одағай: Ой, аттеген-ай, айырылып қалдым-ау!

Қаратпа сөз: Жолдастар, бүгінгі біздің әңгімеліз қазақ әндері жайлы.

Қыстырма сөз: Шынымды айтсам, өзің бір қызық жан екенсің.



В Мәтіндегі қарамен жазылған сөздердің түсіндірмесін табыңдар, сөздерге фонетикалық талдау жасандар.



Г Мәтіннен оқшау сөздерді теріп жазыңдар.



2-тапсырма. Оқшау сөздерді жасалу жолдарына қарай топтастырып жазыңдар.

Тегінде, кап, тәтей, жолдастар, қойшы-ей, корыта айтқанда, -мыс, ай, Мирас, күрметтім, ойбай, жігіттер, жолаушылар, шынтуайтында, ең алдымен, жарайсын, бәрекелді, Бану, байқаймын, ағайын, әрине, мүмкін, Құдай-ай, астапыралла, сінлім-ау, жә, агатай, жасыратын несі бар, калкам.

Одағай сөздер:

Қаратпа сөздер:

Қыстырма сөздер:

**3-тапсырма.** Сөйлемдерден оқшау сөздерді тауып, түрлерін ажыратыңдар.

1. – Қалашылар, қалашылар келеді!
- Анау Абай, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, – деді бір картан әйел.
- Бәсе, Телғара ғой... жаным-ау, мынау... Телғара! Әпкеме айтайыншы, – деп тағы бір жас әйел, женге де үлкен үйге ұмтылышқан.
2. – Қалай, құлағың ашылды ма? – деді.
- Е, жақсы боп қалды. Өркенің өссін, балам! – деп әжесі алғыс айтты.

**4-тапсырма.** «Ана туралы баллада» әнінің мәтінін тыңдаңдар.

А Әндегі одағай сөздері бар жолдарды тауып, тыныс белгілерін дұрыс қойып жазыңдар.



Ә Ән мазмұны мен суреттердің байланысын талқыландар.

**5-тапсырма.** Берілген оқшау сөздерді қатыстырып сөйлем құрандар. Жасалуына қарай ажыратыңдар.

Дұрысында, шырағым, оның пікірінше, окушылар, пәлі, шіркінай, бәсе, ақылдым, кім біледі.

**6-тапсырма.** Сөзжұмбақты шешіндер.

1	O					
2	K					
3				Ш		
4		A				
5		У				

1. Көңіл күйді білдіретін оқшау сөздер ... деп аталады.
2. Сейлемде айтылатын ойға сейлеушінің түрліше көзкарасын білдіретін оқшау сөзді ... сөз дейміз.
3. Менің ... , сол дұрыс.
4. Біреудің назарын өзіне аудару үшін колданылатын оқшау сөздер ... сөздер деп аталады.
5. Қарағым , мұнын не?

Есте сақтаңдар!

Оқшау сөздер сөйлем күрамындағы өзге сөздермен қабыса, матаса, менгеріле не болмаса қыса т.б. байланысқа түспейді. Сол себепті олар сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайды, сейлемде басқа сөздерден оқшаулаңып тұрады.

9.4. БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ СОФЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Солдат жасаған ерлік боямасыз және әсерлеусіз, шынайы суреттелу-ге тиіс.

Бауыржан Момышұлы

Бұғін сабакта:

- Б.Момышұлы және соғыс жылдарындағы қаламгерлер, жалпы қазақ әдебиеті жайлы матіндермен танысып, мәтін бойынша тапсырмалар орындаимыз;
- қыстырма сөздердің ережесімен танысамыз;
- қыстырма сөздерге тән ерекшеліктерді анықтап, сөйлем ішінен оларды табуды үйренеміз;
- қыстырма сөздерді мағыналық топтарға ажыратамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Бауыржан Момышұлы (1910–1982) – данкты жауынгер, Халық Қаһарманы, қазактың көрнекті жазушысы. Ол Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекенінде дүниеге келген.

Ауылдық мектепті бітірген Бауыржан енбек жолын мұғалім болып жұмыс істеуден бастаған. Сонда жургенде кезекті әскери міндетін өтеуге шакырылып, запастағы командир атағын алады. Тұған ауылына қайтып оралған сон, ол біраз жыл каржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия катарына шакырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болады.



Соғыс басталысымен еріктілердің бірі ретінде Бауыржан 316-атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады. Онда батальон, полк командирі қызметтерін аткарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады.

Күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шыкты. 5 рет коршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына косылды. Жауынгерлік іс-кімшілдарға катысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнағы тарау болып әскери жарғыға енүі, тактикада «ошакты» және «икемді корғаныс» ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момышұлының осындағы тәжірибелерінің жынытыны болып табылады. Оның қолбасшы, терен ойлай біletін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк. дивизия басқаған жылдары кеңінен ашылды.

Бауыржан Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытуда баға жетпес мұра калдырган дара тұлға. Оның атак -данкы, батырлығы А.Бектін «Волоколамск тас жолы» кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз және т.б. шет тілдеріне аударылды.

tarbie.kz сайтынан



А Б.Момышұлының өзі жазған шығармаларының аттарын және нақыл сөздерін тауып жазындар.



Ә Берілген сөйлемдердің құрамын, кей сөздерінің тұлғасын өзгертуіп, қаратпа сөзі бар сөйлемдерге айналдырындар.

Улгі: Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз және т.б. шет тілдеріне аударылды.

Аудармашылар, кітапты неміс, чех, еврей, ағылшын, француз және т.б. шет тілдеріне аударыңдар.

- Ауылдық мектепті бітірген Бауыржан енбек жолын мұғалім болып жұмыс істеуден бастаған .
- Туган ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді.
- Соғыс басталысымен Бауыржан еріктілердің бірі ретінде 316-атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады.
- 5 рет коршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аманесен дивизиясына косылды.
- Оның атақ-данқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тасжолы » кітабында суреттелді.



Б *Туган ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді* деген сөйлемге синтаксистік талдау жасандар.

ҚЫСТЫРМА СӨЗДЕР

Қыстырма сөз – сөйлеушінің айтылған ойға әртүрлі қатынасын білдіретін, сөйлемдегі басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейтін оқшау сөз. Қыстырма сөз сөйлем мүшесі қызметін атқармайды, оқшау тұрып, айрықша интонациямен айтылады. Қыстырмалар жеке сөз түрінде ғана емес, сөз тіркесі, сөйлем түрінде де қолданылады. Қыстырма сөздердің негізгі мағыналық топтары мынадай:

- 1) адамның көніл күйін, сезімін білдіреді: *абырой бергенде, амал қанша, бақытына қарай* т.б.;
- 2) долбарлау, шамалау, сенер-сенбестікті білдіреді: *сіра, мүмкін, тегі, балкім, кім біледі* т.б.;
- 3) ойдың кімнен, қайdan екенін білдіреді: *меніңше, оның ойынша* т.б.;
- 4) бұрын айтылған пікірді күшешту мен нақтылау мәнін білдіреді: *атап айтқанда, сөйтіп, қысқасы, демек* т.б.;
- 5) айтылған пікірдің, ойдың ретін, тәртібін білдіреді: *біріншіден, екіншіден, бір жағынан, ең әуелі, ақырында* т.б.

Қыстырма сөздер сөйлем ішінде басқа сөздерден үтір арқылы бөлінеді.



2-тапсырма. Сөйлемнің басында, ортасында, соңында келетін қыстырма сөздерге мысалдар ойлап табындар.

Улгі: *Меніңше*, сенің айтканын дұрыс.

Бұларды, әрине, осы жерде жасауға болмайды.

Өзі осында келген шығар, *сіра*.



3-тапсырма. Берілген сөздерді бірде қыстырма сөз етіп, бірде сөйлем мүшесі етіп сөйлем құрандар.

Осы, рас, не, міне, калай, кім біледі, байқаймын, қайтейін, білем.



4-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар.



A Мәтін бойынша тәмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

- Согыс кезіндегі казак әдебиетін калыптастыруға катысқан каламгерлерді атандар. Олардың ішінде согыска катыскандары кімдер?
- Согыс кезіндегі жас буын каламгерлерден кімдерді тапсындар?
- Отаншылдық рухтагы өлеңдер жазған поэзия өкілдерін атандар.
- Согыс жылдарында әдебиеттің кай жанrlары өрістей алды?



Ә Қазақтың көрнекті жазушысы К.Қайсенов жайлы «Қасым» фильмін көріп, жауылышындағы партизандар туралы шағын эссе жазыңдар.



5-тапсырма. Көп нүктенің орнына қыстырма сөздерді сәйкестендіріп қоюңдар.

- ... , кітапханаға танертен барамыз гой.
- Болашақта мен гарышкер болармын,
- Сен, ... , есебінді шығар.
- ... , мен ертең жол жүргелі жатырмын.
- Бүгін жаңбыр жауады-ау,
- Мен, ... , ештеңені түсініп тұрған жокпын.
- ... , кыркүйектің 27-сі болатын.
- ... , сениң айтканына талас жок.

Қыстырма сөздер: сөз жок, шынымды айтайын, айтпакшы, демек, ұмытпасам, әуелі, бәлкім, шамасы.



6-тапсырма. Сөйлемдерден қыстырма сөздерді тауып, тиісті тыныс белгісін қойыңдар. Мағынасын түсіндіріңдер.

- Мен шынымды айтайын сасудамын (*F.M.*).
- Олардың айтудынша Молдағазы аршын бойлы, өзі сұлу, акылды, салмақты жігіт бол есken (*C.M.*).
- Сөз жок тағы шайқасамыз (*F.M.*).
- Білсем жар деп кісі үй жолдасын айтат та (*M.Ә.*).
- Мүмкін Байм ақан бабын тапқан болар (*F.M.*).



7-тапсырма. Ребусты шешіндер. Шыққан сез бен бүгінгі сабактың байланысын анықтаңдар.



9.5. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАГЫ МӘДЕНИ ӨМІР

Адамның көтерінкі көңіл күйі – ұрыста ең айбарлы қару.

Бауыржан Момышұлы

Бүгін сабакта:

- соғыс жылдарындағы мәдени өмір туралы мәтіндермен танысамыз;
- қаратпа сездің сейлемдегі қызметімен танысамыз;
- сейлем ішінен қаратпа сездерді табуды үйренеміз;
- қаратпа сездердің жасалу жолы мен оған тән белгілерді ажыратамыз.



1-тапсырма. Мәтінмен танысыңдар.

Киелі өнердің өміршендігі қандай қызыншылықта да тоқтамаған. Сондай оқ пен оттың ортасында жүріп, өнердің құлдіретін сезіндірген, кенес жауынгерлерінің жүрегіне шуак дарытқан, отансүйгіштік рух пен күш-жігер берген сәттер сұрапыл соғыс жылдары аз болмаған. **Соғыс жылдары Отанымызды корғаған ер-азаматтардың қатарында жауынгерлерге бойындағы өнерімен қызмет еткен 17 өнер кайраткері 1942 жылы өздерінің оркестр, ансамбльдерімен майдан шебіне сұранып барғанын дәлелдейтін мұрағат деректері бар.** Ол өнер шеберлері артиллеристер мен ұшқыштар арасында, орман мен шалаш ішінде 50 концерт берген. Сталинград пен Украина майданында күннің ыстық-сұғына қарамастан өнер көрсеткен. Олардың қатарында бұлбұл әншіміз КСРО Халық әртісі Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Үрия Тұрдықұлова, Манаубек Ержанов, Зейнеп Розмұхамедова, Елубай Өмірзаков, Энуарбек Үмбетбаев, Шара Жпенқұлова, Шабал Бейсековалар бар. **Танымал өнер иелерінің еңбегі орынды бағаланып, орден, медальдармен марапатталған.**

1941–1945 жылдары Алматының біріккен орталық киностудиясында кеңес кинематографиясының алтын корына енген фильмдер түсірілді. Олар: «Секретарь райкома», «Они защищают Родину», «Воздушный извозчик», «Два бойца», «Фронт», «Жди меня», «Парень из нашего городка» т.б. Соғыс жылдары Қазақстанда 500-ге тарта кино қызметкерлері мен әртістер ешбектенді. Орталық киностудия қызметкерлерімен бірігіп, М.Әуезов, F.Мұсірепов, Ә.Тәжібаевтардың қатысуымен «Абай әндері», «Жауынгер ұлы», «Саған, майдан» фильмде рі түсірілді.

Fatalitor беттерінен



А Мәтінді мағыналық беліктерге бөліп, тұтас мәтінге және әр белігіне атқойындар.



Ә Соғыс жылдары шырқалған немесе соғыс тақырыбына қатысты қандай әндерді білесіндер?



Б Қарамен берілген сөйлемдерге қыстырма сөздерді қойып жазындар.

ҚАРАТПА СӨЗДЕР

Сейлемде айтылған ойдың кімге арналғанын білдіру не оған басқаның назарын аудару мақсатында жұмысалатын сөз немесе сөз тіркесін **қаратпа сөз** дейміз. Қаратпа сөз сейлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, ерекше ауенмен айтылады.

Қаратпа сөз болатындар: жалқы есімдер, туыстық атаулар, эмоционалдық мәнді сөздер, көркем әдебиетте жан-жануар, жер-су атаулары т.б. Қаратпа сөз сейлемнің басында келсе, одан кейін үтір не леп белгісі, ортасында келсе, екі жағынан үтір, соңында келсе, оның алдынан үтір қойылады. Мысалы: Балам, жөнінді айтыши, бізді көрсөң сәлем бер деп әкең айтып па еді, жоқ өздігінен істедің бе? – деді (М.Ә.). Ау, қызыши құс, қызыши құс, Қанатың қатты, мойның бос (М.Ә.).



2-тапсырма. Қарамен берілген сөздердің қайсысы қаратпа, қайсысы сейлем мүшесі екендігін анықтап, дәлелдендер де, тыныс белгілерін қойып жазындар.

Сейлемдер	Қаратпа	Сейлем мүшесі
Сәуле пығын кайта-кайта комшап қойыш журіп келеді.		✓
Жанар айткандарының бәрін орыншап қойдык.		
Менен кейин келген Әсег не туралы айтып жатканымызды түсінбей қалды.		
Ертенні тапсырмаларды кайталап оқып жіберінізші апай үлгермей қалдым.		

Жұмысттан ерте кел конакқа сен жеткізіп саласың Нұркен.		
Топтагы ен бірінші сабак айтатын сол баяғы Төржан .		
Жаңас Нұрбек сұраган ойыншыкты бере салшы.		
Балжан Ақнұр арқылы естіп алған екен.		



3-тапсырма. Берілген сөйлемдерден қаратпа сөздерді тауып, оларды қосып басқа сөйлемдер қурандар.

1. Түсіндім, қалқам, өзім-ак айтайын атана (*K.T.*).
2. Уа, акша бұлт, айтшы маған,
Айтшы маған, қайдан келді? (*Ә.C.*)
3. Жігіттер, ойын арзан, күлкі кымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат (*Абай*).
4. Ал, шырак, күргак әнгіме болмасын, іске кірісейік (*F.Муст.*).
5. – Елінді қыстан шығардың ба, бала? – деді бай (*Б.М.*).



4-тапсырма. Мәтінді тыңдандар.



A Суреттер мен мәтін арасында байланыс бар ма? Пікірлерінде ортаға салындар.





5-тапсырма. Сөйлемдерді бастауыштарын қаратпа сөзге айналдырып, тыныс белгілерін қойып жазыңдар.

Улғи: Мұратбек сахна жақтан домбырасын әкелді.

Мұратбек, сахна жақтан домбыраңды әкет.

1. Тұс ауа үйге Рахат келді.
2. Сәуле тәтей апайдын айтқан сездерін жазып алды.
3. Мәдина менің бұрын мұғалім болғанымды әлдекімнен естіпті.
4. Оналбек айтқан сезінен танбады.
5. Жолдастар келер үрпак жыр етер ұлы науқанды бастағалы тұр.
6. Дәрігерлер мен санитарлар жолға дайын ба?
7. Айжан дүкенге барып нан әкелді.
8. Айдын мен Жанар гүлдерге су құйып жүр.
9. Сабактан келген Айнагұл тамағын ішті.



6-тапсырма. Қаратпа сездері бар өлең жолдарын тауып жазыңдар.

Улғи : Балалар, бұл жол басы даналықка,
Келіндер, түсіп, байқап, қаралық та.
Бұл жолмен бара жатқан өзіндегі кеп,
Соларды көре тұра калалық па?!
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Журіндер, іздеп тауып алалық та!

A.Байтұрсынұлы

9.6. ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗДАРЫ

Намысын бермеу үшін жатқа қолдан,
Арулар аз болды ма атқа қонған...

Исраил Сапарбай

Бұғын сабакта:

- қазақтың батыр қыздары туралы мәтінге талдау жасаймыз;
- оқшау сез туралы алған білімімізді қорытамыз, тапсырмалар орындау арқылы бекітеміз;
- оқшау сездердің мағыналық ерекшелігін, тұлғалық белгілерін, сөйлем ішінде орналасу тәртібін қайталаймыз;
- оқшау сездердің түрлерін ажыратамыз, тыныс белгілерінің қойылу ережесін мысалдар арқылы бекітеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

1941–1945 жылдары болған Кенес Одағы мен фашистік Германия арасындағы соғыста талай жан қыршынынан қызылды. Міне, осы соғыста ерен ерлігімен көзге түсіп, мерт болғаннан кейін Одактың



ен жоғары атағы – Кеңес Одағы Батыры атандын каршадай казак қызы Элия Молдағұлова 1924 жылы Ақтөбе облысының Қобда ауданында дүниеге келген. Элия жайында көркем фильм де түсірілген. 1943 жылдың қарашасында Элия Холм тубінде немістерден «тіл» алу мақсатында жүргізілген барлау соғысына катысқан. Осы соғыс барысында Элия солдаттармен бірге немістердің траншеясына басып кіріп, 5 немісті тұтқындаған. Қантардың какаған аязында қырғын шайқаста 19 жастағы ерімдей қыз жаңбырша жауған оқтың астында сиреп қалған каруластарын 6 рет шайқаска өзі бастап шыккан. Дәл осы жерде 1944 жылы 14 қантарда Новосокольники ауданына карасты Казачиха деревнясын азат етуде Элия Молдағұлова ғасырларға жалғасқан аныз қалдырды.



Ерен ерлігімен тарих беттеріне есімі алтын әріппен өрілген тағы бір казак қызы – Мәншүк Мәметова. Ол 1922 жылы Орал облысы, Орда ауданы, Жасқұс ауылында дүниеге келген.

Соғыс басталғанда ол медицина институтында оқып жүреді. 1942 жылы өзі сұраныш майданға кетіп, 21-атқыштар дивизиясында болады. Әскери өмірge Мәншүк тез үйреніп, пулемет атуға машықтанады. Қарудың тілін жетік менгерген Мәншүк 21-гвардиялық атқыштар дивизиясының «ен жаксы пулемет атқышы» атағына да не болады. Невель қаласын қорғау кезінде Мәншүк акырғы оғы таусылғанша жауды жер жастандырып, ерлікпен қазатабады.

inform.kz сайтынан



A Берілген ақпараттардың Элияға немесе Мәншүкке қатыстысын анықтандар.

- Ақтөбе облысының Қобда ауданында дүниеге келген.
- Орал облысы, Орда ауданында дүниеге келген.
- Пулемет атуды үйренеді.
- 6 рет шайқаска өзі бастап шыккан.
- 21-атқыштар дивизиясында болды.
- Холм тубінде немістерден «тіл» алу мақсатында жүргізілген барлау соғысына катысқан.



Ә «Мергендер» және «Мәншүк туралы дастан» фильмдерін көріп, олардың мазмұнын қысқаша сипаттап жазып келіндер. Мәтінде оқшау сөздердің барлық түрін қолданындар.



2-тапсырма. Кестедегі сөйлемдердің оқшау сөздердің қай түріне жататынын табындар.

Сөйлемдер	Одағай сөздер	Қыстырма сөздер	Каратпа сөздер
- Талаптарын жаксы екен, балалар!			
- Ойбай, Шегендей емес шыгарсын.			
Рас, мен сізді бір рет көрдім.			
Бұл, шынында да, Нартай біле бермейтін жаңалық еді. Сірә, мені танымадын-ау деймін.			
- Эже. Ырысбектікіне мен де барайын ба?			
Ол кандай үн болғаны, апыр-ау?			



3-тапсырма. Мәтінді тындандар.



A Тәмендегі сөйлемдерге оқшау сөздерді қосып жазып, құрамын өзгертиңдер.

- Ол – «Ха лық Қаһарманы » мәртебелі атағына не болғандардың бірі .
- «Қазактың қанатты қызы » атанған тұнғыш әскери үшкыш – Хиуаз Доспанова.
- Х.Доспанованың жастық шағының 5 жылы қанқүйлы соғыс майданында, аспандағы жау ұшактарымен шайқаста өтті.



4-тапсырма. Берілген оқшау сөздердің кейбірін қатыстырып, женіс, соғыс туралы 5-6 сөйлемнен тұратын мәтін құрап жазындар.

Женіс, сірә, батырлар, әрине, алақай, біріншіден, өкініштісі, сөз жок, бағымызға қарай, тәйірі, кім біледі, шіркін, ақырында, бір жағынан, олай болса, женімпаз елдің ұрпактары .



5-тапсырма. Сұрақтарға жылдам әрі дұрыс жауап беріңдер.

1. Оқшау сөздер кездескенде сөйлемде кандай тыныс белгісі қойылады?
 - нұктес; ә) нұктелі үтір; б) қос нұктес; в) тырнақша; г) үтір.
2. Қыстырма сез катысан сейлемді табындар.
 - Қап, күртатын болдығой!
 - Негізінде, жағдайымыз онша жаксы емес.
 - Қалың елім, казағым, қайран жүртим.

- в) Тәйт, тыныш отыр.
г) Арман – тәрбиелі окушы.

3. Утірдің койылу себебі, дұрысын белгілендер.

Балалар, біз тірі тұрганда атам кедейшилікті ойлайтын адам емес.

- | | |
|------------------|---------------------|
| а) кыстырма сез; | в) бірынғай мүше; |
| ә) қаратпа сез; | г) айқындауыш мүше. |
| б) одағай; | |

4. Тыныс белгісі дұрыс қойылған қаратпа сезді табындар.

- а) Сірә, бүтін күн сұytар.
- ә) Ауа райы қандай тамаша!
- б) Тында, дала, Жамбылды.
- в) Күмбірлекен домбыра даусы естілді.
- г) Жолдастар тынышталыныздар.

5. Тыныс белгісі дұрыс қойылған окшау сезді табындар.

- а) Күмбірлекен бер домбырам.
- ә) Ән – көнілдің ажары.
- б) Беу шіркін, таудын күйі, тастын күйі.
- в) Бұлар берілген тапсырманы, сірә, ұмытпаса керек.
- г) О, келгенің жаксы болды.

6. Одағайды табындар.

- а) Бай-бай, Нұржан-ай, тілінің қандай аңы!
- ә) Ол әуелі сылк-сылк күлді.
- б) Мағаш, Кәкітай асығыс аттанды.
- в) Дұрыс, ұмытпаған екенсін.
- г) Қайдан шыктың сен?

7. Қаратпа сездің сөйлем мүшесі ретіндегі қызметін атандар.

Балалар, сабакқа дайындалыңдар .

- а) бастауыш; в) анықтауыш;
- ә) баяндауыш; г) сөйлем мүшесі бола алмайды.
- б) толықтауыш;

6-тапсырма. 4 топқа бөлініп, адасқан өлең жолдарын дұрыс орналастырыңдар. Әнді орындаңдар. Ондағы негізгі ойды тарқатып айтыңдар.



Мен казақ қыздарына қайран қалам

«Кыз өссе – елдің көркі» деген сезді,
Жанары жаны жаздай жайрандаған,
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам.
Мен казақ қыздарына қайран қалам,

Көнілде қалған сыз бар өткен күннен,
Намысын бермеу үшін жатқа колдан,
Өмірде қалған із бар Актабаннан.
Арулар аз болды ма атқа қонған.

Ерліктің кос қанаты деп білем мен,
Жасырмай айтар болсам жан сырымды,
Аяулы Әлия мен Мәншүгімді.
Тағдырын қарауылға қанша ілінді.

Бәрін айт, бірін айт та лайықсын,
Көнілің тәрізді аппақ таза макта.
Қазақтың кызы деген ғажап атқа.
Сүймеген сені азамат, азамат па,

И.Сапарбай



Фалым болам десеніз...

Қыстырма, каратпа, одағай сөздерді жалпылай оқшау сөздер деп атайды. Оқшау сөздерді А.Байтұрсынұлы «Тыт – құралында» бүратаға сөздер деп атаған.

Оқшау сөздер туралы кеңірек мына еңбектерден оқып танысуга болады:

1. Нбрагимов К. Қазақ тілі. Алматы, 2011.
2. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. Алматы: Атамұра, 2006.

9.7. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰШҚЫШТАР

Тәуекел ет те тас жұт,
Ажал жетпей өлмек жоқ,

Мақал

Бұғін сабакта:

- Қазақстанның ұшқыштар туралы мәтінмен танысамыз;
- тыныс белгілерінің қойылу себептерін анықтаймыз;
- тыныс белгілері ережесімен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Астана көшелеріне есімі берілген Бақтыораз Бейсекбаевтың есімін біреу білсе, біреу білмес. Жиырма бір жасында жан киған кіші сержант Бақтыораз ерлігі көп жылдар бойы Н.Гастеллоға телініп келді. Бақтыораз Бейсекбаев 1941 жылы 26 маусымда

Смоленск түбінде Маслов экіпажында ерлік көрсеткен. **Кіші сержант Бактыораз Бейсекбаев есімі араға жарты ғасыр салып лайықты бағасын алды.** 1996 жылы 2 мамыр күні «Ресей Федерациясының Батыры» атағы берілсе, Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1998 жылы 6 мамырдағы Жарлығымен Бактыораз Бейсекбаевқа «Халық Қаһарманы» атағы берілді. **Осылайша ашы шындық қын түбінде жатпай, өз дегеніне жетті.**

e-history.kz сайтынан



А Сөйлемдерді жалғастырып жазындар.

1. Б.Бейсекбаев 1941 жылы 26 маусымда
2. 1996 жылы 2 мамыр күні Ресей Федерациясының Батыры атағы берілсе,



Ә Мәтін мазмұнындағы ойды бір сөйлемге сыйдырып айтындар.



Б Мәтіндегі қарамен берілген сөйлемдерге оқшау сөздерді қосып жазындар.

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Тыныс белгілері (пунктуация) – тіл білімінде жазуға тән шартты белгілер жүйесі. Тыныс белгілерінің басты қасиеті – айтайын деген ойды нақтылы, дәл, түсінікті етіп жеткізу, сондай-ақ баяндалмақшы пікірді айқын білдіру.

Тыныс белгілері сөздер тіркесі мен сөйлемдерді айтқанда немесе оқығанда тілде байқалатын кідрісті де, дауыста аңғарылатын әркелкі құбылысты да білдіреді.

Жазба тілде тыныс белгілерін дұрыс қолдана білудің үлкен мәні бар. Тыныс белгілері мүлде қойылмаған немесе дұрыс қойылмаған мәтінді, сөйлемді түсінікті етіп оқу да, мағынасын түсіне білу де қызын. Мысалы: *Бұл келген – сол Есіл бойындағы Қарасарт ауылының жиені, Жүсіп баласы Қожаш (С.К.)*. Бұл сөйлемде сызықша қойылмаса, келген сөзі бастауыш қызметін емес, өзге мүше қызметін атқарған болар еді де, нәтижесінде сөйлемде берілетін ойға нұқсан келер еді.



2-тапсырма. Сөйлем соңына қойылуы тиіс тыныс белгілерін қойып жазындар.

– Бұтін біз тіл жайында біраз кенестік* Өнердің де, білімнің де алды, негізі болып табылатын тілде талай-талай қызық, алуан түрлі сыр барын айттык* Сендер сөйлемнің не екенін, оның неден құралатынын білесіндер той*

– Білеміз*

– Ал сөз неден құралады*

- Оны әлгінде өзініз айттыңыз ғой* Дыбыстар күралады*
- Дұрыс* Енді дыбыстары ең аз және ең көп малдың, шептін аттарын білесіндер ме* Міне, осыны үйден ойланып келіндер*

С.Сарғасқаев



3-тапсырма. Көп нүктенің орнына сәйкес келетін сөздерді қойып, сөйлемдерді дұрыс курандар.

1	... -
2	... + ... , ... !
3	... ; ... ,

4	... , ... ?
5	... - ... , ... !
6	- ... ?



4-тапсырма. Мәтінді тыңдандар.



А Сандар сейлейді! Мәтінді қайта тыңдал, бос орындарды толықтырып айтындар.

1942 жылы	16 рет
1943 жылы	305 рет
1922 жылы 5 тамызда	18
500 сағат	1919 жылы
28	50-ден астам



Ә Төмендегі сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып жазындар.

1. Жалынға оранған ұшағын жау техникасы шоғырланған түсқа бағыттап капитан Н.Гастелло ерлігін кайталап ерлікпен қаза табады
2. Талғат Бигелдинов ұшакпен кек жүзінде 500 сағат болады 305 рет әскери шабуылға шығады
3. Ол әскерилер арасында «ұшқыш танк» деп аталып кеткен «Ил-2» ұшағымен 1942 жылы майданға аттанады
4. Есіл ер 1943 жылы қаза тапқан соң Кенес Одағының Батыры атағымен марарапталауды
5. Тапсырманы орындау кезінде бірнеше дзотты зенит артиллеријасының 2 нүктесін 6 танкіні жояды бірақ өзінің де ұшағы зақымданады.



Б Аты аталған қазақстандық үшқыштардың атын, расында, біреу білсе, біреу білмес. Батырларымыздың аты мәңгілік жаңғырып тұруы үшін елімізде қандай шаралар жасалуы тиіс деп ойлайсындар? Өз ойларынды ортаға салындар.



5-тапсырма. Берілген сөйлемдердегі тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріндер.

1. Бұтінгі танда, менің ойымша, бұл мәселелер өз шешімін осындаі жолмен онай табады.
2. Алмат, жұмысынды жылдам аяқта!
3. Бұл тұрғыдан Алматы облысы, Жамбыл облысы көш бастап келеді.
4. Романды оқып болған соң, маған да бере тұршы.
5. Жаңадан келген? Мен оны білмеппін.
6. Алакай, женіс күніне орай демаламыз!
7. Өтірік жылдам шабады, шындық кадам-кадам басады, бірақ сонда да уақытында жетіп келеді.
8. Егін егіліп біте бергенде, Арманның әкесі майданнан оралды.
9. Танертең Айқын көзін ашип, дереу сағатына қарады.
10. Қонақтар амандастып, жайланған кезде, дастарқан да дайын болды.

9.8. ТАЖАЛДАН ТАЙСАЛМАҒАН ӨЖЕТ ҰЛ

Ерлік елеусіз қалмасын.

Бауыржан Момышұлы

Бұғын сабакта:

- матінмен танысып, сұрақтарға жауап береміз;
- жалпы тыныс белгілері туралы ақпарат аламыз;
- сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілерінің ережесімен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Сұлтан Біржанұлы Баімағамбетов – Кенес Одағының Батыры . Ол 1920 жылы Костанай облысы, Әулиекөл ауданы , Қояндығаш ауылында дүниеге келген.

1940 жылы әскер катарына алынып, 1941 жылдың маусым айынан бастап соғысқа катысады. Алдымен мергендер ротасында, кейіннен пулеметшілер белімшесінде болған . Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) түбіндегі ұрыстарда 50-ден астам дүшпанның

көзін жойған, 4 рет жарапанған. 1943 жылғы Ленинградты Үлкен жермен байланыстырып тұрған қылтанды кеңейту үшін жүргізілген ұрыстарда Баймағамбетов Ленинград майданының 67-армиясы, 43-атқыштар дивизиясына қарасты 147-атқыштар полкінде пулемет бөлімшесінін командирі болған. 1943 жылдың 25 шілде күні болған шайқаста жау дзотын қеудесімен жауып, ерлікпен каза тапқан.

КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумының шешімімен Баймағамбетовке 1944 жылы 21 ақпанда Кенес Одағының Батыры атағы берілген.

Костанай қаласы мен Әулиекел кентіндегі екі кешеге Баймағамбетов есімі берілген. Қояндығаш ауданында ескерткіш орнатылған.

Н.Әубекір



А Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

- Сұлтан Баймағамбетов кім?
- Сұлтан Біржанұлы қашан және қайда дүниеге келген?
- Батыр қандай ұрыстарға катысады?
- Қалай қаза тапты?
- Сұлтан Баймағамбетовке қашан және қандай атақ берілді?



Ә Дұрыс жауап болатын нұсқаларды сәйкестендіріндер.

Қояндығаш ауылында	әскер қатарына алынған
50-ден астам дүшпаниның	дүниеге келген
1940 жылы	болған
1941 жылдың маусым айынан бастап	пулемет бөлімшесінің командирі болған
Кейіннен пулеметшілер бөлімшесінде	ерлікпен каза тапқан
147-атқыштар полкінде	соғысқа катысады
Жау дзотын қеудесімен жауып,	көзін жойған



Б Мәтіннен есімше және көсемше тұлғалы етістіктерді табыңдар.

СӨЙЛЕМ СОҢЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Сөйлем – қарым-қатынас құралы. Адамдар арасындағы қарым-қатынас әр алуан жағдайлардан туады. Сондықтан сөйлеу тілінің мақсаты да артүрлі болып келеді. Атап айтқанда, олар хабарлау, баяндау, сұрап білу, жауап алу, талап ету, көніл қүйдің әр кезеңі болуы мүмкін. Осыған орай, сөйлем соңына нұктесі (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!) және көп нұктесі (...) қойылады.





2-тапсырма. Хабарлы және сұраулы сөйлемдерді табындар. Оларға синтаксистік талдау жасаңдар.

1. – Сіз осы айтқандарыныздын бәрін жазып беріңіз. Әсіресе Гусевтің жайын көбірек айтыныз.

– Бұл неге керек?

– Бұл Гусев үшін керек.

– Сіз Гусевтің қайда екенін білесіз бе? Маган адресін беріңізші. Көптен бері хабарсыз жүр едім (*T.Aхт.*).

2. Сабактың сонында Бану балаларға бір жақсылық айтты:

– Ертең Бурабайға саяхат жасаймыз. Кімнің барғысы келеді? Колдарынды көтеріндер.

Балалардың бері де колдарын көтерді.

– Жақсы. Таңертенгі 8.00-де мектепке жиналышындар. Аздал тамақ алындар.

– Шанғы алуға бола ма?

– Қалауларын білсін... (*М.И.*)



3-тапсырма. Соңына нұктесі (.), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!) және көп нұктес (...) қойылатын 3 сөйлем жазындар.

Улті: Баршагұл сарылдаған дауыска құлағын тосты (*F.C.*).

Бүтінгі тапсырманы орындағаныңа ракмет! (*С.Бақб.*)

Алматы деген қаланы естіген боларсыз? (*A.Байт.*)



4-тапсырма. Мәтінді тыңдандар.



А Мәтінде тәмендегі тірек сөздерге байланысты қандай ақпарат айтылған?

1943 жыл, Ленинград
Александр Матросов

Сұлтанның ерлігі
Пулемет амбразуасы



Ә Берілген сөйлемдерді лепті және сұраулы сөйлемдерге айналдырып жазындар.

1. Осы ерлігі үшін оған Кенес Одағының Батыры атағы берілген.
2. Қазактың қайса ұлы Александр Матросовтың ерлігін қайталаң, туган жері үшін жаңын аямаған өжет ұл екенін дәлелдей береді.

3. Сұлтанның ерлігі екінін бірінін колынан келе бермейтін батылдық.

4. Ел үшін басын бәйгеге тіккен абыз ал азаматтың бұл ерлігін кейінгі үрпак еш уақытта ұмытпауды тиіс.



5-тапсырма. Тиісті интонациясын сақтап, рөлге бөліп оқындар.

Глебай : Сен неге осы айғайлай бересін?
 Сейлемге қандай мағына бересін?
 Жөн -жосығынды түсіндірші,
 Жазуда қандай жерде келесін?

Леп белгісі : Мен ылғы айғайлай бермеймін,
 Куана да, күле де білмеймін.
 Кейде өкініп, ренжісем де,
 Көбінесе-ак кетерінкі, көңілді жүрем.
 Эр іске көніл күйін білдіріп,
 Табысымызға таңданып,
 Шаттана күлем!
 Сейлемдерге кетерінкі дауыс берем,
 Сондай сейлемдердің сонында келем.

Нұкен мен Нұктө

Нұкен : Ей, кішкентай ғана Нұктө!
 Сенін осы керегін жок-ау түкке!
 Керек болсан айта қойшы,
 Сырынды менен бүкпе.

Нұктө : Мен сейлемнің сонында тұрам,
 Солында емес, онында тұрам.
 Сейлемдердің жігін ажыратып,
 Кідіріс белгісі орнында тұрам.

bilimdiler.kz сайтынан

9.9. РЕЙХСТАГҚА ТУ ТІККЕН РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ

Батырға оқ дарымайды,
 Батылға жау жоламайды.

Мақал

Бұгін сабакта:

- Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі туралы мәтіндермен танысамыз;
- нұктенің ережесімен танысамыз;
- нұктелердің қойылу себептерін және оның тілдегі, сейлемдердегі қызметін түсініміз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқындар.

Ракымжан Кошкарбаев 1924 жылы 19 казанды Ақмола облысы, Ақмола ауданында дүниеге келген.

1942 жылы әскерге алынып, 1944 жылы Фрунзедегі (Бішкек) жаяу әскер училищесін бітірген.

1944 жылы казан айынан бастап I Беларусь майданындағы 150-Ідрішк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарып, Польша және Германия жерлеріндегі ұрыстарға катысқан.

Лейтенант Кошкарбаев Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсеткен. Жауынгер

Григорий Булатов екеуі кенес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, женіс туын тіккен. Соғыстан кейінгі жылдары Эльба бойындағы кенестік оккупациялық әскер бөлімінде қызмет атқарған.

1947–1967 жылдары Ақмола облыстық атқару комитетінде нұсқаушы, Қазақ КСР Министрлер Кенесі жанындағы қоныс аударушылар жөніндегі бас басқармада инспектор, 1967 жылдан «Алматы» конакүйінің директоры болған. Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Казақстан ұлттық энциклопедиясынан



- A** Берілген сөздерге байланысты ақпараттарды айтындар.

Ақмола	Фрунзе	Беларусь
Польша	Берлин	Эльба



- Ә** Мәтіндегі әр қала, мемлекет атаулары туралы білгендерінді ортаға салындар. Ойларынды қысқа, нақты және дәлелді етіп айтуға дағыланындар.



- Б** Мәтіннен фразеологизмдерді табындар.

НУКТЕ ҚОЙЫЛАТЫН ОРЫНДАР

Нукте (.) – жазуда пайдаланатын, ойдың аяқталуына байланысты қойылатын тыныс белгілерінің бірі.

Нукте:

1) хабарлы сөйлемдерден кейін. Мұндай сөйлемдер құрамына қарай жай, құрмалас сөйлем, сондай-ақ толымды, толымсыз, жақты, жақсыз сөйлемдер болып келеді (Жирен мұртты, аласа ақ сары жігіт басын көтерді (F.Mус.). Куанышты жасыруға болмайды (С.Е.));

- 2) басқы әріптерінен қысқарған кісі, газет-журнал аттарынан кейін: *М.Әуезов – қазақ халқының даңыштан жазушысы (F.Мұс.);*
- 3) драмалық шығармаларда әрбір кейіпкердің есімінен кейін: *Жомарт. Жақан кем өлшеп, қанағат қылады;*
- 4) сандар арқылы таңбаланатын реттік нөмірлерден соң: *Грамматика екі саладан тұрады: 1. Морфология. 2. Синтаксис;*
- 5) тағысын тағы, тағы сондайлар, тағы басқа сөздерін қысқартқанда: *Қазақстанда мынадай ұлттар тұрады: қазақ, орыс, украин, неміс, татар, үйғыр т.б.;*
- 6) екпінсіз айтылған бүйрық, тілек мәнді сөйлемдерден кейін: *Ренжімесен, осы айтқанымды орындаши (F.Мұст.);*
- 7) атаулы сөйлемдерден кейін: *Тұн. Жарқыраған жұлдыз бен тыныштыққа бөленген дала адамды өзіне еріксіз баурап алғандай (А.Т.);*
- 8) кейіпкер атынан соң автордың түсіндірме сөзі келсе, ол жақша ішіне алынып, соңынан нұктесінде қойылады: *Амангелді (атып тұрып). Кешігіп қалыпсыз, мырза! (F.Мұс.)*



2-тапсырма. Ережеге сүйеніп, «Нұкте» өлеңіндегі нұктelerдің қойылу себептерін түсіндіріңдер.

Нұкте деген білгенге
Жай ғана бір нокат па?
Жоқ онсыз сейлем де,
Жоқ елен де.
Жоқ хат та!

Жазып жатқан кездерде
Асықпай-ақ күтеді.
Небір ғажап сөздер де
Ол нұктемен бітеді.

Нұкте деген – пайымды,
Батыл тыныс белгісі.
Аяқтамай ойынды,
Келмейді оның көнгісі.

Ол – сейлемнің онында
Тұрмайды күр сәндікке.
Әрбір істің сонында
Болу кере к бір нұкте!

К.Мырза Әлі



3-тапсырма. Жай, атаулы, толымды, толымсыз сейлемдердің аражігін тауып, нұкте қойындар. Келесі сейлемдерді бас әріппен жазындар.

Ол өзін осы мезетте Жекей келдің жағасында ойнап жүргендей сезінді таң сәрі айдын келдің беті толған құс осы шақта барып оның есіне өзінің ұлы бабасы Біржан салдың жалғыз ауыз өлені түсті таң бозарды көл айдыны жарқырап бір шеті кекпен тірекендей боп тұр көл беті толған құс топ-топ шоғыр-шоғыр лек-лек аққулар тобының өзі әлденеше

С.Бақбергенов

Есте сақтаңдар!

- Хабарлы сейлем – бір нәрсенің не бір істің жайын хабарлау мақсатында қолданылатын сейлем. Хабарлы сейлем бірқалыпты әуенмен айтылып, жай сейлем және құрмалас сейлем түрінде кездеседі. Хабарлы сейлем сонына нұкте қойылады.

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңдандар.**A** Мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді аяқтандар.

- Тарихи ерлік жайындағы бұл хабар бүкіл әскери белімдерді шарлады,
- «Гитлердің үйінде» барлау взводының командирі, лейтенант Кошқарбаевқа Рейхстагқа Қызыл туды
- Лейтенант Кошқарбаев өзінін солдаттарымен бұл қанды метрлерді толассыз атылған оқтын астында 7 сағатта,
- Халық Қаһарманы атағы Р.Кошқарбаевқа
- Бұл сәуірдің 30-ы күні



Ә Р.Кошқарбаев туралы мәтіндердегі ақпараттарға сүйене отырып, «Ерлікке тағым» тақырыбына эссе жазындар.

**5-тапсырма.** Нүкте қойылатын орындар берілген. Соларға мысал ойлап табындар.

Баскы әріпперінен қыскарған кісі, газет-журнал аттарынан кейін: ...	Драмалық шығармаларда әрбір кейіпкердің есімінен кейін: ...
Сандар арқылы танбаланатын реттік нөмірлерден сон: ...	Тағысын тағы, тағы соңайтар, тағы баска сөздерін қыскартканда: ...

**6-тапсырма.** Сөзжұмбақты шешіндер.

1			P			
2			A			
3				K		
4		Y				
5			M			
6		J				
7			A			
8			H			

1. ... сыншысы – елі.
2. Өнерлінің өзегі
3. Батырға ... та жарак.
4. Жақсы сез – жарым
5. Тәуекел ет те тас жұт, Ажал жетпей ... жок.
6. ... елімнен қаймықпас.
7. Ер сасқанда белгілі, Ат ... белгілі.
8. Ер мойнында кыл ... шірімес.

9.10. СОҒЫСТАН ҚАЙТҚАН СОЛДАТТАР

Батыл болмай, батыр болмайсың.

Макал

Бұғын сабакта:

- соғыстан қайтқан солдаттар туралы мәтінді оқып, түйік етістіктерді табамыз;
- леп белгісінің қойылуы туралы ережелермен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Ендігі барлық бакыттым, көрер кызық, кешер қуанышым отыз үш деген екі сөзге тірелгендей болып, есіктің жоғары жағына жазылған екі цифрға ентелей қарап, күлімдеп тұрмын. Бойым жетсе, қолымды созып, өзім үшін өзгеше ғажап бұл цифрды сипағым да келетін сияқты. Өйткені мен төрт жыл бойы женісті арман еттім. 9 мамырда батыста неміс фашистері тізе бүкті, 3 кыркүйекте шығыста жапон империалистері женіліп, кол көтерді. Отан үстінде женіс туы желбіреді. Қаһарлы қыс өтіп, халық аңсаған жазғытұры жеткенде жер бетіне каулап бір көк шықпайтын ба еді. Сол сияқты боп соғыс біткеннен кейін жұрт жүргегін жана арман кернеді. Ана ұлын, әке баласын, жігіт жарын, қыз ғашығын көксеп, тезірек кауышуды тіледі. Көгеннен ағытылған қозыдай жамырап, батыс пен шығыстан елдің түкпіріне карай тірі қалған солдаттар ағылды. Жолда кездескен жынырлаған село, кеп қаланың біріне тоқтамастан әркім ауылына, өз үйіне жетуге ынтықты, өз ұсыны көруге асықты. «Мениң ұям сенсін – университет, сенсін – отыз үшінші аудитория! Сенен баска мениң ешкімім жок!» деп, іштей тебірене есіктің тұтқасына қол создым мен.

Ә.Нұршайыков



A Мәтін мазмұнын толық қамтитын бір сөйлем құрандар.



Ә Тұған елге, жақын адамдарына деген сағыныш сипатталған сөйлемдерді көшіріп жазындар.



Б Мәтіннен түйік етістіктерді табындар.

ЛЕП БЕЛГІСІ

Леп белгісі (!) лепті сөйлемнің соңында қойылады.

1. Қандай, неткен есімдіктері сұрау мәнін білдірмей, таңдану, қуаныш мағынасын білдіріп тұрса, сөйлемге леп белгісі қойылады. Мысалы: *Әрі ақылды, әрі сұлу болып, құс падишасы атанудың өзі қандай! Неткен сұлу, сүйкімді құстар еді!* (Ы.К.)

2. *Ғажап, тамаша, керемет сияқты сөздерді айтқанда дауыс көтеріңкі шығады.* Мысалы: *Қарап отырсан, құмырсқалар тіршілігінің өзі адам ақылына сыймайтындағы ғажап бір керемет нәрсе!* (Ы.К.)

3. Одағай сөздерден кейін және құрамында одағай сөздері бар сөйлемдердің соңына да леп белгісі қойылады:

Қазақстан! Сен менің Шолпанымсың жанған ұдай.

Пай, пай, пай! Өзінде өмір сүрген қандай бақыт,

Ардағым-ай! Өлмейтін махаббатым, арманым-ай! (М.М.)

4. Қаратпа сөзден және көтеріңкі дауыспен айтылған қаратпа сөзді сөйлемдерден кейін де леп белгісі қойылады. Ол -ай, -ау демеулік шылауының тіркесуі арқылы да кездеседі. Мысалы:

Апрыым-ай,

Тұған жер-ай!

Теңдесер кім,

Бұл жерге сен болмасаң келмес едім (М.М.).

5. Тілек, өтініш сарындағы бүйректы сөйлемдерден соң да леп белгісі қойылады. Мысалы: *Айғанша апа, пана бола көріңіз!* (Ф.Мұс.)

6. Баяндауышы бүйрек рапидың II жағы, III жағы болып келетін зілді, қатаң бүйрек мағынасындағы сөйлемдерден кейін леп белгісі қойылады. Мысалы: *Сол арада Ербол, Абылғазы, Даркембайдың үндері саналы ызамен екіленіп бірлесе шықты.*

– *Құлат мынау үйлерді! Жық! Домалат! Ал жұлып баспанасын!* – десті (М.Ә.).

7. Алғыс, рақмет, бата, тілекті сөйлемдерден соң леп белгісін қояжет. Мысалы: – *Айналайын келінжан, өркениң өссін!*

– *Құдай көңілінді өсірсін!* (М.Ә.)



В Леп белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



2-тапсырма. Абай өлеңдерінен берілген шумақтардағы лепті сөйлемнің жасалу жолын көрсетіңдер.

Кемді күн қызық дәурен тату еткіз,
Жетпесе, біріндікін бірін жеткіз !
Күншілдіксіз тату бол шын көнілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қылбат »

Жалшы үйнен жаны ашып, ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшыда пейіл де жок,
Аңдыстырган екеуін, Құдайым-ай!

«Караша, жеттоқсан мен сол бір-екі ай»



3-тапсырма. Алғыс, рақмет, бата, тілекті сөйлемдерден соң келетін леп белгісіне мысал бола алатын мәтіндер табындар.



4-тапсырма. М.Мақатаевтың «Соғыстың соңғы көктемі» өлеңін тыңдандар.



A Тиісті тыныс белгілерін қойып шығындар.

Жасылмен бояп койған ба
Жап-жасыл таудың бектері
Қырлар да мынау ойлар да
Жап-жасыл болып көктеді



Ә Өлеңнің соңғы шумағының астарында қандай мән бар? Өз ойларынды ортаға салындар.



5-тапсырма. З топқа бөлініп, орындары адасқан «Катюша» әнін дұрыс орналастырып жазындар. Тыныс белгісін қойындар.

Бозғылт тұман өзен үстінде
Шешек атып алма ағаштары
Келді өзенге, келді Катюша кызы
Келіп тұрды толқынды өзенге

Қосты өленге дала құстарын
Келді өзенге шырқата бастады
Қосты өленге сүйген Отанын
Қосты өленге сүйген бауырларын

Шегарада жатқан жауынгерге
Кеш жарықта аспан әлемі
Катюшаның айтқан сәлемі
Кеш жарықта кыздың салған әні



6-тапсырма. Габит Мұсіреповтің ойын ашып, ана тілі туралы айтқан басқа да тұлғалардың сөздерін қолданып шағын эссе жазындар.

Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүтінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі.

Габит Мұсірепов



ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА

10.1. ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА ЖАНРЫ

Тек фантастикаға жазушыға толық бостандық сыйлайды.

Роберт Шекли

Бұгін сабакта:

- ғылыми фантастика жанры туралы мағлұмат аламыз;
- сұрау белгісінің қойылу себептерімен танысып, пунктуациялық білімдер жүйесін қалыптастырамыз;
- ойлау, саралтау қабілетімізді арттыру мақсатында өз ойымыздан сөйлем құрап, сауатты жазуды жетілдіреміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Ғылыми фантастика – көркем әдебиетте, сондай-ақ кино, кескін-деме және т.б. өнер салаларында қалыптасан жанр.

Ғылыми фантастика өнердегі дербес жанр ретінде XX ғасырда қалыптасанмен, оның бастаулары ежелгі әпсаналарда, ауыз әдебиетінде жатыр. Оған киял-ғажайыштық, ертегілік қасиет те тән.

Фантастика ұғымының өзі де қиялдану өнеріне байланысты пайда болған. Әдебиетте ғылыми фантастика ғылыми поэзия және ғылыми проза болып екі пішімде қалыптасты.

Қазіргі казак әдебиетіне ғылыми фантастика дербес жанр ретінде XX ғасырдың 70–80-жылдары **республика жазушыларының шығармалары** арқылы қалыптасты. Зерттеушілер қазак әдебиетіндегі ғылыми фантастика жанрының алғашкы белгілерін ертегілерден («Ер Тестік», «Ұшқыш кілем» т.б.), аныздардан («Коркыт ата», «Бабатұкті шашты Әзіз» т.б.) таратып, болашакты болжай білген халық кияларының ұшқырлығына тәнті болуда.

Кинода ғылыми фантастика жанры XX ғасырдың басында қалыптаса бастаса, бейнелеу өнеріндегі ғылыми фантастика жанры көбінесе көркем шығармалардың **сюжеттері** негізінде қалыптасан.

Энциклопедиялық анықтамалықтан



А Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. «Гылыми фантастика» дегеніміз не? Қай уақытта қалыптасты?
2. Фантастиканың бастауы кайда жатыр?
3. Қазак әдебиетіндегі гылыми фантастика кашан қалыптаса бастады?



Ә «Мениң ертегі алемім». Өздерің оқыған қиял-ғажайып ертегілердегі қиялдан туған оқиғаларды айтып беріндер.



Б Мәтіндегі оқиғаларды рет-ретімен орналастырыңдар.

Қазак әдебиетіндегі гылыми фантастика жанры.
Гылыми фантастика жанры қалыптаса бастады.
Фильмдер гылыми фантастика жанрында шыға бастады.
Гылыми фантастика бейнелеу өнерінде қалыптасты.



В Мәтіндегі тыныс белгілерді атап шығыңдар, оның қойылу себебін түсіндіріңдер.



Г Мәтіндегі қарамен берілген сөздерге дыбыстық талдау жасандар. Бөгде тілден енген сөздерді атандар.

СҰРАУ БЕЛГІСІ

Сұрау белгісі – сейлемнің сонына қойылатын тыныс белгілерінің бірі. Сұрау белгісі жауап алу мақсатында қойылады. Сұрау белгісі мынадай жолдармен жасалған сұраулы сөйлемдерден соң қойылады:

Сұрау белгісі	
Қойылатын жерлер	Мысалы
Ma, me, ба, бе, па, пе, ша, ше сұраулық шылауларының қатысы арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден соң сұрау белгісі қойылады.	– Айтар датың осы ма? – Мал керек пе, ел керек пе? («Шешендік сөздер»)
Сұрау есімдіктері арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден соң қойылады.	Мынау өзеннің өткелі қай жерде? Хан айныса, кім түзейді? Қазак елінің елшісі келді, қайда орналасамыз? («Шешендік сөздер»)
Болар, шығар, қайтеді көмекші етістіктерінің қатысы арқылы жасалған сөйлемдерден соң қойылады.	– Бүгін келсе қайтеді? – Ендеше, үйреткен Абай шығар? (М.Ә.)
Fой, -ау шылауы мен а одағайының тіркесі арқылы жасалған сұраулы сөйлемдерден соң қойылады.	– Эбіш, шамың сөніп қалды ғой? (М.Ә.)

Сұрау интонациясымен айтылған сұраулы сөйлемдерден соң қойылады.

- Мынау кім?
- Тайман Дауренов.
- Тайман Дауренов?
- Қабеннің досы. Университетті бірге бітіргенбіз (З.Ш.).



2-тапсырма. Мәтінге тыныс белгілерін қойып жазыңдар. Неше жерге сұрау белгісі қойылады?

- Сіз кімсіз ата
- Мен бе Мені сен білмейсін
- Сіз мұнда жалғыз тұрасыз ба
Мен ымдап көзіммен үйдің ішін шоғып еттім Шал басын изеді
- Сенің өзегін талған шығар Ас демдеп жіберейін – деді де ол апыл-ғұптың орынан тұрды – Мен бір елден безген душанамын қарағым Жарық дүниеден өмірден кетіп осы тар капасқа қамалғаныма екі жұз жыл болды
- Сіз мен сияқты адасып келдіңіз бе
Әлде сізді біреулер камап қойған ба
Шал кенкілдеп күлді
- Анау не
- Од адам өміріне өмір қосатын – женшень
Екеуміздің алғашқы күнгі әнгімеліз осымен аяқталды

Есте сактаудар!

- Сұраулы сөйлем – басқа біреуден жауап алу мақсатымен айтылатын сөйлем. Сұраулы сөйлем қашанда ерекше сұраулық интонациямен айтылады. Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдары: а) сұраулық шылаулардың (-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе) қатысуы арқылы; ә) сұрау есімдіктерінің (кім? не? қашан? қайда?) қатысуы арқылы; б) болар, шығар көмекші етістіктерінің қатысуы арқылы; в) ғой шылауы мен ә одағайының қатысуы арқылы; г) ше шылауының қатысуы арқылы; ғ) интонация арқылы жасалады.



3-тапсырма. Тірек сөздерді қолдана отырып сұрау мәнді сөйлемдер құрандар.

Есімдер	Етістіктер
ғаламшар	
музыка	
кітап	
сәйгүлік	
саяхат	
уақыт	



4-тапсырма. Хабарлы сейлемдерді құрау мәнді сейлемге айналдырып жазыңдар.

Хабарлы сейлем	Сұраулы сейлемді жасау жолдары	Сұраулы сейлем
Танертенгі шайымды ішіп алғанин кейін аяңдаған мектептің спорт аланына карай келе жаттым.	1) Қайда келе жатқанын біл. 2) Қашан келе жатқанын біл. 3) Қалай келе жатқанын біл.	
Сұлтан акшаны алып дүкенге кіріп кеткенде, қалтама кайта қол салып, екінші шытырлақ қағазды сұрып алды.	1) 2) 3)	
Ак «Волга» Ахмет шалды лездин арасында кала пүшпағындағы елеусіз көп көшениң біріндегі сылағы түскен тоқал тамына жеткізіп салды.	1) 2) 3) 4)	



A Сұрау мәнді сейлемдерді қандай жолдармен жасадыңдар? Қандай сөздер сейлем жасауға көмектесті?



5-тапсырма. Ғылыми фантастика сөз тіркесіндегі әріптерден сөз құрандар.

Үлгі: Тас, ғылым, ана.

10.2. МИФОЛОГИЯ – ДУНИЕТАНЫМНЫҢ БАСТАУЫ

Миф – алғашқы қауымдық қоғам адамдарының әлем, дүние жөніндегі танымының көрінісі.

Дмитрий Байкалов

Бұғын сабакта:

- ғылыми фантастиканың бір саласы – мифология жайында ақпаратты оқып, қазақтың мифтік кейіпкерлерімен танысамыз;
- көп нүктө және оның қойылу себептерімен танысамыз;
- өз бетімізше сөйлем құрауға, көркем сөйлеуге үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазақ мифологиясында 40-тан астам кейіпкерлер белгілі. Оларға көкбөрі мен кек өгіз, самұрық, бәйтерек, баксы, албасты, диу, мыстан мен Жалмауыз кемпір, жетзырнак, пері, сондай-ақ дәу, Шойынқұлак, Толағай, Үлтанқұл, Жартықұлак, ергежейлі тәрізді кейіпкерлерді жаткызса болады. Сонымен катар кейінгі дәуірлерге тән Таусоғар, Келтаусар, Желаяқ, Сакқұлак тәрізді кейіпкерлерді кездестіруге болады.

Шойынқұлак – «Ер Төстік» ертегісіндегі ұнамсыз бейне. Қазақ фольклорында дәулер бейнесіне тән қасиеттер бар. Олар: жалмауыздың баласы, әкесі не күйеуі болады, адам аяғы баспайтын жерді мекендейді, асқан күш иесі болады, жанын оңайлықпен бере коймайды. Осы қасиеттердің бәрі Шойынқұлактың бойынан табылады. Ол – Жалмауыз кемпірдің жалғыз ұлы. Перінің кызы Бекторы оған жерасты патшалығынан жер бетіне шығатын жолды күзеттіреді. Оның жаны белек жерде сақталады. Асқан күштің иесі болып табылады.



Шойынқұлак



Аю дәу



Үлтанқұл

Аю дәу бейнесі баска ертегілердегі дәулермен салыстырғанда ұнамды бейнеге жатады. Ол – «Аю дәу» ертегісіндегі бас қаһарман.

Үлтан – Алпамыс батыр жырындағы ұнамсыз кейіпкер.

«Қазақтың мифтік кейіпкертері» кітабынан



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтінде қандай мифтік кейіпкерлердің аты берілген?
2. Мәтінде қандай ұнамсыз кейіпкерлер туралы айтылады?
3. Аю дәу дегеніміз кім?
4. Шойынқұлак ше?



Ә Суретте берілген үш ұнамсыз кейіпкердің біреуінің сыртқы болмысын, түрсипатын суреттеп жазындар.



Б Мәтіннен сөйлемнің бірыңғай мүшелерін тауып жазындар. Тыныс белгілеріне назар аударындар.



В Мәтінде кездесетін жалқы есімдерді теріп, оларды буын түрлеріне талдандар. Сол кейіпкерлер туралы білетіндерінді баяндандар.

КӨП НҮКТЕ

Көп нүкте белгілі бір себептермен ойдың аяқталмай қалғанын немесе айтылмақшы пікірдің толық айтылмағанын білдіру үшін қойылады.

Көп нүкте	
Қойылатын жерлер	Мысалы
Айтылуға тиісті ойдың аяқталмай қалғанын білдіру үшін қойылады.	Ім-м... сыртта тағы біреу бар ма? – Бар, ол Жағалбай ғой... Ақсақалдармен мақұл десіп тізімге кірген жігіттердің бірі... (Х.Е.)
Негізгі ой желісіне қатысы жоқ, басқа бір оқиғаны еске түсіру қажет болса, сөйлемнің ортасы мен азатжолдың басында да қойылады.	...Қазақтың академиялық опера және балет театрында студенттерге арналған балл... Көз ілеспей дөңгеленіп билеп жүрген достарына қарап Нұрлан тұр (З.Ш.).
Сейлеуші көңіл күйінің әсерінен қысылып сөйлей алмағанда, асығыс айтқанда ойдың беліну себептеріне байланысты дауыс ырғағындағы үзілісті білдіру үшін қойылады.	– Үндеме... енді қоя тұр... Сөз бітті! – деп Оспан Абайдан ендігі ақылды сұрағысы келместен тұра жөнелді (М.Ә.).
Айтуға, естуге қолайсыз, тұрпайы сөздердің орнына жазуда көп нүкте қойылады да, мағынасы контекст арқылы ұғынылады.	– Қараши, сөзін қараши... қаскөйдің, жоқ қылаіын сен итті! – деп Әзімбай тап берді (М.Ә.).
Біреудің шығармасынан үзінді, дәйектеме алғанда, оны ықшамдап алуда үзілген жеріне көп нүкте қойылады.	Бұдан кейінгі жылдары қазақ балалар фольклорының әртүрлі үлгілері «Балдырған», «Ақ желкен», «Ұлан» сияқты мерзімді басылымдарда жиі жарияланып, мектеп оқулықтарында кеңінен пайдаланылады... («Рухани уыз»)
Тарихи, ғылыми деректердің қолжазбаларында уақыт әсерімен өшіп, жойылып кетуі де кездеседі. Оларды жариялағанда, сілтеме жасағанда, осындаи көрінбеген, түсініксіз болып тұрған жерлердің орнына көп нүкте қояды, ол тіпті тұтас бірнеше жол болуы мүмкін.	Соғыстық, Күлтегін Башы боз атқа мініп шапты. Башы боз..... Екеуін өзі құртты («Күлтегін» жырынан).



2-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Көп нүктенің қойылу себебін түсіндіріндер.

1. Қайырып берген зеренді¹ де алмай, ұршық ұстаган қолы тізесіне түсіп отырып қалды... (Ә.Нұрп.) 2. Тек бір-ак рет Шораға деген сеніміне шек келтірді, бірақ оған көбінесе Танабай өзі кінәлі еді... (Ш.А.) 3. Құлыным, Қайырылым... қайда жоғалып кеттің... – деп әлсіз ғана шыккан дауыс естілді (Ғ.Мұс.). 4. Гүлсары сонда таныс сокпак жолға түсіп, сонау өзен сыртындағы жайлалауға тартып бара жатады... (Ш.А.) 5. Бағзы бір замандарда барымтаны осылай алып қашып, жаралы батырларды жау қолына түсірмей қауіп-қатерден осылайша қаумалап алып шыккан болар-ау... (Ш.А.)



3-тапсырма. Сөздерді реттестіріп, сөйлем құрандар. Көп нүктені дұрыс қойындар.

- Әсер етеді, ауыл кеші, катты, Абайға.
- Түсіре алмай, есіне, тоқтап қалды, Қайрат, Жомарт, Айгүл деп.
- Мүмкін емес, мүмкін емес, олай болуы.
- Жылама, жылама, бөпем.
- Шағып, жілік, берейін.



4-тапсырма. Көп нүктені қатыстыра отырып, болашақтағы қалалар қандай болатындығы жайында өз болжамдарынды жазындар.



5-тапсырма. Мәтінді оқып, қандай тыныс белгілері қойылғанын айтындар.

Жантас мұрнын укалап, тырп-тырп басып тектаға шықты.

- Ал енді айт.
- Буря мглою... – Жантас осыны айтты да, жым болды.
- Даљше?
- Мұгалім, мен жаттамай келіп едім...
- Неге жаттамадын?
- Диңменге барам деп... уақытым болмай...

Анфиса Михайлова Жантасқа біраз қарап түрді да:

- Мүмкін, орнына барып айтатын шығарсын? – деді.
- Біз ду күліп жібердік.



A Мәтіннің қай шығармадан алынғанын аңғара алдындар ма?



Ә Мәтінде неліктен көп нүкте қойылған? Тереңірек тоқталып, түсіндіріп беріндер.

¹ Зерен – ағаштан жасалған, шұбат, кымыз құятын сәнді ыдыс.

10.3. ҒАЖАЙЫПТАР ӘЛЕМІНІҢ ФАУНАСЫ

Ғылыми фантастика ақылды адам үшін жазылады.

Дмитрий Байкалов

Бұғын сабакта:

- ғылыми фантастикада кездесетін кейіпкерлер жайындағы мәтінмен танысып, дүниетанымызызды көңейтеміз;
- сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерін қайталап бекітеміз;
- өткен тақырыптар бойынша қайталу тапсырмаларын орындаимыз;
- мәтін талдау жұмыстарын орындау арқылы сөйлеу және жазу дағыларымызыды жетілдіреміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

«Гарри Поттердің басынан кешкендері» атымен жарық көрген кітаптардың реті жетеуге жетіп, оның жалпы таралымы 450 миллион данадан асып кеткен. Бір қызығы, бүкіл Еуропаның аныз кейіпкерлері мен мифтік жануарларын Роулингтің ғажайыптар әлемінен таба алады екенбіз. Яғни, кітаптағы Хогвартстың фаунасы, шын мәнінде, аныздардан алынған.

Гоблин – адамға ұқсастығы бар, алласа бойлы тіршілік иесі. Басы денесімен салыстырмалы тұрғыда үлкендеу болып келеді. Негізі, шотланд аныздарында гоблиндер өте ашушан, соғысқұмар болып суреттелсе, Толкин мен Роулингтің ғажайыптар әлемінде гоблиндерге өзгеше мінездеме беріледі. Акшаға ұқыпты (Гринготтс банкінің кызметкерлері), өте енбеккор (Гриффиндорф қылышын гоблиндер жасаған) болып сипатталады.

Авгурей – жасыл түсті, арық құс. Ол өз ұясын кол жетпейтін ағаштың күйстарына салады. Жәндіктер мен эльфтерді жеп күн көреді. Тек жауынның кезінде ғана ұшып, калған уақытта ұясынан шыкпайды. Авгурейдің жанайқайы өлімді алып келеді деген наным болғандыктан, сиқыршылар оның ұясынан аулак жүруге тырыскан.

Феникс – аккудың үлкендігіндей алмағайып қызыл құс. Оның ерекше қасиеті – өзінің күлінен қайта дүниеге келуі. Басқа сөзben айтқанда, феникс – мәнгі бақи өмір сүретін құс. Феникстің көз жасы — әртүрлі закымдар мен жарақаттарды емдеуге таптырmas дүние. Ол өз даусымен өлгенді тірліте алады және өзінен ауыр салмакты затты тасымалдай алады. Адамның өмірін алатын Авара Кедавра сиқыры феникске әсер етпейді.

massaget.kz сайтынан



A Мәтінде айтылған мифтік кейіпкерлер туралы не білесіндер? Әлем мифологиясында кездесетін өзге де мифтік кейіпкерлерді атандар. Ал қазақ мифологиясында кездесетін кейіпкерлерді қалай танымал етуге болады?



Ә «Мен ұнататын мифтік кейіпкер» тақырыбына эссе жазындар. Өздерің жақсы көретін мифтік кейіпкер туралы ақпарат беріндер әрі неге ұнататындықтарынды түсіндіріндер.



Б Мәтінде кездесетін кірме сөздерді тауып, жалқы және жалпы есімдерді бөліп жазындар.



В Кірме сөздерге дыбыстық талдау жасандар. Қазақ тілінің жүйесінде жоқ дыбыстарға назар аударындар. Сөздің ағылшынша дыбысталуын келтіріндер.



2-тапсырма. Өлеңдерді оқып шығындар.

Ей, жолдастар,
Замандастар!
Ата-аналар,
Балғын жастар!
Жаршың болып саламын жар.
Шаттанындар, мақтанындар!
Той жасандар, дулатындар,
Жердің бетін шулатындар!
Керек болса тойға аксарбас,
Қазақ па екен құрбан шалмас!

Ә.Тәжібәев

Сары аязда ката ма
Қайнардың акқан тұнығы?
Қап түбінде жата ма
Болаттың асыл сынығы?

Ақтамберді жырау

Қалаға қабылан жаулар тигей ме,
Қабыргадан дұспан жалдап
жүргей ме,
Қатарланып, карланып,
Қайран ер қарт күренгे мінгей ме!
Қабыргадан караган
Достым менен дұспаным:
«Апрыым, ер Доспамбет!»
дегей ме!..
Доспамбет жырау

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн кайда?
Енсесі биік боз орда,
Енкеймей кірер күн кайда?

Махамбет



А Тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріндер. Тыныс белгілерінің авторлардың көніл күйімен байланысын анықтаңдар.



Ә Мәтіннен келесідей грамматикалық тұлғаларды табындар.

Қалғау райы: Сұрау есімдігі: Сұраулық демеуліктір :



3-тапсырма. Мәтінді сұрау белгілерін тиісті жеріне қойып жазындар.

- Эу, Жиренше! Адам қалай қадірлі болады – дейді.
 - Қадірлі болғысы келген адамға үш жолдас керек, – дейді
- Жиренше табан астында.

- Иә, қандай жолдас
- Бакыт, дәулет, ырыс.
- Ал басқа пәле кайдан
- Басқа пәле тілден.



4-тапсырма. Берілген сейлемдердің сонына қандай тыныс белгісі қойылатынын айтындар.

1. Бала – ата-ананың ізбасары, адамзат – қоғамның жалғастырушысы
2. Қанаты бүтін сұнкар жок, тұяғы бүтін тұлпар жок
3. Болмас іске болаттай берік бол деген, сабыр қылышыздар, қайрат көрсетініздер
4. Шопаната түлігі, қошақаным, қайдастың
5. Ата-баба дәстүрі мәнгі үзілмей жалғассын
6. Мұндай пыракка мінгеннің арманы не
7. Қызыл гүлдер, қызыл гүлдер, үйкіда ма, ояу ма
8. Сана өзгермесе, сапа өзгере ме
9. Арада айлар ауып, жылдар жылжыды
10. Бұл мүнша неғып созылып кетті
11. – Қоямын енді, кешірініздер
– Бұл нешиші Жүзінші рет уәде беруін бе



5-тапсырма. Берілген ұяшықтардағы тыныс белгілеріне сай келетіндей етіп сейлемдер құрандар.

— , — ?	— , — !	— , — ...
— , — , — ?	— , — , — !	— , — , — ...



6-тапсырма. Қайталау тапсырмаларын орындандар.

1. Сейлем сонында қандай тыныс белгілері қойылады?
 - нұкте, үтір, тырнакша, леп белгісі;
 - сұрау белгісі, леп белгісі, нұкте, көп нұкте;
 - үтір, сұрау белгісі, нұкте, жақша;
 - нұкте, леп белгісі, сұрау белгісі, үтір;
 - нұкте, нұктелі үтір, көп нұкте, кос нұкте.
2. *Болар, шыгар, қайтеді* тәрізді көмекші етістіктердің катысы арқылы жасалған сейлемдерде қойылатын тыныс белгісі қандай?
 - нұкте;
 - леп белгісі;
 - көп нұкте.
 - сұрау белгісі;
 - үтір;

3. Нұкте дұрыс қойылған жерлерді табындар.

- а) «Мал жұтайды, өнер жұтамайды» деген сөздің мәні неде.
- ә) Уай, дүнне, шіркін-ай.
- б) Дүниеде туған еліннен артық ел де, жер де жок.
- в) Байлыш – канагат пен енбекте.
- г) Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза...

4. Одагай қатысқан сейлемдерде қандай тыныс белгілері қойылады?

- | | |
|------------------------------|--------------------------------------|
| а) леп белгісі, үтір, дефис; | в) қос нұкте, үтір; |
| ә) үтір, нұкте; | г) үтір, леп белгісі, сұрау белгісі. |
| б) нұкте, нұктелі үтір; | |

5. Сейлемде қандай тыныс белгілері қойылады?

Іідырыс тағы да сен бе

- | | |
|--------------------------------|----------------------------------|
| а) леп белгісі, сұрақ белгісі; | в) сұрақ белгісі, сұрақ белгісі; |
| ә) үтір, сұрақ белгісі; | г) үтір, нұкте. |
| б) нұкте, сұрақ белгісі; | |

6. Леп белгісі дұрыс қойылған жерді табындар.

- а) Қалың киімнен ыстық өтпейді!
- ә) Ойбай-ау, күн тұс бол кетті ғой!
- б) Құр суды сіміре бергеннен бірдене шыға ма!
- в) Тағы бір шыны құйып жібер!
- г) – Ей, жүгірмек, қолымнан тартшы! – деді.

7. Сейлемдегі тыныс белгілерін анықтандар.

Тарт қолыңды табақтан

- | | | |
|-------------------------|-----------------|---------------|
| а) үтір, сұрау белгісі; | б) леп белгісі; | г) көп нұкте. |
| ә) үтір, леп белгісі; | в) нұкте; | |

8. Негізгі ой желісіне қатысы жоқ басқа бір оқиғаны еске түсіру қажет болғанда қандай тыныс белгісі қойылады?

- | | | |
|-------------------|---------------|----------|
| а) сұрау белгісі; | б) қос нұкте; | г) үтір. |
| ә) леп белгісі; | в) көп нұкте; | |

9. Бүйрек рай тұлғасындағы етістіктен кейін көбінесе қандай тыныс белгісі қойылады?

- | | | |
|-------------------|---------------|----------|
| а) сұрау белгісі; | б) қос нұкте; | г) үтір. |
| ә) леп белгісі; | в) көп нұкте; | |

10. Көп нұкте қай сөзден кейін қойылатынын анықтандар.

Еліңнің анық, көнін бастайтын жолың даңғыл болсын да

- | | |
|-----------------------------|---------------------------|
| а) сейлемнің басында; | в) еліңнің сөзінен кейін; |
| ә) бастайтын сөзінен кейін; | г) сейлем соңында. |
| б) жолың сөзінен кейін; | |

10.4. ҚИЯЛ-ГАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕР

Ертегі ғылыми фантастиканы түсінуге көмектеседі.

Б.Н.Путилов

Бұгін сабакта:

- ғылыми фантастиканың бастауы – ертегілер жайында ақпарат аламыз;
- ондағы кейіпкерлерді сипаттау арқылы көркем сөйлеуді дамытамыз;
- сейлем ішінде қойылатын тыныс белгілері ережесімен танысамыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Қазақ айтатын қиял ертегісінде адамзаттан мерген араласса немесе гажайып жар, «ай десе аузы, күн десе көзі бар» Күн астындағы Күнікей сұлу, не алтын шашты қыз араласса, солармен катар жалмауыз, қазық аяқ, карға тұмсық кемпір, жезтырнак, жалғыз көзді жалмауыз, жетібасты жалмауыз және неше алуан алыш араласады. Қиял тудырган жануар затынан айдаңар, жетібасты жылан, Қарақұлак, алыш қаракұс, тұлпар ат, басы алтын, арты күміс киік сияқтылар араласады.

Бұлардың бір тобы ертегінің еріне дос болып, бір тобы ұдайы кас күш есебінде әрекет етеді. Жалғыз көзді жалмауыз, Жалмауыз кемпір, жетібасты жалмауыз, мыстан кемпір, айдаңар, Қарақұлак, жезтырнак сияқтылар – унемі айнымас жаулар. Алыш қаракұс, тұлпар ат және алуан түрлі: токпак, кездік, казан, жүзік, кырық құлаш семсер сияқты заттар ердің көмегіне, керегіне әрекет етеді. Осылай екі жар болып бөлінген гажайып жан иелері мен затбұйымдар арасында кейде дос, кейде кас бол кездесетін бір алуан қиял персонаждар бар. Олар – алыштар (Таусоғар, Келтаусар, Қөрекен, Желаяқ, Сакқұлак) сияқты бір топ персонаж және осылардай екіудай әрекет атқара жүретін жылан патшасы, басы алтын киік, жұмбақ жар сияқтылар болады.

МӘДУЕЗОВ



A Мәтінде кездесетін жағымды және жағымсыз кейіпкерлерді бөліп жазындар.

Жағымды кейіпкерлер	Жағымсыз кейіпкерлер



- Ә** Бұлардың бір тобы ертегінің еріне дос болып, бір тобы ұдайы қас күш есебінде арекет етеді деген сөйлемге морфологиялық талдау жасандар.
- Б** Мәтінде кездесетін тыныс белгілердің қойылу себебін атап шығындар.

СӨЙЛЕМ ІШІНДЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Сөйлем құрамында кездесетін тыныс белгілері сөйлем ішіндегі кей сөздердің мағынасын, қызметін, қолданылу себебін даралап, ерекшелеп көрсету үшін қойылады. Ойдың кімге бағытталғандығын немесе автордың көзқарасын, белгілі жайты санамалап, дәлелдеп, түсіндіре отырып жеткізу мақсатын көздейді. Оларға үтір (,), сызықша (-), нұктелі үтір (:), қос нұкте (:), жақша (), тырнақша (« ») жатады.

Сөйлем ішіндегі ең көп қолданылатын белгінің бірі – үтір. Ол бірыңғай мүшелердің арасына, қаратпа, қыстырма, оңашаланған айқындауыш сөздер мен құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің аражігіне қойылады.

Бірыңғай мүшелерге байланысты қойылатын үтір

1. Бірыңғай мүшелер жалғаулықсыз келгенде араларына үтір қойылады. Мысалы: *Байдалы, Байсал, Сүйіндіктер Абайдың өзін ендігі ақылдыларының ішіне ала отырып сөйлесті*.

2. да, де, әрі, я, яки, немесе, не, алде жалғаулық шылаулар бірыңғай мүшелермен қайталанып келсе, араларына үтір қойылады. Мысалы: *Ашық түсті бояулары да, ұсақ шебер өрнектері де үйдің ішіне қызыл, жасыл көрік беріп түр*.

3. мен, және жалғаулық шылаулары бірыңғай мүшелерді жинақтау мәнін білдіруі керек болғанда үтір жұптасқан бірыңғай мүшелердің ең соңғысынан кейін қойылады. Мысалы: *Ақан мен Орынбай, Алма мен Күміс Женістің отыз жылдығын өздерінше тойлады*.

4. да, де шылаулары етістен болған бірыңғай баяндауыштардың арасында қайталанбай келсе, шылаудан соң үтір қойылады. Мысалы: *Базаралы үндеңместен түйілді де, қатып қалды*.



- В** Мәтіннен сөйлемнің бірыңғай мүшелерін табындар. Олардың арасына қандай тыныс белгісі қойылғанына мән беріндер.



2-тапсырма. Өлең үзінділерін оқып, үтір қойылатын жерді айтындар.

Ғалам жайлы ғажап сырлар шертеді –
Ертегіні тәуір көрем мен тегі.
Осы күні ойлап көрсем жасымда
Шешем маған айтпапты еш ертегі.

Ж. Ерман

Ерте ерте ерте екен
Ешкі-ай жүні бөрте екен.
Ертегі сөз қашанда
Тамашаның көркі екен.

Түрлі-түрлі ертегі
Тұла бойды ертеді.
Ерте өткен ерлердің
Ерлік ісін шертеді.

Ә.Асылбеков



3-тапсырма. Сөйлемдерді берілген сәйкес бірыңғай мүшелермен толықтырып жазыңдар.

- Суылдаган сұық жел құлагынын үшін аямаі шығышын барады.
- Уәделескен шағында Ай кейлегін атуға келсе, киоге жаралайтын болып шығыпты.
- Есесіне «Роллс-Ройс» кез алымда көлбендей берді.
- Айнала абыр-сабыр...
- Мейлі аспанға қарайын түк шықлады.

Феррари, Бентлилер
мейлі жерге үнілейін, мейлі
терезеге телмірейін
кубір-сыйыр, шик-шілк күлкі...
уілдеген үскірік
әрі тар, әрі қыска



A Бірыңғай мүшелердің тұлғасы туралы не айта аласыңдар? Сөйлемдердегі бірыңғай мүшелердің қандай формада тұрғанын анықтаңдар.



4-тапсырма. Берілген тірек сөздерге бірыңғай сөйлем мүшелерін ойлап тауып, сөйлем құрандар. Тыныс белгісін қойыңдар.

Киялдау
желаяқ
базар

тіл кату
бейбітшілік
керікті

Есте сақтаңдар!

- Сөйлем ішінде ерекшеленіп, мағынасы айқындауды қажет етіп тұратын сөздер – қаратпа, қыстырма, одагай сөздер мен бірыңғай және айқындауыш мүшелер. Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілері аталған сөздерге қастырылады.

10.5. ӘДЕБИЕТ – ҒЫЛЫМНЫҢ ІЗШАРЫ, ҒЫЛЫМ – ӘДЕБИЕТТИҢ ІЗБАСАРЫ

Фантастикаға деген құмарлық ғалымның басты қасиеті болуы тиіс: ол идеяның тууына жәрдемдеседі.

Г.И.Петров

Бүгін сабакта:

- әдебиеттегі ғылыми фантастика туралы ақпарат беретін мәтінмен танысып, ондағы негізгі ойды анықтаймыз;
- нүктелі үтір және оның қойылу себептерімен танысамыз;
- мәтіндер мен сөйлемдерге нүктелі үтірдің қойылу себептерін анықтаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

...Фантастикалық шығармалар ғылыми прогрестің ізашары деуге болады. Сонымен бірге аса маңызды ғылыми-техникалық жаңалыктарды кабылдауға жүрт санасын дайындауда да бұл жанрдағы шығармалардың көтерер жүгі зор. Мәселен, «ғарышкер», «ғарыш кемесі» деген ұғымдар миллиондаған адамдардың санасына Юрий Гагариннің ғарышка ұшарынан көп уақыт бұрын тап сол фантастикалық кітаптар арқылы енген. Фантастиканың мұндай ықпалды күшке не болу себебін белгілі бір дәрежеде «ғылым барлаушысы» бола білетіндігінен іздеген абзал. Айталақ, Алексей Толстойдың «Гиперболоид инженера Гарина» атты белгілі шығармасы Николай Басов, Александр Прохоров тәрізді академиктердің лазерлік техниканы ойлап шығаруы барысында үлкен рөл атқарған.

Сол сиякты осыдан біраз жыл бұрын ғана адамның бірнеше сағат бойы су астында болуына мүмкіндік беретін жасанды желбезектер жасалды. Ал бұл жаңалықты көпшілік фантаст-жазушы Александр Беляевтің «Человек-амфибия» романы арқылы талай жыл бұрын негізделген ойдың іс жүзіне асуы ретінде кабылдады. Бүтінде шындыққа айналып отырған «байланыс спутнигі және голограмма», «лазер және гендік инженерия» сиякты басқа да көптеген тосын күбылыштар фантаст-жазушылардың бір замандардағы жай түспалы ғана болатын. Осынау әдеби жанрдың пайдалы әсерін танымал адамдардың көпшілігі мойыннады және мойыннап та жур. Мәселен, ғарыштану теориясының пионері К.Э.Циолковскийдің бұл салаға деген қызығушылығы Жюль Верн шығармалары арқылы оянғандығы бәрімізге мәлім. Ал ғарыш кемелерінің атакты конструкторы С.П.Королев фантастикалық әдебиетті терең біліп, жоғары бағалаған. Сондай-ақ белгілі ғарышкерлердің дені өздерін ғарыш әлеміне баураган, ынтық еткен фантастика екендігін жасырмайды.

«Аташ айнасы» газетінен

- А Мәтінде қандай көзқарас қамтылған? Ғылыми әдебиеттің ғылыми-техникалық революция тудыруға деген ықпалы қаншалықты орын алған? Өздерің білестің Қиял-жажайып ертегілердегі қандай дүниелер қазіргі таңда шынайы нәрселерге айналды? Мәселеге кеңінен тоқталып, өз ойларыңды ортаға салындар.

 Б «Әдебиет және ғылым» тақырыбына шағын эссе жазындар.

 В Мәтін мазмұны бойынша төменде берілген тірек мәліметтерді логикалық тізбек түрінде аяқтандар.

Үлгі: Жюль Верн → К.Э.Циолковский → ғарыштану теориясы

Лазер	Акваланг	Александр Беляев
«Человек-амфибия»	Алексей Толстой	«Гиперболоид инженера Гарина»

НҮКТЕЛІ ҮТІР

Нүктелі үтір (,), негізінен, жай сөйлемдердің арасына қойылады. Бұл белгіні қоюда сейлемнің құрылсы мен мағынасы негізге алынады. Нүктелі үтірді сейлемнің құрылсына қарай қойғанда құрмаластың ішіндегі жай сөйлемдер баяндауыштарының тұлғалық және жасалу жолдары жағынан сәйкестілігі, бірыңғайлығы, тепе-тендік тиянақтылығы ескеріледі. Мысалы: *Шинель әрі тар, әрі ықшам: астына салса, үстіне жетпейді; үстіне жапса, астына салуға жетпейді; басына жастануға қалмайды; жатса, жамбасына салуға жетпейді; жата қалса, жамбасына жер батады* («Ә және И»).

Мағыналық тұтастыры бар болғандықтан, рет-ретімен әріптер не цифrlар арқылы санамаланып айтылатын сейлемдерден кейін нүктелі үтір қоюға болады. Мысалы: *өмір шындығын қамту, адам мінезін ашу мүмкіндіктеріне қарай эпикалық жанр үш түрге бөлінеді:*

- 1) шағын көлемді эпикалық түр;
- 2) орта көлемді эпикалық түр;
- 3) кең көлемді эпикалық түр (З.Қ.).



2-тапсырма. Мәтіндерді оқып шығындар.

1. Сен қалмақ болсан, біз қазак, карпықалы келгенбіз;
Сен темір болсан, біз көмір, еріткелі келгенбіз;
Қазак, қалмақ баласы табықалы келгенбіз;
Танымайтын жат елге танықалы келгенбіз;
Танысуға келмесен, шабықалы келгенбіз;
Сен қабылан болсан, мен арыстан, алықалы келгенбіз;
Жана үйреткен жас тұлпар жарықалы келгенбіз;
Берсен жөндеп бітімінді айт,
Бермесен дірілдемей жөнінді айт не тұрысатын жерінді айт!

Казыбек би

2. Ертегілер жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан. Ол іштей бірнеше жанрға бөлінеді:

- 1) қиял-гажайып ертегілер;
- 2) хайуанаттар туралы ертегілер;
- 3) шыншыл ертегілер.

Сюжеттері тек қазақтын өзіне тән ертегілермен катар, басқа елдермен ортақ сюжетке құрылған ертегілер де бар.

М.Әуезов



A Нүктелі үтірдің не үшін қойылғанын түсіндіріндер.



3-тапсырма. Мәтінді көшіріп жазып, нұктелі үтірді қажет ететін жерлерге қойындар.

Ұры мысықтай сұғанак жел қара бақайдан сұық саусағын жүтіртіп, ішкейлекті кеулей өтіп те үлгерген еді Науан тісі тісіне пімей қалтырап, бір уыс боп жиырыла түсті сорлы аға не істерін білмей, өз үстіндегі киімін шешіп, сонымен қымтай жауып жур. Күйші де мынау күм ішіндегі екеудің жанын ұққандай тыныштық түнін бұзбай, коныр әуен ойнап отыр домбыраның көмейін күмбірлетіп аптықпай майда үн тербеді көп қылғынтыпай, еki шектің үстінгісін де жіп жетекке алыш, сипыра шертіп-шертіп жібереді.



4-тапсырма. Берілген сөйлемдердің нұктелі үтірді қажет ететін жерлерін табындар.

1. Ақылды ісіне сенеді

Ақымақ күшіне сенеді

Әнгүдік түсіне сенеді (*мақат*).

2. Бакпен аскан патшадан мімем аскан кара артық сакалын сатқан кәріден енбегін сатқан бала артық (*Абай*).

3. Жүрттын бәрі соған қарай дүрлікті: біреуі қолын бұлғады біреуі оның атын атап айқайлады енді біреулері ерсілі-қарсылы жүгірді (*Б.М.*).



5-тапсырма. Кім көп табады? Мақал-мәтелдер арасында келетін нұктелі үтірлерге мысал келтіріндер.

10.6. КҮН ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҒАЛАМШАРЛАР

Ғылыми фантастика – біздің заманы-мыздың нағыз маңызды жанры. Одан да бетер: ол – бүгінгі көшбастар жанр.

Рэй Брэдбери

Бұғын сабакта:

- мәтінмен танысып, өз тұжырымдарымызды айтамыз;
- қос нұктенің қойылу себептерімен танысамыз;
- қос нұктені дұрыс қоюға үйрететін тапсырмалар орындаімымыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

1930 жылы ашылған және содан бері Күн жүйесіндегі тоғызынышы ғаламшар саналып келген Плутон мәртебесінен айырылды. Жаңа жіктелім бойынша Плутон енді шағын ғаламшарлар немесе планетоидтер санатына жатады.

Енді аспанда 8 ғаламшар ғана қалды. Олар: Меркурий, Шолпан, Жер, Қызылжұлдыз, Есеккырган, Қонырқай, Уран, Нептун. Астрономдар зерттеген барлық жұлдызды жүйелерде ғаламшарлар белгілі бір тәртіппен, бірдей сап түзейді: ғаламшар үлкен болған сайын Күнге жакынырақ орналасады. Бірақ біздің Күн жүйемізде ғана басқаша. Альптар – Сатурн мен Юпитер кішкентай Меркурий, Шолпан, Жер мен Марсты алдымен «жіберіп», өздері ортада орналасқан. Неге бұлай болғаны белгісіз .

«Ақ жол» газетінен



- A** Не себепті Плутон ғаламшары енді Күн жүйесіндегі ғаламшарлар қатарына жатпайды? Өз тұжырымдарынды айтындар.
- Ә** Мәтінде сейлем ішінде қойылатын қандай тыныс белгілері кездеседі?
- Б** Мәтіндегі қос нүктенің қойылу себебін түсіндіріңдер.

ҚОС НҮКТЕ

Қос нүкте – сейлем ішінде қойылатын тыныс белгілерінің бірі.

Қойылатын жерлер	Мысалы
Бірынғай мүшениң алдында келген жалпылауыш және жалпылауыш мәнді сезден кейін қойылады.	Абай жігіттері: Жиренше, Ербол, Базаралы, Мырзахандар да сол қонақ тосушылардың тобында жүр (М.Ә.).
Төл сөздің алдынан автор сөзі келгенде қойылады.	Мені көріп қалған жерде: – Нәзира, айналайын, сен біздің үйге неге келмейтін болып кеттің? Үйге жүр, – деп үйіне ертіп әкеледі (Т.Ахт.).
Түйген ойды, қағидаларды, ережелерді дәлелдеу мақсатымен алынған сейлемдердің алдында мысалы деген сөз қолданылса, одан соң қос нүкте қойылады.	Сұраусыз, лепсіз, тілексіз айтылған сейлемдердің бәрі жай сейлем деп аталады. Мысалы: Ат ерінді келеді, ер мұрынды келеді.
Рет-ретімен санамалап баяндауды керек ететін жалпылауыш мәнді сездерден соң қойылады.	Сейлемдердің құрмаласуы екі түрлі: 1) сыйыса құрмаласу; 2) қыыса құрмаласу (А.Байт.).



2-тапсырма. Сөйлемдерді көшіріп жазындар. Қос нүктенің қойылу себебін түсіндіріндер.

1. Болатын ойын-сауығымыздың мазмұны мынау: күрес, сайыс, тай-күннаннан бәйге шаптырамыз, ен сонында Османға қалыңдығын күғызбақшымыз (Т.С.). 2. Едіге ашуын Қаранардан алып – Неменеге бакыра бересін, колтырауын? – деп айқай салды (Ш.А.). 3. Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкіргі байлаулы берік болмак керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көнілденіп, түшінген, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт кайтарып ойланып, көнілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек (Абай).



3-тапсырма. Тірек сөздерді пайдалана отырып, қос нүктे қатысқан сөйлемдер құрандар.

Мынау, екі құрал, мысалы, келесідей, келіп сұрау, кептеген түрлері болады.



4-тапсырма. Қос нүктені қойып жазындар.

1. Баянауыл тауын дәңгелене қоршаған әдемі үш көл тағы бар Сабынды. Торайғыр, Жасыбай; бірінен-бірі артық, бірінен-бірі мәлдір, бірінен-бірі тұнық айдын (З.Ш.). 2. Сол мактан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым біреуінін атын үлкендік деп атайдын, біреуін мактандықтый деймін (Абай). 3. Осы кезде шалдың немересі күліп – Ата, сіз әнеугүні бұны құйрыққа ондырмай ұрып жіберіпсіз ғой? – деді (Б.С.). 4. Саятишылардың анықтауынша, жалпы құс заты бірінен-бірі қайши тұратын үлкен екі топка бөлінеді онын бірі – желбесін құстар, екіншісі – тұяқты құстар (Ә.Марғ.). 5. Енді өз даусыммен – Біз дайынбыз, қазір шығамыз! – деймін. 6. Қазак тілінде түбір етістіктер сыртқы тұлғасына, жасалу жолына қарай беске бөлінеді 1) негізгі түбір; 2) туынды түбір; 3) кірікken түбір; 4) қос түбір; 5) тіркесті түбір (Ы.М.). 7. Үш-ак нәрсе адамның касиеті ыстық кайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек (Абай).



5-тапсырма. Қазақ халқында жеті қазына, үш жүйрік, үш арсыз, бес қатер ұғымдары бар. Аталған ұғымдарды тауып, таратып жазып, қос нүкте қатысқан сөйлемдер құрандар.

10.7. ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ АЛҒАШҚЫ ҒЫЛЫМИ-ФАНТАСТИКАЛЫҚ ФИЛЬМ

Дүниенің қиял-оидың күші шыр
көбелек айналдырады.

Альберт Эйнштейн

Бұгін сабакта:

- ғылыми фантастиканың киноға айналуы жайында акпарат беретін мәтінмен танысамыз;
- мәтіннің құрылымын анықтаймыз;
- сзықшаның қойылу себептерімен танысамыз;
- сзықшаны дұрыс қоюға үйрететін тапсырмалар орындаймыз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

1902 жылдың 2 мамырында Францияда «Айға сапар» атты әлемдегі алғашкы ғылыми-фантастикалық фильм жарық көрген. 21 минуттық фильмді Жюль Верн шығармасының желісі бойынша режиссер Жорж Мельес түсірген.

Кинематография тарихына арналған энциклопедияларда актер әрі режиссер Жорж Мельестің аты алтын әріптермен жазылған. Себебі ол сан түрлі деректі фильмдер мен таңғажайып ертеңдер, сюрреалистік кино түсіріп, кинофантастика деген жанрдың пайда болуына түрткі болған.



Ағайынды Люмьерлердің ойларап тапқан камерасымен танысқан Жорж Мельес неше түрлі қойылымдар жасап, оны камераға түсіре бастаған. Мысалы, ол – бір кадрда адамның басы болып, ал екіншісінде жоқ болып кететін белгілі миниатюраның авторы. Көрермендерге адамның басы сол мезетте шабылып кеткендей елестейтін.

Ж.Мельестің кино өнеріне сінірген енбегі 1928 жылы бағаланып, Чарли Чаплин оны «жарық алхимигі» деп атаса, Д.У.Гриффит «Мен оған өмір бойы қарыздармын» деген. Ал 1931 жылы оған «Күрметті Легион» ордені беріледі.

Ағайынды Люмьерлер кинематографияда шынайы, реалистік бағыттың негізін қаласа, Жорж Мельес киноға шығармашылық пен киял, ой еркіндігі мен фантазия әкелді.



А Мәтінде қандай танымал тұлғаның шығармашылығы сөз болады? Қазіргі таңда ғылыми фантастика жанрында түсірілген қандай фильмдерді білесіңдер?



Ә Мәтінде баяндалған оқиғалардың хронологиясын жазыңдар.

1. Чарли Чаплин.
2. «Күрметті Легион» орденіне не болды.
3. «Айға сапар» фильмі жарыққа шыкты.
4. Режиссердің кино енеріне сінірген енбегі бағаланды.



Б Ағайынды Люмьерлер кинематографияда шынайы, реалистік бағыттың негізін қаласа, Жорж Мельес киноға шығармашылық пен қиял, ой еркіндігі мен фантазия әкелді деген сөйлемге кешенді талдау жасаңдар.

СЫЗЫҚША

Сызықша бастауыш пен баяндауыш арасында, бірыңғай мүшелерден кейін, оңашаланған айқындауыштардың екі жағынан, төл сөз бер автор сөздері арасында және сөйлемді ықшамдап қолдану мақсатында қойылады.

БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШ АРАСЫНДАҒЫ СЫЗЫҚША

1. Бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен, заттанған басқа сөз таптарынан болады. Мұндайда баяндауыштың сұрағы, сыртқы тұлғасы атау септігіне ұқсас болады. Сондықтан бастауыштан кейін сызықша қойылады: *Еңбек ету – ардақты іс*.

2. Бастауыш жіктеу, сілтеу есімдіктерінен, баяндауыш III жақтағы зат есімнен немесе керісінше болып келгенде бастауыштан соң сызықша қойылады. Мысалы: *Бекеншіден Сүгір баласы Экімқожа – мынау* (М.Ә.).

3. Бастауыш түйік етістіктен, баяндауыш III жақтағы жалғаусыз зат есімнен жасалса немесе бастауыш зат есімнен, баяндауыш түйік етістіктен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы: *Көп оқу – білім алудың негізгі шарты* (С.М.). *Мениң үмттылған тілегім – қалай да пайдалы адам болып шығу* (Ы.А.).

4. Бастауыш та, баяндауыш та бір сөздің қайталануынан жасалса, бастауыштан кейін сызықша қойылады. Мысалы: *Жамал тағдыры – үлкен тағдыр* (З.Қ.).

5. Бастауыш та, баяндауыш та сын есім не сан есім болып келгенде олардың арасына сызықша қойылады. Мысалы: *Адамның жаманы – мылжың, жақсысы – жомарт* (Ж.Баласағұн).

6. Бастауыш пен баяндауышты байланыстыруши дегеніміз (дегенім, дегенін, деген) деген сөз тұрса, одан кейін сызықша қойылады: *Балалар әдебиеті дегеніміз – балалар тәрбиесі деген сөз* (Ш.Ахм.).

**2-тапсырма.** Даналық сөздерді оқып шығындар.

Жол атасы – тұяқ,
Сөз атасы – күлак,
Су атасы – бұлак.

Жол мұраты – жету,
Қыз мұраты – кету,
Сауда мұраты – ету.

Сырым батыр

Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза.

M.Әuezов

Фашықтың тілі – тілсіз тіл.

Адам баласының ең жаманы – талапсыз.

Абай

Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса,
Жаксы сол – істер ісін тамамдаса.

Шат ақын**A** Сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.**3-тапсырма.** Тиісті жеріне сызықша қойып жазындар.

1. Асығыс түбі өкініш (*Абай*). 2. Құнанбайға бұлардың ішінен көз алмай, қырандай қарап отырған дәл төрдегі Байсал (*М.Ә.*). 3. Абай өз заманының жаршысы (*ЖЫІм.*). 4. Тіл тазалығы дейтініміз ана тілінің сөзін басқа тілдің сөзімен шүбарламау (*А.Б.*). 5. Ол Тобықты көрмеген өнер иесі (*М.Ә.*). 6. Мойындағы борышты білу білімнің ісі, борышты төлеу адамшылық ісі (*А.Б.*). 7. Егер ақылым да, жаным да біржола жоғалатын болса, мен жанып-өшкен отпын (*Шәкәрім*). 8. Қын күнде қол ұшын берген нағыз дос (*C.Cap.*). 9. Қонағым Біржан (*М.Ә.*).

**4-тапсырма.** Тірек сөздерді пайдалана отырып, сызықша қатысқан сөйлемдер құрап жазындар.

Төрт ана. Жеті қазына. Төрт түлік. Төрт маусым. Алты Алаш.
Үш жүз. Бес дүшпан.

**5-тапсырма.** Төмендегі сөздермен сөзжүмбак, құрастырындар.

ж	ә	е
---	---	---

щ	ә	ң	ш	ң	ң	ң
---	---	---	---	---	---	---

ө	ң	ң	ң	ң	ң	ң	ң
---	---	---	---	---	---	---	---

Есте сақтаңдар!

- Сан есімнен болған бастауышты құрделі сан есімнен болған мүshedен ажырату үшін сонынан сызықша қойылады. Мысалы: Жұз жырыма – беске бөлінеді. Он бес – беске бөлінеді.

10.8. ҚИЯЛ ӘЛЕМІ

Фылыми фантастиканы ұнату, қалай десеніз де, түтпеп келгенде, адамзат болашағының қамын жеу.

Айзек Азимов

Бұғын сабакта:

- Америка еліндегі ғылыми фантастика туралы ақпарат беретін мәтінмен танысып, сұрақтарға жауап береміз;
- жалпылауыш мүшелер мен айқындауыш мүшелерге қойылатын сзығшаны басқа тұныс белгілерінен ажыратамыз;
- мәтіндегі сзығшаның қойылу себептерін анықтаймыз, лингвистикалық білімімізді жетілдіреміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Теодор Старджонның шын аты – Эдвард Хамильтон Уолдо. Оның тұнғыш романы «Адамнан да көп» 1954 жылы жарық көрді. Кейінірек «Мұлгіген асыл тастар» деген новеллалар сериясының негізінде 1957 жылы «Синтетикалық адам» романын жазды. Окырмандарға олардан да басқа «Үйге апарар жол» новеллалар жинағы көнінен таныс.

Ал Айзек Азимов жөнінде оқушылар молырак билетін болса керек. Ол – биохимия ғылымдарының профессоры, жұрт жаксы көретін бірнеше оқулықтар мен ғылыми-көпшілік кітаптардың авторы. Поль Френч деген лақап атпен балалар туралы да қалам тартып қояды. Оның оқушы қауымға көбірек ұнаған шығармасы – «Мен, робот» деген новеллалар сериясы. Сонымен катар «Болат үнгілер», «Жалаңаш күн», «Кеңістік ағысы», «Аспандагы ұсак тас», «Шан тәріздес жұлдыздар», «Жанғыру» романдарын да жұрт сүйсініп оқиды.

Тағы бір америка фантасы – Роберт Шекли. Ол әсіресе әзілсұққаң жанрын көбірек пайдаланады. «Мәңгілік корпорациясы», «Шексіздік арқылы саяхат» романдары – сәтті шыққан дүниелер. Бізде аударылған ондаған әнгімелерінің езі жүртшылыкты өзіне баурап, тартып алғып үлгерді.

Америка фантастарының алғашкы бестігіне кіретіндерінің бірі – Клиффорд Саймак. Висконсин университетінде журналистік мамандық алған. Сайман фантастика жанрында көптеген дүниелер жазды. «Күнді құрсаулайтын сакина», «Уакыт – карапайым ғана нәрсе», «Бекетші стансы» романдары мен «Кен шалкар аула» повесі тандаулы фантикалдық шығармалардың санатына енеді.

Біздің баспасөзде Америка фантастарының ішінен ең кең танымал болғаны – Рэй Брэдбери. Ол, сөз жок, дүниежүзіндегі мандаіалды фантастардың бірі. Оның он бестен астам кітаптары, жүзден аса әңгімелері бар. Тек фантастика саласында жазғандары – «Марс хроникалары» атты новеллалар циклі, «Фаренгейт бойынша 451» романы, «Сүйкімсіз конак» повесі, «Бакыт мәшихесі» жинағы.

Абдул-Хамид Мархабаев



A Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріндер.

1. Мәтінде Американың қандай әлемге аты танымал фантаст-жазушылары туралы мәліметтер беріледі? Барлығы киша автордың аты аталады?
2. Бұл фантаст-жазушылар туралы өздерін не белсендір? Өзге де заманауи фантаст-жазушыларды тапсындар ма?
3. Америкада фантастика жанрының дамуына не әсер етті? Өз ойтарынды айтындар.



Ә Деректерді сәйкестендіріп жазындар.

Клиффорд Саймак
«Құнді құрсаулайтын сақина»
«Үйге апарап жол»
Эдвард Х. Уолдо
«Мен, робот»
Роберт Шекли
«Марс хроникалары»
«Кең шалқар аула»

«Шексіздік арқылы саяхат»
Рэй Брэдбери
Айзек Азимов
«Мұлгіген асыл тастар»
«Бекетші стансы»
«Синтетикалық адам»
«Кеңістік ағысы»
«Сүйкімсіз конак»

БІРЫҢГАЙ МУШЕЛЕРДЕН КЕЙІН ҚОЙЫЛАТЫН СЫЗЫҚША

Сызықша бірыңгай мүшеден кейін келіп, өзінің алдындағы мүшелердің мағынасын жинақтап, топтастырып түрған жалпылауыш сөздің алдына қойылады. Мысалы: Үлкен үйде Ұлжан, Айғыз, Ділда – үшеуі ғана отыр екен (М.Ә.).

ОҢАШАЛАНҒАН АЙҚЫНДАУЫШТЫ АЖЫРАТАТЫН СЫЗЫҚША

1. Оңашаланған айқындауыш өз ішінде бірыңгай болып, үтір қажет болғанда оны бірыңгай мүшеден ажырату үшін екі жағынан сызықша қойылады. Мысалы: *Біраздан кейін үйге Мақсұттың тағы бір-екі жолдасы – Жұмағұл мен Ақтай – кірді* (М.Ә.).

2. Жалғаусыз зат есімнен жасалған баяндауыш өзін айқындаатын мүшеден сызықша арқылы бөлініп тұрады. Мысалы: *Бар тұлғасы Құнанбай тектес бұл жас әйел – осы үйдің келіні, Абайдың апасы – Мәкіш* (М.Ә.).

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып шығындар.

Жалпы адам баласы басқа ғаламшарларға ұшып баруды армандаپ, колы жетпеген соң түрлі аныздар шығарды, қанша ғылымшы-фантастикалық дүниелер жазылды. Күн жүйесінде адам баласы барып, қоныстануға үміттеген ғаламшарлар – Ай, Марс, Шолпан, Ганимед пен Ио. Соның ішінде Жерге ен жақыны – Ай. Ай – Жердің жалғыз табиғи серігі. Ғылымға жүтінсек, Ай – каранғы, сұық шар, оның Күн сәулесі түсетін, Жерге қараған беті ғана бізге көрінеді. Айға қарай алғашкы ғаламшарааралық кеме 1959 жылы аттанған. Бірақ бұл да, бұдан кейінгі сапарлар да сәтсіз болды. Тек арада он жыл өткеннен кейін адам баласының табаны тұнғыш рет Айдың бетіне тиіді.

«Ақтөбе» газетінен



A Мәтінде сейлем ішінде қойылатын қандай тыныс белгілері кездеседі?



Ә Матіндегі сзықшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.



3-тапсырма. Сейлемдерге сзықшаны дұрыс қойып жазындар.

1. Алшамыс, Қобыланды, Ер Сайын бәрі де байдың жалғыз балалары (Р.Б.). 2. Сүйіндік, Жексен, Сүтір ұшеуін де алдымға түс. Ортадағы түлкі тымакты, күрен төбел атты Бежей. Тек бір ғана балалау жігіт күндізгі жылқышы бар. Теміргалидың жанында осы бай үйдің несі Көкеннің болысы Нұркениң өзі отыр (М.Ә.). 3. Барыс, Бекет, Атығай, мен төртеуміз күншығыс беті тоғайлы, күнбатыс жағы құмдауыт аралды бір емес, бірнеше мәрте сүзіп шыққанбыз (F.K.). 4. «Еділ-Жайық», «Жұпар корығы», «Кұламерген» бәрі де айттылды (М.Ә.).



4-тапсырма. Қажет жеріне жалпылауыш сөздердің тиістісін тыныс белгісін қойып жазындар.

1. Адамдағы ынсан, әділет, мейірім ... косып айтқанда, ұждан деген ұғым шығады (*Шәкәрім*). 2. Баланың да, жігіт-желеннің де, егде-мосқал үлкеннің де ... аузында бір жаналық, бір хабар (М.Ә.). 3. Ынсан, ракым, үйіт, сабыр, сактық әуес болар ... шарт (*Шәкәрім*). 4. Талап, енбек, терен ой, қанағат, ракым ойлаң кой ... асыл іс көнсеніз (*Абай*). 5. Ұғымдылық, шынайылық және табиғилық күллі өнер шығармаларына тән тамаша қасиеттің ... белгісі (К.Глюк). 6. Қазыбектің өзінен тараған ауылдар көрші туыскандар бар ... кырық шамалы ауыл осы жерге сірселе қонықты. 7. Бежей, Байсал, Байдалы бар ... кісі Кенгірбай бейітіне әдейі бұрылыш кеп күран оқып, кеп уақыт үйіліп тұрысып, содан кейін күнбатыска – Шұнайға қарай сапар тартып кетіпті (М.Ә.).

Керекті сөздер: баршасы, алты, үш, үшеуін, он шакты, баршасы да, бес.

-  **A** Сейлемнің бірыңғай мүшелерін табындар. Қандай тұлғада тұрғанын анықтандар.
-  **5-тапсырма.** Берілген тірек сөздерді пайдалана отырып сейлемдер құрандар. Тыныс белгісін дұрыс қойып жазындар.
- | | |
|---|--|
| Нұржан, Мағжан, Елжан
ағайындылар
мемлекеттер | ақыл, кайрат, жүрек
шығармалары
бес кару |
|---|--|

-  **6-тапсырма.** «Қастерлі жетілер» мәтінін тыңдандар.

-  **A** Мәтінде жеті санына қатысты қандай түсініктер сөз болады? Атап шығындар.
-  **Ә** Мәтіннен алғынған келесі үзіндіде сзызықшының қойылатын жерін анықтандар.

Бертін келе алыс-жакындыктың өлшемі де осы жетімен өлшеніп, ен болмағанда әр рудың адамы жеті атасын бергі шежіресін білуге міндетті болған.

-  **Б** Жеті қазынаны атаңдар.

Есте сақтаңдар!

- Сейлемнің бірыңғай мүшелері сейлемдегі синтаксистік қызметі бірдей болып, бір сұрақта жауап беріп, көбінесе өзара формалас болып келеді. Сейлемнің бірыңғай мүшелері бір-біріне бағынбай, өзара салаласа байланысады.

10.9. ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ФАНТАСТ-ҒАЛЫМЫ

Қазақ жазба әдебиетіндегі фантастиканың даму дәүірлерін бірінші бол жіктеген – Абдул-Хамид Мархабаев.

Зейнолла Қабдолов

Бұғын сабакта:

- қазақ әдебиетіндегі фантастика жанрының тарихы мен теориясын зерттеуші ғалым туралы естелікті оқып, сұрақтарға жауап береміз, ауызекі сейлеу тілін дамытамыз;
- өз ойларымызben бөлісіп, дүниетанымдық білімімізді жетілдіреміз, эссе жазамыз;
- тырнақшаның қойылу занылықтарымен танысып, тыныс белгілері туралы білімімізді тиянақтаймыз.

**1-тапсырма.** Естелікті оқындар.

Абдул-Хамид Файзоллаұлы Мархабаев – қазак әдебиетіндегі фантастика жанрының тарихы мен теориясын зерттеуші тұнғыш ғалым. «Қолынды әкел, Келешек. Қазақ фантастикасы: кеше, бүгін және ...» (1978 ж.), «Қазақ фантастикалық әдебиеті» (1998 ж.), «Қиялгер кисындары» (2002 ж.), «Қазақ фантастикасының поэтикасы» (2008 ж.) снякты қолемді монографиялар жазған.

«Адам денсаулығының басты кепілі – сабырлылық. Бүгінгі заманнын адамдары, байқап отырсан, күйгелек, ашуланшак, әкпешіл. Қартайғыларын келмесе, ашуланба, сабыр сакта. Баяу қартаудың сырты осында деп білемін. Бәрі де еткінші нарсе, сондыктан бір-бірімізге кешірімді болуымыз керек. Сонда ұлтымыз, ұрпағымыз күшейеді. «Сабыр тубі – сары алтын» деп казақ бекер айтпаған», – деп отыратын Әбекен.

«Ертегілердің бәрі қиялдан туған. Ертегілердегі «жеті қабат жердің астындағыны естітін Сакқұлак», «аяғына тас байлап жүретін Желаяктар» бүтінгі күннің техникалары түрінде дүниеден орын алды. Солардың бірі – ауызекі түрде осы күнге дейін жеткен Коркыт анызы. Су бетіне кілем жайып, Коркыттың біраз уақыт ажалды жолатпауы жай айтыла салған сез емес, күндердің күнінде өлімді кідіртетін шараның болатынына сенушілік, соны аңсауышылық» дегені бар. «Бұл фантастика емес пе? Халықтың осы аңсауын жүзеге асыру жолында геронтология¹ ғылымы бүтінде зерделі жұмыстар жасауда екенін білеміз. Демек, күндердің күнінде ғалымдардың оған да кол жеткізуі мүмкін ғой...» – деп еді фантаст ағамыз бірде.

К.Төрежанов

**A** Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Естелік кім жайында айтылып отыр?
2. Ғалымның кандай енбектері бар?
3. Автор тұлғаның кандай қасиеттерін үлгі тұтады?
4. Ғалымның Коркыт анызы бойынша айткан тұжырымы кандай? Мундай өмір әликсірін табуга бола ма, қалай ойлайсындар?

**Ә** «Мен фантаст-жазушы болсам...» тақырыбына эссе жазыңдар.

¹ Геронтология – жаңды ағзалардың картаю күбылтысын зерттейтін және адам өмірін ұзарту мәселелерімен айналысадын ғылым.



Б Келесі пікірлердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс? Анықтандар.

Пікір	Дұрыс	Бұрыс
А.Мархабаев – казак фантастика ғылымының негізін салушы.		
Галым «Киялгер кісіндары» атты кітаптың авторы.		
Ертегілердің барлығы киялдан туған.		
Әрқашан сабырлы болу керек.		
Баяу қартаудың сыры – екпешілдік.		
Галым «Фантастикалық поэтика» кітабының авторы.		



В Мәтіндегі көп нүктенің қойылу себебін түсіндіріңдер.

ТЫРНАҚША

Мағынаға байланысты қойылатын белгінің бірі – **тырнақша**.

Қойылатын жерлер	Мысалы
Басқа біреудің сезінен алынған дәйексөз, мақал-мәтел, төл сезіндің ішіндегі бұлжытпай алынған сездер тырнақшаға алынады.	«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мақалдың даурені өткен (Ш.М.).
Кекету, ажуалау және кері мағынада айтылған сездер, біреудің айтқанынан алынған сездер, біреудің ойлағанын айтуға оқталып, бірақ алі айтпаған сездері, ішкі ойы тырнақшаға алынады.	«Елсіз жайлау жансыз сурет секілді екен-ау!» деп ойлады Тоқтар (ішкі ой) (Б.Н.). Есік жақтағы үстелде осы Тайманның өзімен бірге оқитын, студенттер «профессор Сапаровтың досы» деп атайдын кішкене жігіт Арынғазы отыр (басқа біреудің сезінен алынған) (З.Қ.). Иә, жобаға келеді, мына «данышпан қызы» дұрыс айтып отыр (кері мағына) (Қ.Жұм.).
Газет, журнал, кітап, үлкенді-кішілі шығарма, қаулы және т.б. аттары тырнақшаға алынады.	«Қазақ әдебиеті» газетінен М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесінен үзінді оқыдым.
Зауыт, мәшине, құрал-жабдық және үйім аттары тырнақшаға алынады.	«Ертіс» кемесі, «ИЛ-86» ұшағы, «Абай» ауылы, «Қазақ тілі» қоғамы.
Объект етіп алынған жеке сез, дыбыс, буын сөйлемде тырнақшаға алынады.	«А» – дауысты дыбыс. «Жаз» – бітеп буынды сез.



Г Мәтіндегі тырнақшаның қойылу себебін анықтандар.



2-тапсырма. Мәтінді оқып шығындар.

Қазақ халқының «Ат бәйгесі», «Ат ойындары», «Аударыспак», «Жамбы ату», «Жорға жарыс», «Күміс ілу», «Кекпар» т.б. ат ойындары мен «Жаяу жарыс», «Жіппен секіру», «Күш сынасу», «Қазақша күрес», «Әуе таяқ», «Бала арқалап жарысу», «Еңбектеп жарысу», «Ептілік», «Жаяу кекпар» т.б. ойындары әскери тәрбиелік ойындарға жатады.

Ұрпактан-ұрпакқа ауыз әдебиеті арқылы жетіп келе жатқан ежелгі сактардың балаларға арналған әскери ойыны – «Жекпе-жек». Ол былай ойналады: «Екі бала ат үстінде немесе жерде жекпе-жекке шығып, күш сынасады».

Ең қызығы – ат үстіндегі жекпе-жек. Ойынға елу, алпыс, сексен, жүздеген балалар катысады. Мәселен, сексен бала екі топка бөлінеді. Бірінші топ – «жаулар», екінші топ – «әскерлер».

Екі топтың арасы бес жұз қадамдай болады немесе одан да алыс. Эр топтан атқа мінген екі «батыр» шығады. Екі «батыр» аттарына мініп, қолдарына қылыштары мен найзаларын, қалқанын алады. Басқа балалар «Жекпе-жек!», «Жекпе-жек!» деп айқайлас тұрады. Екі «батыр» екі жактан шауып келіп қылыштасады. Найзаласады. Күреседі.

Женілген «батыр» кептің алдында өнер көрсетеді: кобызбен немесе домбырамен, сыйызғымен күй тартады.

Мәділдік



A Мәтіндегі тырнақшаның қойылу себебін түсіндіріндер. Тырнақшага алынған сөздердің мағынасын ашып айтындар.



Ә Екі «батыр» аттарына мініп, қолдарына қылыштары мен найзаларын, қалқанын алады деген сөйлемге морфологиялық талдау жасаңдар.



3-тапсырма. Мәтінді тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар.

- Орамал тон болмайды жол болады дейді қазақ бауырым (З.К.).
- Дау үстінде ойда жоқтан тіліне оралса да Берінің артынан бөлтірік ақылды болғандықтан ермейді деген сез мұның өзіне казір бір өзгеше мәні бар өрісті ойдай көрінді (М.Ә.).
- Торпак іздеген тойға кезігеді демекші, ауылдан алыстап та кеткен еkenбіз екі-үш ақбекен атып алғанбыз (Ж.Т.).
- Тойдың болғанынан боладысы қызық деген емес пе не де болса той дүрілдеп бір күнде етті (С.Б.).



4-тапсырма. Тырнақшаны қажетті жеріне қойып, көшіріп жазындар.

1. Абай жалғыз өзі төрт ауыз өлеңді сыры терен Аккайың әнімен айтып барды да, баяу ғана тоқтады. 2. Сонғы айтқан мылжын, мақтаншақ, данғой дегендері осы арада шынымен төрт көз түгел отыр еді. 3. Максұт жайында кемпірмен ғана сейлеседі. Оған да жаксы бала болып көріне бастады (М.Ә.). 4. Өзінің айтулы ару кыздарының атын Ақмарал деп қоятын болды... (Ш.А.) 5. Зауыт 1928 жылы 7 қараша күні Қазақстан деген атпен ашылды (С.М.).

Есте сақтаңдар!

- Салт-дәстүр, ұлттық ойын, әдет-ғұрыптар да сөйлем ішінде тырнақшаға алынып жазылады: «Қол ұстату», «шашипату» деген атақты ырымдар осы (М.Ә.).



5-тапсырма. Берілген тірек сөздерді қолдана отырып сөйлемдер құрандар. Тырнақшаны ұмытпандар.

Сүндег той
Ақылды жан
Шәкіртсіз ұстаз – тұл
Абай жолы

Алпамыс батыр
Бонинг-747
Қазақ әдебиеті
Ырыс алды – ынтымак



6-тапсырма. Өлең ішінде қойылатын тырнақшаларға мысал келтіріп, қойылу себебін түсіндіріндер.

10.10. ФАРЫШ – СЫНАҚ АЛАҢЫ...

Бұрқырады ақ жалын
Кнопкасын басқанда.
Көрмей қалдым ар жағын
Тік атылдық аспанға.

Адырбек Сопыбеков

Бұғын сабакта:

- мәтінмен танысып, мәтінде баяндалған оқиғаны фантастикалық фильмдермен салыстырамыз;
- төл сөз берілген автор сөзіне қойылатын тыныс белгілермен танысамыз;
- шығармашылығымызды арттыру мақсатында сөйлем, мәтін құраймыз;
- өз ойымызды еркін айтуда, пікірімізді дәлелдеуге үйренеміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

...«Байқоңыр-12» өзіне жүктелген тапсырманы ойдағыдай орындаپ, «Тұнғиық» жүлдіздар жүйесінен екпіндей көтеріліп, Орталық ғарыш стансасының мекен-тұрағына қарата акпа жүлдіздай заулап келе жатыр еді. Экипаж кемедегі жұмыстың бәрін автоғарышкерлер анабіздық үйкіда өткізеді ғой. Эйтпесе жүздеген жылдарға созылатын ғарыштық саяхатка олардың өмірі жете ме? «Байқоңыр-12» кемесі мылқау тыныштықта ғарыш әлемін тіліп үнсіз жүзіп келеді. Ең ақыры, әзілқой Кибер де «шешініп» жатып калған. Кенет «апат» аппаратының кернейі сарнап коя берді. «Байқоңыр-12» жүрісін баяулатып кібіртікеп калыпты. Бұған алдымен Кибер оянды. Ол жан ұшыра жүтіріп, механик Осиповты жүлкүлады. Әп-сәтте бүкіл экипаж аяғынан тік түрді. Осипов электрондық миңде іске қости.

- Не боп қалды?
- Жанар отын секциясында апат!
- Қауіптілігі қандай?
- «Байқоңыр» міндетті түрде кону керек!

Оразов электрондық миңдан координатты сұрады.

Электрондық ми өз экранына ғарыш картасын жайып салды. Экипаж мүшелері әлем картасына үнілді. «Байқоңырдың» келе жатқан жері от жебе болып жаркырайды, ұлан-асыр ғарыш мұхиты. Галактикалық жеке-жеке жүлдіз жүйелері шок-шок болып шашылып жатыр. Окта-текте ғарыш аралдары, жеке-жеке дөңбек оттар, күйрықты жүлдіздар көзге шалынады. Қайда тарту керек?!

Оразов «Байқоңырдың» жолына ен жақын деген кос жүлдіз шоғырына бұрылуға үйіарды. Ол небәрі он жеті ғаламшардан күралған. Кос жүлдіз егіз Күн іспеттес. Екеуінін дәл ортасынан орбита сызып, бір алып сарғыш ғаламшар айналып жүр. Екі Күн – ата-анасы, ал ана ғаламшар олардың кенжесі тәрізді...

Т.Сұттанбек



A Мәтіннің мазмұнын үш сөйлемге сыйдырып айтындар.



Ә Мәтінде баяндалған оқиғаны ғылыми-фантастикалық фильмдермен, атап айтқанда, «Интерстеллар», «Жүлдіздар соғысы» трилогиясымен салыстырып көріндер. Кейіпкерлерінде, сюжеттерінде қандай ұқсастықтар бар?



Б Мәтінді бөліктерге бөліп, тақырып койып, ар тақырыптың тірек сездерін атаңдар.



В Мәтіндегі сұрау белгісі мен леп белгісінің қойылу себебін түсіндіріндер.

ТӨЛ СӨЗДІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Төл сөз – сөйлеушінің я жазушының өз сөзі ішінде өзгеріссіз, бұлжытпай қолданылған біреудің сөзі.

Автор сөзі – төл сөзді жеткізіп, оған түсінік беретін сөйлеушінің я жазушының сөзі.

Төл сөз бер автор сөзіне байланысты қойылатын тыныс белгілері	
Қойылатын жерлер	Мысалы
Автор сөзі төл сөзден кейін келгенде төл сөз тырнақшаға алынады да (немесе алдына сызықша қойылады), төл сөзден соң үтір (леп не сұрау белгісі, көп нұктесі) және сызықша қойылады.	– Қарным ашқан жоқ, мұғалима апай нан әкеп берді, – деді немересі (Ш.А.).
Автор сөзі төл сөзден бұрын келсе, одан кейін қос нұктесі қойылады да, төл сөз тырнақшаға (немесе сызықша қойылады) алынады.	Көбен заң жолымен сұрауга кірісті: – Бөреш баласы Мұрат сені қалай әкетті? (Қ.Қ.)
Автор сөзі төл сөздің ортасында тұрса, екі жағынан үтір мен сызықша, кейде біріншісінен кейін мағынасына қарай үтір, леп не сұрау белгісі қойылады.	– Тарт әрмен, – деді Оразқұл қолын бір сілтеп, – онан да жайтін бірдене бар ма, соны әкел! (Ш.А.)
Төл сөз автор сөзінің ішінде келсе, бірінші автор сөзінен кейін қос нұктесі, төл сөз тырнақшаға алынып (не алдына сызықша қойылады), одан соң үтір (леп не сұрау белгісі, көп нұктесі) және сызықша қойылады.	Ес: – Мен ертең ерте жүремін, ішінде болсам, жақсы болар еді, – деп Көбенге қарады (Қ.Қ.).
Төл сөзден кейін келген көмекші етістігінен соң толық бір сөйлем келсе, одан кейін үтір қойылады.	– Айт сөзің болса! – деді де, осы үйдегі жүргт естісін, куә болсын дегенді ойлады (М.Ә.).



Г Мәтіндегі тырнақшаның қойылу себебін айтыңдар.



2-тапсырма. Тиісті жеріне сызықшаны қойып, де етістігін мағынасына қарай түрлендіріп жазыңдар.

Асайының күнде түсте кой піретін дағдылы жерін білем де... күпия сыр айтатыңдай ол аптыға сейлеп, барғын келсе, ертіп апарайын.

Ендеше не тұрыс де... Гани әжесіне бетін бұрып, мен кеттім, жарай ма?

Жаксы келдіндер, де... Асайын бұларды күнде көріп жүрген достарындаі қарсы альш.

Ау, Асайын, Асеке, де... бұлқынып, қарсы күшак жайды.

Ж.Арыстанов

**3-тапсырма.** Тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар.

- Ол тағы да былай деді Ас атасы – нан.
- Ақын бірде Өзгереді өмір өзгереді деп баяндады.
- Біздің халықта Қарға карғаның көзін шұқымайды деуші еді.
- О тамаша сикыршылар бақытты болындар деп айқайлап жібереді.
- Егіншінің әйелі Енді жүзіктен ат пен сиыр тілейік дейді.
- Сұлтан Алладинге Сен сикыршы әрі өтірікшісін Қызым кайда? Керемет сарайын кайда жоғалды деп айғай салады.

**4-тапсырма.** Берілген сызбаға сәйкес сөйлем қурандар.

- – төл сөз.
 ===== – автор сөзі.
- «.....», – деп, -----
 - «.....?» – деп, -----
 - «.....!» – деп, -----
 - ===== : «.....».
 - ===== : «.....?» -----



5-тапсырма. Көркем шығармалардан төл сөз беріп автор сөзіне мысалдар тауып жазындар. Тыныс белгілерінің қойылуына мән беріңдер.

10.11. ЖЕР – ЗЕРТХАНА...

Фылыми фантастика ғылымның «көзі жетпеген» жолын өзінің ұшқыр қиялымен жарықтандырып, оған бағыт сілтеп отыруы тиіс.

А.Ефремов

Бұғын сабакта:

- спутниктер жайында ақпарат аламыз, сұрақтарға жауап береміз;
- қайталау тапсырмалары арқылы білімімізді bekitemiz;
- еткен тақырыптар бойынша білімімізді тексереміз.



1-тапсырма. Мәтінді оқындар.

Спутниктер ауыр, орташа және шағын болып үшке бөлінеді. Үшіншісі, яғни салмағы 10 килограмм мен 50 килограмм аралығын құрайтын шағын спутниктер соңғы уақытта көбірек сұраныска ие болып жүр. Сондай-ак 5 килограмм шамасында салмағы бар наноспутниктер де бар. Алғашында көбі бұл наноспутниктерді ойыншық секілді көрді. Алайда уақыт ете келе пікір өзгерді. Наноспутниктердің көптеген артықшылықтары бар. Мысалы, оларды орбитадан шығарудың қажеті жок. Олар өздері-ак ешкандай кокыс калдырмай, ғарышта калдықсыз жанып кете алады. Ен қызығы, олар ірі спутниктер секілді ірі тапсырмаларды да орындаі алады.

Шығын бойынша да ынғайлы. Протонның бір старты 100 миллион долларға дейін барса, шағын зымырантасығыштың ұшы 5-6 миллион доллардан аспайды. Наноспутниктер 2 миллион доллар тұрса, ауыр спутниктер 100 миллион, кейде тіпті 200 миллион доллар тұрады. Айырмашылығы айтарлыктай.

«Алыс ғарышта жерлеу» деген түсінік бар. Алғашында ғарыш шексіз үлкен болып көрінген, бірақ, шын мәнісінде, олай болмай шыкты. Жылдан-жылға әрбір ел өз спутнигін орбитаға шығарғысы келді. Бұл, сөзсіз, спутник санының тым артуына әкеліп, қауіпшілік деңгейін одан әрі арттырды. Уақыт өткен сайын олардың өзара соқтығысуы жиілеуде.

Ә.Касымов



А Мәтін мазмұны бойынша келесі сұрақтарға жауап беріңдер. «Ғарыш шексіз болғанмен, онда орын жоқ» деген тақырыпта өз ойларынды ортаға салындар.

1. Наноспутниктердің тімділігі қандай?
2. «Алыс ғарышка жерлеу» түсінігінің мәні неде?
3. Ғарыштагы Казақстанның спутнігі калай аталады, естерінде бар ма?



Ә Мәліметтерді нақтылап айтыңдар.

100–200 миллион 10–50 килограмм 5–6 миллион



Б Мәтіндегі тырнақшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.





- 2-тапсырма.** Ғылыми фантастикаға арналған қандай фильмдерді білесіндер? Ол фильмдердің ғылыми негізі қаншалықты дәлелді? Өз ойларыңмен бөлісіндер.



- 3-тапсырма.** Тиісті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазындар.

Ноғайлының ханы Жәнібек халықты жиып
Үш арсыз, үш ғайып үш жетім болады Соны кім табады депті
Жиналған халық көп дағдарып
Үш арсыз үйкі арсыз күлкі арсыз тамақ арсыз Үш ғайып конак
ғайып несібе ғайып ажал ғайып деп шешіпті
Бірак үш жетімді ешкім таба алмапты
Сонда Жәнібек хан
Елде келмеген кім қалды деп сұрапты
Келмеген Қарабас шешен қалды депті халық Жәнібек Карабасты
шакыртып алып әлгі сөздің шешуін содан сұрапты
Сонда Қарабас Жетім үшеу емес бесеу еді ғой деп

Оты жок жер жетім
Басшысы жок ел жетім
Елінен ауған ер жетім
Тыңдаусыз сез жетім
Жоктаусыз¹ қыз жетім деген екен

Шешендік сөздерден



- A** Шешендік сөзді рөлге бөліп оқындар.



- 4-тапсырма.** Қате қойылған тыныс белгілерін тиісті орнына қойып жазындар.

Адамгершілік дегеніміз. дүниедегі ең асыл қасиет: Адам жаңының рухани тазалығы, оның қоғамдағы, жеке адам арасындағы пігі істер, бауырмалдық, туысқандық – жанашырлық, сыртайылық, әдептілік, сый-құрметтің бәрі де адамгершіліктің үшкіны. Адамдарды кызметіне, жағдайына, киіміне, сырт көрінісіне қарап бағалаудұрыс емес, Қызмет те, орта да, киім де уақытқа байланысты өзгеретін нәрсе, өзгермейтін нәрсе жан сұлулығы; сонымен бірге, жүрек жылуы да болуы тиіс. Адамның адамгершілік қасиеті әркашан білктен ізгілікпен көрінуі тиіс. Ел басына күн тұған көтерлі жылдары – жанын шуберекке түйіп; Отанын, тұған жерін, болашағын корғаган абзал әке-аталарды, енбек ардагерлерін, үлкендерді сыйлау, құрметтеу, кішіге қамкоршы болу: жастардыңabyroyлы борышы. Адамгершілік қасиетімізге кір келтірмейік.

¹ Жоктаусыз – іздеусіз, сұраусыз.

**5-тапсырма.** Қайталу тапсырмалары.

- 1.** *Ma, me, na, ne, ba, be* шылауларынан кейін койылатын тыныс белгісі.
а) леп белгісі; ә) сұрау белгісі; б) нүкте; в) көп нүкте; г) кос нүкте.
- 2.** Сөйлем ішінде онын бір мүшесі ретінде дәйексөзге койылатын тыныс белгісі.
а) сұрау белгісі; ә) леп белгісі; б) нүкте; в) нүктелі үтір; г) тырнакша.
- 3.** *Bір дегенің білеу, екі дегенің егей...* Койылмаған тыныс белгісін аныктандар.
а) үтір; ә) сзықша; б) нүкте; в) көп нүкте; г) нүктелі үтір.
- 4.** Бастауыш есімшеден, ал баяндауыш зат есімнен, есімшеден жасалғанда бастауыштан кейін кандай тыныс белгісі койылады?
а) леп белгісі; ә) сзықша; б) нүкте; в) көп нүкте; г) тырнакша.
- 5.** *Кой сүйеді баласын қонырым деп...* Кандай тыныс белгісі жетіспей түр?
а) леп белгісі; ә) кос нүкте; б) тырнакша; в) үтір; г) сзықша.
- 6.** *Бар болғыр, жай болуны ма еді?* Сөйлемде үтір не себепті койылған?
а) кыстырма сөз; ә) қаратпа сөз; б) одагай; в) айқындауыш мүше; г) авторлық ерекшелік.
- 7.** Макал-мәтелдер, нақыл сөздер, өлеңдер ықшамдалып айтылғанда кандай тыныс белгісі койылады?
а) сзықша; ә) нүктелі үтір; б) тырнакша; в) көп нүкте; г) кос нүкте.
- 8.** Ой аяқталмай қалғанда кандай тыныс белгі койылады?
а) үтір; ә) леп белгісі; б) нүкте; в) көп нүкте; г) нүктелі үтір.
- 9.** Бірынғай мүшенің алдында жалпылауыш мүше келсе, кандай тыныс белгісі койылады?
а) тырнакша; ә) сұрау белгісі; б) нүкте; в) көп нүкте; г) сзықша.
- 10.** Түйген ойды, қагидаларды, ережелерді дәлелдеу мақсатында алынған сөйлемдердің алдында мысалы деген сөз қолданылатын болса, одан кейін кандай тыныс белгісі койылады?
а) леп белгісі; ә) үтір; б) нүкте; в) көп нүкте; г) кос нүкте.

**6-тапсырма.** Диалогті тыңдаңдар.

**A Тындалым бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Не қымбат?
2. Адамға не парыз?
3. Тозбайтын нәрсе не?
4. Адамды сыйға бөлейтін каснет қандай?
5. Адамға не бакыт әкеледі?

**Ә Мәтіннен алынған үзіндіге тыныс белгілерін қойып жазыңдар.**

Ең құнды не ұлым
Ол ғаламат ғылым
Тозбайтын не күнім

Ол өнер мен білім
Парыз ба шұлық току
Парыз адамға оку



7-тапсырма. Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзінің мағынасын ашып, ойын тарқатып айтыңдар.

Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маныздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Нұрсұлтан Назарбаев

**Фалым болам десеңіз...**

Түркі әлеміндегі тыныс белгілерінің тарихы сонау Орхон-Енисей жазулашынан басталады. Ескерткіштің кейбір жерлерінде қос нүкте, ромб тәрізді белгілер колданылған.

Бүгінгі пунктуация саласын терендете шергілерің келсе, қазақ пунктуациясының негізін қалаушылардың бірі Р.Сыздыкованың «Емле және тыныс белгілері», «Тыныс белгілерінің ережелері» атты гылыми манызы зор кітаптарын оқуларына болады.

ҚЫСҚАРТЫЛГАН АДАМ АТЫ-ЖӨНДЕРІ

Абай	— А.Кұнанбайұлы	М.Жолд.	— М.Жолдақбеков
А.Байт.	— А.Байтұрсынұлы	М.И.	— М.Иманжанов
Ә.К.	— Ә.Кекілбаев	М.М.	— М.Макатаев
Ә.Марг.	— Ә.Марғұлан	М.Ә.	— М.Әтемісұлы
Ә.Нұрп.	— Ә.Нұрпейісов	М.Ш.	— М.Шаханов
Ә.С.	— Ә.Сәрсенбаев	Н.Ғ.	— Н.Ғабдуллин
Ә.Тәж.	— Ә.Тәжібаев	Н.Н.	— Н.Назарбаев
Ә.Ш.	— Ә.Шәріпов	О.Б.	— О.Бекей
Б.М.	— Б.Майлін	Р.Б.	— Р.Бердібаев
Б.Мұқ.	— Б.Мұқай	Р.Т.	— Р.Токтаров
Б.Н.	— Б.Нұржекеев	С.Бег.	— С.Бегалин
Б.С.	— Б.Сокпақбаев	С.Дөн.	— С.Денентаев
Б.Тог.	— Б.Тогысбаев	С.Ғ.	— С.Ғаббасов
Ғ.К.	— Ғ.Құлахмет	С.Е.	— С.Ерубаев
Ғ.Мұст.	— Ғ.Мұстафин	С.К.	— С.Кебеев
Ғ.Мұс.	— Ғ.Мұсірепов	С.М.	— С.Мұқанов
Ғ.Сл.	— Ғ.Сланов	С.О.	— С.Омаров
Д.Ә.	— Д.Әбілев	С.Сар.	— С.Сарғасқаев
Д.Д.	— Д.Досжанов	С.Сейф.	— С.Сейфуллин
Д.И.	— Д.Ісабеков	С.Т.	— С.Торайғыров
Ж.А.	— Ж.Аймауытов	Т.А.	— Т.Абррахманов
Ж.Ж.	— Ж.Жабаев	Т.Ахт.	— Т.Ахтанов
Ж.Ысм.	— Ж.Ысмағұлов	Т.Ә.	— Т.Әлімкүлов
З.И.	— З.Іманбаев	Т.С.	— Т.Сұлтанбеков
З.Қ.	— З.Қабдолов	Х.Е.	— Х.Есенжанов
З.Ш.	— З.Шашкин	Х.Т.	— Х.Талғаров
И.Б.	— И.Байзаков	Ш.А.	— Ш.Айтматов
И.С.	— И.Сапарбай	Ш.Ахм.	— Ш.Ахметов
Қ.А.	— Қ.Аманжолов	Ш.Әкәрім.	— Ш.Құдайбердіұлы
Қ.Ж.	— Қ.Жұмалиев	Ш.М.	— Ш.Мұртаза
Қ.Жұм.	— Қ.Жұмадилов	Ы.А.	— Ы.Алтынсарин
Қ.И.	— Қ.Ісабаев	Ы.К.	— Ы.Кененбаев
Қ.М.	— Қадыр Мырза Әлі	Ы.М.	— Ы.Маманов
Қ.Т.	— Қ.Толыбаев	І.Е.	— І.Есенберлин
М.Ә.	— М.Әуезов	І.Ж.	— І.Жансүтіров

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	4
1-бөлім. АУА РАЙЫ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР	
1.1. Табигат пен адам – егіз үйім	6
1.2. Ауаның ластануы	9
1.3. Қазақстан климаты	12
1.4. Кектем туды	16
1.5. Жаз шықты	18
1.6. Күз келді	21
1.7. Қыс түсті	24
1.8. Әлемдегі ең ыстық аймак	27
1.9. Ең суық аймактар	30
2-бөлім. ҚӨШПЕНДІЛЕР МӘДЕНИЕТИ	
2.1. Кешпендер кімдер?	34
2.2. Кеш	37
2.3. Қніз үй	40
2.4. Жайлау	43
2.5. Қыстау	47
2.6. Төрт түлік	50
2.7. Атты әскер	53
2.8. Ер қанаты – ат	56
3-бөлім. ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ	
3.1. Бірінші байлық – денсаулық	62
3.2. Таза табиғат – денсаулық негізі	65
3.3. Саламатты өмір салты	68
3.4. Ас – адамның арқауы	71
3.5. Қазақстандағы сауықтыру мекемелері	74
3.6. Дәрілік есімдіктер	77
3.7. Жұз жасаныз	79
4-бөлім. СҮЙІСПЕҢІШЛІК ПЕН ДОСТЫҚ	
4.1. Досы көпті жау алмайды	84
4.2. Жаман жолдағас	87
4.3. Жігітті жолдасына қарап бағала	90
4.4. Бай баласы мен жарлы баласы	93
4.5. Адал дос пен амал дос	95
4.6. Жаксы дос – жан азығы	98
4.7. Ана мейірім	100
4.8. Менің кішкентай досым	104
4.9. Отбасындағы сүйіспеншілік	106
4.10. Қайырымдылық – сүйіспеншіліктің бір көрінісі	109
5-бөлім. МУЗЫКА ӨНЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ КИЕЛІ ДОМБЫРАСЫ	
5.1. Музыка – жүрек тілі	112
5.2. Өн – халықтың ажары	115
5.3. Музыка бағыттары	118
5.4. Музыка аспаптары	121
5.5. Домбыра – казақтың рухы	125
5.6. Күй – халқымыздың руханиң құндылығы	128
5.7. Музыка өнерінің майталмандары	131
5.8. Музыка – әлемді біркітіруші күш	134
6-бөлім. ГАЛАМТОР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛЛЕР	
6.1. Бұқіләлемдік желі – галамтор	138
6.2. Галамтордың пайдасы мен зияны	141

6.3. Галамтордағы танымал сайттар	145
6.4. Галамтор қазақ тілінде	148
6.5. Галамторға тәуелділік – ғалам дерті	151
6.6. Әлеуметтік жeli – ен үлкен галамтор	154
6.7. Әлеуметтік желілердің тарихы	157
6.8. Әлеуметтік желінің пайдаласы мен зияны	161
6.9. Қазақстандағы әлеуметтік желілер	164
6.10. Әлеуметтік желінің илілкі пайдалану	168

7-бөлім. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТАР ДОСТАСТЫҒЫ

7.1. Меймандос қазақ – татулық жаршысы	172
7.2. Бауырмалдық – тарихи тағдырымыз	175
7.3. Қазақстан этностарының тарихы	178
7.4. Қазақстан халқы Ассамблеясы – татулық бастауы	182
7.5. Қазақстан – ұлттардың мәдени шаңырағы	185
7.6. Дос пейілші Достық үйлері	189

**8-бөлім. ДҮРІС ТАМАҚТАНУ.
ГЕНДІК ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАҒАН ТАҒАМДАР**

8.1. Дүріс тамактану – денсаулық кепілі	192
8.2. Дастарқан тәрбиеци – дәм-тұз киесі	195
8.3. Дүріс тамактанудың басы – тазалық	198
8.4. Жейтін асын көп болсын, зияны жок болсын	202
8.5. Кешкі аска қарама...	206
8.6. Пайдалы сусындар	209
8.7. Дәмді тағамның пайдаласы	212
8.8. Гендік өзгеріске ұшыраған өнімдер	215
8.9. Гендік тамактану – қажетсіз нәр тату	218
8.10. Фаст-фуд – тұтынушылар қалаған тағам	221
8.11. Тамактану тәртібі нәсіл тандамайты	225

9-бөлім. ЖЕҢІС КҮНІ. ҰЛЫ ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

9.1. Женіс күні	230
9.2. Соғыс жылдарындағы Қазақстан	233
9.3. Майдан және тыл	236
9.4. Бауыржан Момышұлы және соғыс жылдарындағы қазақ әдебиеті	240
9.5. Соғыс жылдарындағы мәдени өмір	244
9.6. Қазактың батыр қыздары	247
9.7. Қазақстандық ұшқыштар	251
9.8. Тажалдан тайсалмаган өжет ұл	254
9.9. Рейхстагқа ту тіккен Ракымжан Кошқарбаев	257
9.10. Соғыстан кайткан солдаттар	261

10-бөлім. ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА

10.1. Ғылыми фантастика жанры	264
10.2. Мифология – дүниетанымының бастауы	267
10.3. Ғажайыптар әлемінің фаунасы	271
10.4. Қиял-ғажайып ертегілер	275
10.5. Әдебиет – ғылымның ізашары, ғылым – әдебиеттің ізбасары	277
10.6. Күн жүйесіндегі галамшарлар	280
10.7. Әлемдегі ен алғашқы ғылыми-фантастикалық фильм	283
10.8. Қиял әлемі	286
10.9. Қазактың алғашқы фантаст-ғалымы	289
10.10. Гарыш – сынап аланы..	293
10.11. Жер – зертхана...	296

Учебное издание

**Капалбек Бижомарт Сейсенбекулы
Жантасова Салтанат Егизбайкызы
Мадиева Толкын Арипбаевна**

ҚАЗАҚ ТЛП

Учебник для 7 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Оқулықты бәзеншірге фотографтар *О.Бегялов*, *С.Қызайбектің*,
суретшілер *Ж.Бауырқан*, *Т.Табысбек*, *А.Ақыл*, *Б.Ератиева*, *Қ.Жәйірбекұты*,
А.Айтжановтардың еңбектері пайдаланылды

Редакторы *А.Төлепбердинова*
Көркемдеуші редакторы *А.Ақыл*
Техникалық редакторы *Л.Садыкова*
Корректоры *Г.Тұрмаганбетова*
Компьютерде беттеген *А.Ахметханқызы*, *С.Жұмагелдиева*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 5649

Басуға 15.06.17 кол койылды. Пішімі $70 \times 100^{1/16}$. Офсеттік кағаз.
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыш.
Шартты баспа табағы $24,51 + 0,32$ қосарbet. Шартты бояулы беттанбасы 99,92.
Есептік баспа табағы $16,64 + 0,54$ қосарbet. Тараптамы 50 000 дана.
Тапсырыс №

**«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz**

